



1921 жылғы
қыркүйектен
шыға бастады

АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№7, ШІЛДЕ, 2013

МАЗМҰНЫ

ЗАМАНХАТ

МҰХТАР. Қазіргі қазақ күйі3

ҚАЗАҚ ЕЛІ – МӘНГІЛІК

Марат ТӘЖИН. Тарихты сақтап қалу – ұлтты сақтап қалудың жалғыз жолы.....5

ІЗГІЛІКТІ ҚОҒАМҒА БАРАР ЖОЛДА

Жақан МОЛДАБЕКОВ. Адами құндылықтардың қажеттілігі.....10

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Ақбота ИСЛӘМБЕК. Тарихты кім жазады және қалай, не үшін жазады?.....13

КЕЛЕЛІ КЕҢЕСКЕ ОРАЙ

Нәбижан МҰХАМЕДХАНҰЛЫ. «Бұл – мемлекеттік деңгейде көңіл бөлетін құбылыс».....21

Қамбар АТАБАЕВ. Ұлттық идеология және ұлт тарихы.....24

ЕРКІН ОЙ МІНБЕРІ

Сейілбек МҰСАТАЕВ. Маргиналданған адамдар жиынтығы маргинал ұлт пен маргинал мемлекет қалыптастырады.....29

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАНҒЫРЫҒЫ

Әшірбек АМАНГЕЛДІ. Параллель: Грузин мінезі және Біз... немесе Біз намысты жоғалтқан ұлтпыз ба?.....36

Фазылбек ӘБСАТТАРҰЛЫ. Ұлттық патриотизм немесе қазақпын деген қандай бақытты.....41

САЯСИ САРАПТАМА

Еркебұлан ӘЛІМХАНҰЛЫ. Қазақстандағы идеологиялық қайшылық: ағымдар мен топтар.....45

ЖАҢА АЙДАР: МӘНІ ЖОҒАЛМАҒАН МАҚАЛА

Жарас СЕЙІТНҰРҰЛЫ. Қазақияға бастар қилы жол49

МӘСЕЛЕ

Әбдіжәлел БӘКІР. Қазақ тілінің айдарынан қашан, қайтсе жел еседі?.....53

ТҰЛҒАЛАР ТҰҒЫРЫ

Жарылқасын БОРАНБАЙ. Қожа Ахмет Яссауи.....59

ЗАМАНА ЗАПЫРАНЫ

Тынысбек ҚОҢЫРАТБАЙ. Қан сасыған отыз жеті.....65

ЖАЗУШЫНЫҢ ЖАН СЫРЫ	
Герольд БЕЛЫГЕР. Жүре берсең көре бересің, көре берсең көне бересің.....	70
ҚҰҚЫҚ ПЕН ТӘРТІП	
Айман ҚҰЛПАТШАЕВА. Өлім жазасын қалдыру керек пе, әлде бас тартатын кез жетті ме?.....	76
БОЯМАСЫЗ ӨМІР	
Бұлғын ҚОЙТАЙ. Ауыл суреттері.....	79
СЫН СИПАТЫ	
Темірхан ТЕБЕГЕНОВ. Ақын-драматург Нұрлан Оразалиннің «Шырақ жанған түн» драмасы.....	82
КӨЗҚАРАС	
Нұрдәулет АҚЫШ. Өзек өртеген өзекті мәселе.....	87
МӘДЕНИ МҰРА	
Ғабит ЗҰЛҚАРОВ. Жетелі жераударушының жазбалары.....	92
ҒАЛЫМ МІНБЕРІ	
Толқын ӘУЕЛҒАЗИНА. Қоғамдағы саяси мәдениеттің даму ерекшеліктері.....	96
Мейіркүл ЖЕТПІСБАЕВА. Ұлт зиялыларының дүниетанымдық, әлеуметтік-саяси мұраттары.....	99
Үмбетхан СӘРСЕМБИН. Алаш ойшылдарының тағылымы.....	102
Н. АЙТУҒАНОВ. Малазығындық өсімдіктердің тұқым шаруашылығын дамыту проблемалары.....	104
Толқын КАЛБИРОВА. Француз тіліндегі стереотиптердің бейнелі түрде берілуі.....	106
Нұргүл БЕСИРОВА. Шет тілі сабағында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру әдісі ретінде бейнежазбаны қолдану.....	108
Ш. ӘДІЛОВА, Асел ЖУМАКУЛОВА. 70-90 жылдардағы әдеби үрдіс және Т.Тоқ-бергеновтің «Тоғыз тарау толғау сөз» мақаласындағы (әдеби шолу) сыншылдық таным.....	110
ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ	
Қ. ИСАЛЫҰЛЫ. Қаламды шахмат тасына айырбастаған күн.....	113
ЖЫЛ – ОН ЕКІ АЙ	
Тамыз.....	114
Журналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....	116

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:

«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН

БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары – жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Сарбас АҚТАЕВ, Есберген АЛАУХАНОВ, Ерлан АРЫН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТ-ТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫҚОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӨТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зарема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Шәрипа БЕКМАМБЕТОВА (Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ (Қарағанды облысы) – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (Астана) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай облысы) – 87772307184

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КҮЙІ

Мағыналы жұрттың көзімен қарағанда біздің жұрт дүние жүзіне жаңа туып, тіршілігі бар жанды нәрсе екендігінің белгісін енді көрсетіп отыр. Қазақтың бұрынғы өткен заманында жорықта тіршілік болды деуге болмайды, себебі, ол өткен күндерді біз соқырлықпен өткіздік.

Бәр жұрт өзінің жұрттығын біліп, өзгемен тізелесіп отырып жұрттық сыбағасын жырып ала алмаса, қасындағы іргелі көршісі қандай саясатты қолданып отыр, достығы қандай, дұшпандығы қандай екенін білмесе, өз ішінде жұрт едім-ау деп ояну, сілкіну болмаса, онда не тірлік, не жұрттық болады? Біздің жұртта осы айтқан көрбалалық болды¹. Қайда айдаса жүре беру, қалай илесе көне беру, басқа ұрса өлу, көтке ұрса көну, мінеки, февраль өзгерісіне шейін біздің көрсеткен жұрттығымыз.

Енді ол ұйқы, мастық түні өтті. Ол күнді көрген ащы мен тұщыға һешкімді кінәләп уақыт өткізу керек емес². Шүкіршілік. Қазақ өз басшысының етегінен мықтап ұстап, білімді көсемін ақ батасын беріп аттандырып, соның тілегіне алты алаш болып алақанын жайып, тілек қосып, дұғада отыр³. Міне ояну, міне тіршіліктің қуаты сілкініп дүниені сергітуге айналғаны. Жә, қазақтың сол баста деп алдына салып отырған көсемі кім? Ол – қазақтың оқыған азаматтары, зиялылары. Енді бұдан кейінгі қазақ жұртының күзетшісі осы оқыған азамат. Бұдан былай қазақ жарға жығылса обалы, жақсылыққа жетсе мақтаны – оқыған азаматта. Қазақтың жұрттық қалпын тезге салып, астын-үстіне шығару шексіз оқығанның билігінде. Оқыған азамат жұрт қалпының тезі⁴ екендігіне төменгі жұрттардың басынан кешірген халдері дәлел болса керек.

Мысалы, Япония* әуелгі сиогун, дайм-постар билеп, ел ата-бабасының надандығын парыз қылып тұтынып отырғанда⁵ Япония еліне сыртқы жаудың саясаты килігіп, патшалықты құртуға айналғанын көріп, оқыған азамат күшін салып, өнерлі жұрттардың бәріне барып шарлап үлгі алып, Японияға сол үлгілерді жайып, белді бір патшалық қылып әкетіп отыр⁷. Жұрттың кешегі ата-бабамның жолы дегенін бұл уақытта жоқ қылуға айналды. Жұрттың тазартып ағартты. Бұдан кейін Түрікті алсақ тәртіпсіздік, үлгісіздік, надандық өрт болып лаулап, кешегі қол астында отырған ұсақ жұрттар Түркияны жұттып қоюға айналғанда, негізінен қопармаса түрік онбайтынын біліп, оқыған жастар шығып, патшасын түсіріп-түсіріп, жаңалықтарды кіргізіп, бұл уақытта Түрікті қандай, қылып отыр⁷. Оны көзімізбен көріп отырмыз. Мысалыға Россияны алайық. Орыстың оқыған азаматының халқынан алғыс алғаны да, қарғыс алғаны да бар. Алғыс алғандардың қызметі 80 миллион мұжық бай мен ақсүйектің құлдығына түсіп, адам баласы аярлық сорлылық езгіні көргенде, оқыған азаматы жанын отқа салып, зарлап, кітап жазып, сөз

сөйлеп, асылып, атылып, айдалып, 20-30 жыл тұтқында отырып, өмірдің рахатын, қызығын далаға тастап қызмет қылды⁸. Бұндай қайғылы ауыр қызмет 150-200 жылға созылды. Сонда да оқыған азамат қажыған жоқ. Аяғы мысқылдап келіп нашарға өз дәрежесін түсіндіріп, ақырында Николайды түсіртті. Көгендеулі сорлылар азаттық дүниесіне кіріп отыр. Бостандығы тиді, бірақ, оқыған азаматтардың жартысы Достоевскийдің сөзінің шын екенін осындай кең байтақ заманда көрсетіп қалғысы келді. Ол сөзі: «Орыс шек білмейді, бір құласа басы жерге жеткенше құлайды, көтеріліп алса тағы сондай екпінді болады» – деген⁹. Соңғы сөзі қашан анықталады? Мәлім емес, әйтеуір алға шығысына дау жоқ болды. Бұл күйге ұшыратып отырған азаматтары тағы нанғыш, желекшіл, нашарын артынан ертіп алып, түсте көрген сағымын қуып, ірілеп кеткен орысты ойрандап-ойрандап, қазір де қоңын айырып, зарлатып, Россиядан қарғыс алып отыр. Ал, бұл уақытта орыстың үлгі алып жүрген Англия, Германияларының азаматтары әншейінде социалист болып жүрсе де, Германия, Англияның амандығын бәрінен артық жоғары ұстап, социализмді тастап, ұлтшылдықтың барып тұрған жері шовинизмге шығып кетті¹⁰. Оқығанның бетінен ауа жайылып, бөлек жол іздейтін бұқарасы осы күнде ұлтшылдықты иман қылып отыр. Міне, осы айырылған халдерге қарағанда оқыған азаматына бастатпайтын жұрт болмайды. Ол десе өлу, тіріл десе тірілу бар жұрттардың мойынсұнатын нәрсесі (н) жоғарыдағы мысалдардан көріп отырмыз. Азаматы түзетем деген ел түзеліп кетіп, бұзам деген елдер бұзылып отыр. Мұның себебі: білімсіздің ақылы білімдінің арқанында. Бұқара алап** көңіл, шын ниетпен еремін десе де, тіршілік тартысы еріксіз оқығанды бұқараға, бұқараны оқығанға тықсырып кеп отыр. Бұдан кейін бұқара сыналса, оқыған, заман ағысын ұққан адам екі сыналады.

Бұл күнге шейін елдікті ойламай тәртіпсіз, бағытсыз келген елдің ішінде неше түрлі кемшілік, неше түрлі жұртқа сыймайтын өрескел міндер бар. Қазақтың ендігі басшысына бірбеткейлік жарамайды, талай бетті қызмет, айла, тәсіл керек.

Қазақтың ішінде арқалы жуан бар, әлсіз нашар бар. Зорлықшыл, жылатып жүрген қиянат, тізе жуанды көріп жылап жүрген бар. Осы күйлердің бәрін басшы жаттап алып, әр қашан есінен шығармауына керек. Қиянатшыл, көптігін, жуандығын құрал қылатындарға оқыған басшының еш рахымы болмауы керек. Шын ел болатын көпті бауырға тарту, есеге жеткізу керек. Қашан болсын, жұрттың жұрттыққа шығуына әуелі сол жұрттың өз ішіне тәртіп кіріп, бұрынғы жаманы жойылып, орнына жақсы жаңалықтар кіруіне керек. Жұрттық аяқтап басталады, әр қашан жұрттық негізгі қалың елдің

ішіне құрылады. Жұрттық дүкенін құруға оқыған азаматтың қандай әсерінің бар екенін айттық. **Енді, оқыған басшылар қазақтың азуына себеп болған шетін мінездерден сақ болып, өзінің ақылмен құрған бір негізін темір қазық кылу керек.**

1. «Біздің жұртта осы айтқан көрбалалық болды» – «көрбалалық» деген бұл арада саяси көрсоқырлық, таяздық, енжарлық, самарқаулық болды – деген мағынаны білдіреді.

2. «...һешкімді кінәләп уақыт өткізу керек емес» – «һешкімді» деген сөз бұл арада – кімкімді, бірімізді біріміз, біреуді-біреу кінәләп, уақыт өткізудің қажеті жоқ – деген мағынада қолданылып отыр.

3. «Қазақ өз басшысының етегінен мықтап ұстап, білімді көсемін ақ батасын беріп аттандырып, соның тілегіне алты алаш болып алақанын жайып тілек қосып, дұғада отыр» – мақала иесінің мегзеп отырғаны мынау: 1917 жылы, 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында Бүкілқазақтық құрылтай өтіп, онда «Алашорда» үкіметін жариялады. Құрылтайды ұйымдастырғандар Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұнов, Елдес Омаров, Сағындық Досжанов және Міржақып Дулатов. Құрылтайда «Алашорда» үкіметінің бағдарламасы талқыланып, көпшілік дауыспен бекітілді. Онда Бакыткерей Құлманов төрағалық етті. «Алашорда» халық кеңесінің төрағалығына Әлихан Бөкейханов, Бакыткерей Құлманов, Айдархан Тұрлыбаев үшеуі дауысқа түсті. 40 дауыс алған Әлихан Бөкейханов «Алашорданың» көсемі болып сайланды. Құран ұстап ант берді. Артынан салауат оқылды. М. Әуезов өзінің мақаласында осы рәсімді еске салып отыр.

4. «Оқыған азамат жұрт қалпының тезі» – зиялы қауым, яғни, интеллигенция ұлттың тәрбиешісі, түзетушісі, жол көрсетушісі – деген мағына береді.

5. «...оқыған Япония әуелгі сиогун, дайм-постар билеп, ел басының надандығын парыз қылып тұтынып отырғанда» – басылымның осы томындағы «Япония» атты мақалаға берілген түсінікті оқыңыз.

6. «...Японияға сол үлгілерді жайып, белді бір патшалық қылып әкеліп отыр» – «Япония» мақаласына берілген түсінікті қараңыз.

7. «...оқыған жастар шығып, патшасын түсіріп, жаңалықтарды кіргізіп, бұл уақытта түрікті қандай қылып отыр» – Түркиядағы сұлтандық билікті жойып, конституциялық мемлекет орнату мақсатымен 1889 жылы «Бірлік және тарахият (прогресс)» деп аталатын жас түріктердің құпия ұйымы құрылды. 1908 жылы жас түріктер қарулы көтеріліс ұйымдастырды. Олар сұлтан Абдул-Хамит екіншіні биліктен ысырып, конституцияны қалпына келтіріп, парламентті шақыруға мәжбүр етті. Түрік рухын оятты. М. Әуезов жас түріктердің осы қозғалысын мысалға келтіріп отыр.

8. «...орыстың оқыған азаматы ...жаңын отқа салып, зарлап, кітап жазып, сөз сөйлеп, асылып, атылып, айдалып, 20-30

жыл тұтқында отырып, өмірдің рахатын, қызығын далаға тастап қызмет қылды» – М. Әуезов бұл арада орыс мұжықтарының басыбайлы құлдығына қарсы күресіп, крепостниктік правоны жою үшін күрескен А. Н. Радищев (1749-1802) бастаған орыс зиялыларын айтып отыр. Радищевтің «Петербургтен Москваға саяхат» атты кітабы Ресей азаматтарының намысын оятты. Бұл 1825 жылғы декабристердің қозғалысына ұласты. Олардың бесеуі дарға асылды, қалғандары мәңгілік қаторғаға жер аударылды. XIX ғасырдың екінші жартысында М. В. Петрашевскийдің (1821-1866) астыртын үйірмесіне қатысушылар өлім жазасына кесіліп, мәңгілік жазаға тартылды. Н. Г. Чернышевский (1828-1889) азаматтық дарға асу жазасы арқылы масқараланып, өмірлік қаторғаға жіберілді. Мақалада қашан Николай II патша тақтан кеткенге дейінгі күрес жолын үлгі тұтып отыр.

9. «Достоевский...: «Орыс шек білмейді, бір құласа басы жерге жеткенше құлайды, көтеріліп алса – тағы сондай екпінді болады» – деген» – Ф. М. Достоевский (1821-1881) орыстың ұлы жазушысы. Ол өзінің шығармаларында «кішкентай адамның» тағдырын, әлеуметтік трагедия тұрғысынан бейнеледі. 1849 жылы Петрашевскийдің астыртын ұйымына қатысқаны үшін өлім жазасына кесілді. Кейін жер аударылды. Ол 1854-1859 жылдары Семей қаласында тұрды. «Жазушының күнделігі» атты еңбегінде Ресейдің қоғамдық құрылысы мен орыс психологиясындағы драматизмдік қатыгездіктің себептерін ашына жазды. Бұл мәселені ол өзінің хаттарында да тереңдете талдады. Көркем шығармаларындағы кейіпкерлерді момындар мен қатыгездер деп екі топқа бөлді. Оқиғаны идеялар күресіне құрды.

10. «...Англия, Германия... азаматтары әншейінде социалист болып жүрсе де, Германия, Англияның амандығын бәрінен артық жоғары ұстап, социализмді тастап, ұлтшылықтың барып тұрған жері шовинизмге шығып кетті» – бұл арада М. Әуезов ұлтшыл және кеңесшіл топ болып екіге жарылған қазақ оқығандарына ой салу үшін аталған елдердің әлеуметшіл көсемдерінің ұлттық мүддені идеядан да жоғары қойғандығын мысалға келтіріп отыр. Дүниежүзін бөліп ал да билей бер – деген отарлау саясатын қолдап, Англия мен Германияның үстемдік билігін жүргізуін жақтаған ағылшын жұмысшыларының лейбористік партиясы мен Германияның социал-демократиялық партиясы «социал-шовинистік бағыт ұстады» (ҚСЭ. А: 1973. 3-т. 254-6.). Олар соғыс несиелерін жақтап, отанды қорғауға шақырып, үстемдікті сақтап қалуға ұмтылды. Мысалы К. Каутский (1854-1938) «зорлық теориясы мен социал-дарвинизм идеяларын қолдай отырып ...соғыс басталғаннан кейін ...социал-шовинистермен одақтасуды жақтады» (ҚСЭ. А: 1974. 5-т. 310-6.). Мақала авторы осыларды тілге тиек ете келіп, ұлт оқығандарын таптық, идеологиялық жікке бөлінбей, ұлттық мүдденің айналасына топтасуға шақырады.

Мұхтар.
«Абай» журналы, 1918 жыл, №9.



Марат ТӘЖИН,
Мемлекеттік хатшы

ТАРИХТЫ САҚТАП ҚАЛУ – ҰЛТТЫ САҚТАП ҚАЛУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ

5 маусымда Мемлекеттік хатшы Марат Тәжіннің төрағалығымен өткен Қазақстан Республикасының Ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомстваралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында Отан тарихын оқытудың өзекті мәселелері талқыланды. Алқалы жиынға Президент Әкімшілігінің өкілдері мен тарихшылар, ғалымдар мен жазушылар және журналистер қатысты. Бас қосу барысында баяндама жасаған Мемлекеттік хатшы қадау-қадау ой айтып, пайымды пікір білдірді.

Бүгінгі Қазақстан – қалыптасқан мемлекет. Біз мемлекет құрудың жаңа белесіне шықтық. Мемлекет басшысы ұсынған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қоғам дамуының жаңа белесіндегі басты сұрақтарға, атап айтқанда, біз қайда барамыз және 2050 жылы қайда болғымыз келеді деген сұрақтарға жауап береді.

Кеңінен қамтып айтсақ, мәселе, ел болашағының дүниетанымдық жаңа моделін жобалау, басты құндылықтар мен бағдарларды айқындау туралы болып отыр. Сөз жоқ, бұл құндылықтар осы заманғы, болашаққа ұмтылған құндылықтар болуға тиіс. Олар, мынау, жаһанданып, ашығын айтқанда, ұлттық өзгешелігімізді шайып бара жатқан әлемдегі біздің ұлттық бірегейлігімізді нығайтуға тиіс. Олар ұлттың мәдени кодын: тілін, руханиятын, дәстүрлерін, мәдениетін сақтауды қамтамасыз етуге тиіс. Сондықтан да, Мемлекет басшысы «Бүкілқазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуға тиіс» деп баса көрсетіп отыр. Мәселенің бұлайша қойылысы біздің назарымызды ұлттық тарихты зерттеу мәселелеріне объективті түрде шоғырландырады. Сонымен бірге, біз, уақыт тарих ғылымының алдына атымен жаңа талаптар қойып отырғанын айқын көріп, ұғынуға тиістіміз.

Әлемдік тарихнамада орын алған таным тәсілдерін сыни тұрғыдан қайта қарау біздің назарымыздан тыс қалып қойды. Әңгіме, кем дегенде, XX ғасырдың екі әдіснамалық революциясы жайында болып отыр, тарих ғылымындағы қағидатты өзгерістер солармен байланысты. Біріншіден, мен ең алдымен XX ғасырдың бірінші жартысындағы француз тарихи мектебінің қуатты зияткерлік қозғалысын атап айтқым

келеді, ол қозғалыс ең алдымен Люсьен Февр мен Марк Блоктың есімдерімен байланысты.

- Бүгінгі тарих өзінің тар пәндік шеңберінен шығып, пәнаралық ғылымға айналғаны анық.

Тарихи зерттеулер өз бойына көптеген шектес пәндердің – социология мен әлеуметтік психологияның, макроэкономикалық теорияның, әлеуметтік географияның, этнографияның, антропологияның, мәдениеттанудың, құқық тарихының және басқаларының әдістерін кіріктірді.

Екіншіден, әлемдік тарих ғылымында ауқымы алғашқыдан кем түспейтін тағы бір сапалық секіріс XX ғасырдың екінші жартысының өзінде орын алды.

- Ғалымның рөлі өзгерді. Тарих ғылымына феноменология мен герменевтика әдістерінің енуі тарихи зерттеулердің сипатының өзін едәуір өзгертіп жіберді. Ендігі жерде, тарихшы фактілерді тізбелеп, суреттеп отырушы, оқиғаларды тек «тіркеуші» емес. Ендігі жерде, тарихшы «пайымдаушыға» – зерттелетін уақыттың ішкі мағынасына ой жіберетін ғалымға, фактілерді жай зерттеп қана қоймайтын, нақты қоғамның құндылықтарын, жөн-жосықтарын, моралін «түсінуге» қол жеткізетін ғалымға айналуға тиіс.

- Осылай қараған, кезде әрбір ұлттық тарих формациялар мен өркениеттердің абстрактілі хронологиялық жылынамасы ретінде емес, халықтың бүкіл күрделілігі мен бөлек бітімін бойына сыйғызған жанды тарих ретінде бой көрсетеді. Тарихшының міндеті – ұлттық тарихты қайдағы бір әмбебап заңдылықтардың қасаң қалыптарына салып жібермей, ұлттық тарихтың жанды, бөлекше ағзасының қалай дамитынын түсіну.

Еуропацентризммен әбден ұланған шетелдік көпестердің, барлаушылардың, әскери адамдардың немесе географтардың қазақ тарихы туралы куәгерліктерін сыни талдаусыз сөзсіз ақиқат деп қарауға бола ма? Біз ол дереккөздердің бәрін байыпты түрде қайта пайымдауға, бүгінгі ғылымның биігінен қарағанда, олардың көбіне-көп қазіргі үлгі-қалыптар бойынша ешқандай сын көтермейтінін түсінуге тиіспіз.

Сөйтіп, ойымызды жинақтайтын болсақ, тарих ғылымында әмбебап өркениеттік және формациялық теорияларынан, ескі тәсілдемелер мен тәсілдерден міндеттердің атымен жаңа қойылысына көшу орын алды.

Егер, біз ұлттық тарихты формациялық көзқарас түсініктерімен қарап, түркі қағанаттарының бірегей өркениетін, мысалы, ерте феодализм терминдерімен пайымдайтын болсақ, онда біз ештеңені де түсіне алмаймыз және қарадүрсін сұлбаны қайталаймыз. Егер, қазақтар этногенезін марксистік структурализм терминдерімен қарастырсақ, онда біз кезекті бір тығырыққа тірелеміз. Өйткені, ескірген ғылыми тілдің көмегімен болмысты бүгінгі ғылым биігінен көруге болмайды.

Осы заманғы бір философтың бейнелі түрде айтқанындай, «сөздердің әлеуметтік болмысты құрылымдауы олардың сол болмысты бейнелеуімен бірдей». Әрине, біз тарихты Людвиг Витгенштейннің әуелгі беттегі немесе «тарихи факт лингвистикада ғана өмір сүре алады» дейтін Ролан Бардтың кейінгі кезеңдегі пікірлерінің рухында ұғындырудан аулақпыз. Мұның өзі асыра сілтеу және қазірдің өзінде архаизм, рас, архаизмге айналғанына көп бола қойған жоқ. Сондықтан, постмодернистік сөз саптау немесе лингвистикалық философияның концептілері қатты кешіксе де қазақ тіліне енгізіліп жатқанын тек қолдау керек. Дегенмен, бір жайдың басы ашық. Біздің тарихнамамыз өзінің әдістемелік және тілдік құралын қатты өзгертуге тиіс.

Қазақстанның тарих ғылымының алдында нақты сынақ тұр, ол сынақтың жауабын табуға әбден-ақ болады. Ұлттық тарих мәселелерімен талайдан және нақтылы айналысып жүрген Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Тарих толқынындағы халық» деген атпен тарихи зерттеулердің арнаулы бағдарламасын жасауды ұсынды.

Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты мынау:



- Қазақстанның тарих ғылымының алдыңғы қатарлы әдіснама мен әдістеме арқауында сапалық секірісті жүзеге асыруына жағдай жасау;

- қазақтардың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту, ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру;

- Қазақстанның жаңа тарихының жиырма жылының мәнін пайымдау.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл бастамасы аяқ астынан шыққан жоқ.

Тарихқа арқа сүйемесе болашақ бұлдыр. Планетада мән-мағына мен құндылықтардың мылтықсыз майданы күн сайын жүріп жатқан қазіргі күнде тарихи жадыны сақтап қалу – жалпы өзінді өзін сақтап қалудың жалғыз жолы.

Тәуелсіздігіміздің 5-ші жылында-ақ Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мемлекетіміздің тарихына қатысты өзінің көзқарасын айтып, «Біздің халқымыз тарихтың қатпар-қатпар қыртыстарына тамырын терең жіберген қиын да қызықты, талайлы тағдыр кешті. Ол, негізінен, тәуелсіздік жолындағы күреспен өтті» деп атап көрсетті.

Ұлттық тарихқа стратегиялық тұрғыдағы өзінің көзқарасын Мемлекет басшысы 1999 жылы шыққан «Тарих толқынында» кітабында баян етіп берді. 2003 жылы, Қазақстан халқына Жолдауында Президент Н.Ә.Назарбаев бұрын-соңды болып көрмеген «Мәдени мұра» бағдарламасын бастайтынын жариялады.

Бағдарлама жүзеге асырылған жеті жылда – 2004-2011 жылдар аралығында Қазақстанның тарихы, археологиясы мен этнографиясы бойынша 26 арнаулы зерттеу жүргізілді. Дегенмен, мұның бәрі – тарихи жады мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы ауқымды жұмыстың басы ғана. Қазір, мемлекетіміздің қалыптасқан белесінде, біз өз тарихымызды осы заманғы ғылымның биігінен пайымдауға және ұлттық тарихтың бөлінбейтін бейнесін қалыптастыруға тиіспіз.

Қазақстанның қазіргі аумағы негізінен қазақ этносын қалыптастырған тайпалардың таралу аумағына сәйкес келеді. Ол тайпалардың XV ғасырда аяқ астынан қалыптаса қалмағаны айдан анық. **Қазақ этносының қалыптасуы талай мыңжылдықтарға созылған үдеріс, өкінішке орай, ол жеткілікті деңгейде зерттелмеген.** Өкінішке орай, ғалымдарымыз әлі күнге дейін көне түркілік Дешті Қыпшақ даласындағы ертедегі мемлекеттік құрылымдардың құрылуы мен ыдырауы, түркі-қыпшақ жұртының таралу аймағы, Еуразия топонимикасының тарихы сияқты тағы басқа да аса күрделі әрі ауқымды тақырыптарды жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарастырған жоқ.

Біз сақ мәдениетін, әсіресе, массагеттерді (Арал бойын мекендеген), тиграхауда-сақтарын (Жетісу жерінде) және аримпастарды (Шығыс Қазақстан мен Алтайда) тереңінен зерттеуге тиіспіз. Бұл арада классикалық кезеңдегі еуропалық авторларды оқып, пайымдап қана қою жеткіліксіз. Қанлы мен Ғұн дәуірінің тарихи фактілері мен мәдени артефактілері (қолмұралары) дербес қарастыруды және пайымдауды қажет етеді. Ежелгі түркі мемлекеті, Түргеш және Қарлұқ қағанаттары да бөлекше назарымызда болуға тиіс, өйткені, біздің арқаулық этномәдени және өркениеттік сәйкестігіміз – түркілігіміздің тамыры дәл соларға барып тіреледі. Еліміздің аумағындағы барлық ежелгі мемлекеттер мен қоғамдастықтар егжей-тегжейлі зерттелуге тиіс, себебі, олар біздің этносымыздың қағазға түскен, дерек қалған тарихының маңызды буыны болып табылады.

VI ғасырда тарих аренасына жаңа тарихи тұлға – Түркі қағанаты – көптеген халықтардың этногенезіне, күрделі де санқилы мәдени кешендердің орнығуына аса үлкен ықпал жасаған Далалық түркі империясы шықты. Бұл біздің ұлтымыздың этногенезі тарихындағы аса маңызды белес.

Біз Шыңғыс хан империясы дәуірінің нақты көрінісін қайта жаңғыртуға, осы тақырыпты саудаға салушылықтан да, оған дәстүрлі түрде оңайлатып қараудан да бас тарта отырып, сол кезеңнің этностық болмыс-бітімін де түсінуге тиістіміз. «Тарих толқынында» еңбегінде Мемлекет басшысының жазғанындай, **«Біздің арғы ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келді. Орасан зор кең-байтақ аумақта қоныс аударумен болған көшпелілер Еуразияның этностық және мемлекеттік бетбейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті».** Бұл құрылымдардың қазіргі Қазақстан мен Орталық Азия аумағында тұрып жатқан жалпы (арғы түркілік) антропологиялық тип пен арғы түркілік тілдік топты қалыптастырудағы рөлі қандай? Олардың Қытай, Рим, Кушан империялары-

мен, Парфиямен және басқалармен өзара қатынасының (саяси, экономикалық және мәдени байланыстарының) жүйесі қандай болған?

Ұлы Жібек жолының, әсіресе, оның біздің ел аумағы арқылы өтетін бөлігінің – Дала жолының дипломатиялық және сауда-экономикалық рөлі қандай еді? Ол жол мәдениеттердің өзара кірігуі мен бірін бірі байытуына, Орталық Азия мен Еуразияның басқа да мемлекеттерінің, әсіресе, Шығыс елдерінің мәдени-өркениеттік қарым-қатынасына қалайша септескен?

Қазақ даласының Шыңғыс хан мен оның ізбасарлары империясының жүйесіндегі XII-XIV ғасырларды қамтитын тарихы барынша қадала назар аударуды талап етеді. Алтын Орданың, орда хандарының тарихы – Қазақ даласының қалыптасу сатысында тұрған жаңа орыс мемлекетімен белсенді қарым-қатынасы басталған кезең де өте маңызды. Өкінішке орай, қазіргі тарихнамада еуропacentризмнің ықпалымен бір-бірімен кереғар күштер – көшпелілер («варварлар») мен отырықшы халықтар («өркениеттілер») күресумен өткен деген түсінік басым. Алайда, уақыт өте келе зерттеушілер мұндай түсініктің дұрыстығына барған сайын көбірек күдік келтіре бастауда.

Түркі-славян өзара байланыстарының тарихы тек қана соғыстардан, әскери жеңістер мен жеңілістерден тұрмайды. Бұл ең алдымен санқырлы сауда, саяси, әскери, мәдени өзара байланыстардың тарихы екендігі естен шығарыла береді. Неге екені белгісіз, өкінішке орай, біз өздеріміздің мәдениеттеріміз бен өркениеттеріміздің тіл табысқан тұстарын аттап өтіп, назардан тыс қалдырамыз. Біз тек қақтығыстарды зерттейміз, сөйтеміз де бүгінгі заманның сүйініші мен күйінішін өткен күнге көшіре саламыз, бұлай ету жөнсіз және бұл кәсібилікке де жатпайды.

Қазақтар Еуразияның ең байырғы автохтонды халықтарының бірі екені сөзсіз. Сонымен бірге, Қазақстанның тарихы осы жерді кейінірек мекендеген, бірқатары еркінен тыс қоныстанған басқа да этностық топтардың да тарихы. Еліміздің полиэтникалығын қалыптастыруда бұл үдерістерді біз объективті түрде зерделеуіміз қажет. Қазақстанның тарихы – бұл біздің ортақ тарихымыз. Қазақстанның жиырмамыншы ғасырдағы тарихы көп жағдайларда ұлттық пен тоталитарлық қақтығысының тарихы. Бұл ұлттық сана-сезімді аяусыз саяси машинаның езіп-жаншу тарихы, ол үшін алдында кім тұрғаны – қазақ па, орыс па, украиндық па, өзбек пе – бәрібір. Біз тарихтың нақты тетіктерін дәлме-дәл әрі айдан анық түсінуге тиіспіз.

Сонымен бірге, басқа бір қағидатты сұрақ туындайды – тұтас ұрпақтардың тарихы, біздің аталарымыз бен бабаларымыздың тарихы қандай

да бір сындарлы мағынадан жұрдай болғаны ма? Әрине, олай емес, өткен ұрпақтардың өмірі мағынадан жұрдай емес. Бұл арада мәселенің тарихи және этикалық қырлары бар.

Кез келген тарихи дәуірде адамдардың өмірі мен саяси жүйенің өмірі үйлесе бермейді. Қазақстандықтардың XX ғасырдағы ұрпағының өмірі өзінше жоғары дербес мағынаға ие. Олардың өздерінің қуанышы, өздерінің жеңістері мен жетістіктері болды. Тұтас ұрпақтар өмір сүрген тарихтың, осынау, үлкен қатпарын сызып тастау, оны бір ғана қара бояумен бояй салу таза тарихи тұрғыдан қарағанда да әділетсіздік болар еді.

Түптеп келгенде, бүгінгі күннің биігінен өткен дәуірді дұрыс бағалау біздің өз ата-бабаларымыздың алдындағы перзенттік парызымыз. Мұндайда бір қиырдан бір қиырға шығып кетудің қаупі бірдей. Біріншіден, өткен дәуренді дәріптеудің қажеті жоқ. Баяғы бір тәртіпті аңсай бермей, жиырмасыншы ғасырдағы қиыншылыққа толы тарих туралы ашық айту керек. Сол тәртіптің тұсында миллиондаған ата-бабаларымыздың қалай өмір сүргенін біз жақсы білеміз. Сондықтан, тоталитарлық мемлекетте «ұлт мәселесін шешудің» барша ғажаптарын ашып көрсету біздің тарихшыларымыздың тікелей парызы. Екіншіден, өткен күнге объективті қарауымыз қажет, аға буынның наным-сенімдеріне құрметпен қарап қана қоймай, тарихта тек қара мен ақ түстің ғана болмай-тынын ұғынуымыз керек.

Жиырмасыншы ғасырдың ұлы тарихшыларының бірі Бродель «ұзаққа созылған баяулық» деп атаған кезең келмеске кетті. Тарихтың асықпай-саспай, айдан анық етіп айтатын кезеңдері енді оралмайды. Бүгінгі заманның тарихы басқаша болатындығы, біздің өткен күн туралы көбірек білетінімізге ғана байланысты емес. Оның басқаша болатындығы тарихи уақыттың құрылымының өзі өзгергендігінде.

Адамдардың бірде бір буыны ешқашанда да адамзаттың соңғы жиырма жылдың ішіндегі өміріндей, соншалықты, қарқынды және соншалықты буырқанған өмір сүріп көрген емес. Бұл айтқанымыз қазақстандықтарға да қатысты. Соңғы ширек ғасырдың ішінде біздің елімізде болған оқиғалардың ауқымдылығы мен тарихи маңыздылығы оларды тарих ғылымының жүйе тұрғысынан ой елегінен өткізуін талап етеді.

Қазақстанның қазіргі заман тарихы – тарих ғылымында салыстырмалы түрде алғанда жаңа бағыт. Осыған байланысты ол әлі қоғамдық институт ретінде басы ашылған сипатқа ие емес, яғни, өзінің әдіснамасы және оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі бар толық дербес ғылыми пәнге бөлініп шыға қойған жоқ. Біз үшін бұл олқылықты тез арада жою маңызды.

Қазақстанның қазіргі заман тарихының ерекшелігі неде? Бір жағынан қарағанда, ол тәуелсіздікке қол жеткізу және жаңа мемлекет құру тарихы болып табылады. Сондықтан да, жаңа тарихтың басталар тұсы – кеңестік жүйенің ыдырауы және соған байланысты елеулі геосаяси дағдарыс кезеңі. Екінші жағынан қарағанда, Қазақстанның қазіргі заман тарихы бүкіл адамзаттың дамуындағы жаңа белеспен сәйкес келіп отыр. Біздің көз алдымызда қағидатты түрде жаңа әлемдік тәртіп қалыптасып жатыр. Сол кезеңде Қазақстан тарихында орын алған оқиғалардың тарихи мәнділігі мен мәнісі неде? Ол оқиғалардың даму сценарийлері қандай болуы мүмкін еді? Ол оқиғалар қандай жағдайда бүгінгі үдерістердің алдын орап, сипатын айқындап кетті?

Таяу болашақтағы біздің жұмысымыздың басымдықтары қандай?

- Жаңа тарих мәселелері бойынша зерттеулердің тақырыптық аясын кеңейту керек. Олардың арасында біздің мемлекетіміз бен қоғамымыздың өтпелі кезеңінің көзге түсер ерекшелігі ретіндегі үш еселенген транзит; мемлекеттік менеджмент пен стратегиялық басқару жүйесі; мемлекеттік құрылыстың жүріп өткен әр белесіндегі әлеуметтік-саяси үдерістер; қоғамның жаңа әлеуметтік құрылымы; жаһанданудың ұлттық мәдениетке ықпалы және басқа да көкейкесті тақырыптарды бөле айтуға болады. Біз пысықтауға тиісті қыруар тақырыптардың арасынан аз ғана бөлігін еске салып тұрғанымызды өздеріңіз түсініп отырсыздар.

- Мемлекеттік құрылыстың өзіміздің, қазақстандық моделі, Мемлекет басшысы тұлғасының ұлттық тарихтың жаңа белесіндегі ролі ғылыми тұрғыдан байсалды пайымдауды қажет етеді.

- Біз пәнаралық зерттеулерді жүзеге асыруда сілкініс жасауға тиіспіз. Біз зерттеушілік құралдары мен жұмыс тәсілдерін түбегейлі жаңартуға: болашаққа байланысты үрдістерді айқындау үшін тарихи модельдеу мен болжамдау аспаптарын батыл қолдануға тиіспіз. Сонымен, біздің алдымызда бұған дейін ұлттық тарихта шешілмей келген ауқымы жағынан аса үлкен міндет тұр.

Біріншіден, жинақталған тарихи фактілер мен куәгерліктер, материалдық мәдениеттің жәдігерліктері, нышандық мәні бар пішіндер мен әдет-ғұрыптарды зерттеу, филология мен лингвистиканың мәліметтері, тарихи география мен демография, тарихи зерттеудің жаңа тәсілдері, пәнаралық көзқарастар бізге қазақтардың этногенезі бұған дейін тарих ғылымы дәйім пайымдап келген кезден анағұрлым ерте қалыптасқан деп болжам жасауға мүмкіндік береді. Этнос көкжиегін біздің дәуіріміздің бірінші мыңжылдығына дейін кеңейту және оны ғылыми тұрғыдан орнықтыру бүкіл ұлттық тарихқа жаңаша қарауға, біздің халқымыздың

планетаның осы алып өңіріндегі алатын нақты орны туралы түсінігімізді өзгертуге мүмкіндік береді. Мұның өзі ұлттық сәйкестіктің маңызды факторына айналып, ұлттық сана-сезімімізді қағидатты түрде өзгертеді.

Екіншіден, біз өзіміздің қазіргі тарихымыздың басты мән-мағынасын жүйелі, ғылыми негізде түсініп алуға тиіспіз. Тәуелсіз егемен мемлекеттің өмірінде үшінші онжылдық басталды. Осы жылдар ішінде, расында да, ғасырларға тең жолдан өттік. Ойымызды жинақтайтын кез жетті. **Қазақстанның өтпелі кезеңінің ерекшелігі неде еді, қалыптасқан мемлекет дегеніміз не, нақты тәуелсіздіктің негізгі белестері қандай, қандай қауіп-қатерлерден өттік, қоғамның экономикалық, саяси және мәдени жүйесі қалай құрылды? Осы сұрақтардың бәріне дәйекті әрі анық жауап беру – тарихшылардың кәсіби қоғамдастығының міндеті.**

Қазақстандық мемлекеттік басқару моделінің маңызды негіз қалаушысы – Көшбасшының рөлін айрықша атап көрсеткім келеді. Бұл жерде Қазақстан басшысы қызметінің бірқатар қырларына ғылыми тұрғыда талдау жасау қажет етіледі.

Біріншіден, 20 жылдан астам уақытта біз стратегиялық пайымымыз туралы ашық айта аламыз. Осы жылдар ішінде біз әлемнің түрлі өңірлерінде метеор тәрізді жылт ете қалған көптеген жарқын саясаткерлерді көрдік. Алайда, елдің даму стратегиясын ондаған жылдарға алдын ала айқындап және оған болжам жасап қана қоймай, сол жоспарды іске асыра білу – бұл стратегиялық пайымдай алатын саясаткерге тән қасиет. Бұған қоса, Көшбасшы өзімен барлық жағдайда келісе бермейтінін ұғына отырып, оның табысты болашағына деген жауапкершілік жүгін өзіне артып, кей жағдайларда қоғамдық пікірге қарсы жүре алатын күш-жігері жеткілікті болуы тиіс.

Екіншіден, айқындылық. Көшбасшылардың барлығы дерлік мұндай қасиетке ие емес. Олардың көпшілігі оны сайлауалды науқан кезінде берілетін жалаң уәделермен шатастырады. Біздің Елбасы ешқашан әлеуметтік қиял-ғажайыптарды уәде еткен емес, ал, уәде берген жағдайда дәл есептей біледі және оны әрдайым іске асырады.

Үшіншіден, басқарудың инновациялық стилі. Көмірсутегіне бай көптеген елдер мұнай қайнарының айналасында дағдарып қалды. Қазақстан Президенті күш-жігерді инновациялық дамуға, технологиялық үдеріске бағыттап келеді. Елдің бәсекеге қабілеттілігі тек қана жедел технологиялық дамуында.

Төртіншіден, интеллектуалдық ауқым. АӨ-СШК-тен Әлемдік діндер форумына дейінгі, ЕҚЫҰ саммитінен ЭКСПО-2017-ге дейінгі, елорданы көшіруден «2030» және «2050» страте-

гияларына дейінгі ішкі және сыртқы сипаттағы барлық ірі жобалардың негізінде нақ Елбасының интеллектуалдық күш-қуаты жатыр. Ал, осы жобалардың әрқайсысы қазіргі заманғы кез келген ірі саясаткерді құрметке бөлей алар еді.

Барлық осы деректер, идеялар, оқиғалар жүйелі әрі объективті бағаға ие болуы тиіс. Бірақ, бұл әдеттегі кезекті баяндауды емес, байыпты ғылыми талдауды қажет етеді. Менің ойымша, бұл біздің тарихшыларымыздың алдында тұрған міндеттің маңызды бөлігі. Бұл міндеттердің бәрін шешу үшін орта мектептер мен жоғары оқу орындарындағы тарихты оқытудың осы заманғы және шын мәніндегі ғылыми біртұтас мемлекеттік стандартын жасау керек. Ол стандарт ең осы заманғы зерттеу тәсілдері мен оқыту әдістеріне негізделуге тиіс.

Тұтастай алғанда біздің жұмысымызды бірнеше бөлікке бөлуге болады. **Бірінші.** Ұлттық тарих қоғамдық ғылымдардың арасында орталық буынға айналуға тиіс. **Екінші.** Біз сапалық жаңа деңгейде Қазақстан тарихының ортақ тұжырымдамасын жасап шығуға тиіспіз. Ол тұжырымдама бүкіл әлемдік тарихпен тығыз байланыста болуға, Қазақстанның аса ауқымды тарихи үдерістердегі, олардың өзара байланысы мен ғылыми кезеңдену жүйесіндегі орнын анық көрсетуге тиіс. **Үшінші.** Қазақстан туралы біздегі және шетелдердегі тарихи материалдардың барлығын жинауға, жүйелеуге және жіктеуге баса көңіл бөлуге тиіспіз. Сондықтан да, біз тарихи артефактілердің (бұл қазіргі заман тарихына да қатысты) барлық негізгі шетелдік қоймаларын ұқыпты зерттеуге, сондай-ақ, ол тарихи материалдарды Қазақстанға қайтару мүмкіндігі жөніндегі мәселені қарауға, егер ондай мүмкіндік болмаса – олардың көшірмесін жасатып, болашақта зерттеушілер мен жалпы жұртшылық үшін қолжетімді етуге тиіспіз. **Төртінші.** Сіздердің назарларыңызды орталық-азиялық номадтық өркениетті зерттеудің маңыздылығына ерекше аударғым келеді, қазіргі таңда ол өркениеттің сақтаушысы қазақ этносы болып отыр.

• Қазақ этносының археологиясын, антропологиясын, этнографиясын, фольклорын, мәдениеті мен дәстүрлерін зерттеуге күш сала отырып, қазақтардың номадтық өркениетін зерттеу саласында ғылыми және ғылыми-қолданбалы зерттеулер бағдарламасын дайындауды тапсырамын.

Бізге Орталық Азия өңірінің тарихы мен тұтастай алғанда жалпы тарих туралы өзіміздің, ұлттық пайым-түсінігімізді қалыптастыра бастау мәселесін қарастыру керек. **Бесінші.** Тарих бойынша сапалы оқулықтар даярлау мәселесі күн тәртібінен түспей тұр.



Жақан МОЛДАБЕКОВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің
профессоры, **Ы. Алтынсарин**
атындағы сыйлықтың жүлдегері

АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

XXI ғ. адамның белсенділігі мен шығармашылығы артып, оның атқарар қызметін еселетуде. Адамның өнері мен өніміне орай беделі мен берері анағұрлым тез артуда, талпынысы тың өрнек салуда. Өсіп өнген ел-жұрт – кең өрістегі өркениеттің жарасты отағасы, шаруашылықты жүргізудің тұтас әлеуметтік күші екеніне көзімізді жеткізуде. Ынтымағы жарасқандардың жүйелі ұмтылыстан ұтары мол. Бұл қажеттіліктен туындайтын құндылықтар.

Өмір сүрудің жаңа мүмкіндігі адамның белсенділігінен туындайды. Адам атам заманнан бері өзін-өзі бақылап, бағалап, түйіндеп келеді, өзіндік шешімнен нәр алуда. Бірақ, адам белсенділігін әркім өз деңгейінде қозғап, әрқалай түсінді және түсіндіруде. Не демелік, адамдық өмірдің мәнісін, тұлғалық болмыстың негізін, кісілік қасиеттердің құндылығын, азаматтық сапаның сабақтастығын ұқпай жаңа мүмкіндіктің не екенін ұғыну, адам капиталын үйлестіру, толықтыру екіталай. Адам құндылығы, оның қосымша құнынан айқын және әрдайым білінеді.

Адам құндылығымен, оның қосымша құны адам капиталын құрайды. Адам капиталын капиталистік қатынас аясында экономикалық дамудың өнімді және интенсивті факторы, отбасынан бастап қоғамға дейінгі сатылы дамуды берік топтастырып жандандыратын қосымша күш-қуат деп қабылдау орнықты. Тегін емес. Оның **құндылығы** – адамдық өнімде және адаммен топтасқан еңбекте, еңбекшінің шығармашыл күшінде. **Адам капиталы** – еңбекпен келетін күш-қуат, өндіріс пен еңбекте жанданатын тұлғалық қарым-қатынас, үдемелі табыстың қайнар көзі. Адамдықтың құнары осында.

Адам капиталы туралы сөз қозғағанда, оның **ғылыми және идеологиялық, мәдени және саяси жақтарын**, сондай жетелі идеяларды ажырата білген абзал. Ол туралы түсінік-көзқарастар бірқалыпты емес (1).

Проблема – адам капиталын зерттеудің методологиясында. Методологиялық жүйе реттелінбегенде түсінік әртүрлі, ұғымдық

түсініктің мазмұны анықталынбайды. Белгісіздікте адам капиталының мәнісі, оған деген сипаттамалар қандай? деген сауалдар күн тәртібінен түспейді. Енді бірде адам капиталы неден және қалай құралады? – деп көп өлшемді түсінікке жүгінеміз.

Адам капиталы туралы қай идеялар жүзеге асуда, қай тәсілдер қолдау табуда десек, бұл адам ресурсының қаншалықты өміршең екендігіне тиек. Адам капиталы – таусылмайтын жинақы ресурс, үнемі жаңғырып, жалғасын табатын үдемелі қуат пен шабыт бастауы. Оның өтімді мәні – адамның кісілігі мен кірісін қатар көбейтетін қаражат көзін демеуінде, әрі тұлғалық қабілет-қасиетті ту етіп, соған тұрақтауында, соны өндіре жүзеге асыруда. Адамның қимыл-әрекетінде тұлғалық, кәсіби және әлеуметтік қабілеттер бірін-бірі толықтырған сайын, оның бойынан қосымша қасиет, қабілет қуаты өмірлік күш алады. Содан адамдық капиталды тұрмыстық тұрақтылыққа кепілдік, әлеуметтік бағдарға еркіндік, өнімді табысқа серпіліс, әлеуметтік мәртебені анықтауға өлшем, біржағы адамның қабілетін тұлғалық тұрғыдан өзінше реттейтін жаңа сипат деп жатамыз. Адамның кәсіби дайындығы осындай әлеуметтік факторда жаңғырады.

Адам капиталының бастамасы жалқы емес әрқалай, оның қалыптасу бағыты бірсарында емес, түрлі деңгейде тарамдалып жатады деген тоқтам туындайды. Ал, оның өлшемдер салыстырмалы түрде дара және бір-бірімен түрлі байланыста болатынын аңғарамыз. Әйтседе, адам капиталын тану жолдары мен өзгерту тәсілдері **нақты да кешенді** болатынына да күмәнданбаймыз. Адам келбеті мен кісілігі оның капиталын құрастырады. Адам капиталы іргелі де түрлі ерекше идеяларға негізделеді, солардан демеу табады. Оның **экономикалық, саяси, ұлттық және тұлғалық түрлері** қомақты идеяларды жинақтайды, жебелейді. Адам ресурсы туралы идеяны сабақтау оның **бұрынғы даму тәжірибесін жинақтауға және болашақ өзгерістерін болжауға** септігін тигізеді (2). Адам капиталының тәуелсіз де үйлес өлшемдерін – **мәдени негізін, әлеуметтік тірегін, идеологиялық өлшемін, саяси бағытын, тұлғалық құндылықтарын** ескерген сайын, олардың мән-мағынасын толығырақ ұғынуға мүмкіндік ашылады. Саясат пен идеологияның

мақсаттары, ғылыми және мәдени түсініктері бірде өзара ұқсап, енді бірде өзіндік ерекшелігін білдіреді. Адам құндылығы туралы саяси және азаматтық көзқарастар әрқашан бір-бірімен үйлесе бермейді. Бірақ, қос көзқарас бір арнада тоғысқанда өзекті мәселені дұрыс түсіндірудің дүниетанымдық бағыты тұрақтанады немесе адам факторының рөлін жетілдірудің тың жолдары ұсынылады.

Адам құнарының қуаты - *мәдени капиталда*, оның өлшемі мен өресінде. Адам капиталының әрбір мәдениет аясындағы қалыптасу қарқыны бірдей емес. Себебі, адам және мәдениет капиталының өзара ықпалы біржақты, бірсыдырғы емес. Г. Беккер (1964) мен Дж. Коульман (2001) адам мен мәдениет капиталы арасындағы байланыстың мән мағынасын алғаш талдағандар. Олар адамның қабілет-қасиеттері адамның іштей, мәдени жаңғыруына қозғаушы бастама екендігін дәйектеп берді. Мәдени капиталдың негізін *денсаулық, кісілік қасиеттер мен құлшыныстар, экономикалық табыс пен тиімділік, әлеуметтік бірлестік пен серіктестік* құрайды. Бұл негіздер өмірлік мақсатқа жетудің кепілдігі, ұйытқысы. Адам құндылығы игілік пен ізгілікті жасауда жалғасын табады, арнасын кеңейтеді. Еңбектегі құлшыныс, жасампаз күш-қуат – құндылықтың темірқазығы, қажеттіліктің құрамы және құралы. Қосымша күш-қуаттың қарқындауы, оның айналымда алмасуы – мәдени капиталдың құнары. Ол а) өндіріс тиімділігінің өсуіне, ә) жаңа техниканың және информациялық технологияның даму қарқынына, б) құрылымдық қатынастың эволюциясына, в) адамның ақыл-ойы мен қабілет-қасиетінің өзара ықпалдастығына тікелей байланысты. Мәдени капитал адамның материалды және рухани игілікті жасау қабілетімен, тәжірибесімен өлшенеді.

Тұрмыстық өмірде адам капиталы мәселесін қозғау дегеніміз адамның денсаулығын, көңіл-күйін, мінез-құлқын, ерік-жігерін, зейне-зердесін, интеллектуалды даму аумағын, қысқасы, өмір сүру тәсілі мен өмірлік стратегиясын тілге тиек ету, сол қабілет-қасиеттердің басалқы сипаттарын бетке ұстау. Олай деуге себеп адам капиталы, *біріншіден*, әлеуметтік дамудың факторын құрайды, *екіншіден*, әлеуметтік және рухани-кісілік факторды халықтық капиталға айналдырудың тетігі болып табылады.

Мәдениетті адам өз ісіне мекем, еліне өнегелі, ортасына сыйымды келеді. Өйткені ол өзгені қорсынбайтын, өзін зорсынбайтын жетелі адам. Оның ойы озық, сондықтан, мінезі тозық, қылығы пасыққа ұрына бермейді. Адам таза сынақтан өткенде бағын сынай алады. Ондай сәттен шеттеу – дәрменсіздік. Дәрменсіз сын сағатта өзінің шынайы біліктілігін қорғай алмайды. Дәрменсіз ахуалда адам да, мекеме де байыпты ырқынан жаңылады. Жүйесіздік жалқаулық пен жеңілдікке қана емес, жемқорлыққа да этикалық норманы бұрмалауға да жол ашады. Жемқорлық адамгершілікті бұзып, ар-намысты аяқ асты етеді, жабайылық пен

анайылықты өршітеді. Дәрменсіздік пен жабайылық – кәсібилікті таптау.

Мәдени капиталдың адами белгілері мен белестері еңбектену аясында қалыптасады, қоғамның интеллектуалды және мәдени сұранысына орай жаңғырады. *Тер төгер еңбек, интеллектуалды құлшыныс, атқарушы қызметтегі тәртіп пен жауапкершілік* бір-бірімен ұласса, сол ортаның әлеуметтік белсенділігі мен серіктестігі де, сонымен қатар адам капиталы да арта бермек. Жетістік көзі осында.

Өндірістің жаңа технология мен кәсіби мамандарға негізделіп, қарқындай түсуі, байырғы қалыптасқан түсініктер мен көзқарастарды қайта қарауға мәжбүр етеді. Нақты жағдайда адам капиталының, оның білімінен, өнімді еңбегінен, сапалы өмір сүру салтынан тыс қарастыруға, қабылдауға болмайтынын, қайта сол индикативті көрсеткіштермен өзара байланыста қарау қажеттілігі тамыр жаюда. Оған ежелгі дәуірден адамның күш-қуатын паш еткен құнды ойлар, идеялар, қағидалар да ұйытқы болды.

Мәдениеттіліктің көрсеткіші – өзінің маңына білікті маманды жинай білу, өзіне сөз, өзі жұмыс істейтін орта мен салаға кір келтірмеу; біліктілік пен бәсекелестіктің, сергектік пен серіктестіктің үлгісі, ізденіс пен іскерліктің нәтижесі. Адам әлеуеті біліктілік пен бәсеке де ғұмырлық арнасын табады, құндылық қажетімен жинақталады, өз қабілетінің әр қырынан жаңғырады. Оның *ішкі өлшемдері* – біліктілік, адамгершілік, имандылық, инабаттылық, адамды жан-жақты жетілдіретін ұмтылыстар. Өмірлік ағыстармен білімді жетілдіру мәдениеттілікке жол ашады. Білікті маманды парасаттылықпен, адамгершілікпен, имандылықпен толықтыру – оның кісілігін мәртебелеу және көтермелеу. Кісілік мінез-құлық – адам капиталының адамгершіл өлшемі және бәсекеге қатысатын білікті жақсының жаршысы. Іргелі қасиеттер бостық пен жүгенсіздікке тосқауыл, саяси насихаттың құбылмалы ырқында қала бермейді.

Жаңа саяси буынға білім, өз саласындағы біліктілік, көш бастар талпыныс, көпті қауымдастыққа ұйымдастыратын қабілет қажет. **Елдің көшін бастар, бұйдасын ұстар тұлғаларды тәрбиелеу – қоғамдық жаңғырудың кепілдігі.** Адам капиталын тиянақты қалыптастыру және пайдалану – қоғамдық қажеттілік әрі мемлекеттік саясаттың өткір проблемасы. **Жас ұрпақты әлеуметтеудің тың тәсілі мен тәжірибесіне тәрбиелеу керек, үйрету қажет. Білім жүйесі үлгілі үрдістерді қайта жаңғыртады, өндіреді.**

Адамдықты сабақтау – ұрпақ арасындағы үлгіні сабақтастыру. *Азаматтықты арттыру, тұлғалықты тұрақтату, азаматтың кісілігін көтермелеу, тұлғалық қарым-қатынасты нығайту* – осы сабақтау мен сабақтастыруды әрдайым үйлестіреді. Адам ойы мен бойындағы қабілет-қасиетті игеруге талпыну – өзінді рухани тұрғыдан жаңғырту, біріккеннің әлеуметтік дамуын, бітімде өмір сүруін қолдау. Озық өмірдің

үйреткені де, озаттардың үйретері де – осы ұстанымда. Бұның бәрі де ұрпақтың сапалы да сабақтас көрсеткіштері. Әр көрсеткіш білім жүйесі мен әлеуметтену барысында ұрпақтың мәртебесін көтермелеп қана қоймай, оның кәсіби қабілетін реттеуге жаңа талап қояды. **Білімдар адам өмірлік табысқа жетудің жағдайын іздестіреді, сол үшін әріптестерімен жарасты қарым-қатынасқа түседі.** Сондықтан, дайындығы жоғары, кәсіби мамандарға деген сұраныс арта бермек, жалпы және кәсіби мамандарды сапалық тұрғыда дайындау қажеттілігі артпақ. Бәрі де нағыз мамандардың әлеуметтік мәртебесін көтермелеуге және халықтың мәдени капиталын дұрыс пайдалануға арналған.

Іздемпаз, іскер адам кірісті қолдайды, ден-саулықты таңдайды, білгірлігін оңдайды. Жарасымды әлеуметпен астас та, бәсекелес те болады. Талапты бәсеке мен күресте өмір сүреді, сонда түлейді. Арпалыста күтпеген күйлер, қиыншылықтар толы. Сыртқы теке-тірестер, іштей тұйықталу, ресурсты шығынға ұшырату, күштілердің қысымында қалу – адамды іштей шалатын қиыншылықтар, адамды алымсақта қалдыратын іштартпалар. Мұндай көлденең кедергілерден өмір жолын тауып кету – жеңіл шаруа, оңай іс емес. Иә, ынта-ықыластың өтімді, өнімді болуы тартымды; тартымды әрекет адамның тұлғалық және кәсіби қасиеттерін жетілдіруге өрелі ықпал етуімен құнды; адамның жасампаздығын қолдайтын әрекеттердің әлді және сауатты болуы қажеттілік; адам қуатын сауаттылар мен сенімділер анағұрлым арттырды, оның деңгейін көтермелейді. Адам капиталы осындай өсімтал іс-әрекеттерден құралады. **Сауаттылар өнімді еңбектің құнын біледі, нарқын түсірмейді, қайта қосымша қаражат жұмсайды. Сауатты азамат жеке басының қамымен шектелмей, ұлттық байлықтың берекесін қайтарады, оны талан-таражға ұшыратпай жұмысшы мен шығармашыл күшті, нарықтық өлшемді қолдаудан тартынбайды.** Егер, адам әдіс-тәсілді қолдану барысында түрлі мінез көрсетсе, аталынған талаптар оң өзгеріс бермейді, дйттегенге жеткізбейді, өкініш аяқтан шалады, естен кетпейді. **Тұрақсыз күй адамды мазалайды, тез шаршатады.** Адам қуаты одан тотығады. Іс-әрекетте шыдамдылық таныту, адамға ерекше көңіл бөлу, ықылас таныту, мінез бен мүддені қарым-қатынасқа жақындату – істің жемісті болуына кепілдік. Өзімізді адам қуатын тарылтады, жетістікті тоғытар кедергіні көбейтеді. Өзіміз өзгенің сыбырына құлақ тосып, өсек-аянға ереді. Сыбырдың ырқынан шыға алмаған жан қашанда көрегендімен келіспей салғыласып, ұрысып-керісіп жатады. Ұрыс-керіс басталғанда, бітімнің берекесі кетеді, бұзықтар аңқауды үркітіп дйттегеніне жетеді. Тартыншақтық, бүркемелік абырой әпермейді.

Қайда жүрмелік, тарихтың өткенін, бүгін мен болашағын ойлайтын, ойластыратын кездің келгенін кім ұқпайды? Белсенді шығармашыл

қабілетті қалыптастырады. Қосымша қуат адамның өзіндік сұранысына айналса, оның бойына ғанибет серпіліс оралмақ. Серпіліс іске адал адамда, білгенінен тоқтам-түйін жасай алатын пайымшылда, өзіне берік тұлғада жаңғырады, басылмайды. Өзіне беріктік – кемелдіктің айғағы, үлкен бақытқа жол ашу. Кемелді-жігерлі, ойға бай, өмір сабағын ұмытпайды. **Шығыс адамы қуатын кемелдіктен, киелі рухтан іздестірді.** Адал адам өзіне қашанда серік, ісіне берік. Адал білімге асық, надандықтан қашық болуға тырысады. «Кімде-кім өмірдің шынайы мағынасын түсінсе, ол надандармен дауласып жатпайды» (Будда). Білім шынайы жолды таңдауға көмектесетін мүмкіндігімен және саралы әдісімен құнды. Ішкі ширақтықта адам капиталы нәрленеді.

Елге өнегелі, ортасына сыйымды болу үшін әркім өз жұмысын жақсы білуі, істі ілгерілетуі, этикалық нормаларды бұзбауы шарт. Ары таза іскер жемқорлықтың жетегінде кете бермейді. **Абырой – адам капиталының сақтық қоры. Киелі рух адам абыройын көне дәуірден қызғыштап қорғап, қолпаштап келе жатқан тылсым күдірет, ерекше дарындылық. Киелі рухтың дарындылығы дегенде шығыс - сөз дарындарын (тілдер, тілдерді түсіндіру, көріпкелдік); аян (ашылу) дарындарын (дана-лықтың уәжін, білімдардың сөздері мен рухын ажырата білуді); күштің дарындарын (сенім, сауықтыру, кереметтер жасау дарынын) есепке алған.** «Егер әрекетіміздің бәрі де ардың ісі екенін ұқсак, ісіміз бен сөзіміз табысып жатса, онда нені болсын именбей, күмілжімей, ашық айтуымыз керек» (Ататүрік).

Жастық шақ – адамның тұлғалық қасиетінің тез және қилы жолмен қалыптасатын кезеңі. Жастардың ой-өрісі, оқу мен еңбекке деген ықыласы, азаматтық және патриоттық сезімдері, адамгершілік қасиеттері – адамдық капиталдың өлшемі әрі серпінді қуаты. **Жастарды тәрбиелеу – ұлттың адамгершіл-психологиялық ахуалын жақсарту, әр ұлттың рухани күш-қуатын дұрыс пайдалану.** Көп салалы әлеуметтік міндетті жүйелеп іске асыру – жас ұрпақтың өмірлік күшін тасыту, өз құндылығына жетектеу. Адамдық межеге лайықты осындай капиталға мұқтажбыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нестеров Л., Аширова Г. Национальное богатство и человеческий капитал. // Вопросы экономики, 2003, № 2. *Щетинин В.* Человеческий капитал и неоднозначность его трактовки. // Мировая экономика и международные отношения, 2001, № 12. Заславская Т.И. Человеческий потенциал в современном трансформационном процессе // Общественные науки и современность. 2005. N 4.. *Корчагин Ю. А.* Российский человеческий капитал: фактор развития или деградации? — Воронеж: ЦИРЭ, 2005

2. Ж.Т. Тощенко. Кентавр-идеи как деформация общественного сознания. // Социс, 2011, 12, с.4-12.



Ақбота ИСЛАМБЕК, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің 4-курс студенті

ТАРИХТЫ КІМ ЖАЗАДЫ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ, НЕ ҮШІН ЖАЗАДЫ?

Соңғы жылдары Ресей және басқа да алысты-жақынды шетел басылымдарында тарих ғылым ба, әлде басқа ма деген мәселелер төңірегінде қилы-қилы әңгімелер қозғалып, оны кім жазады және қалай, не үшін жазады дегенге саятын әңгімелер де кеңінен талқылануда. Шындығында да, тарих дегеніміз не, сосын ол неге керек, оны кім жазады? Міне, осыған орай, кезекті келелі кеңесімізді Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының қызметкерлерін шақырған едік. Келелі кеңеске институт тарапынан тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер Зардыхан Қинаятұлы, тарих ғылымдарының докторы, доцент, халықтану және тарихи тұлғатану мәселелері бөлімінің меңгерушісі Айжамал Құдайбергенова, тарих ғылымдарының кандидаты, бөлім меңгерушісі Сәулебек Рүстемов, тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкері Әуезхан Шашаев, «Ақиқат» журналының қызметкері, философ Әбдірашит Бәкірұлы қатысты. Енді, назарларыңызға сол келелі кеңесте айтылған ойлар мен пікір-тұжырымдарды ұсынамыз.

– Қаншама тарихымыз жазылып жатыр дегенмен де, соған қарамай, әлі де болса, ол бір ізге түсіп, толыққанды ұлт тарихы ретінде тілге тиек етіле қоймаған сияқты. Шындығына келгенде, біздің тарихымыз қандай болуы керек? Тарихты кім жазып және қалай, неге жазады? Ұлттық, мемлекеттік тұрғыдан келгенде тарихтың атқаратын рөлі, міндеті мен орны туралы не дейсіздер?



Зардыхан Қинаятұлы: – Тарих деген адамзатпен жасасып келеді. Ол сол адамзаттың өмірбаяны. Сондықтан, ол тарихты халықтың өзі жазады. Екінші, оны сырттан жазады. Қазақтың тарихын алғашқы тегімізден бастап, б.з.б VII-II ғасырды қамтитын сақ дәуірінен бастасақ, бұл дәйекті негізінен, гректер мен қытайлар жазды. Ал, біздің VI ғасырымызға дейінгі тарихымызды қытайлар жазуға арқау етті. Әсіресе, б.з. II ғасырынан б.з VII ғасырына дейінгі түркілердің тарихын қытайлар жазды. Қытайлардың 26 кітаптан тұратын

үлкен шежіресі бар. Сол шежіренің ішінен қытайлардың түріктер туралы жазған материалын жинап, Қытайдағы, Шыңжаңдағы қазақ ғалымдармен бірігіп, бес томдық шығарып жатырмыз. Соның екі томдығы шықты. Үшінші томы жылдың аяғына дейін шығып қалады. Ал, VI-VII ғасырдан бастап, тарихымызды түркілер тасқа басып жазды. Айталық, XI ғасырға дейін Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқаридың тарихы үзіліп қалды. Бұл кездегі аралықты арабтар мен парсылар толықтырды. Ал, орыстар біздің тарихты XIX ғасырдан бастап жазды. Бірақ, бұл тарихты басқалар жазғандықтан, оларда өздерінің мақсаттары болғанын есте ұстаған жөн. Басқа ұлттар «Бұл қандай халық? Оның болашағы қандай? Бұл халықты бағындырудың қандай жолдары бар?» деген мақсатта жазды. Негізінен, қазақ халқы тумысынан тарихшы халық. Бірақ, қазақта жетіспейтін жазба тарих. Өкініштісі, осы жазба тарих өте кеш басталды. Біздің тарих ауызша тарих арқылы жалғасты. Алғашқы қазақтың жазба тарихы туралы біз кейде Мұхаммед Хайдар-Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқариді айтамыз. Бірақ, алғашқы қазақ

жазған тарих деп Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағын» атаймыз. Қазақ тарихында бірден-бір қазақ тумасынан туған қазақтың алғашқы тарихшысы осы. Айталық, Шоқан Уәлиханов Мұхаммед Хайдар-Дулатиді, Ақорданы жақсылап талдаған, бірақ, оны қазақ тарихшысы деп айтпаған. Сондықтан, біздің тарихымыз осылай жазылып кетіп бара жатыр. Бізде тарихты мықтап жазу, сол Қадырғали Жалайырдан басталады. **Тарих деген ғылымның ішкі ережесі, тәртібі мен этикасы бар. Қазақта «Пышақты ұста соғу керек, қойды қасапшы бағу керек» деген сөз бар. Сондықтан, тарихты жазатын адамдар біріншіден, тарихи методологиялық білім алған, екіншіден, тарихтың дерегін білетін адамдар. Тарихшылардың мақсаты ойдан тарих жазу емес. Біздің мақсатымыз, іздеп жүріп, дерек тауып, оны өңдемей, бұрмаламай сөйлету керекпіз. Егер, тарихшылар өздерінің тапқан тарихы мен дерегін дұрыс сөйлетіп шығарса, онда ол нақты тарих болып шығады. Грекия заманында тарихи романтизм деген ұғым болған. Яғни, тарихты өлеңмен, аңызбен жазатын кезең. Міне, біздің елімізде егемендік алғаннан бері, сол тарихи романтизм басталып кетті. Қазір екі қазақтың біреуі тарихшы. Тарихты білетін де, білмейтін де жазады. Осындай жағдай бізде қалыптасты. Бұған жазба деп те шек қоя алмаймыз. Өйткені, әр адамның жазатын құқығы бар. Бірақ, тарих түбінде сарапталады. Сол кезде, қай тарих шын, қай тарих өтірік тарих екені көрініп қалады. Бүгін тарихшылар екшеп, ананыкі дұрыс, не бұрыс деп жатудың қажеті жоқ. Келешекте бұның бәрі сүзгіден өтеді.**



Айжамал Құдайбергенова: – Қазір Зардыхан ағай айтып кеткендей, тарихты білген де, білмеген де жазады. Тарихты кім жазу керек дегенде, тарихты тек тарихшы жазу керек дей аламыз. Кәсіби мамандалған, оқыған, осы уақытқа дейінгі тарихи білімнің зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне, бұған дейінгі оңы бар, солы бар, тарихи білімдерді сұрыптап, тарихшылардың алдына берген білімдері маман қажет. Тарих ғылымының негізі – объективтілікте. Осы шынайылық, нақтылық, кейде әрбір кезеңдегі саяси даму сатысына байланысты өзгеріп кетіп жатады. Объективтіліктің өзіне күмән тудыратын замандар бар. Мысалға, өзім зерттеп,

қарастырып отырған Кеңес дәуірін айта аламын. Бұл кезде идеологиялық заманның талабына сай бірқатар қыспақтар жасалды. Сол себепті, кейбір жазбалардың объективтілігіне күмән бар. Бұлар тәуелсіздік алған алғашқы жылдары «Ақтандақ мәселелері» деп көзге көрінді. **Сол себепті, тарихшылар тарих жазуда объективтілікке мән беру керек. Алайда, оның объективтілігінің өзі белгілі бір кезеңдерге сәйкес жана бір деңгейге, шынайылық деңгейіне көтеріліп отырады. Сол себепті, бұл сұраққа байланысты айтарымыз, тарихты тарихи романтизм тұрғысынан емес, тарихи объективтілік тұрғысынан қарау керек.**



Дуезхан Шашаев: – Жаңа «тарихтың міндеті не?» деген орынды сұрақ қойылды. Тарихтың негізгі міндеті – ұлтты ұйыту, ұлттың рухын көтеретін ұлдардың көкірегіндегі рухани тіректі қалыптастыру. Сондықтан, осыған дейінгі, Америка барлау орталығындағы Аллен Даллес «Билеп алудың екі жолы бар. Бір жолы қарумен болса, екінші жолы рухани азғындыққа түсіру арқылы жүреді. Ал, азғындыққа түсіру сол елдің тарихын оқытудан бастап, мұрағаттарына кіріп, естеліктері, батырлығы, рухы жайындағы деректердің барлығына кіріп алып, құрту қажет. Рухы төмендеген халық өзінің ұлттық бет-бейнесін жоғалтып, қалай илесен де көнеді» деген. Міне, сондықтан да, біз әуелі, тарихтың міндетін анықтап алғанымыз жөн. Менің әріптестерім, тарихты әркім жазып кетті деп дұрыс пікір айтты. Сол тарихты кім жазу керек дегенде, оны нағыз тарихтың әдіс-тәсілдерін меңгерген, сонымен қоса қосымша пәндерді меңгерген маман қажет. Себебі, бір жағынан ол журналист, екінші жағынан тіл маманы, үшінші жағынан ол этнограф, яғни, өз халқының салт-дәстүрлерін білу керек, археолог, антрополог, лингвист сияқты мамандықтардан хабардар болуы керек. Көбінесе, тарихты жазған кезде, бір адамның субъективті көзқарасы қалып қалмау қажет. Айжамал жаңа жақсы пікір айтып кетті. Міне, тарихтың объективтілігіне көз жеткізу үшін, біз бірнеше ғылыми пәндерді қарастырамыз. Өзім, Ежелгі дүние тарихынан маманданғандықтан, көбінесе, тарихтың ежелгі дәуірін археологтарға беріп қойғанбыз. Нақты материалдық

деректер, қазба болмаса, біз тарихты жоқ дейміз. Кеңес дәуірінде қазақ тарихы болмаған, ол тек қазақ хандығынан басталған деген де үстем пікірлер болды. Сондықтан, Қазақстан тарихының арғы жазба деректерін қарастыру үшін, біз ежелгі дәуірдегі Грекия, Византия авторларының, ежелгі Шығыстағы антикалық деректерді қарастырып, жинап, арнайы том-том қылып шығару қажет. Қазақ тарихына байланысты бір ауыз сөз болса да басқа дерек көздерінен алып, одан не табуға болатынын көру керек. Айталық, Гомердің поэмасын студенттік кезімізде оқыдық. Онда бір ғана Ахилестің қалқаны, қалқанындағы суреттің өзі кітаптың жартысын алады. Меніңше, Гомердің поэмасын әлі де зерттеу қажет. Өйткені, Гомердің өзі ақсақалды, соқыр жырау болған екен. Бір поэмасын 24 сағаттан асыра жырлайды екен. Міне, осы тұста біздің ата-бабаларымыз, қырғыздардың «Манас» жырын жырлауы еске түседі. Соны елестетем. Қарап отырсақ, осындай поэмалардан да тарихқа қажет деректер алуға болады екен. Сол сияқты, біз Гомердің поэмасы арқылы жылқының сүтін ашығып пайдаланатынын білдік. Сондықтан, бір сөздің өзінен бүтін бір халықтың дәстүрін, оның арғы салтын, тегінде сақталып келе жатқан дәстүрлерді аңғаруға болады. Зардыхан аға айтқандай, қазақ халқының жады мықты. Әрбір өзінің ата-бабасы жайында шежірелерді жаттап алып, оны жойылып кетпесін деп, ұрпағына айтқызып, өлең не жыр түрінде жаттатқызып, ұрпақтан-ұрпаққа дейін жеткізіп, бізге дейін алып келді. Осы жайында Шоқан Уәлиханов өте керемет еңбектер жазды. Сондықтан, біз бұларды ертегі, аңыз, жыр деп жай ғана ығыстырып қоймағанымыз жөн. Бұны әдебиетшілермен бірге, астарында не жатыр деп зерттеуіміз қажет. Зерттеген кезде, ежелгі дүние тарихында Гомердің жазғанын немесе Диодор Сицилийский еңбектеріндегі жер-су аттарын қарап, саралау керекпіз. Соның бәрін алып қарайтын болсақ, жазба тарихымыздың астарында әлі зерттелмей жатқан құпияларды аша аламыз. Бірақ, бұлардың барлығын, біз археологиялық деректермен қатар қойып, лингвистердің топонимикалық шығу-тектері мен қосыла зерттеп, ата-бабаларымыз қай жерлерде болғандығын біле аламыз. Өйткені, осыншама ауқымды территорияны алып қалудың өзі қарапайым нәрсе емес. Бұның ар-жағында біздің ата-бабаларымыздың жорықта жасаған еңбектері, ерліктері бар. Мысалға, сақтардың, скифтердің көптеген

қалаларының болғандығын да сол аңыз-әңгімелерден алуға болады. Осының бәрі қазір жинақталуда. Қазіргі кездегі біздің басты мақсатымыз – деректер жойылып кетпей тұрғанда, Қытайдағы, Моңғолиядағы, Ресейдегі, Пәкістандағы мәліметтерді жинап алуымыз қажет. Сол сияқты, ашаршылықты, қуғын-сүргінде көрген адамдар азайып бара жатыр. Міне, солардың көзі тірісінде тарихқа керек мәліметімізді алып қалуымыз қажет.



Саулебек Рүстемов: – Жаңа тарих ғылым ба деген сұрақ қойылды. Тарих ғылым ба, ғылым емес пе деген мәселе о бастан көтерілген, таласу тудырып жатқан мәселелердің бірі. Кейбір Батыс ғалымдарының

пайымдауынша, тарих ғылым емес, ол өнер екен. Яғни, сөзі өткір адамдардың кәсібі ретінде түсіндіреді. Сөйтіп, тарихты ғылымға жатқызбайды. Тағы бір екінші адамдар, тарих ғылым емес идеология деген пікірді ұстанады. Бұл көзқарасты мен бірден теріске шығарамын. Өйткені, тарих идеология болатын болса, ол ғылым болудан қалып, догма болады. Қазіргі ғалымдардың көрсетуі бойынша, тарих идеологияға тірек болуы тиіс. Үшінші пікір, тарихты ғылымға жатқызады. Ол расында да ғылым. Тарих ғылымы шексіз. Оның ақиқатына жетудің өзі өте қиын. Оның дәл ақиқатын, шынайы нүктесін көрсету мүмкін емес. Сондықтан да, ол үздіксіз даму процесіндегі ғылым. Бүгінгі ақиқатымыз ертең теріске шығып кетуі мүмкін. Бұл өзі ғылымның дамуының белгісі. Кейбір ғалымдар, жапондар өзінің тарихын түгелімен зерттеп алған деген пікірде. Ол ғылымнан хабары жоқ адамның сөзі. Себебі, жапондар да өзінің тарихын жөнді білмейді. Тіпті, олардың тарихы біздің мұрағатта жатқанын өздері жақында білді. Тарихты жазу барысында, өтірікті көбірек қосып, ұлттың ерлігін ғана, яғни, қорқақтық сияқты осал тұстарын көрсетпей жырлайық деген пікірлер бар. Сонда, «Біз ұрпағымызды патриотизмге тәрбиелейміз деп мақтанамыз» деген де пікірлер бар. Бұл қателік. Егер, біз, осал тұстарын білмейтін болсақ, қателіктерді ескермейтін болсақ, онда тарихтан қандай тағылым аламыз?! Тарихтан бірінші кезекте, тағылым алу маңызды екенін ұмытпаған жөн. Қазіргі кезде, методологиядағы жаңа бір

ағым «Тарихтағы жіберілген қателік өзінің зардабын бірнеше ұрпақтан кейін береді» деген пікірлер ұстанады. Сондықтан, тарихты барынша шынайы жазуға тырысу қажет. Біреуді асыра дәріптегеннен ұлт тағылым алмайды. Тағы бір ғалымдар, қазір тарихтан сабақ, тағылым алып жатқандар жоқ деген ойда. Себебі, «Олар тағылым алса, адамзат бұлай тұрмай, алдыға дамып кетер еді» деген пікірде. Жаңа Әуезхан мырза айтып кеткендей, біздің тарих о бастан ауызша тарих болып дамыды. Қадырғали Қосымұлы мен Мұхаммед Хайдар Дулати да қазақтың тарихшысы деп жатырмыз. Ал, енді, Қадырғали Қосымұлының кітабының алғашқы бетін ашып қарасак, «Мен бұл кітабымды Борис Годуновқа арнаймын» деп жазылып тұрады. Сонда, бұл кімнің тарихшысы? Неге Қадырғали Қосымұлы Мәскеуде тұрды? Неге кітабын сонда шығарды? Себебі, орыстар тарихқа ерекше көңіл бөлді. Орыстар бізді жаулаудан бұрын, алдына біздің тарихымызды, этнографиямызды, мәдениетімізді, дәстүріміздің бәрін зерттеп алуды міндет етіп қойды. Бұл тек қана Қадырғали Қосымұлы емес, қасында атақты Өтеміс қажы да бар. Бұдан басқа Кавказдан, Сібірден, Орталық Азиядан шыққан мұсылмандардың бәрін бір жерге жинастырып, тарих зерттелді. Сосын барып, олар жорыққа шықты. Патша үкіметі шығыстанушыларды Ташкентке, Орталық Азияға ертіп келгенде, ең алдымен оларға бұл аймақтардың тарихын зерттеуді тапсырады. Және оны зерттегенде, сол аймақтардағы халықтарды өркендету мақсат емес, соларды қандай жолмен тезірек жаулап алуға болатынын мақсат қылады. Яғни, халықтың салтын, тарихын білмесең, ол халықты қалай жаулауға болатынынан да хабардар болмайсың. Бұл тарихты идеология ретінде қолданудың бір мысалы. Сондықтан, олар Патша үкіметінің айтқанынан шығуға тырысты. Сондықтан, ондай тарихшыларды үкімет жоғары дәрежеге жеткізді. Сондағы тарихшылар Орта Азиядағы кез келген тілді жетік меңгерді. Қазіргі кезде орысша білетін, бірақ қазақша білмей, қазақ тарихын жазып жүрген тарихшылар бар. Ал, сол замандағы орыстың тарихшылары ондай емес. Қазақтың тілін, жазуын қазақтан да жақсы білетін. Мысалы, Аристовтың шежірелерін алып қарасак, қазақтардың өздері бас шайқайды. Ол Диханбай деген бимен таза қазақша әңгімелесе отырып, бүкіл шежірені жазып алған тарихшылардың бірі. Сол кісілердің еңбектерінің жемісін біз енді көріп жатырмыз. Қазір біз сол зерттеушілердің

зиянды тұстарын ығыстырып, пайдалы жерлерін алып жатырмыз. Тарихшы осындай үлкен дайындықпен келу керек. Бізде қазір тарихшыларды 4-5 жыл дайындайды. Олар жаттанды түрде оқып келеді. Не тіл білмейді, не шет тілдің жазуын білмейтін шала тарихшы болып шығады. Тарихшыны жай ғана 4 жылда оқытып шығарып жіберу міндет емес. Меніңше, ғалым дайындау үшін ұзақ күш салу керек. Қазақтар тек орыс халқының жазған тарихына қарап қалмады. Орта Азия халықтары ішінде қазақ тарихын зерттеген ғалымдардың бір Маржани болды. Ол қазір біздің тарихшыларымыз арасында да көп айтылмайды. Өткен ғасырда Әл-Машани алғаш рет осы Маржаниға көңіл бөлді. «Абай және Әл-Фараби» деген кітабында Маржаниға жоғары баға береді. Себебі, Маржани Әл-Фарабидің Отырардан шыққанын алғаш дәлелдеген кісі еді. Кейін, соның еңбегі негізінде қазақтар Әл-Фарабиге бет бұра бастады. Маржанидың «Мұстафат аль-ахбарби ахуалли қазанулар» деген кітабы бар. Қазан мен Бұлғардағы халықтардың ахуалы туралы кітап. Бұл кітап солай аталғанымен, бүкіл Орта Азияның тарихын қамтиды. Ежелгі дүниеден XIX ғасырдың соңына дейінгі тарихты сөз етеді. Ораз Мұхаммед хан болды деп мақтанып жүрген Қасым хандығы туралы да айтылады. «Қағындықта ханды біреу сайламайды», – дейді. Бұнда Борис Годунов ханды сайлап отыр ғой. Ғалым «Бұл хандық емес, сатқындардың қашып баратын мекен-жайы», – дейді. Себебі, Патша үкіметі Қасым хандығын әдейі құрған деген баға береді. Бұл келешекте Орта Азияны басып алу үшін тек қана оппозиционерлерді жинап алған делінген. Кейін осы кісі, Сарайшықты да талқандағанда да Кирбан хандығының күшімен талқандағанын дәлелдейді. Яғни, халықты өздеріне өздерін салды. Ал, орыстың әскерлері артынан келеді. Міне, о кісіде осындай жаңалықтары көп. Кейін Маржанидың шәкірті Заки Валиди туады. Ол 1912 жылы түркі халықтарында тарихқа байланысты ешқандай оқулықтың жоқ екендігін көреді. Сөйтіп, тарихты жазуға кіріседі. 1912 жылы «Түрік-татар тарихы» деген татар тілінде кітапты жазып шығады. Оны бірінші Орынборда, кейін Қазанда, Уфада бастырады. Ол үлкен сұранысқа ие болды. Бүкіл мектепте тарих оқулығының рөлін атқарды. Бұны Ахмет Байтұрсынов та, Әлихан Бөкейханов та көріп, Заки Валидиді қазақтардың тарихын жазуды сұрайды.

Тарихтың құдіреттілігі жайлы маған ең ұнайтын арабтың тарихшысы Әл-

Маркизидің айтқаны бар: «Әрбір өзін саналымын деп санаған азамат тарихқа бет бұрады және оған бас ұрады». Орта ғасырдың өзінде арабтар осыны аңғарып кеткен. Кез келген жаулаушы ел жауланушы елдің тарихын алдын ала зерттейді. Мысалы, Батыс елдерінде қауырт соғыс (холодная война) болды. Айталық, Англияда, Америкада Орталық Азияны зерттеу орталықтары болды. Бұл орталықтар біздің тарихымызды тереңнен зерттеді. Оған үлкен қаржы бөлінді. Кеңес Одағының ғалымдары да 1950-1970 жылдары стратодологиялық зерттеулер жүргізді. Кеңестік дәуірде шет тілдерін жетік меңгерген ғалымдар болған. Бұл стратодология біздің де тарих ғылымының дамуына әсерін тигізді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін де, стратодология өз жұмысын тоқтатты делінеді. Сөйтіп, қоғамдық ғылымдар біртіндеп құлдырай бастады. Қарсыластың болмауына байланысты да, ғылымдар әлсірей бастады.

Зардыхан Қинаятұлы: – Тарих тәуелсіз болуы керек. Бірақ, идеология негіз болу қажет. Тарих мемлекеттік, ұлттық идеология жасауға да негіз бола алады. Карамзиннің 12-томдық кітабы шығып, ол ханға рапорт жазады. А.С. Пушкиннің «Карамзинді оқу арқылы Россияны таптым» дегені бар. Яғни, онда үлкен идеология мен күш жатыр. Енді, қазақтың тарихына келетін болсақ, Қадырғали Жалайыр орыста тұрып жазғандықтан да, оған теріс көзбен қарау мүмкін емес. Неге десеніздер, Қадырғали Жалайырды өте терең оқыған, зерттеген, шағатай тілінен орыс тіліне аударған Шоқан Уәлиханов. Ол кітапты Березин оқып шығады да, Шоқанға хат жазады. Шоқан Березинге қайта жазған хатында: «Қазақ шежіресін, қазақ тарихын беру жағынан Қадырғали Жалайырдың шежіресі нақтылығымен ерекшеленеді», – дейді. Қадырғали Жалайырдың кітабын Борис Годуновқа арнағаны рас. Өйткені, ол оны қаржыландырды, қолдады. Қазақ тарихының атасы кім дегенде, біз Қадырғали Жалайыр мен Шоқан Уәлихановты атау керекпіз. Левшин біздің тарихтың атасы емес. Шоқан Уәлихановтың жазғанын біздің тарихшылар теріс түсінген. Шоқан қалжындап «Геродотым-ай» деп қалжындап айтқан. Өйткені, ол қазақтарды тәжіктермен салыстырып жазған. Ал енді, Ораз Мұхаммедтің Маржанидің жазғаны туралы бар. Ораз Мұхаммед қашып бармады. Оны әдейі аманат ретінде Оренбургтің губернаторы ұстап әкетті. Ол хан тағына мұрагер еді. Ораз Мұхаммед ордада

сұлтан ретінде ұсталып, білім алды, әскери өнерге үйренді, соғысқа қатысты. Сөйтіп, Қасым хандығының халқының көпшілігі мұсылман болғандықтан, Ораз Мұхаммедті 7 күн тойлап хан тағына отырғызады. Қадырғали Жалайыр жанындағы адамдарға шежірені жаздырған. Бүгінгі күні ол шежіре Эрмитаж музейінде күміске жазылған түрінде сақтаулы. Ораз Мұхаммед хан тұрғысынан қарау керек. Меніңше, Қадырғали Жалайырдың Қасым хандығына хан болды, орыста тұрып жазды деуге болмайды. Сәулебектің айтып отырғаны дұрыс. Маржанидің еңбегін көпшілік оқи бермейді. Маржани хандардың шежіресі туралы жазған үлкен ғалым. Оның еңбектерін зерттеп, аудару қажет. Тағы бір айта кететін мәселе, жалған тарихқа байланысты. Алдында бір газеттен қазақта 2000 батыр болды дегенді оқыдым. Егер солай болса, Жоңғар мен орыстар неге бізді басынды?! Негізінен қазақтың тарихын санап көргенде, 45-46 батырдың аты аталады. Одан артық батырды табу мүмкін емес. Қазақ тарихын жазғанда рушылдық пен трайбализмді қойған жөн. Тарихтың өңін айналдыруды қою керек. Тарихты өзіне жақындатып, не біреуді өзінен алыстатып, біреуді қаралап, не ақтап жазу деген тарихи этикаға қарсы нәрсе. Кім қалай жазса да, ол тек қана дерек көзі. Егер дерексіз, дерекке сүйенбей кеткен болса, ол тарих емес.

– Қазір егемендік алғаннан бері, қазақ тарихы қалай жазылып жатыр? Мемлекет тарапынан, өздеріңіздің институт тарапынан қандай жұмыстар жасалуда? Бұны сұрап отырғанымыз, бізге синтезделмеген, қорытылмаған аңызға сүйенген тарих керек пе?

Зардыхан Қинаятұлы: – Қазақта тарих жоқ, тарих жазылмайды деген пікірлер көп. Егемендік алғаннан кейінгі, ең алдымен ұтқан қазақ халқы. Бізде ғылымда бағымыз жанбаса да, тарих ғылымында бағымыз жанды. Көптеген тарихи деректер егемендікке дейін идеологияның бұғауында қалды. Ал, қазір тарихтың бұлағының көзі ашылды. Қаншама батырлардың өмірбаяндары жазылып, ескерткіштер тұрғызылды. Бұрынғыдай емес, қазір хандардың да өмірбаяндары да жазылып жатыр. Қазір осылардың бәріне шек келтіріп жатқан ешкім жоқ. Ұлттық тарихтың жазылмаған көптеген тұстарының бетін ашуға көп мүмкіндік туды. Мысалы, соның бірі «Мәдени мұра» бағдарламасы. 8 жыл ішінде қазақтың талай дерек көздерін

бұлағы ашылды. Мысалы, парсы деректерінің 5 томдығы шықты. Моңғол деректерінің қазаққа қатысты 3 томдығы шықты. «Тарихи ой» деген кітаптың 10 томдығы шықты. Қазақ жырлары 100 томдыққа сыймай жатыр. Түркі халықтардың тарихы қытай тілінде көбірек жазылған. Моңғол, парсы деректерінен де көп мәлімет алдық. Қазір барлық мүмкіндік ашылды. Батыстан - көшпен бірге көптеген ғалымдар келді. Оралман ғалымдарымыз мүмкіндігінше, қазақ тарихы туралы бар мәліметтерін алып келді. Мысалға, Якин Бичурин Қытайда 7 жыл тұрып 1924 жылы Моңғолия арқылы қайтқанда Қытайдағы орыстың деректеріне, Шығыстың деректерімен қоса 8 арба кітап артып қайтқан екен. Сол сияқты, 8 арба болмаса да, қазір елге оралып келген адамдардың 1 арбадай артып келген кітабы бар. Парсыдан келген Ислам Жеменей, Қытайдан келген Тұрсынхан Зәкенұлы, Нәбижан Мұхаметханұлы деген тарихшылар бар. Бұлар елімізге керекті мағлұматтар алып келді. Сонымен қатар, бұлар шет тілдерін жетік меңгерген ғалымдар. **Осылардың бәрін пайдалана отырып, біздің ғылыми институтта «Ғылыми қазына» деген кешенді жоба бойынша 20 томдық тарихты бастап жазып жатырмыз. Міне, сол кітаптарға көптеген ескертулер де түсіп жатыр. Біріншіден,** өткенге қарақүйе жақтау керек. Бірақ, сол өткеннің тәжірибесіне қарап отырып, бұл мәселені жаңаша жазу керек. Бұған жаңаша концепция керек. Оның өзегі қазақ халқының этнотарихы болды. Бұл халық қалай шықты, қалай өсіп жетілді деген этно-тарих бірінші орында тұру керек. **Екіншіден,** қазақ мәдениеті мәселесі. **Үшіншіден,** қазақ мемлекеттілігінің тарихының мәселесі. Бізде қазақтарда 1991 жылға дейін мемлекет болмаған деген сөздер шықты. Сондықтан, біз қазақтың тарихының алтын қайнарынан гүл өсіп шықты. Үзілмеген мәдени, этникалық, территориялық жалғастықты қалай сақтап қалды дегенге үлкен мән беру керекпіз. Тағы ескеретін жәйт, қазақ тарихын тек қана қазақ тарихы қазанының астында жазбау керек. Қазақтың дипломатиялық тарихын, антропологиялық тарихын халықаралық тарихтың фондына жазу керек. Әйтпесе, бір арал сияқты болып қаламыз. Сондықтан, қазір 10 том 20 кітап болып шығады. Сол 20 кітапты 2015 жылға дейін жазып бітіру керекпіз. Бұл тарихты тек мамандар жазу керек. Кейде бұған тарих институтының күші жетпейді. Сондықтан, бұған ел көлеміндегі, Ресейдегі, Түркияның белгілі тарихшыларын қамтып, халықаралық ұжым қалыптастырдық. **Мысалы, бізде бұрынғы тарихтың дәуірлеу**

кезеңін алып қарасаңыз, түркі дәуірі өте артта қалып келген. Орыстар түркі дәуірін алға шығаруды көксемеген. VI ғасырдың аяғына дейін түріктер қазақ даласына аяқ баспаған деген қорытынды жазылды. Сондықтан, түркі дәуірінің тарихын жазу қиындау.

Айжамал Құдайбергенова: – Біріншіден, егемендік алуымыз тарихымызды кеңінен жазуға мүмкіндік ашты. Тарихтың шынайылығына, объективтілігіне жол ашылды. Тарихтың оқытылу мәселесіне келсек, Покровскийдің оқулығы айтылып кетті. Оған дейін де оқулықтар болды. Қазақ тілінде араб графикасы дамыды дейміз. Алайда, татар мен араб тарихын бірігіп оқытқан білімдер болды. Оқулыққа жатпайтын оқулықтар болды. Мысалға, 1929 жылға дейін араб графикасы келді. Сонда Патша үкіметінде қазақ жазуын кирилл графикасына ауыстыратын мүмкіндігі болды. Бірақ, сондағы үкімет қазақ жеріндегі сауаттылардың қатары көбейгенін қаламады. Міне, сол себепті, татар тіліндегі, діни бағыттағы кітаптар дамыды. Қалай дегенмен де, оларда қазақ тарихына қатысты мәліметтер болды. **Қазақ жерінде XIV ғасырға дейін тарих жеке пән болып оқытылмады делінеді. Бірақ, діни пәндермен біріге оқытылды. Осының барлығы, осы тәуелсіздік жылдарындағы зерттеу нәтижесінде аңғарылды. Одан бөлек, 1897 жылы бүкіл ресейлік санақ болды. онда Қазақстандық сауаттылық 2 % деп есептелінді. Алайда, тәуелсіздік жылдарында бұл көрсеткіш 7-8% екені көрінді. Бұл қазақтардың ішіндегі араб, татар тілдерін меңгергендерді зерттеу арқылы шыққан статистика. Бұл бір хат тануға ғана байланысты мәлімет. XX ғасырда Ресей ревизия жүргізді. Бұл жерде салық алу үшін, адамның саны, ондағы шаруашылық саны түтінмен есептелді. Міне, осындай статистикалық мәліметтер арқылы қазақтың шаруашылығы да көрініп қалады. Ресей дерек көздері де өз кезегінде ұлтымыздың әлуесі, көші-қон мәселесі төңірегінде де бірқатар мәлімет береді. 1998 жылы мемлекеттік көлемдегі экспедиция болды. Сондағы мәлімет бүкіл Қазақстан бойынша этно-мәдени мұраларды жинақтау еді. 1929-1930 жылдары болған ашаршылық жайлы, бұрын-сонды айтылмаған ақтандақтар мәселесі қолға алынып, жазылуда. Сол экспедицияда қажетті көп мәлімет жинадық.**

– Соңғы кездері кейбір тарихшылар, «өзіміз тәуелсіздік алғаннан сон, енді, Қазақстан тарихы емес, қазақ тарихы аталатын тарих жазуымыз керек», дегендей пікір айтады. Ол Отан тарихы,

не Қазақстан тарихы, әлде қазақ тарихы деп аталуы керек пе? Тағы бір естуімізше, «Қазақстанның бір беделді жоғары оқу орны қазақ тарихын жазу үшін, Американың беделді университетімен келісімшарт жасасып отыр», – дейді. Мұнда қаншалықты шындық бар?

Зардыхан Қинаятұлы: – Біз, осы 20 томдықты жазу барысында екі рет ғылыми конференция өткіздік. Сонда бұл тарихты қалай атау керекпіз деген мәселе қозғалды. Біреу Отан тарихы, біреу Қазақстан тарихы, біреу қазақ тарихы деп жатты. Бұнда біз Қазақстан деген сөзге тоқталып, тарихымызды солай атап жүрміз. Неге десеніздер, «стан» деген парсы тілінде Отан, Ел деген мағынаны білдіреді. Яғни, қазақ елінің не қазақ отанының тарихы деген сөз. Екіншіден, біздің Конституциямызда Қазақстан Республикасы деп жазылған. Содан да алып отырмыз. Қазақ тарихы деп жазайық десек, заң бойынша халықтың, елдің құрамы бөлек. Елбасымыз биылғы Жолдауында айтып кеткендей, қазақтың саны көбейсе, мемлекет атауы қазақ деп аталуы мүмкін екен.

Ал, шетелден маман шақыру мәселесіне келгенде, Татарстанды тілге тиек етуге болады. Олар өздерінің тарихының 6 томдығын жазды. Олар сонда, ғалымдарды Америкадан да, Монғолиядан да, бізден де шақырды. Міне, сол сияқты. Алаш заманының тарихын зерттеуге біз Ресейден Аманжолованы шақырсақ, түркі дәуірін зерттеуге Түркия профессорларын шақырамыз. Қазір өзімізде түркіліктің алғашқы дәуірін жаза қоятын маманданған тарихшы жоқ. Сондықтан, осылай мамандар шақырылып жатыр.

Айжамал Құдайбергенова: – Біз тілге тиек етіп отырған 20 томдықтың 17 кітап, 9-томында шетелдегі қазақ қауымы, олардың елге оралу тарихына тоқталамыз. Міне, осында, шетелдегі қазақтардың жағдайын, мәдениетін қарастырады деген кісілер көп. Солардың бірі – Әбдуқап Қара. Сол себепті, бізге шетелден келіп тартылып жатқан тарихшылар қалай дегенмен де, біліктілігі жоғары мамандар.

Сәулебек Рүстемов: – Сөз етіліп отырған 20 томдық кітабымыздың шығуы үлкен тарихи оқиға. Бұл басқа кітаптарға да үлгі бола алады деген үміттеміз. Себебі, тарих бізде мектепте де, жоғары оқу орындарында да оқытылады. Міне, соларға көңілі толып жатқан адамдарды көрген жоқпыз. Тіпті, 6-сынып оқушысының кітабын алып қарасақ, ата-ананың да, оқушының да көңілі қалады. Себебі, біріншіден, тілінің ауырлығы, балаға

түсініксіздігі, көркем суреттің болмауы, фактілердің қарама-қайшы келуі сияқты факторлар. Айталық, әдебиеттегі фактілер мен тарихтағы фактілер бір-біріне қарама-қайшы келеді. Бұл мәселеге көз жұма қарамау керек. Өзімнің де балаларым мектепте оқиды. Оқулықтардың безендірілуіне көңілім толмайды. Өте бір арзанқолды қағаздарға суреттерді бастырып шығара салу мен үшін, қазақ тарихын мазақ қылумен бірдей секілді. Кеңестік дәуірде мен оқыған Орта ғасырлар тарихы жадымда. Ашып қалсақ артында суреті де тұратын. Қазір тарих оқулығын ашқан бала қазақ тарихын біліп бола ма?! **Көркемдік безендірілуі өте осал, артта қалған.** Оқулық жазуда тендер мәселесі бар. Ғалымдар ғылымды дамытуда. **Оқулықтардың сапасы жайлы айтсақ, 8-сынып оқулығында Қоқан хандығы туралы сөз етіледі. Онда Қоқан хандығы қанішер халық ретінде, қазақтарды езген, жаншыған деп көрсетіледі. Ал, шындығына келгенде, қоқан деген халық жоқ. Бұл мемлекеттің атауы. Бұл хандықтың басында өзіміздің қыпшақ тұрды. Біздің Қоқаннан шыққан қазақтың атақты билері бар. Тіпті, дулат, қоңырат, қыпшақ руының жартысы содан шыққан. Яғни, біз өзімізбен өзіміз күрестік деп дұрыс мәлімет бермейміз.** Бұл мәселелер оқушыларды жаңылыстырады. Тағы бір мәселе, Тевкелев бір кітаптарында башқұрт, оқулықта татар, тағы бір кітапта ноғай делінеді. Шын мәнінде Тевкелев Ораз Мұхаммедтің шөбересі. Челябинск қаласында оған ескерткіш орнатылған. Онда «Тевкелев еш қарусыз Орталық Азияны, Сібірді алып берген. Ондай саясаткер Ресейде болмаған...» делінген. Негізінде оның кім екені дұрыс жазылу қажет еді. Міне, оқулықтарға осының бәрін кіргізу керек. Оқулықты тек қана ғалым жазу керек деген ұғым жоқ. Бастысы, оның тілі шебер болуы қажет.

Әуезхан Шашаев: – Біздің көп томдықтарымыздың да басты мақсаты – шатасқан тарихты ретке келтіру. Қазір балама тарих деген ұғым пайда болғалы, нақты тарихымыздан алшақтағандар көп. Міне, сол үшін 10 томдықтың ішінде нақты мәліметті сөз етуге тырысудамыз. Тәлім-тәрбие мәселесіне келгенде, көптеген кереғар пікірлер бар. Қазақ тарихын қазақтан басқа кім жаза алады?! Қазақ тарихы қазақтан басқа кімге керек?! Сырттан әкеліп жаздырсақ, бір жағынан, ол субъективті пікір болады. Қанында қазақтың тарихы қайнап жатпаса, ол қалай, қандай тарихты бермекші?!

Екінші мәселе, бүкіл техникалық жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихынан емтиханды алып тастайық деген пікірлер айтылып жатыр. Бұл – өзінің тарихын білмейтін, халқын сүймейтін адамдардың айтқаны. К.Маркс «Я знаю только одну науку, науку историю» деп айтқандай, тарихтан басқа ғылым жоқ. Кез келген ғылымның артында тарих тұр. Бірінші кезекте, тарихтың тәлімгерлік міндетінің жоғары екендігін түсіндіруіміз қажет. Нақты деректермен оқиғаларды баяндай отырып, келешек ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу керекпіз. Ресейде Лапухиннің өзі «Біз елдегі бүкіл билікті полицияға беріп қою арқылы, халқымызбен күресіп кеттік. Міне, сол күресуден халық көтеріліп, мемлекетті жойды», – дейді. Міне, сол сияқты бізге бұндай келмесін. Біз үйренейік. Сондықтан, тарихты барлығымыз, барлық жоғары оқу орындары оқуға міндетті болу қажет.



Әбдрашит Бәкірұлы:

– Бүгін осылай шынайы тарихшылармен әңгімелескеніміз бір үлкен ғанибет. Жақында қолыма бір кітап түсті. Ол 50-жылдары жазылған Бекмаханов бастаған ғылыми топтың кітабы. Атауы «Қазақ елінің тарихы». «Жаңа қазіргі тарих қалай аталады?» деп сұрақ қойылғанда, сол есіме оралды. Тіпті, сол кеңестік дәуірдің өзінде біздің тарихшылар кітабын «Қазақ елінің тарихы» деп атаған. Бүгінде тарих институты өздері шығарып жатқан кітапты Конституция бойынша еліміз Қазақстан деп аталғандықтан «Қазақстан тарихы» деп атаймыз дейді. Шын мәнінде, методологиялық тұрғыдан бұл дұрыс па?! Менің ойымша, дұрыс емес. Өйткені, Қазақстан тарихы «Қазақстан» аты тарихи кезеңге келген заматтан басталатын тарих. Ал, оның алдындағы аты «қазақ елінің тарихы», ал, оған дейінгісі «түп қазақ тарихы» деп аталғаны жөн. Ол туралы қазақтың көрнекті философы Мұхамедияр Орынбековтың «Предистория философии протоказахов» деген кітабы бар. Онда ол кісі Әлкей Марғұланнның деректерін мол пайдаланады. Сол кітапты оқығанда, уақыт тұрғысынан алғанда әр нәрсеге өзіндік классификация беру керектігін түсіндім. Сонда, түп қазақтар тарихын тарих қазақ тарихына ұласады, ал, қазақ тарихы келіп Қазақстан тарихына ұласады. Яғни, бұл жерде тарихи логика

сакталып тұр. Ал, Қазақстан тарихы деп алсаңыздар, сіздер, меніңше, логикаға бағынбайсыздар. Керісінше, тарих логикасы сіздердің субъективті түрде алған аттарыңызға бағынышты болайын деп тұр. Яғни, мұндай жағдайда «Қазақстан тарихы» деген ұғым «Қазақ елінің тарихы» деген өзінің төл функциясын толық атқара алмайды. Айталық, біз қазір дамыған 50 елдің қатарына қосылуды мақсат тұтамыз. Оған қалай қосыламыз?! Ұлы ел болғысы келетін елдің де Ұлы тарихы болуы керек. Әрбір халық өзінің тарихи даму барысында неше түрлі тарихи ахуалға тап болады. Бірінші, ауызекі тарих кезеңі. Ол өтті. Одан кейін таспа тарих баталды. Таспа тарих кезінде объективті, яғни айқын тарихты жазу жеңілдеу, әрине – дерек көздері мол жиналған. Ендеше кез келген ғылыми ортаға сол айқын, объективті тарихты жазып шығуға мүмкіндік мол. Ал, бірақ, тарих тереңдеген сайын ғалым дерекке емес, ғылым логикасына сүйенеді. Бұл ғалымның ойлау қабілетіне және танымдық деңгейіне тікелей тәуелді. Міне, бұл тұста мықты тарихшы болумен қатар, зерттеуші бір мезгілде философия, этнография, психология және сол сияқты тарихқа шынайы үңілуге жол ашатын барлық ілімді өзінің бойына жинақтаған ойшылға айналуы тиіс. Мен мұны философ ретінде ғана айтып отырған жоқпын, бірақ, философиялық принциптерді толық меңгермей, тарихи логикаға сүйенбей – ешқандай да объективті тарихты жасай алмайсыз. Бұл – шындық.

Зардыхан Қинаятұлы: – Әбдрашиттің де айтып отырғаны теріс емес. Бірақ, бізге бекітіп берген «Қазына» атты жоба бойынша ол солай қабылданған. Негізінде, бұл жөнінде айтылып жатқан сын да көп. 10 томдық тарихты жазу оңай емес. Мысалы, отаршылдық дегенді жазу қиын. Ресей өз тарихын ешкімді отарламадық деп жазып қойды. Біз болсақ, отар деп жазамыз. Көшпенділерде бос жер деген болған жоқ. Иен жатыр деген жердің өзі біреудің жайлауы, не күздеу мен қыстауы. Ал, орыстар болса, бос жерге апарып, орнықтырып, егін салдырдық дейді. Оның бәрін біз отаршылдық деп қарау керекпіз. **Екінші мәселе, репрессия. Бұл бізде болды ма?! Ресейде ол болған жоқ деп жазылды.** Сол себепті, бұл өте үлкен жауапкершілікті қажет етеді. 5 томдықты екі рет жазған тәжірибеміз бар болған соң, бәрін жіті қадағалап отырмыз. Қазіргі жағдайды қорытындылап, келер ұрпаққа жазып қойсақ артық болмас.



Тарих ғылымдарының докторы, профессор
Нәбижан МҰХАМЕДХАНҰЛЫ:

– Жазушы ғалым Тұрсын Жұртбай «Талқы» атты еңбегінде: «Ақыл мен ойдың, ғылымның кемеліне келген қазіргі замандағы кез-келген мемлекеттің тарихы – сол елдің мүддесін көздейтін, өткен оқиғасының өзін бүгінгінің көзқарасына бейімдеп, тігісін жатқызып жазылған тарих» – дейді. Сіздің ойыңызша, Қазақтың тарихы тәуелсіздік тұрғысынан зерделеніп, ұлттық мүддеге сәйкес жазылып жатыр ма?

– Елімізде қазақ халқының, Қазақстан тарихын зерттеу ел тәуелсіздігінен бері жаңа кезеңге қадам басты деуге болады. Себебі, біз 1991 жылы тәуелсіздік дәуіріне өттік, бұл ұлттық тарихымыздың дәуір айыратын датасы. Қарап отырсаңыз, содан бері мемлекеттік құрылымнан тартып, қоғамдық саяси, экономикалық және мәдениет жүйесі түбегейлі өзгерді, тіпті, адамдардың тіршілік формасы мен өмір сүру тәсілі де, тұрмыс талғамы да өзгерді. Сонымен қатар, отандық тарих ғылымының көкжиегі де барынша кеңейді. Тарихты жаңа көзқараста, ұлттық тәуелсіз мемлекет мүддесі тұрғысынан жазу процесі басталды. Тарих зерттеудің көптеген жаңа саласы қалыптасты. Мысалға алып айтар болсақ, Ұлт-азаттық қозғалыс тарихы, Алаштану және Алаш қозғалысы тарихы, Қазақ мемлекеттілігінің тарихы, Қазақ ұлтының тарихы, Қазақ хандығының тарихы, Қазақ хандығының дипломатиялық қатынастар тарихы, түркология, диаспорология, тұлғатану, деректану, өлкетану, қытайтану, елтану сияқты тарих ғылымының салаларында тың ізденістер мен қомақты ғылыми нәтижелер жарыққа шықты. Ал, отандық тарих ғылымының дәрттірі өзегі болған Қазақстан тарихы, археологиясы мен этнографиясы саласында да ауыз толтырып айтарлық ғылыми жетістіктер мен табыс-

«БҰЛ – МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ КӨҢІЛ БӨЛЕТІН ҚҰБЫЛЫС»

тар баршылық. Бір ауыз сөзбен айтқанда, тәуелсіздіктен бері отандық тарих ғылымы айтарлықтай дамып келеді.

– Джавахарлал Неру: «Менің елімнің тарихы ағылшындардың көзімен жазылды», – деп күйінген екен. Өткен ғасырда қазақтың тарихы да отарлаушы империялардың көзқарасымен жазылды. Патшалы Ресей тұсында да, КСРО кезінде де қазақ тарихы бұрмаланды. Осы орайда, ақын Қадыр Мырза-Әлінің «Біздің тарих – бұл да бір қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы» деген өлеңі ойға оралады. Ал, бүгінгі таңда төл тарихымыз кеңестік саяси идеологиясының сіңірген көзқарасынан түгелдей тазартылды деп айтуға бола ма?

– Жалпы алып айтқанда, тарих бірнеше жағдайда жазылады. Біріншіден, тарихты дамыған өркениетті елдер көп жазады. Оның да саяси мақсаты мен мәні бар, дегенмен, олар өздерінің басқалардан озық өркениетті екенін, білікті-білгір ел екендігін көрсету үшін, өзінің ғана емес, өзгенің, аймақтық, тіпті, әлем тарихын жазады; екіншіден, тарихты дамып күшейген державалар жазады. Олардың мақсаты – өз ұлтының рухын көтеру, өзге елді жаулау немесе отарлау. Бұның тарихтағы көрінісі деп – еуропacentризм мен шығыстану ғылымының қалыптасуын айтсақ та жеткілікті. Ондай мемлекеттер өздері отарлаған елдерінің тарихын жазуға көп көңіл бөледі, жазғанда да отарлық мүддесіне үйлестіріп жазады. Өздерін отарлаушы емес, оларды жарылқаушы, олардың көсегесін көгертуші, олардың бакжұлдызы ретінде көрсетіп, өздерінің тарихи көзқарасын отарланушы халықтардың санасына терең сіңіреді. Өткен ғасырдың ортасына дейінгі Үндістан тарихы осындай жағдайда жазылған тарих болғандықтан, Джавахарлал Нерудің кейітін жөні бар. Үшіншіден, тарихты, әсіресе ұлттық тарихты тәуелсіздік алған ұлттар өз елінің ұлттық және мемлекеттік тарихын жазады, бірінші кезекте бұрмаланған тарихын түзетуді қолға алады, одан соң тарихи

шынайлық пен ғылымилық негізінде ұлттық, мемлекеттік мүддені басты орынға қоя отырып жазады. Міне, біздің елде жазылып жатқан тарих осындай тарих немесе осындай тарих жазуға құлшыныс процесі жүріп жатыр деуге болды. Бірақ, кеңестік кезеңдегі қазақ тарихы, Қазақстан тарихы туралы қате ұғымдар мен кері көзқарастардың санаға сіңірілгені соншалық, кейбір тарихшылар осы күнге дейін ұлттық нигилизмнің шырмауынан шыға алмай жүр. Олар осынау кең-байтақ аумақта қазақ халқының этногенезі қалыптасып, ұзақ тарихи даму процесінде ұлт болып ұйысқанына, Қазақ хандығының осы кеңістікте құрылған, дәурен сүрген мемлекеттілік құрылымдар мен империялардың тарихи өзгерістерінің заңды нәтижесі екендігіне күманмен қарайды, тіпті сенгісі келмейді. Бірақ, олар осынау кең-байтақ аумақтың және онда жаратылған шұғылалы тарихи мәдениеттің иесі қалайша қазақ болып отырған бұлжымас шындықты түсіндіре алмайды. Осындайда, заңды сұрақ туады: «Осыншама кең аумақты және онда жарыққа шыққан бай мәдениетті басқа біреу қазаққа сыйға беріп, өздері жер бетінен ғайып боп кеткен бе?!» – деген. Міне, барып тұрған абсурд деген осы. Сондықтан, отандық тарих ғылымы саласында кеңестік идеологияның сарқыншақтары әлі сақталып отырғаны шындық. Одан толық арылуға әлі ұзақ уақыт қажет деп білемін.

– Қазір Қазақстан тарихын кімдер және қалай жазып жатыр?

– Біздің елде ресми тарихты жазатын үш ғылыми зерттеу институты бар. Олар: Ә.Марғұлан атындағы Археология институты; Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты және Мемлекет тарихы институты. Тәуелсіздіктен бері Қазақстан тарихы үшінші рет қайта жазылуда. Академик Манаш Қозыбаевтың жетекшілігімен «Қазақстан тарихының Очеригі» және сол кісінің жетекшілігімен басталып, ол кісіден кейінгі институт директорлары Мәмбет Қойгелдиев, Кемал Бұрханов, Саттар Мәжитовтер жалғастырып аяқтаған «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)» бес томдығы, және қазіргі Ханкелді Әбжановтың жетекшілігімен жазылып жатқан «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)» он томдық жиырма кітап. Ал, баспадан жарық көрген алдыңғы екі «Қазақстан тарихында» тәуелсіз мемлекет тұрғысынан тарихымызды қайта қарастырап, көптеген жаңа көзқарастар мен тың тұжырымдар қортындыланған болатын. Алайда, бүгінгі тағам бойынша

оларды қайта саралайтын болсақ, онда орын алған олқылықтар мен кемшіліктерді, тіпті қателіктерді байқаймыз. Оның ішінде баяғы кеңестік тарихи көзқарастардың да өзгерусіз еніп кеткені байқалады. Ал, қазір жазылып жатқан «Қазақстан тарихының» концепциясы мен жазу принцип қағидаттары мен қойылған талаптары бұрынғыдан әлдеқайда ілгері, әрі жоғары деуге болады. Ал, нақтылы нәтижесі қандай болады, оны кітап басылып шыққан соң айта жатармыз.

Қазіргі таңда Қазақстан тарихын тек отандық кәсіби тарихшылар ғана жазып жатқан жоқ, сонымен қатар, шет елдер де жазып жатыр, шет елдердің тапсырысымен өз азаматтарымыз да, әуесқой тарихшылар да жазып жатыр, ақын-жазушы, журналистер де тарихқа көптен көп қалам тартып жатқан жайы бар. Әрбір автордың тарих жазудағы өздерінің ұстанымдары мен көздеген мақсаттары, олардың еңбектерінен анық байқалады. Олардың көбінен мемлекеттік мүдде мен ұлттық идеологияны аңғармайсыз, керісінше, ұлттық мүддемізге, мемлекеттік тұтастығымызға, қоғамдық дамуымызға пайдасыз, тіпті зиянды уағыздарды аңғарасыз. Мұндай дүниелер халқымыздың ұлттық біртұтастық санасының нығаюына, ұлттық сапасының өсіп-жетілуіне өте зиянды. Бәлкім, біреулерге осы керек шығар, кім біледі.

– Қазақ тарихын жазатын тарихшыға қандай да бір талаптар, болмаса критерийлер керек пе? Төл тарихымызды жазатын адамның моральдық, азаматтық, тұлғалық өресі қандай болу керек?

– Қазақ тарихын, Қазақстан тарихын кәсіби тарихшылар, оның ішінде ғылымға шынайы берілген кәсіби дайындығы жоғары, ұлтқа, қоғамға, мемлекетке жауапкершілікпен қарай алатын, ғылыми этиканы қатаң сақтай алатын жоғары білікті маман ғалымдар жазуға тиісті. Өйткені, тарих ғылымы дербес бір ғылым екенін мойындайтын болсақ, онда оны зерттейтін қағидаттар, принциптер, категориялардың және зерттеуге қолданатын ғылыми әдіс тәсілдерінің бар екендігін ескеруіміз керек. Оны тек жоғары оқу орындарында арнаулы маманданғандар ғана жақсы игереді. Сондықтан, арнаулы тарих зерттеумен шұғылдануға тарих ғылымы бойынша ғылыми дәреже қорғаған, талантты, табанды, еңбекқор, патриот мамандарды сұрыптап ұйымдастыру керек. Өйткені, тарих ғылымы өте күрделі ауыр ғылым, оған еткен еңбегінді алған айлығың ақтамайды. Бірақ шынайы ғылыми тарихтың ұлттық, мемлекеттік

идеологияда, халықты тәрбиелеуде, қоғамды тануда, болашақты болжауда атқаратын қызметі өлшеусіз зор. Сондықтан осы тұрғыдан біздің ұлттық тарихымызды, мемлекеттік тарихымызды жазатын тарихшы мамандарға талап қойылуы керек және соған сәйкес оларға жақсы еңбекақы тағайындап, олардың алаңсыз ғылыммен шұғылдануына жағдай жасалуы керек деп ойлаймын. Шынын айтатын болсам, бізде тарих ғылымдарының кандидаты, докторы болып жүрген тарих мұғалімдері көп, бірақ, нағыз тарихшы ғалымдар аз. Ал, замана бізге жазылған тарихтан халық ғибарат алатын, тарихтың заңдылығын аңғаратын болуды, әлемдік тарихи процесс контекстінде ұлттық тарихымыздың қалай дамып бүгінге жеткенін түсіндіретін тарихи еңбек жазуды талап етіп отыр. **Егер, біз оны сезінбестен саналы-санасыз түрде рулық тарихты, жергілікті аймақтық тарихты, жетерсіз жеке тұлғаларды ұлт тарихынан жоғары қойып дәріптейтін болсақ, ондай еңбектің зияны өте ауыр болады, тіпті, жат елдің мазағына қалдырады.** Сондықтан, ұлттық тарихты жазатын қаламгерлерде үлкен жауапкершілікпен қатар, өзіндік – азаматтық намыс, ұлттық намыстың күшті болғаны қажет деп санаймын.

– **Тарихшылардың ауызбіршілігі қай деңгейде? Кейбір тарихи мәселелерге келгенде тарихшыларымыз «Аққу, шортан һәм шаянның» күйін кешіп отырған жоқ па? Мәселен, жана тарихты қай кезеңнен бастау керек немесе Шыңғыс ханның қай ұлт екені жөнінде ортақ тұжырымға келмейтін сияқты.**

– Ғылым болғандықтан әртүрлі пікір көзқарастық сақталуы, дискуссияның болып тұруы қалыпты жағдай. Ғылым онсыз дамымайды. Егер, пікірталастар тарихи шындыққа көз жеткізуді, тарихи ақиқатты анықтауды, ғылыми қорытынды жасауды мақсат тұтатын болса, онда айтысушы әртарап ортақ ғылыми қағидаға жүгінуі керек. Егер, қарсы тараптың тарихи дәлел-факті тың, жүргізген зерттеу әдістері ғылымилыққа жанасса, шығарған қорытынды тұжырымдары нанымды ғылыми болса, онда екінші жақ өз көзқарасын өзгертіп, оның көзқарасын қабылдауы керек, бұл ғылымда әбестік емес, қайта оның ғылыми адам екендігін көрсетеді. Ғалымдар қашанда ізденіс үстінде болуы керек, тарихи ақиқат шынайы анықталады екен, оны тұрақтандырған жөн. Белгілі бір мәселе жөнінде ғылыми тұжырым жасалған болса, оны қайта-қайта қаузап берудің қажеті жоқ. **Ал, елімізде Шыңғыс ханның ұлты туралы «жаңа» пікір**

көтергендер кәсіби тарихшылар емес. Бірақ, оған жауап қатқандар кәсіби тарихшы мамандар. Әуесқой зерттеушілер мен кәсіби зерттеушілердің арасындағы айырмашылықтар – сол заманды, қоғамдық тарихи болмысты түсінуден көрініп отыр. Орта ғасырлардағы этникалық топтарда, ру-тайпаларда ұқсастықтар өте көп болған, әсіресе көшпенділерде солай, Ұлттық ерекшеліктер жаңа-таяу заманда ғана айшықтала түскен. Шыңғыс ханды қазақ ұлтына жатқызатын көзқарас – отандық тарих ғылымындағы және бір тенденцияның көрінісі, ол тарихтағы ұлы тұлғалардың барлығы қазақтар дейтін амбиция. Бұл тенденцияның асқынғаны соншалық, этникалық қайнары жақын маңғол емес, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қытайдан шыққан Ли Байды да қазаққа теліп бақты. Бұл да құптағайтын құбылыс емес.

– Тарих ғылымында әртүрлі мектептердің қалыптасуы, олардың өзіндік концепциялары мен көзқарастарының болуы, ғылымда дискуссиялардың болып тұруы заңдылық. Бірақ, біздің елде ғылыми дискуссия мәдениеті әлі қалыптасқан жоқ. Өкінішке орай, пікір тастырушылар көбінесе ақиқатты ашу үшін емес, бір-бірін мұқалту үшін, тақырыптан шығып жеке бастарына шабуыл жасап, адами арына тіл тигізіп жатады, оның акырын «**ережесіз жекпе-жек**» деген сияқты, логикасыз «**қатын ұрысқа**» айналдырып жібереді. Тек тарихшылар ғана емес, жалпы қазақ зиялыларында ұлттық-мемлекеттік мүдде негізінде елдің болашағы үшін ынтымақтасып жұмыс жасау жағы әлсіз.

– **Тағы бір талас тудыратын мәселе төл тарихымызды атауын «Қазақ тарихы» деп атағанымыз орынды ма әлде қазіргідей «Қазақстан тарихы» дегеніміз дұрыс па?**

– Мұнда «Қазақ тарихы» деген бұл ұлттық тарих, ал «Қазақстан тарихы» деген географиялық тарих әрі мемлекеттік тарих. Ұлттық тарихымызды жазсақ, Қазақ қалай пайда болды, этногенезі қалай өрбиді, қандай тарихи эволюциялық өзгерістерден өтті, қалай ұлт болып қалыптасты және дамыды, қоғамдық басқару механизмі қалай болды, деген мәселелерді қарастыруымыз керек. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ халқының тарихи қимыл кеңістігі Қазақстан территориясынан әлде қайда кең көлемде. Ал, Қазақстан тарихы негізінен географиялық мемлекеттік тарих деп түсінемін. Бірақ қалайда қазақ тарихы – Қазақстан тарихының негізгі арқауы болуы деп керек деп санаймын.

– Шетелдің тарихтану ғылымында

қалыптасқандай, қай елдің тарихын зерттеп жазар болсаң, сол елдің тілін, арғы-бергі тарихын, дәстүр-салтын жақсы білуің керек. Алайда, қазақ тарихына келгенде бұл жайт аса ескеріле бермейтіндей көрінеді. Бұлай деуіміздің негізгі себебі Н.Масанов бастаған бір топ орыстілді тарихшылар 2001 жылы «История Казахстана: Народы и культуры» деп аталатын Қазақстан тарихы туралы оқулықты жаза отырып, қазақ тарихының кейбір тұстарын жоққа шығарады, тіпті миф деуге дейін барады. Мұны қалай түсінуге болады: бұл авторлар қазақ тарихын сыйламағандығы ма әлде тарихымызды терең түсінбегендіктен бе?

— Бұл тапсырыспен жазылған еңбек қой. Ол ешқандай ғылыми сынды көтермейді. Бірақ, сол кітапты үгіттеушілер көп. Ал соған жауап болатын біз жазған «Қазақстан мемлекеттілігінің тарихы» (Ежелгі және ортағасырлық кезең) атты 2007 жылы екі тілде баспадан шыққан еңбекті ешкім ауызға алған емес. БАҚ-тарда жым-жырт. Ал, қазақты кемсітетін, мұқалтатын дүние болса тез үгіттеледі, түсінбейсің. Жарияланып жатқан жақсы еңбектер баршылық. Мысалы, Зардыхан Қинаятұлының «Жошы

хан және Қазақ Мемлекеттілігі», Мәмбет Қойгелдиевтің екінші рет жарық көрген «Алаш қозғалысы» және басқа да құнды еңбектер жарық көрді. Бірақ анау сияқты, насихатталды ма? Жок! Қайсы бір ұлттың тарихын жазушының сол ұлттық тілін, ділін біліу өте қажетті, ең маңыздысы сол ұлтқа болған ниеттің түзу болуында.

— Әуесқой тарихшылар шежіре жазып, өз бабаларын түгендеп, үлкен мәселелерге қатысты уәж айтып жүр. Тіпті, кейде «әуесқой тарихшы» деп қол қоятын да болды. Мұның тарихтануға пайда-зияны қандай?

— Мұның пайдасы да, зияны да бар. Пайдалысы — тарихи деректерді толықтырады. Зияны — ұлттық санадан гөрі рулық сананың күшеюіне түрткі болады, болып та жатыр. Осының да әсері бар шығар, қазір біз тәуелсіз мемлекет құрушы ұлт бола тұра, ұлттық бірегейленуден гөрі трайбализмдік майдалануға құлдырап бара жатқандаймыз. Бұл мемлекеттік деңгейде көңіл бөлетін құбылыс.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Жания ТАЛҒАТҚЫЗЫ



Қамбар АТАБАЕВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлем тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, деректанушы

— Қамбар Махамбетұлы, бүгінгі күні қазақ қоғамын көп толғандырып жүрген мәселелердің бірі — мемлекеттік деңгейдегі жүйелі ұлттық идеология мәселесі. Ол туралы «Ақиқат» журналының осы жылғы үшінші санында жарияланған «Ұлттық идеология және рушылдық» атты мақаланызда өзіңіз де біршама айттыңыз. Сонымен қатар, Сіз ондаған жылдар бойы

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҰЛТ ТАРИХЫ

ұлт тарихы, дәлірек айтқанда қазақ тарихы туралы айтып, мәселе көтеріп жүрсіз. Осы екі мәселе бір бірімен қаншалықты байланысты?

— Өте орынды да, маңызды сұрақ. Ашығырақ айтқанда, бұл екі мәселенің қазақ қоғамы үшін де, ұлт тағдыры үшін де, жалпы тәуелсіздігіміз тағдыры үшін де маңызы аса үлкен. Олай дейтініміз, «Қазақстан Республикасы» деп аталатын мемлекетті құрушы бірден-бір ұлт ретінде қазақтардың ұлт болып ұйысып, өздерінің мүмкіндігінше ұлттық бітім-болмысына жақындауы және айқын ұлттық бет-бейнесін сақтап, ұлттық санасын қалыптастыруы тәуелсіздігімізді баянды етудің ең басты факторы. Оған тек ұлттық идеология арқылы ғана қол жеткізуге болады. *Ғылыми негізделген жүйелі ұлттық идеологиясыз ұлттық тәрбие де, ұлттық дәстүр де, ұлттық болмыс та, ұлттық сана да, түйттеп келгенде ұлттың өзі де*

жоқ. Ал, сол ұлттық идеологияның негізін де, өзегін де құрайтын ұлттың тарихы. Тарих – ұлттың жады. Жады айқын ұлттың болашағы да айқын. Жады көмескі ұлттың болашағы да көмескі. Табиғат ана сыйлаған адамдардың ерекше қасиеті – оның өткенін, бүгінгісін және болашаққа деген жоспары мен үмітін бірлікте ұстап отыруға мүмкіндік беретін **жадының** болуы. Адам өмірі белгілі бір уақыт аралығында өтетіні реалды шындық болғанымен, оның жер бетіндегі болмысы аталған үш уақыт өлшемінің біреуімен ғана шектелмейді. Ол, сол өлшемдердің, яғни, *«өткен – бүгін – келешек» сияқты ұғымдардың бірлігімен айқындалады. Жадтың қарама-қарсы түсінігі – жадсыздық немесе ессіздік. Барлық уақытта да адамдарды, тіптен, тұтас бір халықтарды есінен айыру, санасыздандыру әрекеті болған, болады да. Мұндай әрекеттен қазақтардың да тыс қалмағандары белгілі.* Демек, ұлттық идеологияны ұлттың жады, тарихпен байланыссыз қарастыру мүмкін емес.

– Ұлт тағдырында да, мемлекет тағдырында да шешуші рөл атқаратын бұл екі фактордың бүгінгі қазақ қоғамындағы орны қандай? Олар өздеріне тиісті функцияларын қаншалықты атқарып отыр?

– Алдымен ұлттық идеология туралы айтар болсам, тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап, мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі ретінде ұлттық идеологияның айқындалып, жүйелі түрде жүргізілмеуі біздің ең басты стратегиялық қателігіміз болды дер едім. Оны өмірдің өзі толығымен дәлелдеп отыр. *Тұтас бір буын ғылыми негізделген жүйелі ұлттық тәлім-тәрбиесіз, яғни, ұлттық идеологиясыз өсіп, өмірге араласа бастады. Олардың идеологиясы – ақша.* Қандай жолмен болса да баю. Бүгінгі қазақ қоғамында орын алып отырған сан алуан келеңсіздіктер, соның тікелей салдары. Оған еш қиындықсыз ондаған, жүздеген мысалдар келтіруге болады. Бірақ бұл тек бастамасы ғана. Мұның салдары әлі алда. Егер, ұлт өзін ұлт ретінде сақтап қалғысы келсе, онда бұл мәселеге мемлекеттік деңгейде ерекше көңіл бөлінуі керек. Өйткені, бұл ұлттық көлемдегі аса ауқымды да, аса күрделі мәселе. Сондықтан да, ол көп болып, жан-жақты ойластырылуы және іске асырылуы қажет.

Ал, егер тарих туралы айтар болсам, мен тарихиы ретінде, сол ұлттық идеологияның негізін қалап, өзегін құрайтын ұлт тарихының, атап айтқанда жүйелі қазақ тарихының жазылмағандығы туралы және оны уақыт талабына сай қалай

жазу керектігі туралы 20 жылдан бері айтып та, жазып та келемін. Дәлірек айтсам, осы тақырыпқа арналған алғашқы мақалам «Тарихы жоқ халық жоқ» деген атпен 1993 жылдың 17 ақпанында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды. Одан бері жүздеген мақалалар жазып, кітаптар шығардым. Бірақ, одан ешнәрсе өзгеріп жатқан жоқ. Баяғы жартас, сол бір тас. Дегенмен, ұлттың жады тарихсыз ұлттың жарқын болашағының болмайтындығы заңдылық. Қандай да болмасын ұлт мүддесіне қатысты мәселені ұлт тарихымен байланыссыз шешу мүмкін емес. Оның айқын дәлелі қазақ тілінің мәселесі. Мысалы, тәуелсіздік жылдары тіл туралы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде өзіне тиісті заңды орнын ала алмай отырғандығы туралы аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. *Неге қабылданған заңға, миллиондап бөлінген қаржыға, төгілген терге қарамастан күні бүгінге дейін қазақ тілі қазақ жерінде екінші қатардағы тіл ретінде қалып отыр. Мұның ең басты себебі – ұлттың өзінің төл тума тарихынан айырылуы. Ұлт санасының қайнар көзі – ұлттың төл тума тарихы. Ал, тіл болса, сол ұлт жадының, ұлт санасының сыртқы көрінісі. Яғни, ұлттың тарихи жады, ұлттың ұлттық санасы қандай болса, оның іс-әрекеті де, сөйлеген сөзі де, яғни, тілі де сондай болмақ.* Алдымен патша өкіметі, кейіннен кеңес өкіметі қазақты бәрінен бұрын дәл сол тарихи жадынан, яғни, ұлттық санасынан айыруға барын салды. Нәтижесінде ұлттың тарихи жады зақымданып, көмескі тартты. Тәуелсіздік жылдары ондаған, жүздеген тарих ғылымдарының кандидаттары мен докторлары пайда болды. Бірақ, ғылыми жазба тарих ұлттың біртұтас шынайы тарихи жадын қайта қалыптастыруды қамтамасыз ете алмады. Ұлттың тарихи жады да, санасы да сол зақымданған, көмескіленген күйінде қалып қойды. Бірін бірі түсінуден қалған бірнеше әлеуметтік топтарға бөлінген ұлттың бүгінгі жағдайы, оның шұбарланған, қойырпақтанған тілі соның айқын дәлелі.

Тіл қоғамның айнасы. Онда қандай да болмасын қоғамның бар бет-бейнесі мен бітім-болмысы айқын көрініс табады. Демек, тіл ұлт тарихының, қоғам тарихының ең басты да, ең маңызды дерек көзі. Егер, ұлттың бүгінгі рухани қасиеттерінің қайнар көзі ұлттың тарихи жадының зақымдануы екендігі анық болса, онда алдымен ұлттың тарихи жадын емдеу, қалпына келтіру керек екендігі де анық. Оның бірден бір жолы ғылыми негізделген объективті де шынайы қазақ тарихының жазылуы.

– Олай болса, сол ғылыми негізделген

объективті де, шынайы қазақ тарихы күні бүгінге дейін неге жазылмаған?

– Оның ең басты себебі, **біріншіден**, «Қазақстан Республикасы» деп аталатын мемлекетті құрушы ұлт – қазақтың танымды да жүйелі тарихын жазуға қазіргі биліктің бейіл танытпауы, **екіншіден**, ресми тарих ғылымының да, тарихшы ғалымдардың оған дайын болмай шығуы. Біздегі негізі кеңестік кезеңде қаланған тарих ғылымының да, кәсіпқой қазақ тарихшыларының да өздерінің тікелей міндеті болып табылатын объективті қазақ тарихын жазу ісінде толық қабілетсіздік танытуы. Мысалы, 2008 жылы біздегі ресми тарих ғылымының жағдайы туралы марқұм Ақселеу Сейдімбек: «Қазақстанда тарих ғылымы тоқырауға ұшыраған, түркологиялық зерде қалыптаспаған немесе ғалым-зерттеушілердің санасын немкеттілік жайлап алған» десе (*Сейдімбек А. «Ұлы қазанат» туралы. // Егемен Қазақстан, 2008 жыл 13 желтоқсан*), 2009 жылы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ тарихының жанашыры Өмірбек Байгелді ағамыз: «**Бұл күнде тарих ғылымынан қорғалып жатқан кандидаттық, докторлық диссертациялар қисапсыз... Бірақ, тарих ғылымы одан өскен жоқ. Ұлттық тарихымыз жүйеленбей жатыр... Ұлттық шын тарихымызды жүйелеп қайта жазатын уақыт жетті**» деп, біздегі бүгінгі тарих ғылымында қалыптасқан жағдайды дәл көрсете білген (*Байгелді Ө. Дегдар. // Егемен Қазақстан, 2009 жыл 14 сәуір*).

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бірақ, осылардың өзі де Қазақстан тарих ғылымын реформаландыру арқылы түбегейлі қайта құру қажеттігін толығымен дәлелдейді деп ойлаймыз. **Біріншіден**, Қазақстан тарих ғылымын реформалау арқылы қайта құрудың объективті алғышарттары бізде толық пісіп жетілді. Олар: еліміздің тәуелсіздік алуы, ұлттық сананың оянуы, ұлттың өзін-өзі тануға деген ынтылысы, шынайы тарихқа деген ұлттық сұраныстың артуы. Осы және басқа да объективті факторлардың ерте ме, кеш пе, негізі кеңестік кезеңде қалыптасқан, Қазақстан тарих ғылымын қайта құруға алып келері анық. Ал, оның бірден-бір жолы – реформаландыру. **Екіншіден**, кез-келген ғылыми-танымдық процесс негізгі үш компоненттен тұрады. Олар: таным объектісі, таным субъекті және таным методы. Ғылыми-зерттеу жұмысында бұл үш компонент те шешуші рөл атқарады. Өкінішке орай, біздегі ресми тарих ғылымында бұл үш компоненттің үшеуі де айқын емес. Ал, оларды анықтап алмай Қазақстан тарих ғылымының дұрыс бағытта дамып, қажетті нәтиже беруі мүмкін

емес. Демек, қазіргі тарих ғылымының теориялық-методологиялық проблемалары да, оның келешекте қай бағытта дамып, қандай нәтиже берері де негізінен, осы компоненттердің тарих ғылымындағы орны мен маңызын жете түсініп, дәл анықтай білумен тікелей байланысты.

– Сонда, ол қандай компоненттер? Сол туралы анығырақ айтсаңыз.

– Егер, жалпы Қазақстан тарих ғылымының бүгінде ұлттық деңгейдегі жүргізіп отырған зерттеу жұмыстарын макро, яғни, кең көлемдегі ғылыми-танымдық процесс деп алсақ, онда қазіргі Қазақстан тарих ғылымының ең басты методологиялық проблемасы, ол өзінің кең көлемдегі басты зерттеу объектісін анықтап алуы деп айтуға болады. Біздің ойымызша Қазақстан тарих ғылымының ұлттық деңгейдегі басты зерттеу объектісі қазіргідей **Отан тарихы - (Қазақстан Республикасының тарихы)** емес, **Қазақ тарихы** болуы тиіс. Бұл жай ғана терминдерді ауыстыру емес. Бұл Қазақстан тарих ғылымының бағыт-бағдарын түбегейлі өзгерту деген сөз. Кез келген ғылымның өзінің нақты ұғымдары мен терминдерін анықтаудан басталатындығын ескерсек, онда бұл екеуінің екі басқа ұғымдар екендігін мойындауымыз керек. Сондықтан, екеуі екі бағыттағы, екі басқа зерттеу объектілері болып табылады. Демек, Қазақстан тарих ғылымының келешек даму бағыттары да, осы екі объектінің қайсысын таңдаумен тікелей байланысты. Тарих ғылымының басты теориялық-методологиялық макро проблемаларының бірі ретінде, зерттеу объектісін дұрыс таңдай білу ғылымның да, сол ғылыммен айналысатын ғалымдардың да алдына шынайы, табиғи проблемалар қойып, сол проблемаларды шешу жолдарын іздестіруге мүмкіндік берсе, объекті дұрыс таңдай алмау жалған, ойдан шығарылған проблемалар қойып, соларды шешумен айналысуға мәжбүр етеді.

– Бүгінде Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекшілігімен «Қазақстан тарихы» деген атпен 20 кітаптан тұратын 10 томдығының дайындалып жатқандығы көпшілікке белгілі. Дегенмен көптомдықтың қалай аталу керектігі туралы тарихшылар әлі бір тоқтамға келмеген сияқты. Мысалы, Сіз «Қазақ тарихы» деп атау керек дейсіз. Ал, басқа тарихшылар басқаша атауды ұсынады. Сіз бұған не айтасыз?

– Иә, оныңыз рас. Мысалы, жақында «Білім» арнасында өткізілген «Ғылыми кеңесте» белгілі тарихшы М. Қойгелді: «Қазақстан тарихы» деп атала ма?, «Қазақ

тарихы» деп атала ма? Онда тұрған ешнәрсе жоқ. Оны сөз қыла берудің де қажеті жоқ» десе, өзіңіз атаған институт директоры Х. Әбжанов: «Маған «Отан тарихы» деген ат ұнайды, сондықтан, «Отан тарихы» дегеніміз дұрыс» деді. Ал, З. Қинаятұлы ағамыз: «Елбасы өз Жолдауында келешекте «Қазақ мемлекеті» деп аталамыз деді ғой. Сол кезде «Қазақ тарихы» деп атармыз, әзірге «Қазақстан тарихы» дей берейік» деді. Оны миллиондаған телекөрермендер көрді де, естіді де.

Әрине, әркімнің өз пікірінің болғаны жақсы. Бірақ, бар мәселе сол пікірдің қаншалықты шындыққа сай келуінде және оның қаншалықты ғылыми негізделуінде. Егер, өз пікірім туралы айтар болсам, **біріншіден**, Қазақстан тарих ғылымының зерттеу объектісін – «Қазақстан тарихы» деп алу, біздің ұлттық мүддемізге де, тарихи тағдырымызға да сай келмейді. Өйткені, ол ұлттың тарихын емес, мемлекеттің тарихын зерттеу болып шығады. **Біріншіден**, «Қазақстан Республикасы» деп аталатын мемлекеттің 1991 жылы дүниеге келгендігі тарихи факты. Демек, «Қазақстан тарихы» деп атау тарихты 1991 жылдан бастау деген сөз. **Екіншіден**, қазақтарды құрған мемлекеттер емес, мемлекеттерді құрған қазақтар. Қазақстандағы мемлекет құрушы бірден-бір ұлт – қазақ ұлты. Ал, өзгелері басқа ұлттардың өкілдері, яғни, біздегі диаспоралар. Олардың ұлт ретіндегі тарихы өздерінің тарихи отандарында жан-жақты зерттелуде. **Сондықтан, қазақ тарихы мемлекеттер тарихының тінінде (контекстінде) емес, мемлекеттер тарихы қазақ тарихының тінінде (контекстінде) зерттелуі тиіс.**

Екіншіден, «Отан тарихы» деп алу сырттағы 5 миллионға жуық қазақтарды туған тарихынан өз қолымызбен айыру деген сөз. Мысалы, тағдырдың тәлкегімен Қытайда өмір сүріп жатқан 2 миллионға жуық қандастарымыздың Отаны – ҚХР. Өйткені, олардың көбі сонда дүниеге келіп, сонда өсті. Сол сияқты, басқаларының да өз Отандары бар. Ал, «Қазақ тарихы» – дүниенің қай түпкірінде жүрмесін өзін қазақпын деп санайтын азаматтардың бәрінің де ортақ тарихы. Демек, ол қазақ тілі сияқты дүниежүзі қазақтарының басын біріктіріп тұратын маңызды факторлардың бірі болуы тиіс.

Үшіншіден, Қазақстан тарих ғылымының алдында тұрған басты теориялық-методологиялық проблемалар мен негізгі міндеттерді тұңғыш Президентіміз Н. Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде тарихтың ұлттық идея-

ны қалыптастырудағы шешуші рөлі туралы: «**Ұлттық идеяның қалыптасуы өзіміздің төл тарихымызды жаңаша ұғыну негізінде ғана мүмкін болады...ұлттық тарихты жиырма бірінші ғасырдың өлшемдері шеңберінде ұғыну ұлттық идеяны тұжырымдаудың алғашқы қадамы болып табылады**» – дейді. /Тарих толқынында. 40 б./ Демек, көптомдықтың атын «**Қазақ тарихы**» деп алып, атына сай мазмұнын толықтыру Президент саясатын іске асыру деген сөз. Ал, ол тарихшылардың тікелей міндеті болып табылады.

Төртіншіден, Мәскеудің де, КОКП-ның да құлдығынан құтылғанымызбен «Қазақстан тарихын» зерттеуден айырылмауымыздың да өз объективті және субъективті себептері бар. Ол патша үкіметі бастап, кеңес өкіметі аса белсенділікпен жүргізген отарлау саясаты салдарында елімізде қалыптасқан реальды жағдаймен және қоғамымызда өмір сүріп жатқан әлеуметтік топтар мен сол әлеуметтік топтардың мүддесін көздеген зерттеуші-субъектермен, қазақ тарихшыларының психологиясымен, олардың кәсіби дайындығымен, яғни әлеуметтік-субъективтілік факторлармен байланысты. **Біріншіден**, тарихшы жерлестеріміздің империялық пиғылдан арыла қоймаған белгілі бір тобы өздерінің қазақ жерінде өмір сүріп жатқандықтарын, сол халықтың тілін, тарихын білулері керектігін мойындағылары келмейді. Сондықтан, сол топтан шыққан тарихшылар үшін бетбейнесі белгісіз, бәріне де ортақ, қандай деректерге сүйеніп жазсаң да, қай тілде жазсаң да бола беретін «Қазақстан тарихы» туралы жазған тиімді. **Екіншіден**, белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі болып табылатын, қазақ тарихшыларының бір бөлігі өз тілінде оқи да, жаза да білмейді. Демек, тума төл деректерімізді дерек көздері ретінде пайдалана да алмайды. Сондықтан, олар да «Қазақстан тарихы» туралы орыс тілінде пайда болған деректер негізінде, сол тілде еңбектер жазып, ғылыми атақ-дәрежелерге ие болды және ие болуда. Олардың түсінігінде ғылым тек орыс тілінде ғана дамуы мүмкін. **Үшіншіден**, өз тілдерінде жаза да, оқи да алатын қазақ тарихшыларының өздері де «Қазақ тарихын» емес, «Қазақстан тарихын» зерттеуге дайындалған және дайындалуда. Сондықтан, олар да түбегейлі психологиялық және кәсіби өзгерістерді қажет етеді. Осындай және басқа да себептерге байланысты біз әлі туған тарихымызға, атап айтқанда, «Қазақ тарихына» бет бұра алмай келеміз. **Әрине, қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін ескерген жақсы, бірақ ол неге қазақтардың ұлттық мүддесінің есебінен жүргізілуі тиіс? «Қазақстан – ұлттар**

достығының лабораториясы» деп даурығып жүріп, өзіміздің бет-бейнемізден, тілімізден, дінімізден, тарихымыздан т. т. айырылып қала жаздағанымыз бізге неге сабақ болмайды? Достық достықпен, бірақ қазақтар да өз тарихын білуге құқылы. Оған біздегі басқа ұлттардың өкілдері де түсіністікпен қараулары керек.

Бесіншіден, Қазақстан, яғни, мемлекет тарихын зерттеу ісімен арнайы айналысып отырған бізде ғылыми-зерттеу институты да бар. Ол Астана қаласында ашылған «Мемлекет тарихы институты». **«Қазақстан тарихын»** жазу солардың міндеті. Ал, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты азамат тарихымен, атап айтқанда қазақ тарихын зерттеу ісімен айналысуы тиіс. Ол сонда ғана өз орнын ақтай алады. Егер, ол да Қазақстан тарихын зерттейтін болса, онда бірін бірі қайталайтын екі бірдей институттың не қажеттігі бар?

Алтыншыдан, тарих – тарихшылар қалай атағысы келсе солай атайтын тарихшылардың меншігі емес. Тарихшылар қайдан құлақ шығарғысы келсе содан құлақ шығаратын тарих қазан емес. **Тарих – ұлттың алтын қазынасы. Тарих – ұлттың жасырлар бойы тірнектен жинаған байлығы. Тарих – ұлттың жады. Ал, тарихшылардың міндеті сол байлықты ұлтқа қайтару, әр түрлі себептерге байланысты көмескіленген ұлт жадының қалпына келуіне көмектесу. Ұлтымыз біздерден, яғни, кәсіпқой тарихшылардан 20 жыл бойы өзінің ғылыми негізде жазылған жүйелі де, шынайы тарихын күтті.** Ал, біз, тағы да, сол бұрынғыдай, көне дәуірден бүгінге дейінгі **«Қазақстан тарихын»**, яғни, ұлттың емес, көне дәуірде де, орта ғасырларда да болмаған мемлекеттің тарихын жазсақ жұршылық, әсіресе, келер ұрпақ, бізге не дер екен? Мен өз әріптестерімнен осыны ұмытпауларын өтінемін.

Жетіншіден, көптомдықтың қалай аталып, қай бағытта, қандай мазмұнда жазылары тек тарихшыларға ғана қатысты тар көлемдегі мәселе емес. Ол ұлттық көлемдегі ауқымды мәселе. Сондықтан, жұртшылық та тек сырттай бақылаушы ғана болып қалмай, көптомдықтың осы бастан дұрыс аталып, дұрыс бағытта дайындалуына және ұлттық мазмұнда жазылуын талап етулері тиіс.

Сегізіншіден, қандай да болмасын нәрсе белгілі бір уақыт пен кеңістікте болады. Уақыт пен кеңістіктен тыс еш нәрсе де болмайды. Уақыт пен кеңістіктен шығу жалпы ғылыми зерттеудің ең басты ұстанымы (принципі). Бұл тарихқа да тән ұстаным. Қазақстан тарих

ғылымының зерттеу объектісін – **«Қазақ тарихы»** деп алу, осы ұстанымға толық сай келеді. Ол, **біріншіден**, уақыт жағынан қазақ тарихын оның шыққан тегі сақ, үйсін, түрік дәуірлерінен бастауға мүмкіндік берсе, **екіншіден**, кеңістік жағынан тағдырдың тәлкегімен бүгінде әр түрлі мемлекеттедің аумағында қалып қойған байырғы қазақ жерін толық қамтуға мүмкіндік береді.

Шынайы қазақ тарихын жазу үшін, жоғарыда айтқанымыздай, **таным объектісін** анықтаумен қатар, **таным субъекті** және **таным методы** сияқты компоненттердің де болуы да шарт. Бір-бірімен тығыз байланысты бұл екі компоненттің де Қазақстан тарих ғылымында алар орындарын айқындап алудың маңызы, зерттеу объектісін айқындап алудан кем емес. Мысалы, Қазақстан тарих ғылымындағы **таным субъекті** дегеніміз, сол қазақ тарихын зерттеу жұмыстарымен айналысатын кәсіпқой тарихшы-зерттеуші мамандар болса, **таным методы** дегеніміз, сол мамандар меңгеруге тиіс – **деректану ғылымы**. Деректану – сол маман тарихшы-зерттеушілерге қазақ тарихын тума төл деректердің негізінде терең де жан-жақты зерттеп, жаза білуге мүмкіндік беретін зерттеу әдістері мен тәсілдері, яғни, ғылыми-зерттеу технологиясы. Тарихты тарихи деректерді сыни талдаудан өткізу, яғни, деректану ғылымы арқылы жазу, Қазақстанның тарих ғылымын құбылыстың тек сыртқы көріністерін суреттеуге бағытталған қазіргі эмпирикалық деңгейден, құбылыстың ішкі мән-мағынасы мен мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін теориялық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Міне, осы компоненттердің Қазақстан тарих ғылымындағы орындарын толық анықтап, оларды бір-бірімен тығыз байланыста дамыта білгенде ғана шынайы **Қазақ тарихының** жазылуы мүмкін. Ол үшін ең алдымен біздегі кеңестік кезеңнен қалған маман тарихшылар даярлау жүйесін де реформаландыру арқылы түбегейлі қайта құру қажет. Сонда ғана ХХІ ғасыр талабына сай ғылыми негізделген жүйелі де танымды тарих жазуға қабілетті, құлдық психологиядан арылған, анау не дер екен, мынау не дерек деп ешкімге жалтақтамайтын тарихшылардың жаңа буын өкілдерін дайындап, тарихи зерттеу методтарын жетілдіруге және тарих ғылымын қазіргі эмпирикалық деңгейден теориялық деңгейге көтеруге болады. Ал, ол, өз кезегінде, ұлттық идеологияны тарихи таным негізінде жүргізіп, ұлттың тарихи жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Сұхбаттасқан: Аман ӘЙТІМ



Сейілбек МҰСАТАЕВ,
саяси ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Саясаттану кафедрасының
профессоры

МАРГИНАЛДАНҒАН АДАМДАР ЖИЫНТЫҒЫ МАРГИНАЛ ҰЛТ ПЕН МАРГИНАЛ МЕМЛЕКЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Мәселенің мәні

Маргиналдык – (латынша *margo* -шеткі, шекара) дәстүрлі түрде жеке тұлғаның қандай да бір әлеуметтік қауымдастыққа толық сіңіспей, екі немесе бірнеше әлеуметтік қауымдастықтардың арасында әрі-сәрі күй кешіп, шекаралық жағдайда қалып қоюын бейнелейтін ұғым. Бұл адамның психикасын өзгертіп, бағыт-бағдары мен ұстанымдарына, өзін-өзі айқындауы мен өмір салтына қатты ықпал ететін қатерлі құбылыс. Бұл ұғымды алғашқылардың бірі болып ғылыми айналысқа ендірушілердің бірі – американдық социолог Роберт Эзра Парк болып табылады. Ол «Адамзат миграциясы және маргиналды адам» деген еңбек жазып, мигранттардың жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуінде туындайтын қиындықтарды талдайды. Мигранттар өздерінің өсіп-өнген ортасынан ажырай отырып, жаңа әлеуметтік ортаға қосылуға әрекет жасайды. Бұл әрекеттің жаман жері – мигрант өзімен тектес ортадан бөгіделенеді, ал, қатарына қосылуға ұмтылып отырған жаңа орта оны толықтай қабылдамайды. Осының нәтижесінде мигрант «мәдени гибридке», яғни, дүбәраға айналып, «екі кеменің басын ұстаған суға кетеді» дегенге ұқсас жағдай қалыптасады. Бастапқыда, «маргиналдык» мәдени қарама-қайшылықты бейнелеуші ұғым ретінде қолданылғанымен, уақыт өте келе, әлеуметтік орта мен мәртебенің түрлі өзгерістерін сипаттайтын әмбебап ұғымға айналды. Кейінірек, «маргиналды субъект», «маргиналды кеңістік», «маргиналды тіршілік ету» деген туынды сөздер қалыптасты. Мұның барлығы аралық жағдайларды, өтпелі кезеңдердің табиғаты мен сапасын айқындаушы ұғымдар.

Жеке адамның маргиналдығы индивидтің белгілі бір әлеуметтік топқа толық кірмеуімен сипатталады: кіргісі келетін тобы оны бөтенсініп, толық

қабылдамайды, ал, өзінің «туған» әлеуметтік ортасы оны сатқын ретінде санап, теріс айналады. Осылайша, индивид бірнеше топтың өмір салты мен дәстүрлерін шала-шарпы ұстанып, дүбәра күй кешуге мәжбүр болады. Маргиналдык индивидтер көбейе келе, маргиналдык топты құрайды. Көп жағдайда бұған ықпал ететін факторлар – қоғамның қалыптасқан әлеуметтік құрылымының өзгеруіне әкеліп соғатын, саясат пен экономикадағы жаңа ықпалды топтардың туындауы болып табылады. Осының нәтижесінде, маргиналдык топтар дәстүрлі қалыптасқан топтарды ығыстырып, шешуші рөл ойнауға қабілетті екендігі тарихи тәжірибеде дәлелденді. Мысалы, Кеңестер Одағы тұсындағы коммунистердің билік басына келуін алсақ. Бастапқыда азшылық болып, астыртын революциялық қызмет атқарып жүрген индивидтер топтаса келе, үлкен саяси күшке айналды. Олар дәстүрлі құндылықтарды, ұлттық және діни дәстүрлерді ысырып тастап, коммунистік идеологияны жүзеге асыруға тырысты, жетпіс жыл бойына атеизм мен социализм идеясына негізделген қоғам құрды. Кеңестік қоғамдағы әлеуметтік стратификация ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрден бөлек жолмен жүрді. Яғни, материалдық құндылықтарға негізделетін, қанаушы байлар мен езілген кедейлерге бөлінетін таптық антогонистік жіктелумен емес, білім мен кәсіптің, еңбек пен біліктіліктің негізінде іріктелетін интеллигенцияға, жұмысшы мен шаруаға бөлінді. Бұл қоғамның өзі маргиналдык еді, яғни, аралық сипатта болатын: адамдарды ұлтқа жіктеу айыпталды, «Кеңес Одағының азаматы» деген жалпы ұғым болды; коммунист болу – идеалға айналды; дінді атеизм «кенді». Осылайша, «ұлтшыл», «ескіні аңсаушы», «діндар» деген түрлі айыптаушы теңеулерден қорыққан кеңес адамдары аралық сипаттағы, маргиналды құндылықтарды басшылыққа ала отырып өмір сүруге бейімделді. Яғни, КСРО маргиналдык мемлекеті еді. Қазақтардың орыстануы мен мұсылмандықтан қалуы, әсіресе, қалалық қазақтардың ата-баба жолынан адасып, өздерінің туған ана тілі – қазақ

тілін ұмытуы, жаппай орыс тіліне бет бұруы осынау кеңестік кезеңде басталды. **Кеңестік дәуірде қазақтай күшті маргиналданған ұлт болмаған шығар сірә... Не таза қазақ емес, не толық орыс емес, не нағыз мұсылман емес, ең бастысы – коммунист болса болғаны... Осындай ұстанымдағы қазақтың бетке ұстар азаматтарының көптеп маргиналдануы ұлттың маргиналдануына ықпал етті. Соның зардабын әлі тартудамыз...**

Бұрын-соңды адамзат тарихында болмаған, жағымды-жағымсыз ерекшеліктері жетерлік, кеңестік алып империяның түбіне қайта құру мен «**жаңа маргиналдар**» жетті. Бұған сыртқы саяси күштердің де ықпалы күшті болғаны белгілі. АҚШ Орталық барлау басқармасын 1953-1961 жылдар аралығында басқарған Аллен Даллес КСРО-ны іштен ірітіп-шірітіп құлатудың, халқын моральдық азғындаудың жоспарын әзірлеген. Бұл жоспар ақырындап орындалды, XX ғ. 90 жылдары КСРО ыдырап, Қазақстан тәуелсіздігін енді алып жатқан өліара кезеңде қоғамдық сана абдырап, отандастарымыз әрі-сәрі күйге түскені белгілі. **Қоғам өмірінің барлық саласында түбегейлі өзгерістер жүрді: тоталитарлық саяси жүйе демократиялыққа трансформацияланды, социалистік жоспарлы экономика нарыққа алмасты, идеологиялық шектеулердің орнына адам құқығы мен бостандығына негізделген құндылықтар келді. Кеңестік халық деген жасанды ұғымның тас-талқаны шығып, ұлттардың өзін-өзі айқындауы, ұлттық сана-сезімнің жаңғыруы жедел қарқынмен жүрді. Мұнымен бір мезгілде, еркіндік пен романтикаға толы сияқты көрінген батыстық өмір-салты мен бұқаралық арзанқол мәдениетке еліктеушілік қабаттаса өрбіді. Бастапқыда бұрынғы «кеңес халқы» жаппай маргиналдық күйге түскенді болды. Кешегі коммунистер демократ, либерал, бизнесмен, ұлтшыл болып шыға келді... Атеист болып жүргендер тілін кәлімаға келтіріп, дінді ұстанып, тіптен, кейбірі тақуалық жолға түсті. Интеллигенция жаутандаған жетімнің күйін кешіп, жұмысшы жұмыссыз қалды, шаруа жерсіз қалды. Кеңестік дәуірде қалыптасқан әлеуметтік жіктелу жүйесі жойылып, әлеуметтік қабат (страта) қалыптасуында материалдық игіліктер шешуші рөл ойнай бастады. Алдап-арбау, қорқытып-үркіту, сауда-саттық жолына түскендердің, жекешелендіру мен жемқорлықты дөңгелетіп жүргізіп, пайдаға белшесінен батқандардың айдарынан жел есті. Осылайша, әркімнің қабілеті мен мүмкіндігіне сай келетін кешенді маргиналану процесі бүкіл қоғамды қамтыды. Дегенмен, «Жетім қозы тасбауыр, түңілер де, отығар»**

демеңші, кешегі «кеңестік халық» қысқа мерзім ішінде жаңа жағдайға бейімделуге мәжбүр болды. Уақыт талабына сай, тәуелсіз мемлекеттердің азаматтарына айналып, демократиялық қоғам құруға, нарықтық экономиканы меңгеруге бел шеше кірісіп кетті. Яғни, посткеңестік кеңестіктегі бүкіл халық өтпелі кезенді бастан өткерді. **Бастапқы кезеңде – Кеңестер Одағының халқы; аралық кезеңде – маргиналдық саты; соңғы кезеңде – тәуелсіз ұлттық мемлекеттердің азаматтары. Бірақ, бұдан маргиналану процесі тоқтап қалады деген ой тұмауы тиіс. Маргиналдар қашанда болған және олар алда да бола бермек. Сол сияқты, ұлттық мемлекет құрып, егеменді ел болуымен маргиналдардың заманы бітті десек те қателесеміз, қазақстандық қоғамға тән маргиналдар қазір де ел ішінде өзінің жанбақы тіршілігін жасап жатыр.**

Осы жерде мән беретін нәрсе – маргиналануды тек құлдырау мен тозу деген мағынада түсінбеуіміз керек. Ол көбінесе қоғамдағы жан-жақты өрбитін көлбеу және жоғары-төмен жүретін тік әлеуметтік ұтқырлықпен (мобильділік) байланысты. Егер де, маргиналану қоғамдық құрылымның түбегейлі өзгеруі (реформа, төңкеріс) нәтижесінде болса, онда бұл қоғамдағы әлеуметтік мәртебенің жаппай өзгеруіне әкеліп соғады. Соған қарамастан, маргиналды топтар жаңа әлеуметтік құрылыс жағдайының өзінде екінші қайтара өзіндік орнын табуға тырысады. Бұл әрекет өзге топтармен бәсекелестікке, әлеуметтік ортада басқаларға қарағанда ықпалды орын алуға бағытталған бітіспес күреске ұласады. Нәтижесінде бұқараның ұтқырлығы белсенді бола түседі, тіптен, мұндай күрес шиеленісіп кетсе, төңкерістер мен көтерілістерге ұласып кетуі де мүмкін. Мемлекеттік ауқымдағы әлеуметтік кеңістікте дәстүрлі бұқаралық топ пен ұсақ маргиналдық топтың арасындағы күрес тоқтамай жүріп отырады. Маргиналдық топтар қоғамда орын табуға жан-тәнімен тырысып бағады. Мысалы, маргиналдық күй кешіп жүрген этникалық азшылық өкілдерінің пысықай, кәсіпкер, шығармашыл болуымен қатар, олардың қылмыскер, пара бергіш, арызқой, бәлекор болып келуінің бір сыры осында жатыр. Өздерінің маргиналды бет-бейнесін либералдық бетпердемен көлегейлеп, айналасына сездірмеуге тырысады. **Олар дәстүрлі топтармен теке-тіресіп, әлеуметтік ортада ықпалды орын алу үшін бар қабілеттерін салады (қоршаған ортаға бейімделгіш хамелеон сияқты), қолынан келетін барлық әдіс-тәсілдер мен құралдарды пайдаланып бағады, қысқасы, арамза бәсекелестіктен тайынбайды. Сол сияқты, дәстүрлі топтардың арасынан, әсіресе, ұлттың ішінен шығатын маргиналдар осал**

емес. Мысалы, маргиналданған «шала қазақтарды» алайық. Олар да, өздерінің қоғамдағы әлеуметтік мәртебесін, лауазымын, байлығын, қол жеткізген тұрмыс-тіршілігін сақтап қалу үшін аянбай күреседі. Бұл күрес жолында ұлттың ішінен шыққан дүбара маргиналдар өздерінің ұлтына, ана тіліне, дәстүрлі дініне, ұлттық ділі мен салт-дәстүріне, бір сөзбен айтқанда, ұлттық мүддеге кереғар келетін нақұрыс әрекеттер жасаудан тайынбайды. Ата-бабасының әруағын сыйламайды. Өйткені, олар қазақ ұлтынан ажырап қалған, ал, орысқа немесе басқа ұлтқа сіңісе алмаған. Өзі қазақ, сана-сезімі мен сөзі орыс болып табылатын маргинал бүкіл қазақстандық қоғамның өзі сияқты дүбара болып қалуын қалайды. Сондықтан, ұлттық мүддені қорғаудың орнына келемеждеп-кемсітіп, онымен қарсыласады. Жаудың тірлігін жасап, ұлттық ар-намысты аяққа таптайды. Бет-әлпеті, аты-жөні қазақ болғанымен, бойынан қазақылықтың исі де шықпайтын мұндай маргиналдардан еріксіз қауіптенесіз.

**«Қазақстандық маргиналдар»
деген кімдер?**

Ал енді, осы бір қытымырлау сұраққа жауап іздеп көрелік. Жалпы, Қазақстандағы маргиналдарды бірнеше топқа жіктеуге болады. **Бірінші топ**, мемлекет құрушы, төл этнос саналатын қазақ ұлтының ішінен шыққан маргиналдардың тобы (бұлардың өзін үшке бөлуге болады: 1) «шала қазақтар», 2) рушылдар, 3) жершілдер); **екінші топ** – ұлттық белгісі бойынша маргиналдық жағдайға ұшыраған диаспоралар; **үшінші топта** орныққан мекендерінен түрлі себептермен мәжбүрлі немесе ерікті түрде ауып, жұмыс іздеген, арман кұған мигранттар (*сыртқы және ішкі көші-қон*); **төртінші топқа** – діни белгісі бойынша өз ұлтының дәстүрлі ұстанатын дінінен безіп, басқа діни ағымға өтіп, түрлі секталарға мүше болып, сандалғандар; **бесінші топта** – білімі мен кәсіби біліктілігі бойынша аралық жағдайда қалғандар; **алтыншы топ** – Қазақстандағы трансұлттық компанияларда қызмет істейтін, космополиттік сана-сезімдегі жұмысшылар мен ірі бизнестің өкілдері; **жетінші топ** – девиантты мінез-құлықты, моральды деградацияға ұшырағандар; **және сегізінші топ** – демографиялық белгісі бойынша – жас және жыныс ерекшеліктері бойынша өзін-өзі анықтай алмай жүргендер. Енді, осы жасаған жіктеуіміздің мәнін ашу үшін тарқатып айтайық. Олай болса, **«Қазақ десен, өзіңе келіп тиеді»** демекші, ұят та болса, өзімізге жакын, **бірінші топтағы «қазақы маргиналдардан» бастауға тура келеді.** Қазақтардың ұлттық деңгейде маргиналдануы мен **«шала қазақтардың»** туындауы Кеңестер Одағы дәуірінде бас-

тау алғанына әлгінде ғана аздап тоқталдық. Кеңестік кезеңде орыс тіліне мемлекеттік деңгейде басымдық берілуі өзінің нәтижесін берді: қоғам өмірінің барлық саласында орыс тілі шешуші рөлге ие болды. Қазақ мектептерінен орыс мектептерінің үлесі басым болды, жоғары оқу орындарында білім орыс тілінде берілді, мемлекеттік қызмет орысша жүргізілді. Қазақтардың санасында **«Орысша білмесең адам болмайсың»** деген қасаң қағида қалыптасты. Осының кесірінен компартияның билік құрған жетпіс жылында қазақ ұлты өзінің ана тілінен айырылып қала жаздағаны да белгілі. **Ұлттың сапалық көрсеткішін анықтаушы бөлігі** – ұлттық элита болып табылады. Ал, **«кеңестік» қазақтардың элитасы негізінен орыс тілді болды.** Олар өздері ғана орыстанып қоймай, ұрпақтарын да орыстандырып жіберді. Тіптен, елімізге танымал кейбір ақын-жазушыларымыз бен ғалымдарымыз, өнер тарландары, мемлекеттік және қоғам қайраткерлері тайлы-тұяғымен орыстанды. Обалы не керек, қазақ ұлтының ішінен жік шығып, қазақша білмейтін **«шала қазақтардың» тобы туындады.**

Жалпы, «шала қазақтардың» мәселесі көп айтылып, көп жазыла жауыр болған, қордалы мәселелердің қатарында. Бұл тұрғыда топ жарып тұрған шығармаларға ақын ақынымыз М.Шахановтың ұлттық намысты жанитын жалынды өлеңдерін, А. Әлімұлының алмастай өткір сын мақалаларын, А.Айталының пайымды ғылыми еңбектерін жатқызуымызға болады. Әсіресе, А. Әлімұлы «Өткірдің жүзі» атты жинағындағы **«Қазақстанды космополитизм елесі кезіп жүр»** атты сын-мақаласында ұлттық интеллигенция құрамындағы талай «шала қазақ» маргиналдың атын атап, түсін түстеп берген.

«Шала қазақтар» қазақша білмегенімен, орысша ойлайды және сөйлейді, орысша жоғары білім алған, қоғамда жоғары әлеуметтік мәртебеге, күшті экономикалық әл-ауқат пен биік саяси мансапқа қол жеткізген. Әлі күнге дейін олардың қазақстандық қоғамда ықпалы күшті, түрлі салаларда шешуші рөл атқарады. Сөйте тұра, «шала қазақтардың» қазақ тіліне селсоқ қарап, сатқындық жасайтыны бәрімізге мәлім. Тәуелсіздігімізді алғанымызға жиырма жылдан асса да, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде аяғына нық тұра алмауының негізгі себебі осында жатыр.

Тәуелсіздік алғалы бері қазақтардың ұлттық сана-сезімі жаңғырғаны куантады. Бірақ, ұлттық сана сезім, ұлттық өзін-өзі айқындау процесімен қатар жүріп келе жатқан – рулық өзін-өзі айқындау. Әрине, **«Жеті атасын білмеген жетесіз»** дейтін аталы сөзге тоқтаған әрбір қазақ өзінің

жеті атасын, руы мен жүзін біледі. Дала философиясы негізінде қазақтар жеті атаға дейін қыз алыспай, ұлттың тектік (гендік) сапасын сақтап келді. Бұл тұрғыдан алғанда қазақтың өз руын білуі дұрыс-ақ. Біздің айтқалы отырғанымыз бұл мәселенің жағымсыз жақтары. Өзін қазақтың дей отырып, ру-ру, тайпа-тайпа болып бөлініп, өзара талас-тартысқа түсуі қазақтардың ұлт ретінде іштей маргиналдануын тереңдетеді. Ұлттық біртұтастыққа сызат түсіреді. Қазір түрлі рулардың тарихын жазу, шежіре құрастыру, әруақтарға ас беріп, ат шаптыру бойынша қазақ руларының арасында құдды бір бәсеке жүріп жатқан сыңайлы. Ысырапшылдық пен бекерге мал шашуды айтпағанда, әсіре дәріптеу мен мақтаудың әсерінен ұлттық тарихымыздың бұрмалану қаупі туындауда.

Рушылдықпен қатар, қазір елімізде жершілдік деген дерт те қозып тұрғаны жасырын емес. Қазір жоғары билік эшелонының өзінде кландардың туындағаны туралы мәселе қоғамдық пікірде көп қозғалып жүр. Батыс қазақстандық клан, оңтүстік кланы деген сияқты жерлестік топтар бар екендігі айтылады. Жершілдік – төменгі деңгейдегі патриоттық сезімге жатады, әр адамға өзінің кіндік қаны тамған жер ыстық. Бұл сезім өңірлік деңгейде болса құба құп, жерлестер өздерінің ауылын, ауданы мен облысын дамытып, көркейтуге бір кісідей атсалыссын. Қызғыш құста өзінің бағиықты көлін сүйеді. Бірақ, мемлекеттік деңгейде жершілдікке ұрыну орға жығатын жағымсыз құбылыс. Ол жалпыұлттық патриотизмге кері әсер етуші факторлардың қатарына кіреді. И.Крыловтың мысалындағы аққу, шортан, шаян сияқты әркім жан-жаққа тартқан жерде бірлік болмайды. Сондықтан да, рушылдық (трайбализмнің) пен жершілдіктің мемлекеттік қызмет саласына кеңінен таралуы ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төндіретін қатер. Мемлекеттік қызметшінің білімі мен біліктілігі, жұмыс тәжірибесі емес, лауазымды басшымен рулас немесе жерлес болуы шешуші факторларға айналуынан, түптің түбінде, бүкіл ел-жұртымыз зардап шегетін болады. Осындай қауіп-қатерлерден сақтануымыз қажет. Қазақтың ішкі тұтастығын бұзғысы келетін рушылдық, жершілдік әңгімемен ел бірлігін бүлдіргісі келетін күштердің пайда болуы Елбасыдан бастап әрбір қазақты алаңдатады. Елбасымыз айтқандай, «қазақтың бірлігі – елдігіміздің кілті, ең басты мәселесі. Қазақты ешуақытта сырттан жау алған емес. Қазақ әлсіресе, алауыздықтан әлсіреген, күшейсе, бірліктен күшейген».

Еліміздегі маргиналдардың үлкенірек болып табылатын екінші тобы – өздерін Қазақстанның азаматтары санайтын өзге ұлттардың өкілдерінен, яғни, диаспоралардан

құралады. Олар психологиялық тұрғыда, кең ауқымдағы қазақстандық және тар бағыттағы ұлттық сана-сезімдердің жетегінде қатар жүреді. Біздегі өзге ұлттардың өкілдері осы шақтағы өмірі мен болашағын Қазақстанмен, қазақ ұлтымен тығыз байланыстыра отырып, онымен бір мезгілде өздеріне тән ұлттық ерекшеліктерін ұстанып, тілін, мәдениетін, дінін, т.б. дамытуда кең мүмкіндіктерге ие болып отыр. Бұған қоса, еліміздегі ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі. Осылайша, қазақстандық диаспоралар бейне бір, паралельді 3D өлшемді әлемде, үшке жарылып өмір кешіп жатқандай болады: бірінші, азаматтық өзін-өзі айқындауы бойынша; екінші, ұлттық өзін-өзі айқындауы бойынша; үшінші, тілдік қарым-қатынас ортасы бойынша. Әлемнің көптеген елдеріндегі диаспоралар мен мигранттар 2D жағдайында өмір кешеді, яғни, оларда бірінші және үшінші белгі біртұтас: азаматтық өзін-өзі айқындау мен тілдік қарым-қатынас ортасы бір (*мысалы, Францияда французша, Германияда немісше, Ресейде орысша т.б.*). Мақаланың бастапқы жағында аты аталған американдық ғалым Р.Э. Парктың зерттеген құбылысы да осы болатын.

Сөздің реті келіп тұрғасын, Елбасымыз «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасында: «**2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы**» болатынын айтса, биылғы сәуір айында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық - бір ел - бір тағдыр» атты тақырыпта сөйлеген сөзінде: «Қазақ жері 100-ден астам этностарды біріктірді. Әрине, осы этностық әралуандықтың бәрі біртұтас ұлтқа айналуы үшін жақсы цемент қажет. Бүгінде ұлтты біріктіруші басты фактор қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып отыр» дегенін айта кеткенді жөн көрдік. Яғни, үш тілді білуіміз керек, ал, жаппай қазақша сөйлеуіміз қажеттілікке айналуы шарт. Бұл міндеттің нақты іске асуы үшін қазақстандық диаспоралардың сана-сезімі екі өлшемге негізделуі тиіс: бірінші – жалпыұлттық деңгейде – азаматтық өзін-өзі айқындауы қазақстандық, ал, мемлекеттік және ұлтаралық қарым-қатынас тілі – қазақ тілі болуы бойынша; екінші – белгілі бір ұлт деңгейінде – қандай да бір этностың өкілі ретінде өзін-өзі айқындауы бойынша. Бірақ, Қазақстан Конституциясында «мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген қағидаға қосымша «орыс тілі – ресми тіл» деген тіркестің болуы, оған «үш тұғырлы тіл» ұстанымының мінгесуі ел халқының азаматтық-ұлттық-тілдік деңгейлерде аралық күй кешуін күшейтіп отыр.

Қазақстандық маргиналдардың үшінші тобын сыртқы және ішкі мигранттар құрайды. Елімізге сыртқы мигранттар негізінен

көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қытай сияқты елдерден енуде. Қытайлық мигранттардың ойы әріде жатыр: олар жұмыс істеуді ғана емес, өздеріне қалыңдық тауып, қазаққа «күйеу бала» болуды да ойластырады. Қазақстан сияқты мол қазба байлықтары жоқ болуынан Орталық Азиялық көршілерімізде әлеуметтік-экономикалық ахуал қиын екені белгілі. Құдай жарылқаған қазақтың кең даласының асты-үсті кенге толы, шикізатқа негізделген экономикамыз дамып, «гастарбайтерлерді» еңбекақысы төмен қара жұмысқа жететін дәрежеге жеттік. Бірақ, бұдан барша қазақстандық жоғары жалақылы жұмыспен қамтылып, елімізде қара жұмыс істейтін адам қалмады деген ой тұмауы тиіс. Қазақстандағы ауыл-аймақтардың халқы негізінен жұмыссыз екені баршамызға мәлім. Осыдан келіп ел ішіндегі стихиялық көші-қон өршиді, «екі қолға бір күрек» деп, кез келген ақы төленетін жұмыс іздеген ішкі мигранттар ауылдан қалаға қарай шұбыруда. Ішкі мигранттардың басым бөлігі қаракөз қазақтар екендігі қынжылтады.

Ғалымдардың жүргізген зерттеулері дәлелдегендей, мигрант деген – маргинал, жұртқыш тұлға болып табылады. Сыртқы мигрант өзінің еліне өкпелі, шетелден пайда табуға дәмелі жат жұрттық адам. Ішкі мигрант болса, не қалалық емес, не ауылдық емес, екірадағы отандас. Екеуі де дүбара, бас пайдаларын ойлаған, аралық көңіл-күйдегі адамдардың тобында. Күнкөрістің қамымен, таңсәріден кешқұрымға дейін қара жұмысқа жегіліп, азып-тозып жүрген пақыр адамның өзін-өзі айқындауы қиындайды, құндылықтар жүйесі өзгереді. Психологтар мен криминалистер мигранттардың қатарында моральдық деградацияға ұшырағандардың, қылмыскерлер мен девиантты мінез-құлықты адамдардың көп болуының бір себебі осы деп түсіндіреді. Қазақстандағы жұмыссыздық өзекті мәселелердің қатарында, «өзін-өзі жұмыспен қамтығандар» деп аталатын, ойдан шығарылған әлеуметтік категория қатарына кіргендер де шынын айтқанда, кәдуілгі жұмыссыздар. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының қабылдануы тегін емес. Жұмыссыздықты азайту үшін тек қана индустриалдық-инновациялық даму аздық етеді, бізге агроөнеркәсіп кешенін де дамытып, ауыл-аймақтарды аграрлық секторда жұмыспен қамтуды мемлекет қолына алуы тиіс. Мемлекеттің қолдауынсыз ауыл шаруашылығын аяққа тұрғызу қиын, бұл жерде қытайлық модернизация тәжірибесінен үйренетін нәрсе көп. Ауыл-аймақтағы ел-жұрт жұмыспен қамтылмайынша, олардың қалаға қарай жөңкілеуі тоқтамайды. Ал, стихиялық урбанизация процесі сан-алуан әлеуметтік проблемаларды туындататын сөзсіз. Жалпы, маргиналдануды ушықтыратын заңсыз сыртқы

көші қон да, реттелмеген ішкі миграция да қауіпсіздікке қатер төндіруші факторлардың қатарында.

Төртінші топтағы діни маргиналдар – Ата Заңымызда бекітілген ар-ождан бостандығына мас болып, ата-бабасы ұстанған дәстүрлі діннен безіп, басқа түрлі діни ағымдар мен секталарға өткендерден құралған. Қазақстанда негізінен мұсылмандар мен православ мұсылмандар тұратындығына қарамастан, жиырма жыл ішінде ондаған конфессиялар, ірілі-ұсақты неше-түрлі секталар туындап, ашық әрі белсенді миссионерлік үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу арқылы өздерінің қатарларын маргиналданған отандастарымызбен толықтырды. Исламда дінді сату, Аллаға серік қосу ең ауыр күнә деп есептелетініне қарамастан, ата-анасы есімін азан шақырып қойып, сүндетке отырғызған кейбір «мұсылмандар» Иегова куәгеріне, Кришнаға, христианға, дианетикке, иогаға, т.б. айналды. Енді біреулері «нағыз мұсылман» боламыз деп, зікіршіге, табигишіге, уахабитке, т.б. ұрынды. Қысқасы, сектанттар азаматтардың санасын тұмандандырып, бастарын әбден сергелденге салды. Күйзелген жандардың наным-сенімдерін шайқалтып, діни маргиналдарға айналдырды. Ұзақ уақыт «Зайырлы мемлекетпіз, дін – әркімнің жеке ісі» деген қазақстандық билік діни экстремизм ушығып, террористер бой көрсете бастаған кезде ғана дін ісіне араласа бастады. Тіптен, 2011 жылғы 18 мамырда Президенттің № 84 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі ресми түрде құрылды. Діни қызмет пен ұйымдарға қатысты заңнама қатаңдатылды. Экстремистік, террористік, алаяқтық бағыттағы секталардың «қара тізімі» жасалды. Жыл басынан бері Қазақстанның Дін істері агенттігі 500 сайттың мазмұнына талдау жүргізіп, оның ішінде құқыққа қайшы сипаттағы материалдар бар 20 шетелдік ғаламтор ресурсын анықтады. Дұрыс бағытта діни сауат ашуға мән берілуде. Жалпы, елімізде діни маргиналдануға қарсы қарқында әрекет жасалуда. Бір өкініштісі, діни маргиналдардың қатарына қосылып, адасқан отандас-қандастарымызды кері қайтару өте қиын.

Қазақстанда маргиналдардың бесінші тобындағы білімі мен кәсіби біліктілігі бойынша дүбара болып, аралық жағдайда қалғандар жетіп артылады. Посткеңестік кеңістіктегі адамдардың бір ерекшелігі – жаппай дерлік сауатты, басым бөлігінің жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар. Кеңестер Одағы тоталитарлы болғанымен, социалистік қоғам құрып, әлеуметтік әділеттілік орната алды. Білімнің кез-келген түрі халық үшін тегін, ал, білімді мамандардың жұмыспен қамтылуы өте жоғары деңгейде болды. Одақ ыдыраған соң, миллиондаған еңбекші жұмыссыз қалып, қара базарды жағалады.

Орта білімнен өзге білім алу түрлері негізінен ақылы жүзеге асатын болды. Қысқасы, нарық халықты қарық қылды. Қазір жоғары білімді маман екенін растайтын дипломы бар қаншама қазақстандық өзінің алған білімін мүлдем қажет етпейтін салаларда еңбек етіп, жан бағуда. Оның үстіне, жыл сайын отандық жоғары оқу орындарын мыңдаған студент тәмамдағанымен, олардың да басым бөлігі өзі оқыған кәсіпті игеруге емес, нәсібіне бұйырған жұмысты істеуге мәжбүр. Себебі, зауыт-фабрикалар өте аз, инфрақұрылым дамымаған, ауыл шаруашылығы тұралап қалған, ал, мемлекеттік қызметкерлер санын қысқарту жүріп жатыр. Осы жерден кәсіптік тұрғыдағы маргиналдар туындайды. Не білімді оқыған емес, не білікті маман емес, тағы бір дүбәра, әлеуметтік дилетант топ қоғамға топ етіп қосылады. Мамандардың жетіспеушілігінен «Дипломмен ауылға» сияқты бағдарламалар пайда болады. Кәсіби маргинализм – бүгінгі қазақстандық қоғамның өткір шындығы.

Қазақстанда қызмет істейтін космополиттік сана-сезімдегі трансұлттық компанияның өкілдері мен ірі бизнестің өкілдерінен құралған алтыншы топ - ықпалы күшті маргиналдар екені даусыз. Өйткені, қолдарында қомақты қаржылық және ақпараттық ресурстар бар, билікке лобби жасап, ықпал етуге қабілетті. Космополиттік сана жетегінде жүрген бай-манаптар тағдырларын белгілі бір мемлекетпен немесе ұлтпен айқындамайды, өздерін «әлем азаматымыз» деп есептейді, аса ірі капиталдың иелері ретінде ғаламдық экономика мен жаһандану процесінің қозғаушы күштері болып табылады. Оларда нақты бір Отан деген ұғым болмайды, бизнестерін жүргізуге қолайлы, жеке басы мен отбасы мүшелеріне өмір сүруге жайлы, капиталын сақтап, көбейтуге мүмкіндік берілсе болғаны, сол жерді уақытша «отан» санап, сағалайды. Қазақстандық заңнамаға қайшы келетініне қарамастан, олардың кейбіреулері қос азаматтық жасатып алған. «Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын» демекші, алда-жалда ел басына күн туса, олар шетелге тайып тұрады. Бұл аз болса, соңғы кездері жемқорлық әрекеттері әшкере болған қазақстандық шенеуніктер шетелге қашатынды шығарды. Жәй ғана бас сауғалап қашпайды, ел байлығынан, мемлекет бюджетінен қымқырып-жымқырған миллион-миллиард қаржы-қаражатын алдын ала шетелдердің банктеріне аударып қояды. Кеше халық сенген, бүгін қашқын-қылмыскерге айналған ірі шенеунікті маргинал десек де, космополит десек те болады. Біздің шенеуніктерде «Мен уақытша адаммын, команда билікте тұрғанда, мүмкіндікті барынша пайдаланып, байып қалуым керек» деген психология басым сияқты. Елбасымыз айтқандай, шенеуніктер өздерінің қалыққа

қызмет көрсетуші адам екендерін ұмытқалы қашан.

Жоғарыда аталған космополиттер тобымен салыстырсақ, арасы жер мен көктей боларлық **жетінші топ - девиантты мінез-құлықты, моральды деградацияға ұшыраған** маскүнем, нашакор, қылмыскер, жезөкше сияқты **пенделерден құралған**. Нәпсісін тия алмаған маскүнем мен нашакор адамгершілік сапалардан айырылып, екі аяқты жануар кейпіне қалай түскенін байқамай да қалады. **Не толыққанды адам емес, не хайуан емес, дел-сал тіршілік иесі ретінде қоғамға зиян шектірмесе, ешбір пайдасы жоқ, азып-тозған, маргиналданудың ең төменгі сатысындағы әлеуметтік топтың өкіліне айналады. Ал, қылмыскерлердің өмірі «екі әлемде» өтетінін, яғни, заңға негізделген қоғам және «түсініктермен» реттелетін қылмыстық ортада қатар тіршілік ететінін білмейтін адам жоқ шығар. Жазылмаған заңдары, мінез-құлық үлгілері мен жүріс-тұрыс нормалары, өмірлік ұстанымдары мен құндылықтар жүйесі бар. Оларда, тіптен, жаргон сөздерден құралған, қарым-қатынас жасап, өзара түсінісетін, өздеріне ғана тән «балама тілдері» де бар. Қылмыскерлер «заңды» және «заңсыз» деген бір-біріне қарама-қарсы екі қоғамның арасында жүрген маргиналдық, әлеуметтік ерекше топты құрайды. Сонымен қатар, моральдық азғынға айналған, ары мен тәнін сатқан жезөкшенің құндылықтар жүйесі де аумалы-төкпелі. Адалдық, махаббат, сүйген жар, аналық сезім сияқты асыл қасиеттерді аяққа таптаған, «Отан отбасынан басталатынын» білгісі де келмейтін адамнан не үміт не қайыр. Дегенмен, бұл топтағы маргиналдарды оңалту жұмыстары үздіксіз жүргізіліп келеді, оларға жыл сайын мемлекеттің бюджетінен миллиардтаған қаржы жұмсалады. Бірақ нәтиже мардымсыз. **Себебі, біздің қоғамның басты кемшілігі – аталған әлеуметтік маргинал топтардың туындауына ықпал етуші факторлардың алдын алумен емес, олардың зардабымен күресуге күш салынуы.****

Демографиялық белгілермен айқындалатын маргиналдардың **сегізінші тобы** – жас және жыныс ерекшеліктері бойынша өзін-өзі анықтай алмай жүргендерден тұрады. Қазір «**жасым егде болса да, көңілім жас дейтін**» аға буынның өкілдері көбейіп барады. Оларға көмекші құралдар да жетерлік: пластикалық хирургия, түрлі косметика, сәнді киім-кешек дейсіз бе, толып жатыр. Үйленбеген «сұр бойдақтар» мен күйеуге шықпаған «кәрі қыздарымыз» да сылаң қағып, отбасын құруға асығар емес. Ал, жас жеткіншектеріміз, керісінше, тез есеге құмарлық танытады. Ересектер сияқты киінуге, үлкендерше сөйлеу мен жүріп-тұруға еліктейді. Осыдан келіп, батысқа

еліктегіш бүгінгі қоғамымызда «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген қазақы тәрбие әлсіреп бара жатқаны анық байқалады. Оған қоса, демографиялық маргинализмнің дамуына бұқаралық ақпарат құралдары барынша ықпал етуге тырысуда. Осылай кете берсек, ертең ақыл айтып, бата беретін батагөй қария таппай, көргенсіз ұрпақ өсіріп, өнегесіз ұлтқа айналуымыз ғажайып емес. Бұрын екі түрлі ұлт өкілінің аралас неке құруы алабөтен, маргиналдық құбылыс сияқты көрінетін. Қазір ол қалыпты жағдайға айналды. Ендігі «мода» – Батыстан ескен «жанашыл өмір салтының» тағы бір қауіпті жетістігі – өзінің қай жыныс өкілі екенін анықтай алмай дал болып, «қызтеке» еркектің, «еркекшора» ұрғашының туындауы. Франция, АҚШ бастаған бірқатар батыстық елдер бір жыныстылардың неке құруын заңдастырып алғанымен тоқтамай, енді, бір жынысты отбасылардың бала асырап алуын заңдастыруға көшті. Армия қатарына гомосексуалдарды ашық шақырудан арланбайды. Батыс қалаларының көшелерінде жыныстық маргиналдар гей-парадтар өткізіп, шеруге шығатын деңгейге жетті. Жақында ғана,

жаңалықтардан көргеніміздей, шетелдердің қаржыландыруымен Бухарест, Мәскеу, Киев қалаларында гей-парадтар өткізуге талпыныстар жасалып, бұл жергілікті халықтың ашу-ызасын туғызды. Арам пиғылды батыстық елдер осындай маскаралықтарға жол беріп, Алла тағала жаратқан Адам Ата мен Хауа Ананың салған игі дәстүрін бұзып, отбасы институтын талқандауға күш салуда. Бұдан асқан, азғындалған маргиналдану жоқ шығар. Қауіпті әрі өкініштісі сол, батыстық қоғам өзі ғана адасып қоймай, қисық құндылықтарын бүкіл әлемге насихаттап, барша адамзат қауымын ірітіп-шірітуге тырысуда. «Ұлы сөздің ұяттығы жоқ» демекші, осынау қоғамдық дерт елімізде асқынбай тұрғанда, оның алдын алып, жыныстық тұрғыдағы дұрыс тәлім-тәрбие беруді қолға алу бүгінгі күннің қажеттілігіне айналуға тиіс. Жоғарыда көрсетілгендей, әрбір маргиналданған әлеуметтік топтың өзегінде белгілі бір жеке адам, яғни, тұлға, ел азаматы тұр. Адам тағдыры елдің тағдырына ұласады. Сол сияқты, маргиналданған жеке адамдар жинала келе, тұтас ұлттың маргиналдануына алып келеді. Ал маргиналданған ұлттың болашағы бұлыңғыр.

Сөз соңы

Тақырыпты қорытуға оқырмандарды тартып, ой түрткі жасау мақсатында, жоғарыда айтылып өткен, кезінде КСРО-ны іштей қиратуға бағытталған «Даллес жоспарынан» үзінді келтіре кеткенді жөн көрдік: «... Человеческий мозг, сознание людей способны к изменению. Посеяв там хаос, мы незаметно подменим их ценности на фальшивые и заставим их в эти фальшивые ценности верить. Как? Мы найдем своих единомышленников, своих союзников в самой России. Эпизод за эпизодом будет разыгрываться грандиозная по своему масштабу трагедия гибели самого непокорного на земле народа, окончательного и необратимого угасания его самосознания. Например, из искусства и литературы мы постепенно вытравим его социальную сущность; отучим художников и писателей – отобьем у них охоту заниматься изображением и исследованием тех процессов, которые происходят в глубинах народных масс. Литература, театры, кино – все будет изображать, и прославлять самые низменные человеческие чувства. Мы будем всячески поддерживать, и поднимать так называемых художников, которые станут насаживать и вдалбливать в человеческое сознание культ секса, насилия, садизма, предательства – словом, всякой безнравственности. В управлении государством мы создадим хаос и неразбериху. Мы будем незаметно, но активно и постоянно способствовать самодурству чиновников, процветанию взяточников и беспринципности. Бюрократизм и волокита будут вводиться в добродетель. Честность и порядочность будут осмеиваться и никому не станут нужны, превратятся в пережиток прошлого. Хамство и наглость, ложь и обман, пьянство и наркоманию, животный страх друг перед другом и беззащитность, предательство, национализм и вражду народов – прежде всего вражду и ненависть к русскому народу, – все это мы будем ловко и незаметно культивировать, все это расцветет махровым цветом. И лишь немногие, очень немногие будут догадываться или даже понимать, что происходит. Но таких людей мы поставим в беспомощное положение, превратим в посмешище, найдем способ их оболгать и объявить отбросами общества. Будем вырывать духовные корни, ополчать и уничтожать основы народной нравственности. Мы будем расшатывать, таким образом, поколение за поколением. Будем бороться за людей с детских, юношеских лет, и главную ставку всегда будем делать на молодежь – станем разлагать, развращать и растлевать ее. Мы сделаем из нее циников, пошляков и космополитов. Вот так мы это сделаем!». Қазіргі қазақстандық қоғамға зер салып қараған көзі ашық адамға «Даллестің жоспары» әлі күнге дейін өзінің жалғасын тауып жатқан сияқты көрінері сөзсіз... Жөк әлде, жаһандану, космополиттену, маргиналдану мен мәңкүрттену тоқтамайтын үздіксіз процесс пе? Жалпы, қалай дегенде де, маргиналданған ұлт өзінің ұлттық мемлекетін құруға қауқарсыз.



Әшірбек АМАНГЕЛДІ,
саяси шолушы

ПАРАЛЛЕЛЬ: ГРУЗИН МІНЕЗІ және БІЗ... немесе Біз намысты жоғалтқан ұлтпыз ба?

Кешегі кеңес өкіметінің кезінде грузиндер туралы мынадай анекдоттар айтылушы еді...

Бір грузин су жаңа дипломды қолына алып, риза көңілмен әрі-бері аударып қарап тұр екен. Сөйтсе, жанына бір армян жетіп келіп:

– Қайдан сатып алдың? Қайдан сатып алдың? Мен де алайын деп едім? – деп қоймапты. Сонда, әлгі грузин ашуланып, көзін аларта бір қарап:

– Әй, баурым, диплом сатылушы ма еді?! Достарым туған күніме сыйлады, – деген екен.

Тағы бірде...

Бір грузин бар тапқан-таянғанын жинап-теріп, су жаңа «Запорожец» автокөлігін сатып алады. Үйіне мініп келіп, олай бір бұлай бір қызықтап қарайды. Сонан соң, бала-шағасымен көшеде әрі-бері қыдырыстап, мінеді. Сөйтеді де, тазалап сүртіп кешике үйінің алдына қаңтарып қояды. Таңертең тұрса «Запорожеці» жоқ. Оның орнында су жаңа «Газ-24» волга автокөлігі тұр дейді. Бұл таң қалып, автокөлікке үңіліп қараса біреу тілдей қазза: «Сен бұлай «Запорожец» мініп, біздің грузиндерді ұятқа қалдырып, намысымызға тимесейші!» деп жазып кетіпті дейді... Жәй, бұл күлкі үшін айтылған анекдот болса да, осы екі көрініс бізге грузиндердің табиғатынан, болмысынан хабар беретіндей көрінетін. Әрі мұндай анекдоттарды біріміздің аузымыздан-біріміз қағып алып, реті келгенде басқаларға айтып, ішек-сілеміз қата күлетінбіз. Ал, шын мәнісінде біз грузиндердің болмыс-бітіміне, мінезіне үңіліп көрдік пе? Ол үшін орыстар айтпақшы, грузинмен бірге тұрып, «біреу пұт тұз жалау керек» шығар демей-ақ қояйын. Оған қоса, тарихтың тереңіне бойлап, қайда-жайдағыны қозғап, нақты мысалдар мен деректер келтіріп, ала дорба арқалап, күнкөрістің қамымен жүрген онсыз да алаң көңіл көпшіліктің уақытын алып, басын ауыртқым келмейді. Фило-софияда «Адамды қоғамнан тыс алып

қарауға болмайды» деген қағида бар. Сол айтқандай, тым алысқа бармай-ақ, тек беріде грузин қоғамында орын алған құбылыстар мен оқиғаларды талғам таразысына салып ой елегінен өткізіп көрейікші..

Рас кәзір грузин жұрты өтпелі кезеңді бастан кешуде. Өтпелі кезеңнің қай кезде де, кім-кімге де оңай тимейтіні аян. Кеңес өкіметі тәрбиелеп, билік төріне шығарған Эдуард Шеварднадзе қартайып, оның елді басқару әдісі ескіріп қалды ма, әйтеуір, 2003 жылы Грузияда бой көтерген «роза гүлдері төңкерісі» оны тақтан тайдырып, орнына саясаткерлердің жаңа буынының өкілі Михаил Саакашвилиді әкелді. Қиындықтан көз ашпай, тапшылықтан титықтаған гуржілер оған үлкен сенім артып, одан көп үміт күтті. Ақиқатын айту керек, Президент М. Саакашвили айналасы сегіз жылдың көлемінде Грузияда бірталай өзгеріс жасады. Ең бастысы паракорлық пен жемқорлықтың, тамыр-таныстықтың тамырына балта шапты. Бұрын ақша көрсе екі алақанын ысқылап шыға келетін МАИ қызметкерлері пара ұсынғанда ат тондарын ала қашатын болды. Бұған дейін айтқаны айтқан, дегені деген болып, билеп-төстеп келген «заңды ұрылар» елден безді. Жалпы, алғанда қырық бес жастағы реформатор президент қолынан келгенін жасап, грузин қоғамын өзгертуге тырысты. Әйтсе де, жұрттың бәріне бірдей

жағу қиын. Әрі аз уақыттың ішінде барлық салада: саясатта, экономикада, т.б. бірдей табысқа жету екіталай. Саакашвили қанша әрекеттеніп, талпынғанымен Грузияны кедейшіліктен шығара алған жоқ. Міне, осындай жағдайлар мен факторлар әсер еткен болуы керек, өткен 2012 жылғы қазанда болған кезекті парламенттік сайлауда Саакашвилиге бақталас миллиардер Бидзина Иванишвилидің тасы өрге домалап, ол бастаған оппозициялық «Грузин арманы» партиясы жеңіске жетті. Елдің Конституциясына енгізілген өзгерістерге сәйкес билік енді министрлер кабинетіне көшті. Күткендей, парламентте Бидзина Иванишвили көпшілік дауыспен премьер-министр болып сайланды. Бұған дейін Ресейде кәсіпкерлікпен айналысып, байыған Б. Иванишвилидің ойламаған жерден Грузиядағы билік тізгінін қолына алуын әркім әрқалай топшылады. Біреулер бұл «ресейдің тапсырысы», десе, екінші біреулер – «американың жобасы» десті. Иванишвилидің өзі мұның екеуін де жоққа шығарды. Қарсы дәлел ретінде өзінің Ресейдің азаматтығынан шыққанын және ондағы кәсіпкерлік құрылымдарын сатып жібергенін келтірді.

«Ресей тапсырысы» демекші, біздің негізгі айтпағымыз да Ресей мен Грузияның қарым-қатынасы, ондағы грузин мен орыстың көзқарасы – ұстанымы төңірегінде. Өйткені, Грузияның кәзіргі сыртқы саясатындағы ең күрделі түйіннің бірі осы – «ресейлік бағыт». Сондықтан да, екі жақтағы тілеулерестер ендігі жерде Ресей-Грузия қарым-қатынасындағы қырғи-қабақтық сейіліп, жылылық орнайтын шығар деп үміттенді. Оның үстіне жеңістің алғашқы буымен болса да, су жаңа премьер-министр Иванишвили орынтаққа отырысымен «Ресеймен де қарым-қатынасты жақсартып, сауда-саттықты, мәдени байланыстарды да қалпына келтіреміз» дегенді айтып қалды. Алайда, Оңтүстік Осетия мен Абхазияның Грузияның заңды территориясы деп есептеп, оларда Ресейдің елшілік өкілдіктері болғанын қош көрмейтінін білдірді. Себебі, 2008 жылғы тамыздағы ресей-грузин қақтығысы нәтижесінде Оңтүстік Осетия мен Абхазияның Грузия құрамынан бөлініп, өздерін тәуелсіз мемлекеттер деп жариялағаны мәлім. Дегенмен, Ресей билігі «бірбеткей де өркөкірек» Саакашвилиден гөрі либералдау Иванишвилидің келуімен Грузияның беті бері қарайды, біздің талаптарымызға амалсыз көнеді деп ойлады. Өкінішке қарай, олай болмады. Бой-

ында грузиннің қаны мен намысы бар Иванишвили де елдік мүдде мен ұлттық мақсатты бәрінен жоғары қойып, үкімет басшысы ретіндегі өзінің алғашқы сапарын кейбіреулер ойлағандай Ресейге емес, Бельгияға жасады. Және де «Абхазия мен Осетияда Ресейдің елшіліктері тұрғанда Мәскеуге қарай қадам баспайтынын», қадап айтты. «Егер қажет болса, ол елдің басшылығымен үшінші бір мемлекеттің территориясында мәселен, еуропа жерінде кездесуге даярмын», деді.

Өмір деген әркез салыстырудан тұрады. Осындайда «біздің басшыларымыз елдік мәселеге келгенде осындай көзқарас пен ұстаным таныта алар ма еді?» деген сұрақ туады. Басшыларды қайдам? Осы жақында ғана «Қазғарыш» агенттігінің басшысы Талғат Мұсабаевтың депутаттар алдында сөйлеген сөзіне орай Ресеймен екі арада дау туа жаздады. Әйгілі ғарышкеріміз Қазақстан үкіметінің технологиясы ескірген ресейлік «Протон-М» зымыран тасығыштарын ұшыруды біртіндеп қысқарту ниетінде екенін, бұған қоса Ресейдің «Бәйтерек» ғарыштық зымырандық ұшыру кешенін салуға байланысты, келісім-шартта көрсетілген міндеттемелерін орындамай отырғанын айтып, бәлкім бізге «Байқоңыр» ғарыш айлағын жалға беру мәселесін қайта қарау керек шығар, деген болатын. Өйткені, гептил мен амил секілді улы отындарды пайдаланатын «Протон» зымыран тасығышының ұшуынан еліміздің елеулі зардап шегетіні белгілі. Тіпті, осыдан біраз жыл (2007 жылғы қыркүйекте) бұрын «Протон» зымырантасығышы Жезқазғаннан қырық шақырымдай жерде апатқа ұшырап, сол маңдағы елді мекендерді әбігерге салғаны да бар. Ал, «Бәйтерек» кешенін салуға байланысты Мәскеудің өз міндетіне алған шаруаларды орындамағаны былай тұрсын, бастапқы келісілген баға 700 млн. долларды 2 еседен көп, яғни, 1,6 млрд. долларға өсіріп жібергені мәлім болып отыр. Бұл жобаға балама ретінде Амур облысынан «Восточный» кешенін салып жатқаны да жасырын емес. Осындай-осындай қисынды делел мен уәжде құлақ асудың орнына Ресей үкіметі «бұл мәселелер Мұсабаевтың құзыретіне жатпайды. Жағдай бұлай орбитін болса, біз Қазақстанмен ғарыш саласындағы бірлескен жобалар бойынша ынтымақтастығымызды доғарамыз. Келтірілген шығынды өтеуді талап етеміз» деген сыңайда шұғыл қатқыл нота жолдап шыға келді. Бұған Қазақстан

үкіметі оның өкілетті органы Сыртқы істер министрлігі дербес те тәуелсіз мемлекеттің ұстанымын білдіретіндей үн қатудың орнына, **«Байқоңыр» ғарыш айлағына қатысты Ресеймен екі арадағы келісімшартты қайта қарамаймыз, ынтымақтастығымызды одан әрі жалғастыра береміз»** деген түсінік берді. Артынан министр Е.Ыдырысов мырза: **«Т.Мұсабаевтың сөзін БАҚ құралдары дұрыс жеткізбеген»** деп ақталды. Өз кезегінде Ресей сыртқы істер министрі Сергей Лавров: **«Бұл кәдімгі жұмыс барысындағы қалыпты нәрсе. Кейбіреулер түймедейді түйедей етіп көрсеткілері келеді»** деп жуып-шайған болды. Бәрібір көңілде дық қалды. Екі ел арасында ғарыштық салада бір қиын түйіннің бар екені жалпақ жұртқа жария болып қалды. Рас, сыртқы саясатта әдептілік, дипломатия керек шығар. Бірақ та: **«Еңкейгенге еңкей ол әкеңнің құлы емес, шалқайғанға шалқай ол пайғамбардың ұлы емес»** деп аталарымыз айтпақшы, мемлекеттік мүдде мен елдік намысты ұмытпаған да жөн. Олай дейтініміз кей ретте босбелбеулік пен жалпақшешейлік өзгелердің өктемдігі мен басынуына жол ашады. Оны өмірден талай көріп жүрміз. Міне, ақырында беріде Т. Мұсабаев айтқан әңгіменің негізі бар болып шықты. «Байқоңыр» кешенін ендігі жерде екі елдің бірлесіп пайдаланатындығы жайында мәселе қозғала бастады. Демек, бұл Ресей біртіндеп Амурдағы жаңадан салып жатқан ғарыш кешеніне жылыстайды деген сөз.

Біз білетін грузин жұртының басшысынан қосшысына дейін қанында бойында ұлттық намыс бар. Ал, зиялы қауымының өнер адамдары мен ақын-жазушысының жөні бөлек.

Әлгі айтқандай, Абхазия мен Осетия үшін болған орыс-грузин қақтығысының қарсаңында, яғни, 2008 жылдың шілдесінде сол кездегі Ресей президенті Д. Медведев әйгілі актер және әнші Вахтанг Кикабидзені 70 жылдық мерейтойымен арнайы құттықтап: **«Тамаша музыкалық талант пен актерлік шеберлігіңіз, сирек кездесетін адами қасиет пен жан дүниеніздегі дархандық Сізді бүкіл халықтың сүйіспеншілігіне бөледі. Кинодағы Сіз сомдаған бейнелер аңызға айналды, танымалдығымен кеңінен жайылды...»** дегендей асқақ сөздерін арнап, жүрек жарды құттықтауын жолдады, Халықтар Достығы орденімен марапаттады. Артынша-ақ, екі ел арасындағы соғыс

басталып кетті. Саясаткерлердің бұл «ойыны» талайларға қайғы-қасірет әкелді. Мұны нәзік жүрегімен ауыр қабылдаған Вахтанг Кикабидзе Ресей орденін алудан бас тартты. Осындай қарсылығымен өзінің Грузиясын қолдайтынын білдірді. Мұндай қадамының сырына үңілмек болып, сұхбат алған ресейлік журналистке: **«Қалай дегенмен де мен кішкентай болса да Грузия деген елдің азаматымын. Менің түсінігімше, кәзір менің отанымды жаулау жүріп жатыр. Сондықтан, Ресей мемлекетінен орден алу менің арыма сын, табиғатыма жат...»** деп жауап берді. Сонан соң, әншейінде, маза бермейтін орыс достарының үнсіз қалғанын, тіпті, сокқан қоңырауына да жауап бермей ұялы телефондарын сөндіріп тастағандарын айтты. **«Алдағы қазанда Мәскеуде Кремльдегі сарайда жеке концертім болушы еді. Мына оқиғадан кейін оны да қоя тұруға тура келеді»** деді. Ал, біз өзіміздің зиялы қауымнан, ұлттың қаймағы дейтін жазушыларымыз бен өнер, мәдениет қайраткерлерімізден осындай мінез бен қадам-қаракетті күте аламыз ба? Олар өзінің жеке бастың пайдасынан ұлттық намысты жоғары қоя ала ма?

Кейінгі ұрпақ аздау біліп, еміс-еміс естігенімен, аға буын жақсы біледі. 1986 жылдың аяғында Алматыда әйгілі «Желтоқсан оқиғасы» орын алып, бұдан халқымыз үлкен қайғы-қасірет шекті. Оқиғаның, бас көтерудің себеп-сырына үңілудің орнына Мәскеу бізді барынша кінәлап қаралады. Ал, өзімізден шыққан (*ішінде депутаты, жазушысы, өнер адамдары бар*) бір топ қайраткер алаңға шыққандарды **«арамтамақтар, бұзақылар, нашақорлар»** деп айыптады. Көп өтпей-ақ, яғни, 1987 жылдың шілдесінде сол кезде бүкіл билікті уысында ұстаған СОКП Орталық комитеті **«Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие берудегі жұмысы туралы»** арнайы қаулы қабылдап, **«Бұл қазақ ұлтшылдығының көрінісі»** деп бағалады. Сөйтіп, ұлтымызға жоқ жерден қара күйе жағылды. Он бес республикадан тұратын бүкіл Кеңес Одағына теріс атымыз шығып, жаманатты болдық. Бірақ, артынан жағдай өзгеріп, басқаша саясат белең ала бастаған тұста, әлгі, қайраткерлеріміздің біразы **«Мен ондай үндеуге қол қоймап едім, сыртымнан қойып жіберіпті»** деп тайқып шықты. Шатаспасам, 1989 жылдың қарашасында Мұхтар Шаханов бастаған бір топ ұлтжанды азамат Мәскеуге хат жазып,

жоғарыда аталған қаулыда айтылған «қазақ ұлтшылдығы» деген тұжырымды теріске шығартып, алдыртып тастады. Сондай үндеу хат жазылып, қол жинау үшін бастамашыл топ ақиық ақын, әдебиетіміздің бір бәйтерегі деп төбемізге көтеретін ақсақалға қолқа салып барғанда: «Мені қоспай-ақ қойындаршы. Сексен жылдығыма орай үкіметтен үлкен орден күтіп отыр едім», деп бас тартыпты. Үлкен үмітпен барғандардың салысы суға кетіп, жер болып қайтыпты. Ұлттың ұяты деп жүрген ақсақалымыз сөйткен соң қалғандардан не үміт, не қайыр?

Осы орайда кезінде бір журналдан оқыған мына бір оқиға еске түседі. Өткен кеңес өкіметінің тұсында, 65-ші жылдары «қоғамға жат оқшау» көзқарастары үшін Даниэль мен Синявский деген жазушылар тұтқынға алынып, екеуіне РСФСР Қылмыстық кодексінің 70 бабына сәйкес «антисоветтік үгіт пен насихат жүргізді» деген айып тағылып, баспасөзде оларды әшкерелеу науқаны белең алады. Сонда, шығармашылық ынтымақтастық ниетімен Мәскеудегі орыстың елге танымал 63 ақын-жазушысы мен өнер қайраткері әлгілерді қорғап, араша сұрап СОКП ОК-не хат жазады. Қол жинау барысында біреулер жанашырлық танытып, «жақында бір сыйлық алғалы жүр еді, зиянымыз тиіп кетпесін», деп ақын Андрей Вознесенскийді тізімге қоспапты. Мұны біреулерден кездейсоқ естіген Вознесенский «сыйлық алмасам алмайын, бірақ, жазықсыз жандарға ара түсу азаматтық парызым», деп дереу барып, хатқа қолын қойыпты деседі. Өйткені, ол «Бүгін өгізге туған күннің ертең бұзауға да тууы» мүмкін екенін біліп отыр. Тек ақынға, не жазушыға ғана емес, кез келген адамға тән азаматтық ұстаным осылай болуға тиіс! Немқұрайдылық, жанашымастық қай кезде де адамның да қоғамның да түбіне жеткен. Осындайда жұрт көрнекті қаламгер Бруно Ясенский: «Сен жауыңнан қорықпа, көп болса атып кетер, досыңнан да қорықпа азар болса сатып кетер. Қорықсаң немқұрайдылардан (равнодушных) қорық. Жер беріндегі сатқындық та, кісі өлтіру де сондайлардың үнсіз келісімімен болып жатады» деп айтқанын орынды еске алады.

Ұлттық намыс немесе грузин мінезі деген ой тереңде жатқан тағы бір қоламанты қозғайды. Осы гүржі жұртының кезінде «Мольба», «Древо желания» және «Покаяние» секілді терең философиялық

ой тастайтын кинотуындыларды дүние әкелген Тенгиз Абуладзе деген талантты кинорежиссері болды. Әсіресе, оның көпшілік экранға үлкен қиындық кедергілермен жол тартқан «Покаяние» фильмі қайта құру кезеңінің алдында кеңестік идеологияға қатал сын айтуымен жұртшылықтың санасында зор қозғалыспен сілкініс тудырды. Тенгиз Абуладзені бұл фильмі қаһарман етіп, жалпақ әлемге танытты. Фильмнің қысқаша фабуласы былай болатын:

«Күн сәулелі Грузияда беделді де ықпалды жергілікті «көсем» Варлам Аравидзені көз жұмған соң, барлық жер-жералғысымен жер қойнына тапсырады. Ал, ертеңіне ертемен біреулер оның сүйегін көрден қазып алып, баласы Авелдің үйінің алдына әкеліп тастайды. Оқиға осылай бірнеше рет қайталанады. Қаскөйдің ұсталып, тұтқындалып, сотқа тартылғанда, ол өзінің отбасы бастан кешкен жантүршігерлік оқиғаны баяндап береді. Сөйтсе, әлгі көсем мұның сегіз жасар күнінде әкесін түрмеге жаптырып, шешесін зорлап, көңілдесі еткісі келген екен. Сот бұған мән бермегендей сыңай танытады. Өйткені, билік тағы да зорлықшының баласының қолында еді. Кенет, сотта ойламаған жерден Варлам көсемнің немересі орнынан атып тұрып, мұны да кейін біреулер көрден қазып, мазаламас үшін арсыз атасының бүкіл күнәсін өз мойнына алатынын, бұл дүниеден күнәсіз, адал адам болып өткісі келетінін айтады...». Ел естімеген мұндай сұмдық оқиғаны баяндаған кинотуынды кезінде талайларды тебірентіп, көздеріне жас үйірді. Өз саясаты мен идеологиясын тас-талқан етсе де кеңестік билік қоғамдық пікірдің ықпалымен 1988 жылы «Покаяние» кинофильміне ең жоғары марапат Лениндік сыйлық беруге мәжбүр болды. Сол кезде мұны күтпеген Тенгиз Абуладзе: «Құдайым-ау! Бұл неіткен намыссыз ел еді!? Мен бұлардың көсемі Ленинді көрден шығарып тастап отырмын. Ал, бұлар маған Лениндік сыйлықты беріп отыр!», депті. Қас қылғандай 1989 жылдың сәуірінде Тбилисиде халықтық толқу болып, онда әскер кіргізілді. Міне, осыған қарсылық ретінде Тенгиз Абуладзе өзінің Кеңес өкіметінің биік марапаты Лениндік сыйлықтан бас тартатынын мәлімдеді. Сөйтіп, жеке бастың пайдасынан елдік мүддені жоғары қоя білді. Осындайда өзгелердің іс-әрекетін көріп сүйсінесін, өзіндегілердің табансыздығы мен тайғанақтығына қарап қынжыласың.

Өйткені, бізде ондай қомақты сыйлық, жоғары атақ-мансаптан бас тартпақ түгіл, жоғарыда айтқандай көлеңкесінен қорқып, хатқа қол қоюдан бас тартатындар толып жатыр.

Осыдан бірер жыл бұрын «Тәуелсіздікті қорғау» және республикалық «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалыстарының төрағасы, Қазақстанның халық жазушысы, М.Шаханов бастаған *(ішінде ақын-жазушылар, ғалымдар, халық әртістері, қоғам қайраткерлері, саясаткерлер, саясаттанушылар, журналистер, зейнеткерлер, сазгерлер, әншілер, кәсіпкерлер, т.б. бар)* 138 адамның «Конституцияға қарсы әрекеттер тоқтатылсын!» деген атпен «Қазақ халқына және республиканы мекендейтін өзге ұлт өкілдеріне» ашық хаты жарияланды. Мұнда да, сол баяғы көк серкенің тұлыбындай әрі тарт, бері тартпен, көкпарға түсіп келе жатқан қазақ тілінің мүддесі сөз болып, оны қорғау талап етілді. Басында хатқа қол қойғандардың ішінде халқымыз бұлбұл үнді әншіміз деп басына көтеретін Қазақстанның халық әртісі *(КСРО Халық әртісі дегенді әдейі айтпай отырмын. Ол маған келмесе кеткен қоғамның ізі сияқты көрінеді – Ә.А.)* Бибігүл апамыздың аты-жөні жүргенінен қуанып қалғанбыз. Іштей тәубе деп, ұлттың сөзін сөйлеп, мұңын жоқтап, намысын жырлатын осылар ғой дегенбіз. Сөйтсек қателесіппіз. Көп өтпей-ақ, ол кісінің газет бетінде: «Ештеңеге қол қойған жоқпын, хат мазмұнымен келіспеймін. Менің әкем – қазақ, анам – татар. Мұны еш уақытта жасырған жоқпын, керісінше, мақтан тұттым. Қазақ, орыс, татар тілдері – менің ана тілдерім. Олардан еш уақытта бас тартпаймын. Тіпті, Конституциядан алып тастаса да, көп ұлт бар отбасыммен қай тілде сөйлесемін? Тек қазақ тілінде ғана ма? Туыстарымнан бас тартуым керек пе енді? Біз өнер адамдарымыз, тіл мәртебесін өз шығармаларымыз арқылы көтеруіміз керек», деп ақталғаны мақтанған көңілімізді су сепкендей басып тастады. Жуырда осында Алматыда көптен тұратын бір ауғандық азаматпен сөйлесіп, әңгімелесудің сәті түсті. Сонда ол сөз арасында:

– Сізге бірдеңе айтсам ренжімейсіз бе? – деді.

– Не айтайын деп едіңіз? – дедім ынтағып.

– Ренжімейсіз ғой?

– Ренжімеймін.

– Меніңше сіздер ұлттық рухты жоғалтып алғансыздар. Қалай десем екен? Орысша айтқанда «гордость» и «достоинство».

– Қалайша? – деп мен бұған шамданып қалдым.

– Байқайсыз ба? Мен қазақшадан гөрі орысша жақсы білемін. Себебі, сырттан, шетелден келгеннің бәрі жағдайды көреді де амалсыз орысша үйренуге тырысады. Өйткені, көбіңіз әлі орыс тілінде сөйлейсіздер. Қазақшаға сұраныс жоқ. Жиналыстардың бәрі орысша өтеді. Мен кейде газеттерден қытайша, түрікше, италянша, грекше білетіндерді жұмысқа аламыз деген хабарландыруларды көремін. Сонда, шет елдік фирмалардың өзі сіздердің жерлеріңізде тұрып, өздерінің талаптарын қойып отыр. Бұл жерді, елді сыйламау ғой. Намысы бар ұлт мұндайға жол бермеуі керек.

«Итің ұры» десе намыстанатын қазақ емеспіз бе? Мен бұған кәдімгідей намыстанып, қызарақтап қалдым.

– Қатты айтсам кешіріңіз. Біздің халықта: «Дос жылатып айтады» деген мақал бар, – деп ауғандық келімсек орнынан тұра берді. Мен үндемей отырып қалдым. Ақымақ қана уәлі уәжге тоқтамайды. Айтып отырғандарының бәрі рас.

Міне, осы айтылғандардан кейін расында да «Біз әлі де сол баяғы құлдық психология, біреуге кіріптарлық пен жалтақтан айырылмаған халықпыз-ау» деген ой келеді. Мұндай табаны бүрсіз, тайғанақ мінез, босбелбеу қалып, жалпақшешей ұстаныммен басқалар басынбай, санасып, сыйлайтындай ел бола аламыз ба? Елді ел етіп қалыптастыратын оның қазан-ошағы ғана емес, ұлттық рухы мен намысы емес пе? Мен мұның бәрін тырнақ астынан кір іздеп, қазақты жек көргендіктен айтып отырған жоқпын. Осы халықтың бір өкілі-перзенті ретіндегі іштегі запыран мен жанайқайым... Айтқанымды ақылға салмай, жек көрсеңіз өзіңіз біліңіз.

Данышпан Абай:

«Қайнайды қаның,

Ашиды жаның,

Мінездерін көргенде!» – деп текке күйінбеген ғой.

Қазақты қайдағы бір қаймана халық грузинмен салыстыруым қисынсыз, әрі орынсыз болса алдын ала кешірім сұраймын.



Фазылбек ӘБСАТТАРҰЛЫ,
журналист

ҰЛТТЫҚ ПАТРИОТИЗМ немесе ҚАЗАҚПЫН ДЕГЕН ҚАНДАЙ БАҚЫТТЫ

Адамның екі нәрсеге құқы бар: еркіндік пен өлім. Егер, **біріншісіне** қол жеткізе алмасам, онда **екіншісін** таңдаймын. Себебі, мені ешкім тірі өлік етіп ұстауға құқы жоқ. Харриет Тубман.

Қазақтың баласы, берісі ел басқаруды, арысы адамзатты, әлемді басқаруды мақсат етуі тиіс.

Патриотизмді дамытудың басты шарты, отандастар бір жұдырық болып жұмылып, бірлік пен татулықты сақтау. Құм, кесек, су, топырақты кез келген бала қалаған формасына келтіре алады. Егер де, осыларды цементпен араластырсаңыз бетонға айналады. Енді, оны бала түгілі жігіттердің өзі қолымен бұзып, үгіте алмайды. Ендеше, кішкентай ғана құм түйіршіктер мен топырақты, суды біріктіріп тұрған не нәрсе? Әрине, цемент. Осы тектес миллиондаған отандастарымызды бір-біріне байлап тұрған, бөлінбес бір Отан, ұлтқа біріктіріп тұрған патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік. Сол үшін ұлтымызды ұйыстырып, бірлігімізді сақтап тұрған патриотизм біз үшін өте маңызды, басты мәселе. Бірақ, патриотизм жасанды болмаған жағдайда ғана өз жемісін береді. Патриотизмнің объектісі, қайнар көзі Отан. Ал, оның мазмұны табиғаты, оның байлықтары, жері, тарихы, тілі, т.б. Сондықтан, біздегі патриотизмде ұлттық мазмұн болуы шарт. Мысалға, елімізде өмір сүріп жатқан өзге диаспоралар Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбайды, Ахмет, Әлихан, Мұстафаны Отанын қорғаған батырлар ретінде тануы және өз қаһармандары ретінде қабылдаулары керек. Себебі, өзге диаспоралар өмір сүріп жатқан Отан үшін құрбан болғандар, олардың да батырлары болып қабылдануы қалыпты жағдай. Өйткені, оларға Отан болған жер үшін, өмір сүрулеріне жасалған жағдай үшін құрбан болғандарға құрмет көрсетуі азаматтық парызы. Патриотизмді халықтың табиғатына жақын, өмір сүру салтымен

ұштастырғанда ғана ол сіңімді әрі әсері мол болады. Халқымыздың ғасырлардан бергі тарихы, қалыптасқан салт-санасы бар. Патриотизм сонымен үйлескенде ғана Қазақстан жетістікке жетеді. Елбасымыздың болашақты болжай алатын көреген саясаткер екендігін Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимніне «Намысын бермеген қазағым мықты ғой» деп өзгеріс енгізгенінен байқауға болады. Егер, назар салсаңыздар мемлекеттік гимнде тек қазақ ұлты туралы ғана айтылып тұр. Себебі, болашақта Қазақстанның азаматымын дегеннің бәрі қазақ деген ұлттың айналасына ұйысып, сіңісіп кететіндігіне көз жеткізді. Қазіргі күннің өзінде еліміздің кез келген азаматын шет мемлекеттер қазақ деп таниды. **Қазақ емес талай отандастарымыз шетелге барып, өздерінің қазақ азаматы екендіктеріне көздерін жеткізіп қайтып жатыр. Енді, бұл процесті жеделдетудің төте жолы ұлттық патриотизмді дамыту.** Егер, ұлттық патриотизмді дамытар болсақ, еліміздегі өзге этникалық топтарды өзімізге сіңіру процесін жеделдетер едік. Түптің түбінде азаматтарымыздың бәрі қазақ азаматы болып, қазақ азаматы екенін мақтан тұтатындай болады. Ал, ұлттық табиғатымызға жат, ғасырлар бойғы салт-дәстүрлерімізге қарсы, жасанды патриотизмдер Қазақстанды ұшпаққа шығармайтыны екіні екіге қосқанда төрт деген заңдылықпен бірдей. **Мысалға, ұлттық табиғатымызға жат коммунистік патриотизмнің қандай жарға жыққанын тарихтан сабақ алғанымыз жөн болар. Кеңес кезіндегідей Отаны үшін ата-анасын сатып жіберетін жалған патриотизм емес, керісінше халқымыздың табиғатындағы «Отан – отбасыдан басталады» дегендей, отбасыдағы бірлікті нығайту мен ата-анасын сүйуден бастауымыз керек.** Халықтың табиғатына жақын дегенде, ашық саясат ұстанбасақ та, ұлттық патриотизм төңірегінде өрбіткеніміз абзал. Бұрынғы ата-бабаларымызға, қазіргідей арнайы патриотизм саясаты жүргізілмесе де Отанды қорғауда жанын-тәнін аямай, патриотизмнің керемет үлгісін көрсеткен. Себеп біреу, табиғаттан,

ұлттық тәрбиеден берілген табиғи, ұлттық патриотизм. Жасандылық жоқ. Басқа елдердің патриотизмін үлгі тұтқандарға айтарым, тарихымызды оқысын. Тарихымызда патриотизмге үлгі тұтар мысалдар өте көп. Мысалға, жылқы үшін, яғни, мал-мүлік үшін, әйел үшін соғыспаған ғұн бабаларымыз тек Отанын, жерін, атамекенін қорғау үшін ғана соғысқан. Бірде ғұндардың негізгі әскері батысқа қарай жылжып кеткен кезде, шағын әскерімен қалған ауылға тұтқиылдан қытайлар шабуыл жасайды. Сонда қытайлардың қоршауында қалған ғұндардың батыры Чжи-чжи ешқандай үміттің жоқтығына қарамастан: **«Мойынсұнбаймыз да бас иеміз. Бас ию өткен тарихымызға, бабаларымызға сатқындық болады. Бас кетер, бірақ, бас иілмеуі керек. Біздің даңқымыздан барлық жаудың дізесі дірілдеген. Біз өлсек өлейік, бірақ, бабаларымыздың даңқын сақтап қалуымыз керек. Өздеріңіз білесіздер, соғыстағы әскердің тағдыры өлім. Біз өлгенмен біздің даңқымыз асқақтайды»** деп әскерін қашуға емес, жанын сақтауға емес майданда өлуге шақырады. Осылайша, күш мүлде тең емес жағдайда барлығы түгелдей ерлікпен қаза табады. Бірақ, қытайлар бабаларымыздың, осындай, асқақ даңқынан осы күнге дейін Ғұндар десек бойында үрей пайда болатындығы шындық. Ата-бабамыздың патриоттық даңқы ешқашан өлмейді. Біз тек ата-бабамыздан қан арқылы беріліп келе жатқан патриоттық рухымызды қайта оятып, асқақтата алсақ болғаны. Шын мәнінде әлем патриотизмді бізден үйренуі керек деп ойлаймын. Сондықтан, ендігі маңызды мәселе патриотизмнің ұлттық сипатта жүргізілуінде жатыр. Кез-келген әлемдегі мемлекет ұлттық сипаттағы патриотизмді насихаттауда. Мұның себебін, жоғарыда айтқандағыдай, **мемлекеттегі титулды ұлттың табиғатына, мәдениетіне, болмысына жақын табиғи патриотизмді тандағанда ғана өміршен болмақ. Себебі, бұл тәсіл халықтың жүрегіне жақын, ақылға қонымды болып келеді.** Оған мысал, қай елге барсаңызда шаңырақтың иесі қай ұлт екені көрініп, сезіліп тұрады. Мемлекеттік саясаттары, сол ұлттың өкілі екенін мақтан тұтатындай сезім қалыптастыруға тырысуда. Мына бір сөз көп елдерде айтылып, жазылады: **«Мен малай ұлтынан болғанымға мақтанам», «түрікпін деп айтқан адам қандай бақытты»** осы мағыналас ұрансөздер көп елдерде саналарына сіңіріліп жатыр. Осы әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып, біз де **«ҚАЗАҚПЫН ДЕГЕН ҚАНДАЙ БАҚЫТТЫ»** деген ұрансөзді, оған қоса **«Ұлы Қазақстан», «Ұлы қазақ елі»** деген

терминдерді бұқаралық ақпарат құралдарында көп қолданып, халықтың санасына сіңіру саясатын ұстанғанымыз абзал. **Ешқандай мемлекет те немесе тарихта ұлтқа қарсы саясат жүргізген билік те ұшпаққа жетпеген. Түптің түбінде ұлттық саясат алдымен санада жарылыс беріп, соңы қантөгіске ұласқан. Табиғаттың заңына қарсы жүргізілген жұмыстар әрдайым жаңылыс тауып, табиғаттың заңымен жазаланып отырған. Сондықтан, Қазақстан тарих бойы қазаққа мекен, Отан болып, мәдениет, ұлт қалыптастырғаны үшін ағысқа қарсы жүзбей мемлекеттік саясатты қазақтың ұлттық саясатымен, яғни, ұлттық патриотизммен ұштастыруға мәжбүрміз.** Бұдан басқа жол мемлекетімізді адастыратыны хақ. Дамуға ұмтылған елдердің бәрі де ұлттық патриотизмді дамыту арқылы ғана жетістікке жеткен. Ұлттық патриотизмсіз ешқандай ел жетістікке жете алмайды. Өйткені, **патриотизм – мемлекеттің велосипеді болса, педалі титулды, жетекші ұлт.** Педалін басып тұрмасақ мемлекет – велосипед құлап қалуы мүмкін. Сондықтан, патриотизм дегенде өз тамырынан, тарихынан бастау алған патриотизмді айтуымыз керек. Екінші бір жағынан алып қарағанда, патриотизм біздің діни парызымыз болып табылады. Ислам дінінде дінді қорғаумен қатар Отанды да қызғыштай қорғау міндеттеледі. Сонымен қатар, **«Отанды сүю – иманнан»** деп хадисте бекер айтылмаса керек. Дініміздің шарты бойынша, осы құндылықтарды қорғау жолында қаза болғандар шейіт саналады. Ал, шейіттердің ақиретте есепсіз жәннатқа баратыны белгілі. Қасиетті Құранда бұл жөнінде: **«Шейіттерді өлдіге санамандар. Олар тірі, Аллаһ біледі, сендер білмейсіңдер»** («Бақара», 154-аят) делінген. Сондықтан, Отанды қорғау жолында, ұлтымыздың жарқын болашағы үшін басын бәйгеге тіккендер екі дүниеде де ардақталады.

Мың өліп мың тірілген қазақ халқы Отан үшін не көрмеді, не істемеді. Елін, жерін қорғау үшін кескілескен соғыстар жүргізді, одан кейінгі ұрпақ қорлық пен зорлықтың сан түрін көріп, «елім, Отаным» дегені үшін атылып, түрмеге қамалып, қуғын көрді. Тәуелсіздікті көру бір арман болып, ішқұсамен өмірден өткендері қаншама. Осының барлығы не үшін еді? Әрине, Отан үшін. Сонша ғасырлар бойғы ата-бабамыздың арманы болған Отанды қорғай алмасақ сүйегімізге қара таңба болмай ма? **Соншама тағдырларды жұтқан, құрбан еткен тәуелсіздікті, Отанды қорғау – Абылай хан, Кенесарыдан бастап, Әлихан, Ахмет, Мұстафа, Смағұлдар**

бастаған тұлғаларымыздың алдындағы, қазақ халқының алдындағы перзенттік парызымыз. Қазақ халқының Отан қорғау мәселесіндегі ерекше асқақтықпен, мақтанышпен айтуға тұратыны, көп елдер тәуелсіздігімізді қорғадық деген желеумен өзге елдің жеріне басып кірсе немесе өзге ұлттың құқын таптаса, өзге елдің жеріне сұқтанбаған әлемдегі санаулы ұлттың бірі осы қазақ халқы. Қазақ, қазақ болғалы бері тарихта ешқандай елдің жеріне басып кірмеппіз. Елбасымыз айтқандай «біздің тарихымызда ұялатындай ешнәрсе жоқ». Тек ұстанған саясатымыз, мақсат-мұратымыз тәуелсіздігімізді, еркіндігімізді қорғау ғана болды. Тәуелсіздігімізге, Отанымызға көз алартқандарға айтарым жеріміздің құшағы кең бәрімізге де жеріміздің астынан орын табылады дегім келеді. Осыларды ескере келе және нәтижелі болу үшін, сергек, сезімтал, тез қабылдағыш жастарымыздың санасына ұлттық патриотизмді сіңірген жағдайда тезарада жемісін берері сөзсіз. Оған дәлел, елімізде патриоттық саясаттың орнына түрлі саяси, діни ағымдардың жүргізген саясаты нәтижесінде жастарымыз сол идеологияның құлы болып шыға келуі. **Қазақ жастарының әрдайым алған бағыты, тәрбиесі бойынша тас жарып шығатын қабілеті бар.** Мысалға, жастарымызды діни бір ағымда тәрбиелесек сол діннің басшыларын жолда қалдырып, өздерін оқытып жібереді. Сондықтан жастарымызға дұрыс бағыт-бағдар беріп отыруымыз керек. Қазіргі таңда жастарымыздың санасын түрлі «аурулар» жаулап алған кезде оған қарсы қанымызда бар жалғыз патриоттық иммунитет арқылы ғана төтеп беру мүмкіндігіміз қалды. Ол үшін патриоттық иммунитетімізді күшейтуіміз қажет. Сонда ғана Отанын, ұлтын сүйіп тұрған жастарға ешқандай сыртқы күштер, идеологиялар әсер ете алмайды.

Қазақтың патриотизмі қанында, генінде бар. Тек соны қайта жаңғыртып, сілкіндіру керек. Қазақ ешқашан бір үйде құл болып қызмет етпеген. Қазақ дегеннің өзі еркін, тәуелсіз деген мағына береді. Сондықтан, тәуелсіздік, еркіндік ұғымдары қазақ сөзімен егіз, мағыналас. Бұл елдің атауы тарихта да Қазақ еді. Бүгін де Қазақ және болашақта да Қазақ болып қала бермек. Сондықтан, бұрыннан қазақ болып келгендер үшін тарихқа, ата-бабаларына қиянат, сатқындық жасамай, Қазақ болып туған соң Қазақ болып өлу керек. Түбінде бір өлеміз. Бірақ, қалай, қай жерде өлетінімізді білмейміз. Ақыры өлетін болған соң ар-намыстың, Отанның

жолында өлген әлдеқайда даңқты, асқақ, абыройлы. Ал, егер басқа бір мақсатта жан берсеңіз сіздің өмірде болып болмағандығың белгісіз болып қалады. Сондықтан, Отан дегенде бәріміз оны қорғауға және сол жолда өлуге ұмтылуымыз керек. Дүниедегі ең қымбат, ең тәтті жан болса, сол жан Жер-ана үшін, Отан үшін беріліп жатса, онда Жер-ана, Отан жаннан да қымбат деген сөз. Отан жанымыз бен тәнімізден де, бәрінен де жоғары тұрған асыл дүниеміз. Бәрімізге сол жаннан да қымбат Отан үшін абыройлы, асқақ өлім бұйырсын деп тілеймін. Осыған орай беретін ұсыныстарым: **бірінші**, қоғамдық көліктерді пайдалану тәртібіне мынадай өзгерістер енгізу: көліктің артқы есігінен мініп алдыңғы есігінен шығу. Себебі, халық мініп жатқан кезде барлық кондукторлар болсын, халықтың өздері де әрдайым «алға қарай», «алға жылжыңыздар», «алға» деген сөздер айтылады. Ал, бізде керісінше «артқа қарай» деген сөз көп қолданылады және санада теріс әсер қалдырады (*Бұл шараны бір-екі қалада сынақ жасаудан бастауға болады*); **Екінші**, бұрындары жау қарсы бетте тұратын. Отанды кімнен қорғайтыныңды, кімнен соғысарыңды білетінсің. Қазір жаулар «Троя аты» сияқты ішке еніп, іштен ірітіп жатыр. Рухани-мәдени, ақпараттық соғыс бастап жіберді. Мұндай соғыстан Отанымызды қорғаудың бір жолы және жаудың жанды жері – ақша (қаржы) арқылы қарсы тұру. Ол қалай? Алдымен оларға ешқандай қаржымызды бермеу. Мысалға, шетелдік тауардың барлық түріне бойкот жариялау, сатып алмау. Оның орнына отандық тауарды сатып алу. Тауар дегенімде, рухани-мәдени (*сазет, журнал, кітап, интернет қызметтерін, т.б.*) тауарларын, қызметтің барлық түрлерін (*әуе қызметтері, демалыс қызметтері, т.б.*), дәрі-дәрмек, ас-тағамдары, т.б. заттарын, қызметтерін барлығын сатып алмау. Оның орнына өзіміз қызмет түрін ашып, отандық қызмет-тауарға қолдау көрсету. **Осыны ауқымды, кең көлемде насихаттау;** **Үшінші**, ұрпаққа білім бергенде ұлтына, тіліне қарамастан білімнің қай саласы болмасын міндетті түрде мемлекеттік тілді үйрету, Отанына, Қазақстанға сүйіспеншілігін арттыру және оны қорғауда бір жұдырық болатындай бірлігін арттыру; Отан үшін құрбан болғандарды еске алу кештеріне өзге диаспора жастарын көптеп тарту қажет. Жастарға тарихи тұлғаларды сіңіру; **Төртінші**, адамның табиғаты кез-келген жаста ақпаратты қабылдап, сол ақпарат бойынша әрекет етуге бейім екендігін ғылым дәлелдеген. Бұлайша айтқанда кәрі

адамдардың да миын жуып жіберуге болады деген сөз. Сондықтан, ұлттық патриотизмді насихаттау үшін 25-кадрды пайдалануымыз уақыт күттірмейді. Ақыры, қазір бәрі кітап оқығаннан көріністі (*кино, клип, мультфильм, бейнероликтер, т.б.*) тамашалауға құштар ғой. Осы мүмкіндікті тиімді пайдалану керек. Ол үшін 25-кадр арқылы патриоттық материалдардың әдістемесін жасауымыз қажет; **Бесінші**, әскер, билікті ғана қорғайтын құрал емес халықты, мемлекетті қорғайтын күштік құрылым ретінде насихаттау. Әрбір әскерге деген халықтың сүйіспеншілігін ояту. Барлық жерде халық әскерге құрмет көрсетіп, әскер болған үлкен мақтаныш деңгейіне жеткізу; **Алтыншы**, отанды қорғау жолындағы даңқты жеңістерімізді, батырларымызды әспеттеп, жастарға үлгі етіп, санасына сіңіру. Одан қалды қазіргі таңдағы Отан үшін жасалған барлық ерліктерді ұлықтап отыру. Мысалға 9 мамыр – Жеңіс күнін алып тастау. Орнына, қазақтың ұлт болғалы бергі алғашқы жеңіс күнін Жеңістер күні деп атау керек. Себебі, тарихымыз жеңістен кенде емес. Сол жеңістерімізді бір-біріне алаламай бәрін бір күнде тойлау. Бұл халқымыздың рухын асқақтату үшін керек. **Одан кейін Жеңістер күнінде қазіргідей тірілерді марапаттап, оларға үй беруден емес, Отан қорғау жолында қайтыс болғандарға құрмет көрсетіп, отбасыларына көмектесуден бастау керек. Сонда Отан жолында жан беруге даяр адамдар артына қарамай, алаңдамай Отан қорғар еді; Жетінші**, жалдамалы әскерге жол бермеу. Отанды қорғағаның үшін ақы сұрау, ақылы қызмет ету патриотизмді жоюдың бір түрі. Бұл ата-ананды, отбасынды қорғағаның үшін ақы сұрағанмен бірдей. Халықты бір араға бірлестіріп, бір дене етіп тұрған патриотизмді жою деген халықтың бірлігін жою деген. Мемлекеттерді әлсірету үшін әлем халықтарын байлықтың құлы етіп, адам бойындағы ашкөздік жыртқыштық сезімдерін күшейтіп жіберді. Отанымызды қорғайды деген жастарымыз қазір машина мінгеніне, қыдырғанына, ішіп-жегеніне мәз, байлықтарын жарыстырудан қолдары босамайды, осындай бас көтере алмай жүр. Оларға айтарым тәуелсіздік, **Отан дүниенің байлығына да сатыла алмайды. Сатылмайды. Сатылмайтын ұғымдар. Қандай бай болсаңыз да тәуелсіздігіңіз, отаныңыз болмаса адам ретінде саналмайсыз. Жеке өмірмен салыстырмалы түрде алып қарар болсақ, байлығың, жылы-жұмсағың беріп сені құл етіп ұстаса, қызы сені басқарса ондай байлықтан садақа кетсін. Біз олай еркіндіксіз, тәуелсіздіксіз өмір сүре алмай-**

тын ұлт екенімізді естен шығармаңыздар. Қу құлқынға, тамаққа бола, тәннің рахатына бола, адамнан да жоғары тұрған рухани, ұлттық дүниелерді айырбастасақ қаңғыған ит құрлы болмағанымыз ба, қаңғырған ит те қарнын тойдырады ғой. Ал, біз адам емеспіз бе? Енді келіп әскерлердің отансүйгіштігін сатып алмақшы. Отан қорғайды деген соңғы үмітіміз әскерлер енді жалдамалы болатын болса, онда соңғы дінгек құлады деген сөз. Жалдамалы әскерлер тарихтан бері бір пайда келтірмеген. Оған Франциядағы жалдамалы әскерлердің соғыспай қашып кеткені дәлел. Қысқасы, әскер мәселесімен ойнаған билікке ешқашан опа бермеген. **Отан қорғауды былай түсінген абзал, мемлекет әкеміз болса, жер анамыз. Ал, ұлт осы ата-анадан туылған бала. Бала өз ата-анасын қалай қорғайтын болса, ұлт та Отанын солай қорғауы шарт. Көп елдерде Отан қорғауды борышым деп біледі. Егер де, Отан қорғауға алмай қойса «құқымды бұзды» деп өз еркімен Отан қорғау ісіне кірісіп кетеді. Ал, біздегі жағдай Отан қорғау міндетті құқы болса да әскерден қашу үдерісі қалыптасты. Біз жастарды Отан қорғауды құқы деп емес өтелмес парызы, міндеті деп үйреткеніміз дұрыс. Өтелмес парызы тұрмақ жан-тәнін Отан үшін құрбан етуге дайын тұратындай болуы керек. **Сегізінші**, халыққа тәуелсіздік, Отан ұғымдарын түсіндіретін, насихаттайтын материалдарды көптеп шығару, тарату. Әлемдегі отарлаушылардың көпшілігі отар халқына тәуелсіздік туралы көп ақпарат беруге қарсы. Себебі, санасы оянып кеткен халық шын тәуелсіздікке ұмтылады деп қорыққан. Билік көбіне халыққа формальді, тәуелсіздіктің сыртқы формасын ғана түсіндіреді. Сыртқы күштер халықты құл етіп ұстауға бейім әрі мұқтаж. Бір ғана мысал келтірейін, көп елдерде түрмелерге еркіндікті насихаттайтын ақпараттар, материалдар кіргізуге қатаң тыйым салған. Себебін өздеріңізде түсінген боларсыздар. Ал, біз бір елдің отары немесе құлы емеспіз ғой. Сондықтан халықтың санасын оятатын, патриотизмге баулитын ақпарат, материалдарды тарату; **Тоғызыншы**, патриот, отан қорғаушы жастар тәрбиелегенде Отанды тек қарумен ғана емес, ақылмен де қорғау жағын насихаттауымыз керек. Ол үшін дарынды, талантты жастарды патриотизмге баулып, мемлекеттік қолдауға алу; Отан қорғау жолында соғысқан, қайтыс болғандармен қатар, мемлекеттің дамуы үшін көп пайдалы еңбек еткен азаматтарды да ардақтап, қолдап отыру. Өйткені, қазіргі заман Отанды қорғау қарумен ғана емес ақылмен қорғау жүзеге асатын болды.**



Еркебұлан ӘЛІМХАНҰЛЫ,
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
PhD докторанты

Қазақстан халқы да басқа елдер сияқты өз ішінде әлеуметтік, этникалық, генеологиялық, діни және идеологиялық тағы басқа ерекшеліктерге байланысты жіктелген, бөлшектенген қоғамға жатады. Осылардың ішінде идеологиялық ұстанымына байланысты халықтың қандай ағымдар мен топтарға бөлінетініне тоқталып өтуді жөн көрдік. Алайда, Қазақстанның жағдайын әлемдік идеологиялық ағымдардан бөлек қарастыруға тура келеді. Егер әлемде либерализм, консерватизм, марксизм, социал-демократизм сияқты идеологиялық бағыттар үстемдік құрып, бір-бірімен бәсекелес болса, тарихи даму ерекшелігіне байланысты Қазақстанда бұл ағымдардың күресі жоққа тән. Марксистік-ленинистік идеология үстемдік құрған КСРО-ның құрамында болған Қазақстан либерализм және консерватизм сияқты ағымдармен тек қана өткен ғасырдың аяғында ғана танысты. Сондықтан, Қазақстанда аталған ағымдар кең қанат жая алмады, ал, бір ғасырға жуық уақыт монополия құрып келген коммунизм идеологиясынан халықтың басым көбі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін-ақ бас тартты. Сөйтіп, елімізде жоғарыда аты аталған ағымдардың кейбір элементтерін ғана бойына сіңірген өзіндік идеологиялық топтар қалыптасты.

Өзіндік идеологиялық ағымдардың қалыптасуына жоғарыда айтылып өткендей, Қазақстанның тарихи даму және саяси-әлеуметтік ерекшелігі әсер етті. **Өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап, марксистік-ленинистік идеологияның әлсіреуімен бірге пайда болған вакуумды отаршылдыққа қарсы көтерілген ұлтшылдық сезім толтыруға тырысты (бұл жерде қазақ ұлтына**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЙШЫЛЫҚ: АҒЫМДАР МЕН ТОПТАР

қатысты айтылып отыр). Біртіндеп кеңейе берген вакуумді түрікшілдер, діншілдер, славяншылар, демократтар, либералдар болып толтыра бастады. Сөйтіп, Қазақстанда бірнеше идеологиялық ағымдар қалыптасты, бұл әлемнің көптеген елдеріне тән қалыпты құбылыс болып табылады. Өйткені, билікке күрес дәл осы идеологиялық ағымдардың арасында жүреді. Сондықтан, идеологиялық ағымдардың мемлекетте көп болуынан аса қатты қорқудың қажеті жоқ, себебі идеология:

- Белгілі бір әлеуметтік топтың мүддесін қорғауына мүмкіндік береді;
- Пікірлес, идеялас, мүдделес адамдарды жақындастырады;
- Өздерінің талаптарын саяси шешім қабылдаушылар тарапынан ескерілуіне жағдай жасайды.


Бір ғана идеология үстемдік құрған қоғамның етегінен шыққан Қазақстан халқы үшін қазіргі идеологиялық ағымдардың көптігі, олардың бір-бірімен өзара қайшылығы, теке-тіресі «хаос» сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, бұл «ашық» қоғамның көрінісі болып табылады, яғни, «тоталитарлық емес жүйеде бәсекелес бірнеше идеологиялық ағымның болуы заңды». Сол себепті, идеологиялық ағымдардың көп болуынан емес, тек олардың радикалданып, мемлекетке қарсы бағыт алып кетпеуінен сақтану керек.

Қазақстанда әлі идеологиялық ағымдар саяси партия құрып, билікке күресуші күшке айналып үлгермегендіктен, оларды қалыптасу үстінде деп айтсақ қателеспейміз. Сондықтан, елде нақты қандай идеологиялық ағымдардың бар екенін, халық арасында олардың үлесі қаншалықты екендігін дәп басып айту қиын. Тек, баспасөз беттерінде көтеріліп жүрген мақалалар мен әлеуметтік желілердегі пікірлерге, дискуссияларға қарап болжам ғана жасауға болады. Өз кезегінде, бұл тақырыпты абстрактілі ғана елестетіп, оны тереңірек ашуға, оқушыға

түсініктірек болуға қиындық тудырады. Бұл қиындықтан құтылу үшін, елімізде бар деп алынған идеологиялық ағымдардың болмыс-бітімін, кескін-келбетін жасауға тура келді. Осы мақсатпен сызылған «ағаш» бізге тақырыпты анығырақ анықтауға, кеңірек ашуға және көз алдымызға нақтырақ елестетуге мүмкіндік береді. Мақалада, Қазақстандағы идеологиялық ағымдар осы ағаш сурет бойынша сипатталады.

Діни мотивациялы (ислам діні): бұл топқа «өзін және өзгені танытуда (*идентификация*)» дінді бірінші орынға қоятын

Шығыстағы кейбір мұсылман елдерінде діни, яғни, исламдық идеологияны ту етіп ұстаған партиялар билікке келуде. Сарапшылар «**самарқау ислам**» бағытындағы ағымдар деп сипаттайтын бұл партиялардың билікке келу моделі Түркиядан бастау алды. Қазақстанның да халқының басым бөлігі мұсылмандар болғандықтан «діни мотивациялы» бөлімде ислам діні қарастырылды. Бұл топтың өз ішінде тағы да көптеген ағымдарға бөлінетіні жасырын емес. Оларды үш ірі топқа жинастырып қарастыруға болады.



адамдар» жатқызылды. Дін – өте күшті идеологиялық құрал болып табылады. Сондықтан, билікке күрес, оған жету жолында дінді қолдану барлық елдерге тән құбылыс. Яғни, клерикализм – саясат пен руханиятта шіркеудің рөлін жоғары қоятын ағым Еуропаның көптеген елдерінде заңды саяси күшке айналған. Ал, «Араб көктемімен» басталған билік ауысу үдерісінің нәтижесінде Таяу

Фундаменталистер немесе дәстүршілдер: мақсаты «халифат құру немесе шарифат заңдарына негізделген мемлекет орнатуды көздейтін, зайырлылық пен «**заманға сай өзгеріс**» деген пікірлерге сын көзбен қарайтын және өз жамағатындағы адамдардан басқаларды «**адасқандар**» ретінде санайтын» ағымдардың осы топқа кіргізілгені айтпаса да түсінікті. **Самарқаулар немесе жаңашылдар**

(модернистер): бұл топқа «**мемлекетпен конструктивті жұмыс істеуді қалайтын, «заманға лайық» болуды ойлайтын және «диалогқа» әрдайым әзір**» жамағаттар жатқызылды. Сондай-ақ, Қазақстандағы ислам дінін ұстанатын диаспора өкілдері де осы топқа кіретін болар.

Исламшыл ұлтшылдар: «өзін идентификациялауда діннен кейін ұлтын қоятын» адамдар енгізілді.

Батыстан бастау алған идеологияны жақтайтындар (батысшылдар): «Саяси, діни, әлеуметтік ұстанымына қарай «батысқа» бүйрегі бұрыңқырап тұратындар». Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, мұнда бастауын Батыс елдерінен алатын көптеген идеологиялар ағылды: **саяси-экономикалық жүйеге байланысты демократтық, социал-демократтық, либералдық, тағы басқа ағымдар; ұлт пен мемлекетке деген көзқарасына қарай маргиналдар, космополиттер; діни бостандықты пайдаланып келген неше түрлі ағымдар; жыныстық ауытқулардың құқығын (гомосексуалистер) қорғайтын, гендерлік теңдікті жақтайтын (феминистер), бұлардан басқа да батыстық қоғамдық қатынастар тәртібін құптайтын немесе оған бүйрегі бұратын адамдар пайда болды.** Бұлар да қазіргі таңда елімізде шешуші рөлге ие қоғамдық күшке айналған. Жоғарыда аталып кеткен Батыс елдерінен келген идеологиялық ағымдарды ерекшеліктеріне қарай негізгі үш топқа бөліп қарастыруға болады.

Діни сеніміне қарай: «Батыс елдерінен келген түрлі діни және философиялық ағымдардың жетегіне ергендер».

Мемлекет пен ұлтқа көзқарасына қарай: «адамзаттың баласы болуды қалайтын маргиналдар мен космополиттер және мемлекеттік билік жүйесін мойындамайтын анархистер».

Қоғамдық-саяси ұстанымына қарай: «мемлекеттің басқарылу формасы мен оның функцияларына қатысты саяси, экономикалық, философиялық немесе социологиялық теориялардың бірін қолдап, елдегі жүйенің өзі таңдаған тұжырым бойынша жүргізілуін қалайтындар».

Ұлтшылдар: тобына кіріспес бұрын, мына, бір мәселеге тоқталып өткен жөн болар. Қазіргі таңда Қазақстанда қалыптасқан түсінік бойынша ұлтшылдар мен тұраншыл, түрікшілдер бірге саналады. Бұл бәлкім Түркиядан келген «түсінік» болар, өйткені, онда тұраншылдар ұлтшылдардың ішінде қарастырылады.

Түріктер үшін бұл қалыпты болуы мүмкін, өйткені, «түрікшіл» болу мен «ұлтшыл» болу бір мағынаға келіңкірейді. Алайда, Қазақстанның жайдайында бұл екеуінің басын ашып алу керек. Яғни, **Алаш қалыптастырған ұлтшылдық мен тұраншылдықтың аражігін ажыратқан дұрыс болар. Өйткені, екіншілері ұлттан жоғары ұйым құруды қалайды, «тұран ұлтын» қалыптастыруды көздейді** (*Бозқұрт партиясының жұмысына Қазақстанда тыйым салынуының да себептерінің бірі осында жатыр*). **Алаш ұлтшылдығы болса – мемлекеттік, қазақтық ұлтты бірінші орынға қояды. Сондықтан, қазіргі ұлтшылдар не Алаштың ізін қууы керек не М. Шоқай мен Т. Рысқұлов қолдаған тұраншылдықты таңдауы тиіс...** Дегенмен, бұл мақалада қалыптасқан түсінік бойынша ұлтшылдар мен тұраншыл, түрікшілдер бірге қарастырылды. Ұлтшылдар, осылай, екіге айырылғаннан кейін екі топ та өз ішінде негізгі қос бұтаға айырылады. Исламды қолдайтындар мен тәңіршілдікті жақтайтындар болып. **Алашшыл ұлтшылдар:** «ұлттық мемлекет құруды қалайтындар, ұлттық құндылықтарды жоғары көтеруді көздейтіндер». **Тұраншыл, түрікшілдер:** «түрік тілдес халықтармен етене болуды, түрік бірлігін жандандыруды көздейтіндер». **Ұлтшыл исламшылдар:** Бұл жерде айтылып кетуі тиіс «**Ұлтшыл исламшылдардың исламшыл ұлтшылдардан не айырмашылығы бар?**» деген мәселеге тоқталып өтсек. Бұл екеуінің айырмашылығы аса үлкен емес, сондықтан да, ағаштың бұтақтары бір-бірімен сүйкенісіп салынған... Басты айырмашылық идентификацияда, ұлт пен дінді бірінші кезекке шығаруында жатыр. **Біріншілері** дін мен ұлт егіз десе, **екіншілері** дінді ұлтты қалыптастырудың, танытудың бір «жолы» деп қана біледі.

Бүгін елімізде ұлтшылдық идеологияның белең алып тұрғаны ешкімге жасырын емес, сонау тоқсаныншы жылдары қатты көтерілген бұл сезім одан кейінгі жылдары басылғандай болған еді, алайда кейінгі жылдары орын алған саяси-экономикалық үдерістер оның қайтадан жандануына алып келді... Ұлтшылдықтың көтерілуі тек Қазақстанға ғана емес, әлемнің көптеген елдеріне, әсіресе Еуропа мемлекеттеріне де тән құбылысқа айналып отыр. Еуропада ұлтшылдықтың (*радикал ұлтшылдықтың да*) қайта жандануына қаржы дағдарысы тудырған проблемалар, иммиграция, діни

және ұлттық ерекшеліктерге байланысты қоғамда өзара түсіністіктің нашарлауы, терең ықпалдастық нәтижесінде мемлекетүсті ұйымдардың күшеюі, тағы басқа себепкер болды. Ал, **Қазақстанның жағдайында ұлтшылдықтың оянуына Еуразиялық Одақ аясында жаңа қол жеткізген тәуелсіздіктен айырылып қалу қаупі түрткі болғаны анық. Жалпы, отарлықтан азат болып жаңа тәуелсіздігін алған елдерде ұлтшылдықтың көтерілетіні қалыпты жағдай. Қысымда қалған ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді қалпына келтіру, этникалық дискриминациядан құтылу үшін бас көтерген мұндай ұлтшылдық, көптеген философтар мен саясаттанушылар тарапынан позитивті қабылданады.** Алайда, оның екінші негативті қабылданатын түрі де бар, өз ұлтының басқа ұлттардан жоғары екенін дәлелдейтін тұжырымдар шығарып, басқа этникалық топтарды кемсітуге бағытталған «әсіреұлтшылдық» идеология – фашизмнің негізгі қозғаушысы болып саналады. Қазақстандағы ұлтшылдық бұлардың алғашқысы болып табылады, сондықтан, одан үрейленудің қажеті шамалы...

Ресей, Еуразияшылдар: «Ресей «ең қауіпсіз» одақтасымыз санайтын, онымен ықпалдастық тиімді деп ойлайтын немесе Еуразия кеңістігінде түрік-славян одағын құруды көздейтіндер мен діни (православ) нанымына байланысты жақындастықты қалайтындар». Бұл топ та бірнеше бұтаға айырылады. Егер, оларды топтастырсақ негізгі үш ағым қалады; **Славяншылдар:** аты айтып тұрғандай-ақ «Ресейдің гегемонындағы бір одақтың болуын көксейді. Дін, мәдениет, өнер мен тілде славяндықтың (орыс мәдениетінің) үстем болғанын қалайды». **Түрікшіл еуразияшылдар:** «солтүстік көршімен ықпалдаса отырып түбінде түркілікті орнатуды көздейтіндер». Егер, славян-түрік мемлекеттер одағы құрылса демография сияқты маңызды тетіктер байырғы «Алтын Орданы» қайта тірілтеді деп санайтындар... **Ресейді қауіпсіз санайтындар:** Сондай-ақ, ешқандай «түріктік» пиғылы жоқ, тек қана Ресеймен ынтымақтастық Қазақстан үшін тиімді, шығыстағы көршіден құтқара алатын бірден-бір ел деп санайтындардың да осы жерде бір бұта болып тұрғанын айта кеткен жөн. **Орташылдар:** тобына жоғарыдағы «идеологиялардың ешқайсысына ере қоймаған немесе бірнеше идеологияны

қатар қолдайтын, болмаса барлығына да сын көзбен қарайтын» адамдар жатады. Бұлардың ішінде жоғарыдағы ағымдардың біріне жақын топ көбейгенде бұтақ та солай қарай иіледі... Жалпы, орташылдар кез-келген елдің саясатында үлкен рөл алатын күш болып табылады. Бұл қос тарапты тепе-тең ұстауға мүмкіндік беретін таразы іспеттес, сондықтан да, олардың ел саясатындағы орнын төмендетуге болмайды. Жоғарыда айтылып өткендей әр тараптың кей пікірімен келісіп, басқасымен келісе алмайтын орта жолдың өкілдерін де көзқарасындағы басым бағытқа қарай «оңшыл-орташылдар» немесе «солшыл-орташылдар» деп айырады. Қазақстанда әзірге оңшыл мен солшылдың арасы ажыратылмағандықтан орташылдарды бөлу қиынға түсіп тұр! **Қытайшылдар:** ағаштың түбінен әзірге енді ғана «көктеп» келе жатқан бұл бұтақтың болашақта қаншалықты үлкейетінін болжау қиын... Әзірге, бұл топтың өкілдеріне «шығыстағы көршінің түрлі діни-философиялық ағымдарын (фэн шуй, фалуньгун тб) ұнататын» адамдар жатады. Ол жақта білім алғандардың кейін қандай идентификацияны қалайтыны да белгісіз. Егер, мықты бір лидер не идеолог шыкса бұл бұтаның да үлкеюі ықтимал... Міне, Қазақстандағы идеологиялық ағымдар осылай жіктеліп айырылды. Әрине, ағаштың барлық ағымдар мен топтарды қамти алмағаны түсінікті. Жоғарыдағы ағымдардың өз ішінде тағы да бір ағаш сызарлық топтарға бөлінетіні белгілі, олар іштей тағы да айырылады, одан қалса «әр кәлләда бір қиял» дегендей әр адамның өз ойы, идеологиясы бар. Оның бәрін бір ағашқа сыйғызу мүмкін емес...

Сөз соңында, мына, мәселеге де тоқтала кетейік, жоғарыда аталып өткендей Қазақстандағы идеологиялық ағымдар әлемде үстемдік құрып тұрған консерватизм мен либерализмнің немесе социал-демократия мен либерал-демократияның кейбір жұрнақтарын ғана алған. Сондықтан, осы мақалада суреттеліп өткен ағымдардың қайсысының консерватизмге, либерализмге жақындығын айыру қиындық туғызады. Алайда ұлт, дәстүр, дін сияқты мәселелерге мән беретін консерватистік бағытқа ұлтшылдар мен діншілдерді жатқызуға болатындай. Ал, батысшылдарды сонымен бірге қазіргі саяси партияларды ішінара либералдық бағытқа жақын деп көрсете аламыз.



Жарас СЕЙІТНҰРҰЛЫ,
саясаттанушы

Менің ойымша, елімізде болып жатқан әлеуметтік құбылыстардың мәні мына бір түбегейлі мәселеге келіп тірелетін сияқты: «Бүгінгі таңда қазаққа, жалпы Қазақстан халқына демократия қажет пе?» Черчилль айтқандай **«адамзаттың одан тәуір ештеңе ойлап таппағанын»** ескергеннің өзінде де, Қазақстан үшін демократияландыру салдары қандай болатынын кім болжап бере алады? Шынымен-ақ, демократия бар пәледен құтқаратын панацея (*гр. қандай дерттен болмасын айықтыратын амал*) ма? Көкейде сансыз сауалдар туындай-ды. Бірақ, мен үшін бір нәрсе анық: **таразы басында Қазақстанның егемендігі, территориялық тұтастығы ма, әлде, демократия принциптерінің жүзеге асқаны қажет пе деген альтернатива (балама) тұрса, сөз жоқ, мен алғашқысын таңдар едім.**

Мәселені бұлай қоюыма себеп – көрші ресейлік баспасөз құралдары мен елімізде кейбір тәуелсіз саналатын орыс тілді баспасөздің материалдарымен танысқаннан кейін туған ой. Мақалаларға мән берсеңіз қазақтың ұлттық тұтастығына, ынтымағына қарсы бағытталған пиғылды байқамау мүмкін емес. Кезінде П.Своиктің «Караван» газетінде **«Казахстан и Россия: быть ли им в новом союзе?»** атты мақаласы қазақтарды біраз дүрліктірген еді.

Артынан оның «XXI век» газетіндегі ақталу сипатындағы мақаласын оқып **«жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ»** деп, тіпті жауына да кеңшілік көрсетіп, кешіріммен қарайтын көшпелілердің бір ұрпағы ретінде көңілім сәл жібігендей болды. Бірақ, сенімнен бір айырылғаннан соң қайта сенімге кіру оңай емес. Шынайы ниетінді, бетпердеңді бір көрсетіп алғаннан кейін

ҚАЗАҚИЯҒА БАСТАР ҚИЛЫ ЖОЛ

қаншама жуып-шаймақ болған әрекетің күмәнді оңай сейілте қоймайды. Қысқа мерзімнің ішінде позицияңды екі түрлі өзгерту кейінгі пікірлеріңе деген сенімге де көлеңке түсіреді. Осындайdan соң барып: **«қазақтардың ұлттық мемлекетін құруға көмектескілерің келмесе өздерің біліңдер, бірақ бөгет жасамаңдар»** деуге мәжбүр боласың.

Менің көңілімде күдік сауалдар тудыратын тағы бір жәйт: **әкімдерді сайлау, жергілікті өзін-өзі басқаруға байланысты мәселелер.** Егер, қазақтардың үлес салмағы аз солтүстік облыстарда әкімдер бүгінгідей тағайындалмай, сайланатын болса, нәтижеде сепаратизмге жол беріп алмаймыз ба? **«Сепаратизмге негіз жоқ»** деп өзімізді жұбатқанымызбен бір сәт ойлайықшы: күні кеше ғана біртұтас СССР деген империяның азаматы болғанын адам оңай ұмыта ма? Бүйрегі сол жаққа бұрмайды деп сол күнді қайта аңсамайды деп толық сеніммен айта аламыз ба? Бір ғана мысал, әлі күнге шейін солтүстік облыстардағы елді мекендер өз тарихи атауын қалпына келтіре алмай отыр. Егер, осы мәселені жергілікті мәслихат депутаттарының құзырына салсақ немесе сол аймақта референдум жүргізсек, онда ол мәселе қазақтардың пайдасына шешіледі деп айта аласыз ба? Баяғыда Америкаға беріп қойған Алясканы әлі күнге шейін өкініп, әнге қосып жүрген ресейліктердің қазақ жеріне көзін алартпайтынына толық сенім бар ма? Сол Солженицын, В. Жириновский сияқтылардың пікірлерін, ұсыныстарын оқи отыра, Қазақстан тәуелді мемлекет болу үшін авторитарлық биліктің әлі де қажеттілігі бар ма деген ойға еріксіз келесің... Рухани сепаратизмнен реалды сепаратизмге әкеп соқпайтынына кім кепіл? Сондықтан, бұл мәселеде абайлау керек сияқты. Демократияны дәрі дозасына өте сәтті тенеген екен. Санасы тоталитарлық қоғамда қалыптасқан адамдар үшін оны бірден

көп мөлшерде беру қаупін ескермеуге болмайды. Өмірде бәрі салыстырмалы. Ең демократияшыл деген АҚШ-тың өзі маккартизмді бастан өткізген. XX ғ. екінші жартысында АҚШ-та «маккартизмнің» нағыз қызған кезінде сенаторлардың тактикасына күдік келтіріп қарағандардың бәрі коммунист деп сезіктеніп, нәтижеде саяси өмірден шығып қалуға мәжбүр болған.

Халықты саясаттандыру оңай, ал, шынайы демократияландыруды бірден бола қалады деу асыра сілтегендік. Ол үшін әуелі қоғамдық сананы әзірлеу керек. Халықтың басым бөлігі демократиялық құндылықтарды терең қабылдауы қажет. Мүшелері құқықтық нигилизмді ұстанатын қоғамда, заңның барлық адам үшін жазылғанына сенбейтін, оны сыйлау дәстүрі әлі қалыптаспаған қоғамда демократияландырудың қаншалықты тиімді нәтиже беретіндігін бопжап айту қиын. Жасыратын несі бар, балаларын заң оқуына көп берсе де қазақтар құқықтық жағынан әлі сауатсыз.

Мені бүгінде бір ашындыратын үлкен нәрсе: ұлттың бетке ұстарлары боп есептелетін қазақ зиялыларының ру-жүздік идеология деңгейінен аса алмай отырғаны. Қоғам мүшелеріне әлеуметтік құбылыстардың қыр-сырларын түсіндіріп береді делінетін қазақ зиялыларының қазақтың іштей жіктелуі – Қазақстан мемлекетінің бүктелуі екенін ұғына алмағаны өкініреді. **Қазақты ру-жүзге бөлу – қазақты бір-біріне айдап салу деген сөз.** Әлі де болса ұлттық сана-сезіммен қатар рулық сананың көріністері бой беріп қалатын қазақтар үшін ру-жүздік жіктелуі жайлы әңгімені көбейтудің, оны әдейі қоздырып, жасанды ушықтырудың неге әкеп соғатынын ескерсек екен. Ол дегеніміз – біртұтас қазақ ойын бөлу. Тұтас ұлттық өзіндік сананың қалыптасуына кедергі келтіру. Бізге керегі – ұлттық бірігуді көздейтін ойлар. Ұлт өкілдерін өзара іштей жауластырып қойып, миығынан күліп отырғандарды тани білейік. **Әрбір қазақтың ұлттық кемелдік (зрелость) көрсететін кезі келді.** Тағдыр қазақтар үшін өз мемлекетін құруға керемет тарихи мүмкіндік беріп отыр. Оны пайдалану не пайдаланбау біздің қолымызда.

Ұлт патриоттарының ортақ бір арман-мүддесі бар: рухы да, формасы да қазақ елінікі екендігін айқындайтын мемлекетте өмір сүру.

Қазақ әлі ұлт емес, халық деңгейінде

жүр деген топшылаулар қоғамдық санада кездесіп қалады. Кез келген ұлт туралы теорияны алып қарастырсаңыз да (*примордиалистік, модернистік, постмодернистік, салыстырмалы, функционалдық, т.б.*) жауап анық: **қазақ – ұлт!!!** Зерттеуші Э.Смиттің айтуынша «ұлт – бұл қалып емес, ол процесс». Ал, ұлтты қалыптастыру саяси процесс. Қазақты ру-жүзге бөліп жіктеушілер – мемлекетіміздің ұлттық боп қалыптасуына қарсы болушылар. Билік үшін таласта ұлтын, мемлекетін құрбандыққа шалып жіберетіндер. Большевиктік терминологиямен айтсақ, қазақтың «нағыз жаулары» солар. «Бөлшекте де, билей бер» принципіне сыртқы күштер мүдделі. Кім кімнің сойылын соғып жүргенін өздеріңіз-ақ осыдан байқайтын боласыздар. Э.Геллнердің айтуынша, «Ұлтшылық Ұлтты жасайды». Яғни, **қазақ Ұлттық мемлекеті (ұлт – мемлекет) – Қазақияны қалыптастыруды неғұрлым шапшаң жүргізу үшін ұлттық партия қажет.** Оны басқаруға өзін құрбандыққа қиюға әзір пассионар тұлға қажет. **Қазақ субъект ұлтқа («нация-субъект») айналуы тиіс.** Ал, әрбір ұлттық мемлекетте этнократиялық принциптік үстем болуы заңды құбылыс. Оған бола Президент әкімшілігінің, үкіметтің, құқық қорғау органдарының, т.б. телефон анықтамасына көз салып көрудің еш қажеті жоқ. Тағы бір ескертпе, фамилиясы (аты-жөні) қазақтардың бәрінің жаны қазақ па? Ол қандай қазақ? Олардың қай ру, жүзден шыққанын зерттегенше мәдени-психологиялық жағынан қандай екеніне көңіл аудару керек. Мәнгүрт «евнух» қазақ па, әлде маргинал ма? Маргиналдардың өзін бірнеше типтерге бөлуге болады: «маргинал-нигилист», «маргинал-ұлтшыл», «пассивті маргинал» (*нем-құрайды һәм селқос маргинал*), т.б. «Дәстүршіл» типтердің өзін екіге бөлуге болады: сабақтастықты бүгінгі күнмен ұштастыра білген «жаңашыл-дәстүршіл» (*неотрадиционалист*) және консерватор, кертартпа дәстүршіл (*архаикалық тип*). Соңғыға деген қарама-қарсы, екі-ұдай сезім («дизъюнктивті сезім») күллі қазақты жек көруге әкеп соқпау керек. Айтпақшы, аралас некеге алғашқылардың бірі болып шығатындар өз ұлты, этникалық тобында түсіністік таппай, бақытсыз болғандар дейді. Қолайлы мүмкіндік болса, олар бірден өз этникалық тобын тастап кетеді

екен. Әр ұлтта этноцентризм болуы тиіс. Этноцентризмді жоқ ұлт – Рухы дімкәс ұлт. Этноцентризм дегеніміз – барлық өмірлік құбылыстарды өз этникалық қауымдастығының құндылықтары мен дәстүрлері негізінде («эталон») қабылдау. Этноцентризмнің индикаторы – моноұлттық неке мен отбасы, яғни, өз ұлтының өкілдеріне үйленуді жөн санайтындар. Орталық Азия халықтарының ішінде өзінің этномәдениетін мықты сақтай алмағаны – қазақтар. Өзбектердің «орыс болғың келсе ең әуелі қазақ бол» деп мысқылдауы кездейсоқ емес. Отаршылдық саясаттың «жемістілігі» сондай, қазақтар ұлттық өңін, бет-пішінін жоғалтып ала жаздады. Соның бір себебін ислам дінінің қазақтарға ықпалының әлсіз болуынан деуге болады. Неғұрлым исламды (реформацияланған) өмірге енгізуді шапшандатсақ, соғұрлым ұлтты біріктіре аламыз. Ұлттық тұтастануға бөгет болған тағы бір себеп: ұлт тағдырына қатысты мәселені шешетін орындарда орыс тілді мен орысша тәрбиеленген маргиналдардың басым болуы емес пе екен деген ой келеді. Өз мәдениетінің құндылықтарын игермеген жандар үшін қазақ мәдениеті бейтаныс дүние. Сол себепті де олар бетарап адам табиғаты өзіне беймәлім нерседен қашқақтап тұрады ғой...

Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін ұлттық салт-дәстүрді сақтап қалған, этнофор иесі боп табылатын ауыл қазағының қалаларға жөнкілуі, кеңестік заманда қалада қожайын боп үйреніп қалған өңі еуропалық жандар мен маргинал-нигилист қазақтарды қуандыра қояды деп айта алмаймын. «Дәстүршіл» қазақтар маргинал қандастарының өз этномәдениеті мен тілін игермеген психологиялық қарсылығын түсіне алмай дал болды. Қалаларда орыс тілінің үстем болуы, жергілікті қалалықтарға әлеуметтік игіліктерге қол жету жағынан болсын, рухани, т.б. тұрғыдан болсын артықшылық берді. Табиғи түрде Қазақ Рухы қалаға кіргенде маргинал-қазақтар өз комплекстерін көрсете бастады («комплекс превосходство»). «Мәмбеттер» мен «мәңгірттер» қарсылығы басталды. Екі бөлек мәдениет дербес өмір сүрді. Кеңестік саясаттың зардабы сондай (*аға-ұлт – кіші іні ұлт*) дәстүршіл қазақтардың қазаққа байланысты нерселерден ат-тонын ала қашып, тіл, салт-дәстүр мәселесін көтергендерге тыжырына, бет-әлпеттері

бұзылып қарап аза бойы қаза болды. Абориген халықты өзін-өзі жек көруге жеткізді. «Ел болмаймыз, ел болмаймыз, и-и сол қазақтарды қойшы, т.б.» дейтін сөздердің жиі айтылуы қазақты кемітудің бұқаралық санаға әбден терең сіңгенінен белгі бергендей. Қазақтың аға буын өкілдері кейінгі ұрпағына ата-бабасының аманат қып қалдырған тілін жарымжан күйінде жеткізді. Заман ағымына ілесе алмаған, отбасылық деңгейден аспаған тіл өз функциясын толық атқара алмайтыны сөзсіз.

Мандай алды, бетке ұстар зиялы қауым моральдық мазохизммен (*азған, азғын адам*) айналысып, Ұлт рухын дұрыстап көтере алмады. Қанша дегенімен, олардың сөзі мен ұрпақтың жанына ем болатынын ескермеді. Қазақты ру-тайпалық деңгейде тұрған африкандық бушмендерге айналдырғысы келгендерге қарсылық көрсете алмай, қайта соларға қосылып кетті.

Аруақты қастерлеу – қазақ үшін қадірлі әрі қасиетті ұғым еді. Мұның төңірегінде де ұсақ-түйек пыш-пыш әңгіме қозғап, сол қасиетті сезімдерге кір-лай жағып жібергендей болды. Президентімізге де тек бір ғана жүздің мүддесін көздеуші ретінде сипаттама беруі бүкіл сезім-сенімді аяққа таптағандай әсер етті.

Күні бүгінге дейін номенклатуралы қазақ зиялыларының түк өзгермей, бәз-баяғы қалпында қалғаны ойландырады. Бәлкім, содан кейін де шығар, қоғамдық санада өзге ұлттар кетіп қалса, қазақтар бір-бірімен қырқысып дербес өмір сүре алмайды деген пікірдің болуы. Осы бір сандырақ, ұшқары пікірді маргинал қазақтар да жиі айтады. Менің таңқалатыным, осыншама ұлан-байтақ жерді ата-бабаларымыз қалайша шашауын шығармай ұстап келген? Рухының күштілігін жиі мысалға келтіретін шешендердің өзі де мұндай жерге ие емес. Гәп неде? XVIII-XIX ғ. қазақтардың саны бүгінгісінен де аз болған, соған қарамай, жерлерінен бір титімдей кесек те бермеген. Бүгін ше? Өз елдерінде өмір сүріп отырған өзбек, грузин, армяндардан қазақтардың қай жері кем?

Бір сәт өткен тарих беттерін парақтайықшы: осыдан тура он екі жыл бұрын 1986 жылғы желтоқсан айында қазақ жастары тапталған ұлт рухын қорғап қалды. Ұлт намысы сынға түскен уақытта қазақ жастары биік

өреден шыға білді. Елі үшін отқа түсуге даярлығын дәлелдей алды. Амал не, күш тең емес еді: тоталитарлық жүйенің зілбатпан дүлей күші жастарға бар қуатымен бағытталды. Сол күндері қазақ элитасы ішінен өзіне үлкен тарихи жауапкершілік алатын пассионар тұлғаның табылмауы бөлек бір әңгіме. Ең бастысы – көшпелілер ұрпағы өз рухының әлі бар екендігін көрсете алды. Бүгін орыстар мен орыс тілділердің мүддесін қорғаушы болғысы келгендер күні кеше тұтас халыққа «ұлтшылдар» деген айдар таққанда қайда қалды? Қай орыс, еврей, тб. қазаққа ара түсіп шырпыр болды? Джордж Сантаяне: «Те, кто не помнит прошлого обречены на его повторение» деген екен.

Егемендігімізді алған алғашқы жылдары зиялыларымыз да, саясатшыларымыз да халықты тыныштандырумен болдыңыздар. Үлес-салмағымыз аз, ішкі шарт қалыптасқан жоқ деп. Енді не кедергі? Мемлекеттік тілімізді білмейтін адам нан тауып жей алмайтын дережеге жетіп отырма? Жоқ, қайта ондай адам президенттік сайлауға түспек. Кейде әлеуметтік утопияға берілгің келеді: қазақ тілі бүкіл түрік тілдес халықтардың ортақ тілі болып, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Төле би, Бұқар жырау, Абылай мен Кенесары ханның тілдері БҰҰ-да ресми тілдердің біріне айналса ғой деп. Ана тіліңді неғұрлым көп адамдар білсе, ол соғұрлым өміршең. Оған әлем тілдері боп отырған тілдер тағдыры куә.

Сөз соңында айтарым, алда келе жатқан Президент сайлауында қазақ халқы кімді тандайтынын білдірді ғой деймін. Қаншама сыни пікірлер айтылғанымен, халықтың көбінде әлі сенім, үміт жібі үзілген жоқ. Басқа ұлттарға қарағанда, өзінің саяси ниеті түзу (лояльность) екендігін көрсеткен қазақтар болашақ президенттен ұлт мәселесіне енді бейжай қарамайды деп үміттенеді. Тарихи тағдырында көп азап шеккен қазақ халқы бақытты болуға әбден лайық!!!

*«Жас алаш» газеті, 1998 жыл.
16 желтоқсан.*

■ Дерек пен дәйек

**Тұтынушылардың сезіну индексі
1 пайыздық тармаққа өсті**

ҚР Статистика агенттігінің баспасөз қызметінің мәліметіне қарағанда Қазақстанда «Тұтынушылардың сезіну индексі» 2013 жылғы мамырда өткен аймен салыстырғанда 1 пайыздық тармаққа (+18 пайыз) өсті. Сауалнамаға сәйкес, 2013 жылғы мамырда респонденттердің 32 пайызы соңғы 12 ай ішінде еліміздегі экономикалық жағдайдың жақсарғанын атап өткен. Ал сұралушылардың 14 пайызы осы уақыт аралығында жағдайдың нашарлағанын хабарлаған.

Бұдан бөлек, еліміздегі «Экономикалық ахуал индексі» өткен аймен салыстырғанда өзгермеген және бұл +18 пайызды құраған. Респонденттердің 31 пайызы алдағы 12 айда елдегі жалпы экономикалық жағдайдың одан әрі жақсаратынын күтсе, ал 13%-ы жағдайдың нашарлауы мүмкін деп есептеген.

Сонымен қатар, «Сатып алу ниетінің индексі» өткен аймен салыстырғанда 2 пайыздық тармаққа өсіп, +19 пайызды құрады. 2013 жылғы мамырда респонденттердің 33 пайызы жеке үй шаруашылығындағы қаржы жағдайының жақсарғанын айтса, 14 пайызы өз үй шаруашылығындағы қаржы-экономикалық жағдайдың нашарлағанын атап өткен.

Жалпы, сұралғандардың 15 пайызының пікірі бойынша еліміздегі жұмыссыздық деңгейіне қатысты ахуал алдымыздағы 12 айдың ішінде жақсарады. Дегенмен, сұралғандардың 11 пайызы оған қарама-қарсы пікірді ұстанады. Алдымыздағы 12 айдың ішінде үй шаруашылығындағы ақшалай қорланым сомасының өсу мүмкіндігін сұралған тұтынушылардың 20 пайызы атап өтсе, 21 пайызы оның кемитінін айтқан.



Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдарының
докторы

Қазақ тілі қазақ хандығының мемлекеттік тілі болып еді...

Төл тіліміздің тарихын мерзімдеу оңай бола қоймас. Алайда, оның алғашқы мемлекеттік биліктің негізгі әлеуметтік қарым-қатынас құралына айналуы XV ғасырда тарих сахнасына келген қазақ хандығынан бастау алатыны белгілі. Жәнібек пен Керей хандардың жарлықтары мен үкімдері, келісім-шарттары осы тілде жазылды. Бұл дәстүр қазақ мемлекетінің мәртебесін көтере түскен Қасым ханның «Қасқа жолы» мен Есім ханның «Ескі жолын», аты ерекше құрметпен «Әз» қосылып аталған Тәуке хан тұсындағы «Жеті Жарғыны» дайындағанда, қазақтың ұлы ханы Абылай Батысында Ресей және Шығысында Қытаймен дипломатиялық қарым-қатынас жасағанда да жалғасын тауып еді. Осындай бірнеше ғасыр Қазақ мемлекеттігінің бірден-бір ұлттық белгісі болған ана тіліміз XIX ғасырдың екінші жартысынан бұраланы мол тағдырлы жолға түсті. Патшалық Ресей Қазақстан аймақтарының көнгенін сөзбен, көнбегенін күшпен өзіне қаратып алғаннан кейін отар елдегі басқаруды өз жүйесіне сәйкес өзгертті. Сөйтіп қазақ даласында іс қағаздары жаппай орыс тілінде жүргізілді. Бұл – бір. Екінші – аты шулы Столыпин заңынан кейін арнайы қаржыландырылып, жүйелі жүргізілген Ресей шаруаларының қазақ өлкесіне көшуі бұрын-соңды болмаған жаңа қарқынмен жүзеге асты да, демографиялық ахуалды елеулі төмендетті. Өз елінде 81 пайызды құраған қазақ 65 пайызға түсті. Бұл деңгейге бір ғасырда енді зорға жетіп отырмыз. Мұндай отарлық саясаттың алғашқы зардаптарын ұлы ағартушы

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АЙДАРЫНАН ҚАШАН, ҚАЙТСЕ ЖЕЛ ЕСЕДІ?

Ыбырай Алтынсарин көрмей отыра алмады. 1880 жылы Орынбор оқу округінің жанындағы татар, башқұрт және қазақ мектептерін басқаратын инспектор В.В. Катеринскийге жазған хатында «Оренбург листогіне» Торғай қазақтарының басына түскен апаттар туралы мақала жазғанын айта келіп, былай дегенді: «Осы мақаламда қазақ еліне орыс переселендерін әкеліп орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір, меніңше, ешбір ақылға сыймайтын нәрсе сияқты. Егер, істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар, – келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық, – тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың» [1, 307]. Осыдан, өз кезінде орыстандыру саясатының белең ала бастағанын жіті байқаған кемеңгердің көрегендігін, қазір еліміз тәуелсіздік алғанда ғана толық сезіне алып отырмыз.

Отарлық жағдайдағы қазақ тілінің ахуалын терең түсінген Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан 1905 жылы Мәскеуде өткен қалалық қоғам қайраткерлерінің съезіне қазақ халқының атынан қатысып, сөз сөйлегенде ең бірінші – өз халқының ана тіліне бостандық берілуін, іс қағаздарының қазақ тілінде жүргізілуін, қазақ мектебінің қудаланатынын айтқан болатын. Алайда, бұл сияқты әрекеттерден еш нәтиже шықпады. Отарлық саясат күн өткен сайын күшейе түсті де, ол шеті мен бұл шетіне бірнеше күндеп жететін алып аймақтың, бірақ тұтас та тұрақты дамыған қарым-қатынастың арқасында диалектісіз еркін дамыған тілдің тағдырлы тарихы жалғаса түсіп еді.

Кеңестік кезеңдегі қазақ тілінің ахуалы

Ал, әділетті қоғам орнатамыз деп саяси сахнаға келген кеңестік билік кезінде ұлттық тілдің жағдайы қалай болды? Бәлкім, 70 жылдықтың бәрін сызып тастау тарихымызға қиянат болар. Кеңес

басшылары әлемдік ағыммен санаспай отыра алмады. Жергілікті халық үшін бірсыпыра шараларға баруға мәжбүр болғанымен, кеңес өкіметі, шындығына келгенде, кешегі патшалық Ресей саясатын жаңа дәуірде жаңаша жалғастырушылар болғанды. Рас, кеңестік жүйе өз деңгейіне жетіп, өзіндік тоталитарлық сипатқа толысып алғанша ұлттық мәселелерге шектеу қоя қойып, шет аймақтарды үркіткісі келмеді. Сондықтан, қазақ тілі Қазақ АССР-і болып жарияланған 1920 жылдан бастап 30-жылдардың соңына дейін мемлекеттік тіл деңгейінде қолданылды. Мемлекеттік мекемелерде іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу туралы Қазақстан Үкіметі тарапынан арнайы қаулы-қарарлар қабылданды. Бұл істің басы-қасында болған көрнекті мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин қазақ тілі мәселесін арнайы рет көтеріп, бірнеше мақалалар жазды. Алайда, сол белсенділік өзіне сор болып жабысып, өз халқын ерекше сүйген даңқты ақынымыздың кейін «ұлтшыл» атануына негіз салған еді. Шынында да, кеңес биліктің бұғанасы бекіп алғаннан кейін, ішкі әлеуметтік-саяси жағдайды өзгертіп, өзінің шынайы болмысын таныта бастады. Соның бірі тіл саласындағы жаңаша саясат болатын. 1938 жылы СССР халық комиссарлар кеңесі мен БКП(б) орталық комитеті «**Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті оқыту туралы**» қаулы қабылдады. Әділет үшін қаулыда ұлттық республикалар мен облыстар мектептеріндегі оқытудың негізгі тілі ана тілі екені атап көрсетілгенін айта кеткен жөн. Алайда, бұл өз елінде азшылық болып қалған біздің республика халқы үшін зор қиыншылықтарға жол ашты. Саясатшыл белсенділер алға шығып, орыс тілінің үстемдігін орнатты. Оған Сталиннің өзге ұлттардың тегі мен рухани ерекшелігін ескермей «біртұтас кеңес халқына», яғни, орыс халқына айналдыру саясаты негіз болды. Осындай ұлттардың табиғи дамуына қайшы жүргізілген әрекеттің кесірінен сан ғасырлық тарихы бар қазақ тілі де өз иесінен соншалықты алыстап кеткен еді.

Ұлы Отан соғысында жеңіске жетіп, халықаралық беделге ие болған кеңестік саясат ұлттық республикамызда орыс тілін өмірдің барлық саласында жан-жақты дамытуды жалғастыра түсті. **Жоғарыда аталған нақты Орталықтың қаулысын жүзеге асыру мақсатында, Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті 1948 жылы**

қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту туралы арнайы шешім жасады. Бұл республика көлемінде орыс тіліне бетбұрыс жасаған құжат еді. Мұның үстіне тың және тыңайған жерлерді игеру солтүстік облыстарда қазақ тілінің тағдырын тіпті күрделендіріп жіберді. Бұл ең бірінші жергілікті халық құрамын барынша төмендетті. Енді, ата-аналар да қазақша білім алған баланың болашақта күнін көруі қиынға соғады деген теріс ұғым қалыптасты да, олар балаларын орыс мектептеріне бере бастады. Соның салдарынан республикада жүздеген қазақ мектебі жабылды. Сонымен бірге, аралас мектептер жаңбырдан кейінгі саңырау құлақтай қаптады. Бұл өмірге формальды «костілдікті» алып келді. Шындығында, бұл орыс тілінің басымдығынан басқа ештеңе емес еді. Мұның үстіне, **1989 жылғы 15 тамызда қабылдаған қаулысында Қазақ ССР Министрлер Советі республикада ұлтаралық қарым-қатынастың аса маңызды құралы болып табылатын, экономиканың, ғылым мен техниканың, еліміздегі халықтардың саяси және мәдени өмірінің жетістіктерін белсенді игеруге, республика территориясында тұратын барлық ұлт адамдарының рухани қажеттерін қанағаттандыруға көмектесетін тілді (орыс тілі - Ә.Б.) оқып-үйрену мен оқытуды одан әрі жетілдіру жөнінде белгілі бір жұмыс жүргізіліп жатқанымен ұлт республикалары өмірінің нормасы ретіндегі қос тілділік принципі дамытылып, практикаға енгізу тежелуде деп атап көрсетті [1]. Содан, қос тілділік орыс-қазақ аралас мектептерінде орыс тілдікке ауысты. Өйткені, бұл мектептерде оқу-тәрбие жұмысы орыс тілінде жүргізілді. Ал, кеңселерде іс қағаздары кешегі патшалық Ресей заманындағыдай орыс тілінде жүргізілді. Сөйтіп, 1980-жылдардың аяғында Қазақстанда барлық оқушылардың 67 пайызы сабағын орыс тілінде оқыды. Осындай себептерге байланысты, қазақ тілінің беделі төмендеді, қолданылу аясы тарылды. Оның қоғамдық қызметі негізінен тұрмыс тілімен шектелді. Аралас мектептер қазірдің өзінде еліміздегі барлық мектептердің 20 пайыздайын құрап отыр. Бұл жағынан кеңестік кезеңнен әзір алысқа ұзай алатын емеспіз.**

Сонан соң, тағы бір айта кететін мәселе – кеңестік кезеңде ұлттық тіл туралы елдің негізгі заңында құқықтық қағидалар болмады. 1937 және 1978 жылдары қабылданған

Қазақ ССР-ының Конституцияларында жергілікті халықтың тілі туралы бір ауыз сөз айтылмады. Ұлы державалық шовинизммен ауырған кеңестік саясатқа бұл керек емес еді. Орыс халқының тілі бүкіл Одақта жалғыз мемлекеттік тіл болды.

Егемендіктің елең-алаңындағы қазақ тілі

Тәуелсіздік таңында ұлтшыл азаматтарымыздың ең бірінші азаттықтың әліпбиіндей қазақтың табиғи құқығы – өз тілі үшін күресті алғы шепке шығарғанын толық түсінуге болады. Сөйтіп, 1989 жылдың 22 қыркүйегінде өткен он бірінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс он төртінші сессиясында **«Қазақ ССР-інің тіл туралы»** Заң қабылданып, қазақ тілі аса зор қиыншылықпен мемлекеттік мәртебеге ие болды. Бірақ, бұл Заңнан бізге қалғаны тіліміздің мемлекеттік мәртебесі мен **«Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты»** деген жолдар ғана. Ия, ол кезең аса бір сындарлы еді. 1989 жылы республикада барлық 16,5 миллиондай халықтың 6 534 616-сы қазақ, 6 227 549-сы орыстар тұғын. Осындай жағдайда ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алуы, шын мәнісіндегі, зор мәні бар оқиға болғанына дау жоқ. Бұл қоғамда азаттық рухы айрықша көтерілген кезең мен туған тіліміз тәуелсіздігіміздің туы да, тұғыры да деген түсініктің нәтижесі болатын. Алайда, көп ұзамай қазақ тіліне қатысты саясат өзгерді. Қайта құрудан басталған ұлттық қайта түлеуге бетбұрыс егемендікке жету мен тәуелсіздікті алу идеяларынан ары аса алмады. Сан ғасыр арман болып келген саяси азаттық, асқақ идея дәстүрлі ұлттық рухани бұлақтан суарылмады, жаңа жағдайдағы мұраттарымызды шешуге бағытталмады. Кеңестік социалистік интернационализммен уланған сана тәуелсіздік идеясымен жаңғыртылмады. Кешегі ұлтсыздық, құлдық санамен күрес батыл жүргізілмеді. **Ең қиыны елдегі демографиялық жағдайға байланысты тілдік кеңістікте қатынастарды реттеуде құқықтық шараны ысырып қойып, саяси шешім жасауға мәжбүр болғанымыз.** 1995 жылы қабылданған Ата заңның 7-бабының

бірінші тармағындағы **«Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі»** деген конституциялық шешімге қайшы екінші тармақта **«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады»** деген құқықтық норма қабылданды. Бұл осыдан алты жыл бұрын мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің жағдайын қайтадан күрт төмендетіп, онсыз да тегеурінді, ондаған жыл жеке билеп келген орыс тілінің үстемдігін қайтадан қалпына келтірді. Мұндай мемлекеттік тілге қайшы нормаларды мен ешбір елдің конституцияларынан таба алмадым.

Шындап келгенде, **«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады»** деген құқықтық норманы қатаң қадағаланғанда да жағдай бүгінгідей болмайтын еді. Ондай батыл бақылау жасайтын тиісті орган болмады. Оның үстіне 1997 жылы қабылданған **«Тілдер туралы»** Заңда мемлекеттік тілдің пайдаланылуы, сақталуы және дамуын қамтамасыз ететін және оны қорғайтын тиісті құқықтық нормалар қабылданбады. Заңның 4-бабындағы **«Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі»** деген норма күнделікті өмірде мойындалмады. Ал, Заңда **«Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы»** деген ешкімді ештеңеге міндеттей қоймайтын жалпылама сөздердің 16 жылда күрделі өзгерістер жасауға құқықтық қауқары жетпеді. Ал, **«Тілді мемлекеттік қорғау»** деген 23-бап **«Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады»** деген сөздермен шектелді. Заңда мемлекеттік мәртебеге ие болған тілдің басқа тілдерге қарағанда үстем болуы деген әлемдік тәжірибе ескерілмеді. Тіпті, Заңда Конституцияның 7-бабының 1-тармағына қайшы нормалар қабылданды. Осы Заңның **«Деректемелер мен көрнекі акпарат тілі»** деген 21-бабында **«Мемлекеттік органдардың мөрлері мен мортанбаларының мәтінінде олардың атаулары мемлекеттік тілде**

жазылады» деп айқын көрсете отырып, одан кейін «Меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың мөрлерінің, мөртаңбаларының мәтіні *мемлекеттік тілде және орыс тілінде* жазылады» делінді де ары қарай орыс тілі мемлекеттік тілмен қосақталады да жүреді. Түсінікті болу үшін мәтіндерді толық келтірейік: «Бланкілер, мандайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, прейскуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпарат *мемлекеттік тілде және орыс тілінде*, ал, қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жазылады. Қазақстанда өндірілетін тауарлардың арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмаларында (этикеткаларында), таңбаламаларында, нұсқаулықтарында *мемлекеттік тілде және орыс тілінде* қажетті ақпарат болуға тиіс. Шетелде өндірілген тауарлардың арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмалары (этикеткалары), таңбаламалары, нұсқаулықтары импорттаушы ұйымдардың қаражаты есебінен *мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі* аудармасымен қамтамасыз етіледі». Сөйтіп, орыс тілі мемлекеттік тілмен теңестірілді. Мұндай жағдайлар Заңның басқа да баптарында орын алды.

Тағы бір өкініштісі – «Тіл туралы» Заңның 23-бабындағы «Тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және іс-қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді Мемлекеттік бағдарламамен қамтамасыз етіледі» деген құқықтық норманың қабылдануы болды. Ешбір елде мемлекеттік тіл арнайы бағдарламамен жүзеге асырылды дегенді әзір ешкім ести қойған жоқ. Тілдік кеңістіктегі шынайы ахуал ескерілмей, шынына келгенде формальды қабылданып жүрген бағдарламалардың бірінен соң бірінің нәтижесіз болып келе жатқаны жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарында аз көтеріліп жүрген жоқ. Біз де «Бағдарлама нақтылығымен құнды» деген тақырыпта арнайы мақала жазған болатынбыз. Бірақ, мұны еститін құлақ әзір табылмай тұр. Ал, осы баптағы «Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді» деген норманың орындалуын қадағалау бір министрліктен екіншісіне ауысып жүргенде ұмыт қалды.

Мемлекеттік тіл мәселесін шешетін әлеуметтік институттар әлсіз

Қазақ тілінің алғашқы тағдыры отбасы мен білім жүйелеріне тікелей байланысты екені белгілі. Алайда, бұл әлеуметтік институттар ұлттық сұранысты қанағаттандыра алмай отыр. Мұның себептері ұшан-теңіз. Ең бірінші ана тілдік орта – дәстүрлі қазақ отбасы бұзылды. Нарықтық экономика жағдайында жас ұрпақ ұлттық құндылықтарын бойына көбірек сіңірген ата-әже тәрбиесін көрмей өсуде. Жас отбасылар үйленісімен батыстық үлгімен бөлек кетіп жатыр. Олардың күнкөрістің қамымен балаларына жүйелі тәрбие беретін уақыттары жоқ. Оның үстіне оқыған жастар көбіне орыс тілді болып келеді. Тәжірибе күнделікті көрсетіп отырғандай, ана өз тілінде сөйлемесе, бала анасының тілінде сөйлемейді. Көптеген қазақ тілді бала бақшаларындағы ана тілдік ортаның әлсіздігінен ұл-қыздарымыз шала тілді болып шығып жатыр. Елімізде балабақша жетіспейді. Астананың өзінде 10 мың бүлдіршін кезекте тұр. Орта мектеп жүйесі де кешегі кеңестік кезеңнен көп ілгері кете алған жоқ. Республикадағы жалпы білім беретін 7516 мектептің 3821-інде қазақ балалары өз тілінде оқып жатыр. Облыс орталықтары мен ірі қалаларда қазақ мектептерінің жетіспеушілігінен балалардың елеулі бөлігі орыс мектептеріне баруға мәжбүр. Сондықтан, кейбір қазақ мектептерінде бірінші сыныптар оннан асып, өз алдына мектеп деңгейіне жетіп тұр. Қазір орта арнаулы және жоғары оқу орындарының орыс топтарында оқитындардың 80-90 пайызы қазақтың ұл-қыздары. Бұған кейбір пәндерден мамандардың жетіспеушілігі де әсер етіп отыр.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытында мемлекеттік билік органдары: Президент аппараты, республика Үкіметі және басқалар үлгі-өнеге көрсете алмай келеді. Басқа билік тармақтарына қарағанда, ұлттық сипаты басымдау болуға тиісті Парламентте әлдеқалай министр не басқа республикалық деңгейдегі басшы қазақ тілінде сөйлей қалса, қазақ тілді басылымдар оқырманнан жамыраса сүйінші сұрайды. Шынында да, мұндай басқару институттары мемлекеттік тілге көшетін болса, бүкіл Қазақстан

халқы да бұл мәселеде белсенділік танытар еді. Облыстарда іс қағаздары мемлекеттік тілге көшті дегеннің көбісі орыс тілінде дайындалған құжаттар аз ғана аудармашылардың күшімен қазақшаланып отыр. Мәтінді қазақ тілінде дайындау сирек кездеседі. Бұл бағытта қазақ басшылар үлгі, өнеге көрсете алмай отыр. **Өйткені, қазақ басшылардың дені қазақша сөйлеп, қазақша жаза алмайды. Олардың ұлттық намысының оянуына жиырма жыл да аздық етуде.**

Қазақ тілінің алдында біздің бұқаралық ақпарат құралдары да қарыздар. Республикада тарайтын 8 мыңдай бұқаралық ақпарат құралдарының 5 мыңнан астамының 90 пайызы орыс тілінде. Қазір қазақ тілінде жұмыс істейтін бұқаралық ақпарат құралдарының саны шамамен 30 пайыз мөлшерінде ғана болып отыр. Өзінің ұлттық ақпарат кеңістігін қалыптастырып алмай, бұлай шетелдік ақпаратты қап-татып жіберу өзін іргелі ел есебінде қадірлейтін мемлекеттің бірде біреуінде бола қоймас. Бүгінгі күні жастар арасында газет-журнал және кітап оқитындар санының күрт азайып кетуімен, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейте түсуде бұқаралық ақпарат құралдарының электронды түрлерінің рөлі артып отырғаны белгілі. Бірақ, түрлі сериалдармен толтырылған телехабарлар ұлттық сұранысты қанағаттандырмай отыр. Олардың ең қызылшылықтары түндегі бағдарламаларда жүр. Тәуелсіздік пен тәуелсіз ұлтымызға қазақ тілінде еркін қызмет етіп келе жатқан Қазақ радиосының орны ерекше. Қазақ радиосын тыңдасаң, өзіңнің өнегелі тарихы, қиелі өнері жағынан ешкімнен кем емес қазақ екенінді сезініп, бойынды мақтаныш кернейді.

Біздер қазақ тілі – еліміздегі ұлт пен ұлысты ұйыстырушы фактор деп жиі айтамыз. Дұрыс-ақ. Бірақ, жоғарыдағыдай жағдайда ана тіліміз бұл аса құрметті де қасиетті миссияны атқара алады ма? Егер, өзіміз қазақ тілді, орыс тілді және ағылшын тілді, енді латын әрпінде оқитын, оқымайтын болып бөлініп жатқанда басқаларды біріктіріп не оңдыра қояр екенбіз? Қазақтың бүгінгі зиялы қауымы ойландыратын осы мәселелер. Мемлекеттік тілдің осындай дағдарысынан ащы да болса ашығын айтайық, қазақ тілі мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілімен кейде тең қолданылатын тілге айналып отыр.

Мемлекеттік тіл туралы заң болмай, қазақ тілінің айдарынан жел еспейді

Кеңестер одағы құлағаннан кейін өз тәуелсіздіктерін жариялаған ұлттық санасы мен рухы күшті республикалардың барлығы орыс тілінің өктемдігінен құтылудың жалғыз пәрменді жолы ретінде мемлекеттік тіл деп түсініп, ол туралы заң қабылдады. Сөйтіп жердің, елдің иесінің тілі жай қағаз жүзінде емес, шынайы мемлекеттік мәртебеге көтерілді. Сонымен қатар, ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық мәдениет және тағы басқа мемлекеттілікті құрайтын барлық алғышарттар қалпына келтірілді. Тіпті, қауіптің заты түгел аты естілмейтін көрші Ресей 1991 жылы федерация халықтарының тілдері, ал, 2005 жылы мемлекеттік тіл туралы заңдар қабылдады. Қазіргі қалыс қалып отырғандар Қырғызстан мен Белоруссия және біздегі мемлекеттік тіл пәрменді құқықтық нормалары бар заңның жоқтығынан дағдарыстан шыға алмай отыр.

Бұл арада бірнеше ғасырға жалғасқан отарлық саясаттың зардабынан тәуелсіздігіміздің 20 жылы еліміздің азаматтарының азаттық санасы мен ұлттық рухын қалыптастыруға жеткіліксіз болып отырғанын айта кеткен артық болмас. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухсыз ұлт бостандығы болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал, ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» деген сөзімен ойымызды тиянақтай кетейік [3, 187]. Ұлттық рухтың жасампаздығын адамзат тарихы талай дәлелдеп келеді. Кеше ғана кеңес одағының мүшелері болған Балтық теңізі жағалауындағы елдердің тәжірибесі белгілі. Осы бағытта жер бетінен мүлде жойылып кеткен иврит тілін шынайы мемлекеттік тіл ретінде он ғасырдан соң 10-15 жылда қайта тірілген еврейлердің өнегесі қандай тәлімді! Рас, өзге елдерге қарағанда біздің тілдік кеңістігіміздегі жағдайдың өзіндік ерекшеліктері бар. Оны елемеге болмайды. Сол себепті мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау үшін оған барар жолды ашып алуымыз қажет.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев 2006 жылы 11 мамырда «Ана тілі» газетіне берген «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде» атты сұхбатында қазақ тілінің тағдыры, бүгінгі дамуы мен болашағы жайын-

да айта келіп, Тілдер туралы Занды қайта қарап, қажет болса замана талабына сай өзгерістер енгізу керек деп еді. Бірақ, осы күнге дейін біздер мұндай батыл әрекетке бара алмай отырмыз. Ғасырлар қордаланған аса күрделі жағдайдан алып шығуға қолданыстағы Заңның құқықтық та әлеуметтік те күші жетпейді. Еліміздегі әртүрлі әлеуметтік орталардағы тілдік ахуалды ескермей жасалған мемлекеттік бағдарламалар елеулі нәтиже берер емес. Осылардың барлығын жан-жақты ойлана отырып, мемлекеттік тіл туралы заңды қабылдауға кірісуіміз қажет. Оны қабылдаудың төмендегідей бірнеше себептері бар. **Біріншіден**, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға Ата заңымыздың 93-бабындағы «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деген қағида құқықтық негіз бола алады. **Екіншіден**, осыдан 15 жыл бұрын қабылданған «Тіл туралы» Заң алдына қойған бірсыпыра мақсатты орындады. Еліміздегі тілдік қатынастардың оң өзгерістеріне құқықтық негіз салды. Қазақ тілі кеңістігінде сең қозғалды. Алайда, бұл Қазақстанды мекен еткен халықтардың тілдері туралы болғандықтан қоғамда мемлекеттік тілдік орта жасай алмады, жасай алмайды да. Әділетіне жүгінсек, бұл Заң қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуына тұсау бола бастады. **Үшіншіден**, «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген конституциялық норманы қабылдағандағы құқықтық принцип қатаң қадағаланбай, ол мемлекеттік және орыс тілдерінің теңестірілуіне әкелді, тіпті қоғамдық өмірде орыс тілінің үстемдік етуін күшейте түсті. **Төртіншіден**, осы себептен Конституцияның 7-бабының 2-тармағын алып тастау қажет. Мұнсыз мемлекеттік тіл туралы заң қабылдай алмаймыз. Қазақтың Нұрпейісов және Мұхтар Шаханов бастаған 150-дей зиялы қауымның бұл бапты алып тастау керек деулері тегіннен-тегін емес. **Бесіншіден**, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдаудың қажеттігі Елбасымыздың жазба кеңістігімізде реформа жасау, латын әліпбиіне көшу туралы нақты тапсырмасынан да туындап отыр. Өйткені, әліпбиді ең бірінші тұтынушы ұлттың өз ана тілін реттеп

алмай, реформа нәтижелі бола қоймайды. **Алтыншыдан**, жаңа заңның керектігі Білім және ғылым министрлігінің мән-жайды келелі кеңесте талқылап алмай, қазақ мектебінде, әсіресе облыс орталықтары мен ірі қалаларда оқитын қазақ балаларының өзі шала қазақ болып шығып жатқанда бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін оқыту жөніндегі асығыс саясатынан да туындайды. **Жетіншіден**, 1997 жылдан бері еліміздегі демографиялық жағдай жақсарды. Қазақтар барлық халықтың 65 пайызын құрап отыр. Мемлекеттік тілге деген өзге этнос өкілдерінің көзқарасында күрделі оң өзгерістер белең алды. Оларда да жер иесінің ана тіліне деген ізгілікті түсінік қалыптасып келеді. Ең соны, Батыстың демократияшыл елдерінің дәстүрінде мемлекеттік тілді меңгеру, меңгермеу туралы мәселе жоқ, оны меңгеру – басты мәселе. Біздегі мемлекеттік тілдің мәртебесі арнайы заңсыз мұндай әлеуметтік те, құқықтық та жауапкершілікті туғыза алатын емес.

Қазір мемлекеттік тіл туралы заңның қажеттігі жөнінде екі пікір болмауы керек. Оған 20 жылдық өз тәжірибеміз де, әлемдік өркениетті елдердің шындығы да толық дәлел бола алады. **Кез келген мемлекет өз шекарасы шеңберінде көпэтносты мәдениеттің әр текті сипатына қарамай, өзінің ұлттық мәдениетін қалыптастыруды бірінші кезекке қояды. Өйткені, жергілікті ұлт жалпы халық үшін ұйымдастырушылық, топтастырушылық рөл атқарады.**

Ал, ұлттық мәдениеттің өзегі – ұлттық тіл. Осы тіл қоғамдық қатынастың барлық салаларында қолданыс тауып, мемлекеттің ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналғанда ғана қоғамда демократия, азаматтық қалыптардың толық қалыптасуына қолайлы әлеуметтік жағдай туады. Осындай жағдайда ғана Қазақстанда тәуелсіздік өзінің шынайы рухани тұғырына да қонады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. И. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазақ ССР ҒАБ. – 1955 жыл. – 414 бет.

2. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республикада орыс тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы» 1987 жылғы 3 марттағы №99 қаулысын орындау жөніндегі қосымша шаралар туралы Қазақ ССР Министрлер Советінің 15 тамыз 1989 ж. №248 қаулысы.

3. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. – Т. 1. – 1998. – 512б.



Жарылқасын БОРАНБАЙ,
Қазақстан Республикасы Білім
беру ісінің
Құрметті қызметкері

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ

сопылық поэзияның көрнекті өкілі
әрі ағартушысы

Тарих табалдырығын аттаған әрбір ұлы адам, тек қана еселі еңбек қалдырмайды, өзі де жұмбақ ғұмыр кешеді. Олардың әрқайсысы өздері өмір сүрген кезеңнің төл перзенті бола тұрып, бір мезгілде ғасырларды көктей алға озып кетуі де, бір мезгілде өзінен бұрын өтіп кеткен көне дәуірлермен іштей үндесіп жатуы да мүмкін...

Былай қарасаң, өте қарапайым, жұрттың бәрі білетіндей, аты әлемнің алуан тілдерінде мың сан қайталанатын, жазған еңбектері күн құрғатпай басылып шығып жататын, ол туралы әдеби-мәдени іс шаралар өткізілетін, аттарында көшелер, ауылдар, поселкелер, тіпті қалалар, облыстар, институттар, тағысын-тағылар бар, ескерткіштер тұрғызылған, энциклопедияға кіргізілген, көптеген диссертациялар қорғалған, сондай ұлы адамның, жұмбақ жаратылыстың жылдар өткен сайын жаңа бір қырлары ашыла түсетіні неліктен?

ТҮП ТЕГІ

Оның толық аты – Құл Қожа Ахмет ибн Ибрагим, ибн Махмұд, ибн Ифтихар Яссауи немесе Хазірет Сұлтан Шейх-ул Ислам Қожа Ахмет Яссауи. Бұған мынадай анықтаманы қосқанды жөн көріп отырмыз: «Титул «ходжа»(персид. «учитель, наставник мудрец») был присвоен Ахмаду суфиями братства хваджаган (ходжагон)-накшбандийа, старавшимися использовать авторитет Ясави своих целях(известно, что все уважаемые шейхи этого братства носили титул «ходжа»(40.стр.61:50,стр.21) Нисба (т.е.произвище по месту рождения или жительства) «Ясави» происходит от названия города Ясы (ныне Туркестан в Казахстане), где жил, умер и был похоронен в грандиозном мавзолее шейх Ахмад. Город известен с XI века, название его происходит от реки, протекавшей некогда в пределах города» (А.И.Пылнев. «Ходжа Ахмад Ясави»«Атамұра».Алматы,1997.29-стр).

Қожа Ахмет Яссауи туралы ең алғашқы жазылған еңбек Ақсақ Темірдің жорықтарын баяндаған ирандық Ша-

рафадин Ғали Иазидидың «Зафарнама» деген кітабы боп табылады. Ол біздің жыл санауымыз бойынша 1424-1425 жылдары жазылған. Онда Қожа АхметЯссауи туралы: «Темір Сейхуннан өтіп, Ахангаран, Шыназ төңірегінде қыстау үшін тоқтап, әскеріне арнап үй салдырды. Содан кейін «Иассы» ауылына барып, сондағы Иассауи бейітіне зиярат етеді. Иассауидің Мұхаммед Ханафияға туыстығы бар еді» дейді. Тағы бір құнды деректі Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті, жолын қуашы, ұстазының жолымен софылық-дәруіштік поэзияны дамытушы Сүлеймен Бақырғани (Хакім Ата) қалдырыпты. Ол өзінің «Ақырзаман» кітабында былай дейді:

*Ысқақ бабтың жұрыны, (яраны)
Ибраһим ата құлыны.
Шайқылардың ұлығы,
Шайқым Ахмет Яссауи!*

Мұнан бөлек Қазақстан Ұлттық кітапханасының қорында Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың үрім-бұтағын талдайтын шежіре «Нәсабнама» сақталынған. Оның соңында жапырақ тектес етіп жасалынған Қожа Ахмет Яссауидің өз мөрі соғылған. Осы шежіреде, орта тұсында «Мен Хасан Хожа Бабаның оғылы Ибраһим Ата»

деген дерек жолығады. Осы шежіреде оның түп-тамыры былай берілгенін көреміз:

«Ұлы атасы Әзірет Ғали (Әзірет-әлі), одан Мұхаммед-Ханапия» – делінген. Шарафаддин Ғали Иазидың «Зафарнамасындағы»: «Иассауидың Мұхаммед-Ханафияға туыстығы бар еді» дейтіні осы болса керек. «Нәсабнама» одан әрі: «Хазірет Әли Шаһмарданның» Хазірет Фатимадан үш ұлы болған. Бұдан басқа Хазірет Әлидің Иамана (Иемен) патшасы Жафар ибн Қайс қызынан Мұхаммед-Ханапия туған» дейді.

Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың «Диуани Хикметін» кітап етіп шығарған, алғысөз жасаған ақын, зерттеуші М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М. Шафиғилар былай деп анықтама береді: «Жаңадан табылған бұл шежіреге («Нәсаб-нама») зер сала қарасақ, ақынның ұлы атасы Әзірет Ғали, одан Мұхаммед-Ханапия болып жалғаса келіп, оның жетінші атасы әйгілі Исхак баб екенін көреміз. Сонда оған Мұхаммед-Ханапия он төртінші, ал Әзірет Ғали он бесінші Ата боп шығады». Қазақ халқының ауыз әдебиеті, оның ішінде діни тақырыпқа арналғандары Әзіретәлі туралы көбірек сөз қозғайды. Әсіресе, оның қылышын «зұлпұхар» деп дәріптейді. Мінген атын «Дүлдүл» дейді. Осылардан қазақ халқының арасына тараған дін тарауының басында Қазыреті Ғали, оның баласы Мұхаммед-Ханапия тұрғаны анық байқалады. Қазақ халқы «Қазірет» деген сөзді кие тұтады. Онымен әулиенің әулиесін, таудың тауын дәріптейді. Қожа Ахмет Яссауидің халық арасындағы аты «Әзірет Сұлтаны». Қарт Қаратауды да халық «Әзіреті Қаратау, Әулиенің кені еді» деп жырға қосқан. Әз Тәуке ханның тұсында «Жеті Жарғыны» жазысқан Мүсірәліні «Дін әзіреті» атандырыпты.

Мұхаммед Пайғамбардың дінін ең алдымен қабылдаған, қолдау көрсеткен, ісін алға алып барғандардың ішінде **бірінші** халиф Әбу-Бәкір, **екінші** халиф Омар, **үшінші** халиф Оспан болса, соларды тұйықтаған төртіншісі Қазіреті Ғали болды. Оның басқадан үлкен айырмашылығы Мұхаммед Пайғамбардың немере інісі, әрі сүйікті қызы Фатимаға үйленген туған күйеу баласы еді. Бізге жеткен аңыз әңгімелерде былай айтылады: «Исламның қылышы» атанған Қазіреті Ғали Иамана елін өзіне қаратады, адамдарын дінге мойынсындырады. Оған дейін соғыс қимылдары қызып, біраз батырларынан айырылып сол елдің әскерлерінің қатарынан бір жас жігіт суырылып

шығып, Қазіреті Ғалиды жекпе-жекке шақырады. Шайқас үстінде әлгі жас батырдың дулығасы ұшып түседі де, астынан қобыраған қыздың бұрымы иығына төгіліп сала береді. Әлгі жас жігіт, Иамана патшасы Жафар ибн Қайстың қызы болып шығады. Қыздың аты – Әнәпия.

Тұтқынға түскен қыз соғыс олжасы ретінде Мұхаммед алдына жеткізіледі. Сонда қыз басын иіп, Пайғамбарға құрмет жасап: «Дініңізді өз еркіммен қабылдайын, рұқсат беріңіз» – дейді. Пайғамбар «мақұл» дейді. «Мені енді өзіңізге қыз қып алыңыз, бұған дейін мен бір патшаның перзенті едім» дейді. Пайғамбар «Оған да келісемін» дейді. Осыдан кейін қыз үшінші шартын айтады: «Мені ана жігіт тұтқынға алды. Мен де ешкімге дес бермеген батыр едім. Бірақ, амал қанша, күші, айла-тәсілі басым болды. Соған қосыңыз. Ұл ту-сам, әуелі сіздің атыңызды, содан кейін өз атымды тіркейін», – дейді. Бұл арада Пайғамбар ойланып қалады. «Бұған менің құзырым жүрмейді. Біріншіден, ол жігіт – менің күйеу балам. Ол сені әйелдікке ала ма, жоқ па, оның өз жұмысы. Бұдан бөлек, оған оның қосағы, менің қызым рұқсат етуі керек. Одан бөлек, сен үйлене қалған жағдайда, перзент бола ма, жоқ па, ол бір Алла тағаланың еркінде, ат сәбиге сонан соң ғана қойылады» – дейді Пайғамбар.

Бұл жерде үлкен ұлағатқа толы оқиға болады. Мұхаммед Пайғамбардың қызы Фатима жарына әлгі қызды әйелдікке алуға қарсы болмайды. Ол әулие адам екен. Кейіннен жылдар өте келе мұсылман әйел қауымы Бибі Фатима, Бибіпатша атандырады. Жаны қысылғанда медет сұрайтын адамға айналады. Қазіреті Ғали мен Әнәпиядан туған ұлға келісім бойынша «Мұхаммед-Ханапия» деген ат беріледі. Осы Мұхаммед-Ханапияның ұрпақтары Қазіреті-Ғали қайтыс болған соң орнына келген Өмеядтер әулетінен ығысып, әуелі Орта Азияға, Қазақстанға келеді. Қожа Ахмет Яссауи – Ысқақ бабтар солардың тікелей ұрпағы боп саналады. Академик В. А. Гордлевский осы деректі қоштай отырып, «Ахмет Иассауидың ұрпағымыз дейтіндер, қожалар Заравшан, Иабу, Тоқшы дейтін елді мекендерде тұратынын» жазып қалдырыпты.

Белгілі шежіреші «Қожалар» деген еңбек бастырған Еркебай Бүрлібаев былай дейді: «Әлінің қазақ жеріне тағдырдың жазымышымен, дәм-түз айдап кел-

ген, қазақ иісі сіңген әулеттері осы Әнепийдан тарайтын Мұхаммед-Әнепия әулеттері мен Фатимадан тарайтын Үсен әулеттері екен. Сонымен Әли Мұртазадан Мұхаммед-Әнепия, одан Абд аль-Фаттах, одан Абд аль-Наббар, одан Абд аль-Қаһһар, одан Абд-ар-Рахман, одан – Ысқақ баб.

Майлықожа ақында мынадай жолдар бар екен:

*Арабта Құрайыш дер, атам – Әшім,
Отыз үш Ата тұрар кәрі жасым...*

Жалпы, «қожа» сөзі, ислам діні орнағанға дейін Меккеде тұрған бал-бал тастарға берілген атау көрінеді. Оларға табынғандар «бұлар біздің неміз, қожамыз» дейді екен. Кейіннен олар тазартылған соң, халық халифаларын солай атай бастапты. Бұл әулеттен көптеген әулиелер шыққан. Жаңақорған-Шиелі аумағындағы әулие, Балабөгенде жатқан Домалақ Ана әулие, Сайрамдағы Ибраһим Ата, Қарашаш әулие, Шолаққорғандағы Бибі Мәриям – Бибі Гауһар әулиелер қазақ халқы құрметтейтін орындар болып саналады.

Мұхтар Әуезовтың өзі қалдырған жазбасында: «Менің аталарым – қожа. Алғашқы шыққан жерлері Қаратау деуші еді. Үлкен әкемнің үйінде сақталған қожалар шежіресінен бала кезімізде бір көргенімде біздің қожалардың арғы атасы Бақшайыш дейді. Бұл – Арқадағы қожа атаулының барлығы ұран қылатын ең қадірлі қожа болса керек», – дейді.

ӨМІРБАЯН ӨРНЕКТЕРІ

Барлық тарихи деректерде ол «63-ке жасым келді. Бұл – Пайғамбар жасы. Енді одан артық ғұмыр жасау маған болмайды. Мен біржолата жер астындағы құлшылық орны – Қылуатке түсем. Жер бетіне қайтып шықпаймын» деп, жарық дүниемен біржолата қоштасқанына анықтама беріп қойған. Кейбір деректерде, осы 63 жасты оның қайтыс болған уағы деп те айтылатын жағдайы бар. Оның Қылуатке түсуі 1165-1166 жылдар деп көрсетілген. Хижрамен салыстырғанда, жылдардың осылай екіге жарылып көрсетілуі дұрыс. Өзінің айтуынша: «Таң сәріде дүйсенбі күні жерге кірдім» (8-хикмет) – дейді. Қарапайым есеп жолымен анықтағанда, туған жылы 1103 жылы болады. Өйткені, 63 жасында Қылуатке кірген емес пе? Ал, жер астына 1165-66 жылдары түскені анық жазылған. Сонымен, Қожа Ахмет Яссауи қанша жасаған? Бұны анықтағанда

түрік ғалымы М. Ф. Көпірлінің оның 1897 жылы Ыстамболда басылған «**Диуани Хикметтегі**» **Иуз игирма бешке кирдим билалмадым**» деген жолдарға сүйеніп, 125 жас жасаған деп төрелік береді. Осыны оқыған, білген М. Жармұхаммедұлы, С.Дәуітұлы, М. Шафиғилар ол 1228 жылы қайтыс болған дейді. Олар үш нәрсені еске алмайды. Біріншіден, 125 жас «символикалық» сан – ол жер бетіндегі және жер астындағы ғұмырдың қосындысы, міне, қараңыз: $63 + 63 = 126$ (I). Халықтың жады тек «Жүз жасаған Жамбылды» ұстап қалған. Қожа Ахмет Яссауи 125 жыл жасады деген дерек еш жерде жоқ. Оны тек ақынның өзі айтады. Мұнан бөлек адам организмі қара жердің бетінде 63 жасқа әрең шыдас береді, біз мысалы, 63 жаста зейнеткерлікке әзер шығамыз. Ал, енді 63-ке келген қарттың жер астында, қараңғы қапаста, сыз жерде, тамақтың тапшылығында, күндіз-түні мінежат қылумен отырғанда тағы 63 жасқа созылуы мүмкін емес дейміз. Тағы бір деректі Шарафаддин Ғали Иазди қолға ұстатады. Ол Қожа Ахмет Яссауи жер астына түскен соң 12 жылдай ғұмыр сүрді дейді («Зафар-нама»). Бұған қарағанда 1178 жылдары дүниеден өткені көрініп тұр. Оның аса талантты шәкірті Сүлеймен Бақырғани 1186 жылы қайтыс болған. Ол өз кітабында ұлы ұстазына арнайы жыр арнап, оның әлдеқашан дүниеден өткенін, «орны Дару с-саламда – пейіште» екенін мадақтаған. Міне, оқып көрелік:

*Йасы суының арасында,
Гауһардың сынығы жатыр,
Машайықтардың сарасы.
Шайхым Ахмет Яссауи.
Он сегіз мың ғаламда,
Аты машһур(алланың) сөзін (білуде)
Орны-Дару с-салам пейішінде*

*Шайхым Ахмет Яссауи.
Қыдырменен сұхбаттасқан,
Ілияспен сыйласқан,
Хақ қасында құрметті
Шайхым Ахмет Яссауи...
Шын сұлтан болған бабама,
Мүрид болды күмәнсіз,
Хаким Қожа Сүлеймен
Шайхым Ахмет Яссауи.*

Бұл әңгімені сөзбау үшін түпнұсқадан да үзінді бергім келіп отыр:

*Йасы суының арасы,
Йатур гауһар парасы,
Машайықтар сарасы
Шайхым Ахмет Яссауи.
Он сегіз мың аламда,
Аты машһур қаламда,
Орны Дару с-саламда*

Шайхым Ахмет Яссауи.
Хызыр бирла сұхбатлық,
Илийас бирла илтифатлик
Хақ қашында хараматлик
Шайхым Ахмет Яссауи.
Бабама чын ол султан,
Мурид болды бигуман,
Хаким хожа Сулайман,
Шайхым Ахмет Яссауи...

(Ежелгі дәуір әдебиеті» хрестоматия.
Екінші кітап. Құрастырған А.Қыраубаева.
Алматы. «Ана тілі» 1991 жыл 152
-153,166-167 беттер).

Тағы да мынадай құнды дерек бар:

**«Посреди реки(на острове) Ясы
лежит драгоценная частица-Могила
моего шейха-повелителя шейхов Ахма-
да Ясави»** (А.И.Пылев. «Ходжа Ахмад
Ясави: суфийский поэт его эпоха и твор-
чество» Атамұра, Алматы, 1997 29-стр.
Сөз танитын адам болса, «Ақырзаман»
кітабында дәл бұл жыр жазылған уақытта
Қожа Ахмет Яссауидің әлдеқашан қайтыс
болғаны анық байқалады. **«Ал енді бұны
жырлаған адам –Сүлеймен Бақырғани
(Хакім Ата) 1186 жылы дүниеден өткені
барлық тарихи деректерде таңбаланып
қойылған (Жырда айтылатын «Дару-с-
саламды» пейіштің софыларға арналған
бөлігі деп біліңіз – авт).** Мұнан бөлек Қожа
Ахмет Яссауиді тым ұзақ жасаттырып, 1228
жылдары дүниеден өтті дейтіндер, сол кезгі
сыртқы саясатты, бұл маңда болып жатқан
ұлы оқиғаларды ұмытып кетеді. Мысалы,
1219 жылы Шыңғыс хан Отырарды тып-
типыл еткен болатын. Болса да Иассы-
Түркістан қаласын көктей өткен...

Әмір Темір 1397 жылы Түркістанға
келгенде, ұлы әулиенің басында шағын
күмбез бар еді. Соны бұздырмай, көрхана
қалпында қалдырып, ұлы Кесенемен қоса
өріп жібереді. Осындай құрылыс орнының
барына қарағанда Қожа Ахмет Яссауи
бабамыз монғол шапқыншылығынан
көп бұрын, бейбіт заманда көз жұмғаны
байқалады. Себебі, басына қанша де-
генмен күмбез тұрғызылыпты. Тағы бір
байқалатын нәрсе, Қожа Ахмет Яссауи
бабамыз **«Диуани Хикметті»** негізінен жер
астында ғұмыр сүргенде жазған көрінеді.
«Хикметтегі» суреттелетін нәрселер соған
саяды. Ал, мұндай дүниелік тудыру үшін,
ең алдымен, жандүние тыныштығы керек
қой! Осыларды салыстыра келгенде, Қожа
Ахмет Яссауи бабамыз 1103 жылы дүниеге
келіп, 1178 жылдары дүниеден өтті дейміз.
Өйткені, Қылуеттегі тіршілікті ол былай
береді:

Алтыс түн, алтыс күнде бір-бір

тағам,
Таң атқанша намаз оқып бердім
салам,
Жер астында қорлық көрдім көп
машақат,
Төсек, жастық тастан қылдым,
шектім мехнат!

Бұл арада айта кеткен жөн болар, Қожа
Ахмет Яссауи бабамыз Қылуетке бұрын
да түсіп тұрыпты. Ол негізінен 40 күнге
созылған. Мұндай тірлікті софылар да жыл
он екі айда бастарынан өткеріп тұрған.
Жерді әуелі қопарып тастап, жер асты
құрылыстарды салып болған соң, қайтадан
мұқият көміп тастаған. Бір-біріне өтетін
жол қалдырған. Онда қысы-жазы қалыпты
салқын, қоңыржай ауа ағыны сақталған.
Қайтыс болған соң жер бетіне шығарып,
жаназасын шығарған. Аңыз бойынша Созақ
шаһарында жатқан Тама Қарабура әулие
жаназасын шығарған делінеді.

Басында Қожа Ахмет тұрған су-
физм – ілгергі ислам дінінен біршама
«жұмсартылған» халықтық көрініс
қалыптастырды. Ол Дешті Қыпшақтан
іргесін бөліп алып, софылық Ясавия Дін Ор-
дасын құрды. Сөйтіп, түркі халықтарымен
біте қайнасып жатқан бақсылықтың зікірін
дін қағидасына енгізіп, оған әйелдерді
де қатыстыратын болды. Сондықтан да,
софылық дінді халық тез қабылдады.
Бұл дін ұстанымдары Қазақстан мен
Орта Азия аясынан асып, Поволжьеге
дейін жетті. Кезінде бұл дінді таратушы
Қожа Ахметтің шәкірттері Маңғыстауда
Шопан Ата, Түркіменияда Гюзли Ата,
Өзбекстанда Зеңгі Ата, Башқұртстанда
Хусейн Ата, т. б. болды. Ал, түркі ғалымы
Көпірлі-задениң жазуынша бұл діннің әсері
Қырым арқылы Түркияға дейін жайы-
лыпты. Жасыратыны жоқ, қазіргі біздің
қолымыздағы **«Диуани хикметтің»** бар
нұсқасы, түпкі мәтін еместігі байқалып
тұрады. Ол жазып алушылар тарапы-
нан бірнеше мәрте өзгерістерге түскен,
өңделген нұсқасы десек жаңылыспаймыз.
Осылардың ең көнесі Стамбул қаласындағы
Бафикпаша кітапханасында сақтаулы.
Академик К.Г.Залеман жазып алған төрт
қолжазба Санкт-Петербургтегі Ғылым
Академиясының Шығыстану бөлімшесінде
сақтаулы. Өзбекстан республикасы Ғылым
Академиясы мен Ташкент мемлекеттік
университеті кітапханасы архивінен 9
қолжазба табылды. Бір өкініштісі, бұлардың
бәрі көшірме боп саналады. **Рас болса,
әулиенің Түркістандағы мазарының
бас жағында ақ ешкінің терісіне жазы-
лып, текшеленіп жиналған ұзындығы**

бір, қалыңдығы бір метр «Хикметтің» жазбасы болыпты-мыс. Бірақ, ол XIX ғасырдың орта шенінде орыстар тарапынан жасалынған шабуыл кезінде жасырылып, кейіннен ұмыт болған көрінеді...

Ендігі әңгіме Қожа Ахмет Яссауидің жасы алпыс үшке келгенде жер астына – Қылуетке түсіп кетуі туралы. Көп жылдар ұлы әулиенің шырақшысы болған, белгілі қаламгер, тарихшы - шежіреші, зерттеуші Орынбай Дастанов «Қылует» туралы:

«Жаңылмасам, жер астында қырықтан астам бөлме бар,

Әр бөлмесі әркімдікі, әрленбеген бәрі тар.

Қабырғасын саз балшықтан сына қағып сылаған,

Сонда да сол жертөлөні киеліге балаған.

Тек орталық хұжыраны Қылует деп атаған,

Ол да ондай үлкен емес, бойы да пәс жатаған...» – деп жыр толғайды. Кезінде, 1970 жылдар, мені, осы жолдардың авторын, Қылуетке түсіретін жер асты жолдарымен біраз жерге апарғаны бар. Ол жол Қожа Ахмет Яссауи Мавзолейінің бас Қақпасы – күн түсетін жағындағы, жарты шақырымдай жердегі, шағын ауылдың маңынан жасалыныпты. Кәдімгі азық-түлік сақтайтын жерасты үйшігіне ұқсайды. Жан-жағы күйдірген кірпішпен қапталыпты. Еденге жалпақ тас төселген. Жер асты жолымен сәл-пәл еңкейіңкіреп жүресіз. Бағыт әулиенің жатқан жеріне қарай тартылған. Шамалы жер жүргеннен кейін, ауа кіретін түтікше-тесік жасалыныпты. Іші қоңыр салқын. 30-40 метр жүргеннен кейін, алдың күйдірген кірпіштен қалап тастапты. Тегі жаудан қорғану үшін бе, жоқ болмаса, Қылуетте жатқандар түннің белгілі бір уағында тысқа шығып, түнгі жұлдызға толы ас-панға қарау үшін жасалынған ба, әйтеуір ғажайып жер асты жолымен жүріп өткенім анық.

Қазіргі заманда Түркістан қаласы, негізінен әулие жатқан жерден солтүстікке көбірек шоғырланған. Ескі шежірелерде: «Қожа Ахмет Яссауи бейіті тұрған мешіт қаланың солтүстік батыс жағына орналасқан. Жобасында бұл бес бұрыш төбе. Оның «Оңтүстік-шығыс жағы 13 метр, солтүстік-шығысы – 80 метр, солтүстігі – 90 метр, солтүстік батысы – 130 метр, оңтүстік-батысы 200 метр» деп көрсетілген. Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың «Диуани хикметін» анықтап қарасаңыз ғұмырнама екеніне көз

жеткізесіз.

Бір жасымда аруақ маған үлес берді.

Екі жаста Пайғамбарлар келіп көрді.

Үш жасымда шілтен келіп халім білді.

Төрт жасымда Хақ Мұстафа берді

құрма,

Бес жасымда шариятқа белім будым.

Алты жаста Арыстан бабам іздеп

тапты.

(Жеті жаста Арыстан бабам іздеп

тапты)

Сегізімде сегіз жасқан жол ашылды.

Тоғызымда толғанбадым тура жолға.

Он жасыңда ұлан болдың, Құл Қожа

Ахмет,

Он бірімде рахмет дариясы толып

тасты,

Он екімде бұл сырларды көрдім, міне.

Он үшімде құштарлықты қолға алдым.

Он төртімде топырақ сипат болдым,

міне.

Он бесімде хор қызы мен жігіттері келді.

Он алтымда барлық аруақ үлес берді.

Он жетімде Түркістанда тұрдым, міне.

Он сегізде шілтенменен шарап іштім.

Он тоғызда жетпіс мақам айқын болды.

Жиырма жасым жетті, еттім мақам.

Құл Қожа Ахмет, жасың жетті жиырма

бірге,

Не қылғайсың, күнәларың таудан да

ауыр?!

Мен жиырма екі жаста толысып жігіт

болдым.

Ей, достар, жасым жетті жиырма

үшке,

Тағатым жоқ жалған іс пен дауқестікке!

Мен жиырма төртке келдім Хақтан

жырақ.

Жазумен жасым жетті жиырма беске!

Жиырма алты жасымда «сауда» қылдым,

Мәнсүр сипат дидар үшін талас қылдым.

Мен жиырма жеті жаста Пірді таптым.

Мен жиырма сегіз жасымда гашық

болдым.

Жиырма тоғыз жасқа келдім, халім харап.

Отыз жаста отқа қақтап күйдірді,

Күллі әулие жиылып дүние қорлықты

қойдырды.

Отыз бірде Қызыр Бабам шарап ішірді.

Отыз екі жасымда жетті Хақтан

пәрмен.

Отыз үште сақи болып шарап үлестім.

Отыз төртте ғалым болып, дана болдым.

Отыз бесте мешіт кіріп Дәурен сүрдім.

(Отыз алтыны баяндамапты).

Отыз жеті жасқа кірдім, оянбады.

Отыз сегіз жасқа келдім, ғұмырым өтті.

Отыз тоғыз жасқа кірдім, қылдым

қасірет.

Құл Қожа Ахмет, қырыққа кірдің
нәпсіңді тый!

Қырық бірінде ықылас қылдым жол
табам деп.

Қырық екімде шәкірт болып жолға кірдім.

Қырық үште Хақты іздеп зар еңіредім.

Қырық төртінде махаббаттың
базарында.

Қырық бесімде сенен қажет тілеп келдім.

Қырық алтымда зауқым асып, толып
тасты.

Қырық жетімде жеті жақтан шабыт
жетті.

Қырық сегізде газиз жаннан безер болдым.

Қырық тоғызда ғашық болып күйіп-
жандым.

Елуімде ермін дедім-дәрменсіздік.

Елу бірде шөлдер кезіп, тамыр сордым.

Елу екі жаста кешітім мүлік-малдан.

Елу үште сол шарапты несіп қылды.

Елу төртте жан дүнием зар жылады.

Елу бесте дидар үшін тіленші болдым.

Елу алты жасқа кірді мұңдық басым.

Елу жеті жаста ғұмырым желдей есті.

Елу сегіз жасқа кірдім, бейхабармын.

Елу тоғыз жасқа кіріп қылып ем дат.

Көзім жұмып ашқаниша жетті алтыс.

Алтыс бірде шермендемін ылаһымнан.

Алтыс екі жаста Алла мені жерге
тартты.

Алтыс үште хабар келді: Құлым, жерге
кір деген...

Жер астына кіргенде естен тандым.

Жер астына қашып кірдім надандардан,

Жер үстінде өлмес бұрын тірі өлдім.

Жер астында бар жаныммен құлдық
қылдым...

Көптеген энциклопедияларда, құзырлы басылымдарды Қожа Ахмет Яссауиді 1165-66 жылы 63 жасында дүниеден өткен деп жазып жүр. Олар:

Алтыс екі жаста Алла мені жерге
тартты,

Алтыс үште хабар келді:

Құлым жерге кір деген,

Жер астына кіргенде естен тандым,

Жер астына қашып кірдім
надандардан,

Жер үстінде өлмес бұрын тірі өлдім,

Жер астында бар жаныммен құлдық қылдым – дегендерді түсіне алмайды. «Өлді» деген осы екен деп ойлайды. Ал, екінші біреулер 125 жасқа жеткізіп салады. Осылардың өзі-ақ «Ясауитанушылардың» әзірге дұрыс жолда келе жатпағандарына куәлік береді және де бұған дейін айтылған, жазылған дүниеліктерді қайта карауды талап етеді.

■ Дерек пен дәйек

Кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігі артты

Өнеркәсіптік кәсіпорын басшылары 2013 жылдың мамыр айында сәуір айына қарағанда өндіріс көлемі мен дайын өнімге сұраныс ұлғайғанын, яғни олардың іскерлік белсенділігі артуына әсер еткендігін атап өтті.

Агенттік мәліметтеріне қарағанда, іскерлік белсенділіктің өзгеруін белгілейтін кәсіпкерлік сенімділіктің индексі 2 пайыздық тармаққа өсіп +10 пайызды құрады. Сұрауға қатысқан өнеркәсіптік кәсіпорын басшыларының басым бөлігі таяу уақытта, тамыз айына дейін өздерінің іскерлік белсенділігі артатынын болжаған.

Сауда кәсіпорындары басшыларының бағалауынша, 2013 жылы мамыр айында тауар тұтынушылар сұранысының төмендеуі олардың іскерлік белсенділігінің өзгеруіне әкеліп соққан. Бұл ретте кәсіпкерлік сенімділіктің индексі 1 пайыздық тармаққа төмендеп, +6 пайызды құраған.

Сұралған кәсіпорындардың 68 пайызы 2013 жылдың тамызына дейін қаржы-шаруашылық қызметі қазіргіге қарағанда өзгермейді деп болжаса, олардың 19 пайызы жағдайдың қазіргімен салыстырғанда жақсаратынын, ал 12 пайызы төмендеуі мүмкін екенін көрсеткен.

Қазақстан шапшаң қартайып бара жатыр

БҰҰ мәліметтері бойынша Қазақстан шапшаң қартайып бара жатқан елдер қатарына жатады. Бұл туралы Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің кеңейтілген отырысында депутат Надежда Петухова мәлім етті. Еске салсақ, Дариға Назарбаеваның жетекшілігімен өткен комитет отырысында Қазақстандағы паллиативтік көмек көрсету мәселелері талқыланды.

«2050 жылға қарай Қазақстан халқының төрттен бірін егде жастағы адамдар құрайды. Соған қарай қарттар арасында кездесетін ауру түрлері де арта түседі деген сөз. Оның ішінде қатерлі ісік патологиясы өршуі әбден мүмкін», – деді депутат Надежда Петухова.

Оның айтуынша, республика бойынша мәліметтер науқастардың арасында дәл осы қатерлі ісіктен көз жұматындардың саны артып отырғанын көрсетеді. «Сондықтан да, осы санаттағы науқастардың басым бөлігі кәсіби медицина-психологиялық көмектерге зәру. Ендеше олардың өмір сапасын арттыру жан-жақты дамытуды, емдеу үдерісінің жаңа тәсілдерін қолдануды талап етеді», – деді депутат.



Тынысбек ҚОҢЫРАТБАЙ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Сталин – жендет

Иә, одан бері де 76 жыл өтіпті... Сол бір сұрапыл жылдары Құдайдың «қызметін» атқарып, бейкүнә жандардың жанын алған НКВД әзірейілдерінің не «көрде өкіргенін», не баспасөзде ел қарғысына ұшырағанын көргеніміз жоқ. Жұрттың үрейін алып, ел ішін қан сасытқан жендеттердің іс-әрекеттеріне тәуелсіздік тұсында берілген баға, қаулы-қарарлар тағы жоқ. Қазақ қауымы ұлт зиялыларына тағылған жалған айыптың алынып, есімдері мен еңбектерінің қайта оралғанын тоқсынатын тәрізді. Ал, олардың генетикалық ұрпақ және әлі де мол рухани мұра қалдыруына мүмкіндік бермеген, адамзат баласына қарсы қылмыс жасаған баскесерлердің есімдері болса архив қойнауында «тығылып», тып-тыныш жатыр. Ел тағдыры, болашағы, ғылым мен әдебиет, мәдениет үшін аянбай еңбек еткен, нақақтан атылған азаматтар болса жаңа ұрпақ санасынан өше бастағандай... **Кезінде кеңес үкіметі озық ойлы жандарға жалған айып таға отырып, оларды қаралауға қалың халықты, әсіресе завод, фабрика жұмысшыларын жұмылдырғаны баспасөз беттерінде сайрап жатыр. «Уничтожить врагов народа!», «Атылсын!» деп келетін үкім-ұрандарды жалпы көпшілік қана емес, зиялы қауым өкілдері де айтқан, жазған. Мұндайда, асыл Абайдың «тобыр» деген сөзін қалайша еске алмассың. Өз қылмыстарын халық тасасында тұрып жасаудың, көптің қолымен от көсеудің кеңестік-классикалық бір үлгісі – осы. Мұның бәрі Сталин жанының ерекше «тәтті» болғандығынан туған саяси ылаңдар еді. Оның қыры мен сыры бүгінде айтылып та, жазылып та жатыр. Бәленің басы 1934 жылдың аяғындағы С.М.Киров өлімінен**

ҚАН САСЫҒАН ОТЫЗ ЖЕТІ...

басталған десек, соны ұйымдастырушы – Сталин деген пікірлер талай рет қылаң берді. Өз тұрғыластарының іскерлік қарымынан, ел алдындағы күн санап өсіп келе жатқан беделі, толымды тұлғасынан сескенген Сталинге 1937-1938 жылдарғы репрессия өз оппоненттерінен арылып, шексіз билікке құрылған өктемдігін сақтап қалу үшін қажет болған. **Кеңес еліне қырғын салып, қан сасытып жасаған қылмысын саяси «қалпақпен» бүркемелегісі келген. Сонда, бейбіт өмір жағдайында, небәрі екі жылдың ішінде, 20 миллион жазықсыз адамды мерт қылған Сталинді XX ғасыр жауызы, баскесер, өз еліне қастандық жасаған нағыз қарау, қанішер адам демеске не шара? Оны Гитлерден жоғары болмаса, төмен қоюға келмейді. Германиядағы фашизм сияқты Сталин де адамзат баласына қарсы зор қылмыс жасаған қаны қарайған адам: Гитлер – өзге, Сталин – өз халқына қысастық жасаған жендет. Айырмасы осы ғана.**

Демек, Сталин – жендет, отызыншы жылдар – жендетизм дәуірі болып шығады.

НКВД – «соқырдың» қолындағы ұстара

«Покаяние» кинофильміндегі секілді жендеттік жасаған әкелерінің «бағасын беріп» жатқан ұрпақ бізде жоқ. Сонда жоғарыдан түсетін қылмысты бұйрықтарды асыра орындаған НКВД жендеттерін қалай бағаламақпыз? Оларға қандай баға қолданбақпыз? **Осы кезге дейін көпшілікке жария болған деректер НКВД – фашистік СС, яғни, жазалаушы қызмет атқарған орган деген пікірді толық қуаттайды. Егер, осы негізде Гитлер – Сталин, СС – НКВД ұғымдарының арасына теңдік белгісін қояр болсақ, оларға Нюренбург процесінің шешімдерін қолдану қажет болады. Бүгінде біз бес жылға созылған Ұлы Отан соғысында, шамамен 20 миллион адам қырылған деп жүрсек, Сталин мен НКВД жандайшаптары бейбіт жағдайда, небәрі екі жыл ішінде, осыншама (20 миллион) адамды жазықсыз мерт қылған.**

Фашизмге қарағанда Сталин – НКВД органдарының адамзат баласына жасаған хайуандықтарының деңгейі әлдеқайда жоғары ма деп қаласың.

Олай болса, Сталинді «адамзат баласының қас жауы», сол тұстағы НКВД жүйесін, онда қызмет істеген, шаш ал десе, бас алған жендеттерді «халық жауы» деп бағалаған дұрыс болады. Бұл баға олардың ел басына салған ыландарына әбден лайық. Коммунистік партия басшыларының «қымбат» жандарын бағып, режимге қызмет істеген жендеттер Құдайдың қызметіне араласып, мыңдаған азаматтарымыздың өмірін ерте әрі жазықсыз қиды. Ұлы даланы қан сасытқан, сол қанішерлердің ел алдында жауап бергені бар ма, сірә? Кирдің басын қанға салған Томирис секілді, ата-баба салтымен қанқұмар Сталин мен оның үкімдерін аймақтарда орындаған басшылардың бас сүйектерін қан құйылған ыдысқа салып қоюдың да сөкеттігі болмауға тиіс. Тым болмаса, осы мазмұндас символ-силуэт жасап қою керек шығар. Болмаса есімдері мен жасаған қылмыстарын қара тақтаға жазып, репрессия құрбандарына қойылған ескерткіштердің бір бұрышына орналастырға да болады. Келер ұрпаққа сабақ берудің бір жолы – осы.

«Тройка» деген кімдер?

Халық арасындағы көзі ашық, әділетшіл, бас көтерер тұлғаларды атып, жазалаған кеңестік НКВД жанында «двойка», «тройка» деген қылмыстық топтардың жұмыс жасағаны жалпы жұртқа мәлім. Бірақ, олар туралы мәлімет жоқтың қасы. Бұл сандық терминдерге құрылған атаулардың сыры неде? Осы кезге дейін жария болған құжаттарға қарағанда, «үштік» сол жылдары қолында билігі болған лауазым иелерін білдіретін сияқты. Біздің пайымдауымызша, олар ВКП(б) облыстық (қалалық) комитетінің бірінші хатшысы, атқару органының төрағасы және облыстық прокурор болуға тиіс. Жауап ал десе, жұдырық пен аяқ жұмсап, шаш ал десе, бауыздап жөнелуге бейім, ұстараның жүзіндей қылпылдап тұрған НКВД жендеттері «үштікке» мәлімдеме жасап, «айыпталушының» өз кінәсін толық мойындап, хаттамаға қол қойғанын баяндаса, үштік «атылсын!» деген қылмысты үкім шығарып отырған. Орыстар айтпақшы «два сапога – пара» болып қара ниетпен қылмыс жасаған. Жасамаған «қылмысын» мойындату – НКВД жендеттері қолданған адамзатқа қарсы қылмыстардың бірі! Олар өз тәжірибесінде гестапо тәсілдерін қолданған деуге толық

негіз бар. Өйткені, себепсіз тұтқындалғандар арасында НКВД баскесерлері мойнына қиып салған «қылмысын» мойындамаған жан жоқ есеп! Хаттамаға қол қойғандары із суытпай атылып кете барған. Кезінде НКВД-КГБ мекемелері берген «үмер в лагере от язвы желудка» деген анықтамаға қарағанда бірен-саран қол қоюдан бас тартқандары тепкіден шектері үзіліп мерт болған ба деп шамалаймыз. Өз басым «язва желудка» деген тіркесті осылай қабылдаймын.

Сталин – НКВД-КГБ мекемелерінің 1937-1938 жылдарғы ойраны өз алдына, 1948-1953 жылдары репрессиядан аман келген немесе күдікті саналған азаматтарды кінәсі бар-жоғына қарамастан қайтадан қамауға алуы – әлем тәжірибесінде болып көрмеген жауыздық! Демек, олардың ел ішінде салған ойрандары тарих тасасында жата бермей, өзінің тиісті бағасын алуы керек. Оны жалпылама қаулы емес, әрбір саяси процестің қылмыстық астарын айқындауға, жеке шенеуніктердің қылмыстық істерін әшкерелеуге негіздеу қажет. Сонда ғана сталиндік НКВД-ның адамзат баласына қарсы жасаған террорлық істеріне тұшымды баға берілемек.

«Міржақып Дулатовтың күйеу баласы»

Республика көлеміндегі айтулы оқиғалардың өткен жылғы күнтізбесіне КСРО Жазушылар одағының мүшесі, әдебиет сыншысы әрі аудармашы Әлібек Қоңыратбаевтың есімі еніп келеді. XX ғасырдың алғашқы жартысында ғұмыр кешіп, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне бір кісідей еңбек еткен қаламгер мұрасы көзіқарақты оқырмандар болмаса, бүгінгі жас ұрпаққа беймәлім деуге болады. Қан сасыған 1937 жылы қандықол жендеттердің қолынан мерт болған жазушылардың бірі – Әлібек Қоңыратбаев. Оның қылмыстық ісінде «зять ярого врага советского народа Мир-Якуба Дулатова» деген анықтама бар. Осы жолдар оның тағдырын шешіп кеткенге ұқсайды.

Әлібек Қоңыратбаев – кеңес дәуірінің тұлғасы. Түркістан Республикасы құрылғанда Ташкентте ашылған «Кирипроска» (кейін «Казинпрос») оқуға түскен. Бірақ, сол жылдарғы аштыққа шыдамай елге оралып, ұстаздық жұмыс істейді. Түркістан Республикасы тарап, Ақмешіт біріккен Қазақстанның



орталығына айналғанда ағасы Қалжан Қоңыратбайұлы Әлібекті досы Міржақып Дулатовтың қолына беріп, Қызылордада оқытады. 1928 жылы Алматыда ашылған Қазақ университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түскен Әлібек Қ.Жұмалиев, Т.Жароков, Ә.Тәжібаев, Р.Уәлиахметов, А.Әлібаев, М.Жанғалиндармен бір курста оқып, үлкен әдеби өмірге құлаш сермеген. Қазақстандағы әдебиет майданында М.Жолдыбаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтермен қатар көрінген.

Қаламгер келбеті

Әдебиет майданында Әлібек көбіне сыншы, аудармашы, оқулық авторлары ретінде көрінген. «Горький қазақ әдебиетінде», «Қаскелең» поэмасы туралы, т.б. сыни мақалалары сол тұстағы әдеби сынның талаптары тұрғысынан жазылған. Қаламгердің прозалық туындылары да жоқ емес. М. Жолдыбаев, М.Әуезов, А.Әлібаевтармен бірігіп алғашқы әдебиет оқулықтарын жазғаны да белгілі. Әлібек туралы алғашқы деректерді академик Қажым Жұмалиевтің «Жайсаң жандар» (1968) атты естеліктерінің С.Сейфуллинге арналған тарауынан кездестіреміз. Онда ғалым Әлібектің көңілді, ақжелең жігіт болғанын, Сәкенді бұрыннан білетінін баяндаған.

Әлібек Қоңыратбаевтың жастық шағындағы тұлғалық-шығармашылық келбетін поэзия және проза тілімен де сомдалған. Әсіресе:

*Мен оның ұмытқам жоқ ақ сәулесін,
Сымбатын сұлулардың алған есін.
Мен өзім ұйып жаным тыңдағанмын,
Күлдіріп айтқан талай әңгімесін.
Бір тұрғып, бірге жүріп, бір
жасатқанмын,
Ащыны, тұщыны да бір татқанмын.
Бір күліп, қайғырғанда бірге жылап,
Бірге ішіп бокалды да құрғатқанмын.
Қосылып өлеңді де бірге айтқанмын,
Қызықтан қыз ұзатып бір қайтқанмын.
Айтыста айқайы көп бірге сөйлеп,
Түндерін бірге өткізгем
бойдақтардың...
Ықпайтын я суықтан, я ыстықтан,
Жеркенгіш жаны да ұсақ
пысықтықтан.
От қанат сорғалаған сұңқар еді,
Ішінен қалың өрттің ұшып шыққан.
Жау еді жарамсақ пен жалтақтыққа,
Жау еді арын сатып жан сақтауға.
Құрбыны сүюші еді, сүйеуші еді,
Қиыннан, қиянаттан шаршатпауға.
Қайда енді сол бір досым, сүйенішім?*

Таба алмай таңдаулымды күйеді ішім.

О, досым, жарқ етіп бір келсең еді,

Бауырыңды баяғыша сүйеу үшін, – деп келетін қаламгердің досы, ақын Әбділда Тәжібаев толғаныстарының орны бөлек.

Әр жылдары Әлібек туралы тетелес ағасы Әуелбек Қоңыратбаев, академик М.Қаратаев, ақын Асқар Тоқмағамбетов, аудармашы Х.Өзденбаевтар естеліктер жазған. 70-жылдардан бері қаламгер туралы мәліметтер «Қазақ ССР энциклопедиясы» (1975, 6-т.), «Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия» (1984), «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» (2004, 6-т.) сияқты республикалық ресми анықтамалықтарға енген. Оның бергі жағында «Қазақстан жазушылары» (1934), «Советтік қазақ жазушылары» (1987), «XX ғасыр. Қазақ жазушылары» (2004), басқа да жинақтарға еніп келеді. 2008 жылы алғаш рет қаламгердің шығармалар жинағы жарық көрді.

Әлібек Қоңыратбаев республикамыздың әдеби өміріне ерте араласқан қаламгер. 20-жылдары мерзімді баспасөз беттерінде жазушының әдеби-публицистикалық мақалалары мен эссе-әңгімелері жарық көре бастаған. 1931-1933 жылдары қаламгер Қазақстан Жазушылар одағының жауапты хатшысы қызметін атқарып, жазушылар съезін өткізген. Сол тұста жарық көрген «Қазақстан жазушылары» атты анықтамалыққа енген санаулы қаламгерлердің қатарында Әлібек Қоңыратбаевтың есімі де бар.

Мойнына қиып салған «кінә»

Әлібек – барынша қысқа ғұмыр кешкен Сыр елінің бір түлегі. Балалық шағы Шиелі жерінде өтіп, кейін республикаға танылған қаламгер. Кеңестік НКВД баскесерлері аты-шулы 58-статьяның бірнеше баптары бойынша айыптап, мерт қылған. Сүйегі Алматы облысы, ГРЭС маңындағы Жаңалық елді мекенінде жатыр. Иә, НКВД жендеттері Әлібекті небәрі 30 жасында тұтқындап, тергеу камерасында сотсыз, қылмыстық топ – үштіктің шешімімен қарақұсынан оқ атып, бас сүйегін тесіп өлтірген. Өлі денені қапқа салып, аузын буып, қараңғылық орнағанда үсті пататкамен жабылған, іші өлікке толы үлкен әскери машинамен қазіргі Жаңалық елді мекені орналасқан жазық далада күнілгері қазылып қойған орға аударып, трактормен көміп тастаған. Олардың бұл қылмысын бала кезінде көнекөз қариялар көрген. Сол мәліметтер негізінде барып мемориалдық белгі орнатылған-ды.

Мойнына қиып салған «қылмыстары»

адам күлерлік: «неміс-жапон шпионы», Өлкелік ВКП(б) комитетінің бірінші хатшысы Мирзоянды өлтірмек болған «террористік» топтың мүшесі деген сандырақ. Кейде, осыған НКВД жендеттерінің өздері сенді ме екен? Әлде жоғарыдан түскен үкімді орындап, іштей тынып, қылмысқа барып отыра берді ме? – деген ой да мазалайды. 30-жылдардың ортасында Әлібектің Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнарға қосылғаны тарихтан белгілі. Ұйғыр махалласында өткен сол тойға «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынов пен тілшісі Қалжан Қоңыратбаев қатысқан. Жастардан Әбділда Тәжібаев беташар айтып, Рахым Уәлиахметов, Абат Әлібаев, Қадыр Тайшықов, басқа да достары сөз сөйлеп, екі жастың бақыты, ұзақ ғұмыры үшін тост көтерген.

1935 жылы М.Дулатовтың ұлы Әлібек қайтыс болған. Оны жерлеуге ер адамдардан Ахмет Байтұрсынов пен Әлібек Қоңыратбаев қана қатысқанын кезінде Г.Дулатова жазды. Араға бірер жыл салып 1937 жыл оқиғалары басталғанда жоғарыда есімдері аталған қаламгерлердің барлығына жуығы «халық жауы» ретінде қамалған. **Қармаққа алғаш іліккен сол жылдары Казиздатта оқулықтар бөлімін басқарған қаламгер – Әлібек Қоңыратбаев. Ол 1937 жылдың 17 наурызында Казиздаттағы жұмыс орнында тұтқындалған. Оған кеңес өкіметінің «қас жауы» М.Дулатовтың күйеу баласы екенін есіне сала отырып, бүкіл одақ көлемінде коммунистік партия басшыларының көзін құрту бағытында әрекет етіп жатқан «террористік» топтың мүшесі деген жалған айып тағылған.** Кейін, бұл топтың Қазақстандағы мүшелері І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлиндер болып кете барған. Оларға гестаполық тәсілдер қолданып, жауап алған сайын тістерін «тірідей» жұлып, екі самайын тезге салып, көзін шарасынан шығарып, тырнақ астына біз тығып, жандарын көздеріне көрсеткен. Ұрып-соғу, тепкі өз алдына. Осындай қорлауға шыдамаған қаламгерлер, бірінен соң бірі «қылмыстарын» мойындап, жендеттер жасаған жалған хаттамаға қол қоя берген. Аяғы – атылу...

Екіұшты ақтау

Кезінде КГБ мекемелері Әлібек туралы әр түрлі мәліметтер беріп отырған. Мысалы, 1955 жылы «жылымық» басталғанда Әлібектің анасы тиісті орындарға хат жазып, баласының тағдырын сұраған. КГБ мекемелері жауап беріп, Әлібектің 1946 жылы лагерьде «асқазан жарасынан» қайтыс болғанын жазыпты. Қош делік. 1956 жылғы Әлібек Қоңыратбаевты

ақтау туралы Түркістан әскери округі берген анықтамада **«реабилитирован за недостаточностью собранных доказательств»** деп жазылып, өлген себебі көрсетілмеген. 1989 жылы Түркістан әскери округінен келген жауап хатта Әлібек Қоңыратбаевтың Алматы облыстық НКВД басқармасы үштігінің 1937 жылғы 1 желтоқсандағы қаулысымен 1937 жылдың 2 желтоқсанында НКВД-ның Мемлекет қауіпсіздігі басқармасының тергеу камерасында атылғаны жазылған. **Оған койылған айыптар қатарында:**

- 1933 жылы Ілияс Жансүгіровпен антикеңестік-ұлтшылдық, террористік-диверсиялық, шпиондық-көтерілісшіл ұйымға тартылып, контрреволюциялық жұмыстарға белсене араласқаны;

- «Жүргенов, Тоғжанов және басқалардың қатысуымен өткен бірнеше құпия жиналыстарға қатысып, Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкетіп, орнына ұлтшыл-буржуазияшыл мемлекет орнатуды көздегені;

- террористік топқа кіріп, Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Мирзоян жолдасты өлтіруге дайындық жасағаны;

- Жүргенов пен Жансүгіровтің тапсырмасы бойынша террористік топқа Тәжібаевты және Жанғалинді тартқаны;

- студент жастар арасында антикеңестік үгіт жүргізіп, оларды террор мен антикеңестік көтеріліске шақырғаны;

- контрреволюциялық жұмысқа Мәметованы тартқаны;

- баспа беттерінде антикеңестік ұлтшыл идеологияны жүргізіп отырғаны;

- КСРО-ға қарсы ұлтшыл-контрреволюцияшыл шығармаларды жарыққа шығарғаны» көрсетілген.

Хат қолға тиген бойда, Алматы қаласы Медеу аудандық АХЖ (ЗАГС) бөліміне барып қаламгердің өлгені туралы куәлік беруді сұрадым. Хаттың көшірмесін бердім. Бірақ, олар мұндай мәселені КГБ мекемелерімен келісіп істейтінін айтып, бір аптадан соң жолығуды сұрады. Уағдаласқан мерзім өткен соң тағы да бардым. Қолыма ұстатқан куәліктегі **«причина смерти – язва желудка»** деген тіркесті көргенде таң қалып, мұның себебін сұрадым. Олар себебін бізден емес, КГБ-дан сұра деді. Ондағылар «құйрығын» ұстатпады. Сонда деймін-ау, кезінде баскесерлердің қолынан мерт болған Әлібек Қоңыратбаев асқазан жарасынан өлген бе, әлде тергеу камерасында атылған ба? Әлде «НКВД жендеттерінің тепкісінен шегі үзіліп өлген бе? Бұл жағы әлі күнге құпия...

Адам тағдырын шыбын құрлы көрмеген

НКВД баскесерлерінің тірлігі осындай болып кете барады. Қазақ даласын қанға бояса да олардың есімдері тарих тасасында қалып отыр. «Елу жылда – ел жаңа» десек те, 30-жылдарғы НКВД құжаттары мемлекеттік архивке түспей келеді. **«Жазықсыз жазаланған аға буын зиялылардың ұрпақтары жауласып кетеді»** – деген желеумен қанішер, кісіпірлердің есімдерін жасырып жүргендейміз. Осынымыз қаншалықты дұрыс, қаншалықты бұрыс? Құн дауын былай қойғанда **«судың да сұрауы бар»** деген қазақ қолдан өлтірілген ұлдарына келгенде неге үнсіз? Осының бәрін кешегі «баскесерлер» мекемесінің ізіндегі, бүгінде атауы өзгерген ҰҚК қызметкерлері атқарып, архив қоймаларын тарс жауып қоймай, еріксіз өлтірілген кісілердің ұрпақтарына жол ашып, қылмыстық іс-құжаттарымен танысуға мүмкіндік тудырып жатса қанекей! Көбінің суреттері де сақталмаған, әрі-беріден соң олардың қолтаңбаларының да ұрпақтары үшін танымдық мәні бар екенін ескерген жөн болар еді.

Қайғы – бөліссе жеңілдейді деген осындайда айтылса керек. Ел, халық алдындағы қылмысты жасырып бола ма? Ерте ме, кеш пе оның бәрі де ашылады. Ақиқат – бәрін де жеңіп шығатын мәңгілік категория. Сонда талай уақыт бас шұғылып, құлдық психологияны байқағудан көрген пайдамыз қайсы?..

Шаяхметов – әпербақаншыл тұлға

НКВД жендеттері ғана емес, сол тұстағы партия қызметкерлеріне де беріліп жатқан бағалар көңілден шықпайды, ақиқатқа сай келмейді. **Репрессия жылдары Алматыда НКВД басқарған бір ғана Жұмабай Шаяхметовті алып көрелік.** Қолы қан сасыған жендет 1938 жылдан республикалық партия ұйымының хатшылығына сайланып, 1946-1954 жылдары оған жетекшілік жасап, қазақ зиялыларына тізесін тағы да оңдырмай батырған. Оның тікелей араласуымен қабылданған **«Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси-өрескел қателіктер»** (1947, «СҚ» 1 ақпан), **«Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері»** (1947, «СҚ», 14 ақпан), **«Қазақстан партия ұйымында идеологиялық жұмыстың жайы туралы ҚК(б)П ОК XIX Пленумының Ж.Шаяхметов жолдастың баяндамасы бойынша қаулысы** (1948)» сияқты тарихи құжаттардың регресстік сипаты басым. Сол

негізде Әуелбек Қоңыратбаев, Бейсембай Кенжебаев, Темірғали Нұртазин, Әмина Мәметовалар Қазақ ССР Ғылым академиясынан қуылып, Алматыдан жер аударылған. Қалай болғанда да бұл қаулы-қарарлардың қазақ ғылымын ондаған жылдарға кері шегеріп тастағаны анық.

Бұл аз болса, 50-жылдарғы саяси қудалауларды еске алып көрелік. Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұхамедханов, Е.Бекмахановтар ғылыми зерттеулері үшін ұзақ мерзімге бос бостандықтарынан айрылса, М.Әуезов, А.Жұбанов, І.Кеңесбаев сияқты бір топ ғалымдар қызметтерінен қуылған. **Осының бәрін білгендіктен Шаяхметовтың 100 жылдығы тұсында БҰҰ (ООН) қызмет істейтін немересінің қазақ интеллигенциясының ұрпақтарынан кешірім сұрағаны бар.** Бұл тегін емес. Қазақ зиялылары, одан қалды оның өз ұрпақтары халықтан кешірім сұрап жатқанда 1936-1937 жылдары Алматы облыстық НКВД басқармасында жетекші қызметте болған Шаяхметов феноменін мақтағысы келетіндерге жол болсын! Мыңдаған жазықсыз жандардың қанын ұрттап ішіп, ондаған ғалымдарды қуғын-сүргінге түсірген жендеттің халыққа қарсы іс-әрекеттерін бір ауыз кешіріммен ақтай салуға бола ма, сірә. **Қаншама адам өз еркінен тыс өмірмен ерте қоштасты! Қаншама өмірге келуге тиіс жас ұрпақ жарық өмірдің не екенін біле алмай кетті! Қаншама отбасы жетімдік пен жесірліктің дәмін татты! Олардың сұрауы кімнен?**

Орта ғасырлардағы түркі тайпаларында қанға-қан деген болған. Бізде, ол кейін құн дауымен алмастырылған. Ендігі жерде, мәселені осылай да қоюдың кезегі жеткендей. Бұл біреуге ұнар, біреуге ұнамас, бірақ, жазықсыз жапа шеккен 20 миллион жанның сұрауы болу керек деп санаймын. Қысқасы, қан сасыған 1937 жылдың ақиқаты әлі толық ашылған жоқ. Біздің қанағат тұтып жүргеніміз жеке тұлғалардың тағдырына қатысты деректер ғана. Тұтас күйінде қуғын-сүргін жылдарына ғылыми баға берілген емес. Оның күні алда деп білген ләзім. **Дегенмен, барлық шешімді көпшіліктің қолы жетпей жатқан НКВД - КГБ мекемелерінің архивтік құжаттарына тірей бермей, қандықол жендеттерді мерзімді баспасөз беттеріндегі деректер арқылы да анықтауға болады екен.** Репрессия құрбандарын еске алу күні қарсаңында, қуғын-сүргінге түскен тұлғалардың ұрпағы ретінде, тым болмаса еліне зорлық пен зомбылық көрсеткен нағыз халық жауларының кейбіреулерінің аттарын атап, түстерін түстеп өтуді артық көрмедік.



Герольд БЕЛЬГЕР,
жазушы

*Не ойласаң, соны айта алғаннан
артық бақыт жоқ*
Тацит

...Әлхисса, инфаркт пен инсульт деп аталатын қияметтің қыл көпірінен өтіп, аман қалғандаймын. Тағдыр: «Әзірше жүре тұр» деп, қайырымдылық жасағандай. Бірақ, түсінемін, қатаң ескерту жасап, шарт қойған сыңайлы. Шарты: «Күнсайын еңбектен, қаламнан қолың босамасын, шалтай-балтайды қой». Жазған басым соған иланып, содан бері шамамша қыбырлап-жыбырлап жүрмін. «Жұмысты қойған күні – ай-шайға қаратпай, аяғыңды көктем келтіріп, жұлып аламын» деп ескертмеді Жаратқан Ием.

Өзара келіскен шартымыз осы.

«Денк ихь ан Дойчланд ин дер Нахт...» – «Ұйқысыз түнде Германиямды ойласам...». Генрих Гейнениң тамаша өлеңдерінің бірі осылай басталады.

Өз елінің шынайы азаматымын деп есептейтін қай-қайсымыз да осы тектес өлең жолдарын өз ішімізде үнемі болмаса да, жиі айтатын болармыз – тек «Германия» сөзінің орнында Қазақстан тұрар. Иә, Қазақстан туралы – оның өткені, қазіргісі, болашағы туралы – осы күні, тіпті қатты ойланам.

Қазақстанда мен 60 жылдан бері – бүкіл өмір бойы десеңіз де болады – тұрып келемін. Бұл елді «Менің Қазақстаным» деуге әбден хақым бар деп ойлаймын. «Елу жылда ел жаңа» дейтін қазақ мәтелінің терең шындығын растай аламын. Мен соған куәгермін.

Уақыт желі біздің бейбіт үйіміздің іргесін ырғап, шаңырағын шайқап тұр. Ол үйдің ішінде не болып, не қойып

ЖҮРЕ БЕРСЕҢ КӨРЕ БЕРЕСІҢ, КӨРЕ БЕРСЕҢ КӨНЕ БЕРЕСІҢ

жатқаны ешқайсымызды да бейтарап қалдырмаса керек. Ал, оның ішінде жақсы да, жаман да болып жатыр. Оның ішінде қуаныш та, қасірет те бар. Үміттендіретін де, күдік ойлататын да жай-жағдаяттың бәрі – соның ішінде.

Суреткер парызы – осы туралы ашық та адал сөйлеу.

Ақындар (жазушылар) әр қилы белгілеріне қарай, әр түрлі категорияға бөлінеді. Соның ішінде қарғыбаулы, қарғыбаусыз ақындар деп те жіктеледі. Қарғыбаулы ақындар қазақ әдебиетінде көп (олар басқа әдебиетте де аз емес). Қарғыбаусыз ақындар – аздың ішіндегі сирегі.

Мәжіліс депутаттары республика Гимнін жаңарту керек деп ұсыныс жасады. Сондағысы – бұрынғы Гимннің сөзінде, әуенін де есте сақтау қиын-мыс. Оңайырақ, жеңілірек бірдеңе керек екен. Сөйтсе, Парижде француз әріптестерінің өтінішімен Қазақстан Гимнін айту керек болғанда, бірде-бір депутат сөзін білмейтін болып шығыпты-мыс. Сол арада тапқыр Олжас Абайдың «Көзімнің қарасын» бастап жіберіп, жоқ жерден жол тауып кетіпті де, қалғандары соған қосыла жөнеліпті.

Гимн мәтіні біздің депутаттарға ауырлау деген сөз – дәлел болып жарытпайды. Мемлекеттік тілді білмейтін олардың көпшілігі үшін баланың санамағы сияқты тапқардың өзі қиын соғары анық. Біздің мәжілісшілерге, сірә, 30-шы жылдары колхозды ауылдарда айтылатын, 1941 жылы күзде Волгадан жер аударылып келген жас бала – менің өзім әп-сәтте қағып алған мына әннен лайығы жоқ:

– Ахау, социализм,
Коммунизм,
Жасасын Карыл Маркыс
Іленинизм!

БӨС, БӨС, БӨСПЕБАЙ!

Мен білер қазақ әрдайым өсіріп айтуға, көпіртіп сөйлеуге бейім, оңтайлы тұрады. Баяғыда, бала кезімде, ауылдың шалдары жиналып, сөз жарыстыратын.

– Е-е, біздер не көрмедік, қайда бармадық?! «Көктерек», «Мектеп», «Жаңа жол», «Жаңа талап» түгілі со-о-нау-у жер түбіндегі Марьевканың өзінде үш-төрт дүркін болғанбыз.

– Иә, иә, – деп, қалғандары бастарын шұлғитын.

Ал, солардың әңгімесін тыңдап отырған мен, Еділ бойынан жер ауып келген жүгермек, таңқалатынмын: апырай, мына шалдардың айтып отырған ауылдары таяқ тастам жердегі аңғал-саңғал мекендер. Марьевка дегені, көп болса, жиырма бес шақырым маңайындағы аудан орталығы. Соны дабырлатпай-ақ, сол қашықтықты неге дәл айтпасқа деп, неміс басыммен аң-таң болатынмын.

Енді бірде, сол шалдар тақырға шыққан арам шөптей сирек сақалдарын салалап, жас шамаларын айғақтайтын.

– Ой, Алла-ай, алпысты да алқымдап қалдық-ау!

– Алпысың не? Мына біздер, мәселен, алпыстың алтауына да жетіп отырмыз ғой.

– Ой, тәйірі! Өз басым жетпістің жетеуіне қалай келгенімді аңғармай да қалдым.

Ал, ауылдық дәрігер («першыл», «лектір», «белгір») менің әкемнің тізімінде, сол шалдарың бар болғаны елудің ар жақ, бер жағында болатын. Демек, қазіргі менен әжептәуір жас.

Есейе келе, жалпы асыра сөйлеу қазақтың бір ерекшелігі екеніне көз жеткіздім. Бұл – ұлттық менталитет. Бұған қазақтың ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдері дәлел бола алады.

Поликлиникада үш атақты жазушы дәрігерге кезегін күтіп даурығып сөйлеп отыр.

– Менің инфаргім ғаламат ауыр инфаркт болды. «Глубокий!»

– «Глубокийің» не?! Менікі, тіпті, орасан. «Широкий!»

– Ту-у! Айтады екенсің! – деді үшіншісі тыжырынып. — «Широкий», «глубокий» дегендерін инфаркт болып па?! Инфаркт деп менікін айт!

– Е, сіздікі қайсысы еді?! – деп, алғашқы екеу жиырыла қалды.

– Ойбой, менікі деген, сіздерге айтайын, «глубокий» мен «широкийдің» көкесі ғой.

– Ондай да бар ма еді?!

– Болғанда қандай! «Обширныйдың обширныйы»! Ал, оны аз десеңдер, инсульт деген бәлесі тағы бар.

– Құдай сақтасын! – деп, анау екеуі жым болды.

Өзіміздің Жазушылар одағының бүгінде 600(!) мүшесі болса, соның кемі үштен бірі – кілең ұлылар, ақиықтар, біртуарлар, кемеңгерлер, данышпандар, бірегей саңлақтар, тұлпар, тарлан, қырандар, сұңқарлар, шаппай бер, озықтар, асқарлар.

«Адамзаттың Айтматовы!»

«Шығыстың Шерханы!»

«Әлемнің Әбдіжәмілі!»

Пай-пай! Уах! Жаса-жаса!

Тіпті: «Дүние дүлдүлі Дүкенбай» – деп, енді біреуі шыға келсе де, таңқалатын түріміз жоқ.

Мен білетін бір Бальзак бар еді, сөйтсек, тек Қазақстанның өзінен үш Бальзак шықты. Жасырақ кезімде Сәбеңді (Сәбит Мұқановты) Бальзак деуші едік. Кейінірек менің құрдасым, мамандығы француз тілі, марқұм Рамазан (Тоқтаров) Бальзак болды. Соңғы бірер жылдан бері газет бетінде Бальзак болып менің досым Дүкеш орнығып алды.

Ал, не дейсің?! Не дерің бар ма? Бөс, бөс, бөсербай! Сілте! Дүңкілдет! Күпілдет! Дүрілдет! Аңқылдат! Саңқылдат! Бұрқылдат! Жарқылдат!

Содан май шықса...

АҚЫЛ МЕН БІЛІМ

Бұрынғы би-болыстарда білім аздау болған, бірақ, ақыл мол. Қазіргі елдің игі жақсыларында азын-аулақ білім бар сыңайлы, есесіне ақыл жағы, ай, кемдеу-ау...

Ақыл болмаған соң, профессор, академик дипломдарын өне-бойына қат-қабат жапсыра береді, жапсыра береді, ал, ісі бір оңбайды.

Сонда қайтпек керек? Ақыл жоқ жерде білім қауқарсыз. Ақылсыз – би-шара. Елді аздырып, тоздыратын да солар.

ӘДЕБИЕТ ТӨңІРЕГІНДЕ

Қазақ прозасында мықты деп марапатталып жүрген шығармалардың біразы – өлі бұйым.

Қазақтың ұлттық идеологиясының қаһармандары бір кездері Тазша бала мен Алдар көсе болатын. Енді, оларға

Жазушының жан сыры

Порфирий Иванов косылды. Абайдың «Енді қайттық? Енді не болдық?» дегені осындайдан туған ғой.

Ой, Алла-ай, мен білетін кейбір жазушылар кітаптарын оқырман үшін емес, сыйлық алу үшін жазатын болып жүр. Әдебиеттің өлген тұсы да – осы.

Байқауымша, ендігі жерде әдебиет (әлбетте, тек Қазақстанда ғана емес) саудагерлері қаптайды. Шығармалар негізінен мерейтойға арналып жазылатын болды. Я бастықтарды дәріптеуге бағышталады. Жаңа әдебиеттің сиқы – осы.

Қоғамда баяғыны көксеу басым болса, ол, түбі, жаксылыққа әкелмейді.

Саясаттың көлеңкесінде өлместің күнін көріп жүрген әдебиет – теледидардан күн сайын уағыздалып жатқан «прокладқаға» пара-пар.

Билікке бас ұрмаған жазушыдан суреткер шығуы тосын жай емес. Биліктің әнін әндеп жәркеленшіген жазушы – бар-жоғы итаршы ғана.

Жазушы статусының төмендеуі – қоғам дағдарысының айқын көрінісі.

Президентімізге мен керекарыс қалың романдар мен ащы ішектей шұбатылған ұзақ поэмаларға салық салу туралы заң күші бар Жарлық шығарыңыз деп ұсыныс жасар едім. Қазіргі бітіп болмайтын ұшы-қиырсыз отырыс, рәсімдерде екі минуттан артық тост айтқандардан да айып пұл алыну керек. Тіпті, 1995 жылдың 2 мамырында Рахат Паласта болған президенттік қабылдаудың өзінде бір сөзуар академиктің микрофонға қолы жетісімен, мылжындап көп сөйлегені сонша, бұл уақыттың ішінде мен алдымдағы тамағымды жеп бітірдім, екі рет ішіп, Симашконың анекдотын тындап үлгердім. Академик болса, сөйлеп жатты, сөйлеп жатты...

Қысқа айту, нұсқа сөйлеу – Абайдан қалған бір тағылым еді. Қазақ жазу-

шылары осы үлгіні тым нашар игерді. Ақындарымыз да, прозашыларымыз да кенеусіз көпсөзді. Олардың кейбір семіз туындыларын не жайлауда – алты ай жазғы жаппай бекершілікте, не ас-суынды оңдап берсе, бір адамдық катажаққа-қамақта ғана оқып бітіруге болады. Осы тақылетті кейбір «эпопеяларды» оқып тауысқаны үшін мен Халық оқырманы деген сыйлық, не атақ берер едім. «Халық жазушысы» деген атақ бар екен – онда неге сол халық жазушыларының неше мың шақырымдық «туындыларын» қажымай-талмай еңсерген жанкештілерге берілетін «Халық оқырманы» деген атақ болмайды?

Елу жылдан соң, әлбетте, қоғамда да, әдебиетте де үлкен өзгерістер болары хақ. Қазіргі мықты деп марапатталып жүрген әдебиетшілердің, өзін-өзі классик деп көтермелеп, күпсініп жүргендердің тоқсан тоғыз пайызы, сөз жоқ, ұмыт болады. «Апырай, мұндай да жазушы, осындай да әдебиет болған екен-ау» деп бірен-саран сыншы-академиктер жағасын ұстап, таң қалуы әбден ықтимал. Ал, Абай, даусыз, қалады. Ұйткені ол – жалпыхалықтық деңгейге көтеріліп, өзінің ойларын, адамзат баласына тән, түсінікті-ұғынықты толғауын аз сөзбен шымыр кестелей білген дана. Иә, оның шығармаларын келер ұрпақ жүз жылдан кейін де оқитын болады деп кәміл сенемін. Ал, қазіргі халық жазушыларының көбісінің шығармалары өздерінен көп бұрын өліп жатқан жоқ па?

Әдебиеттанушы Есенгелді Жакыпов маған мынадай бір әңгіме айтып еді. Шоқан ескерткішінің маңында қыдырыстап жүргендердің жанына бірде Сырбай Мәуленов келіпті. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ ақындарының көп өлендерін жатқа соғып, жұртты таңқалдырып тұрып, кенет күрсінеді.

– Иә, неге күрсіндіңіз? – дейді Тахаң (Ахтанов).

– Менің бес томдық шығармаларым шықты, – депті Сырағаң. – Солардан ертең есінде бес өлең сақтайтын адам қала ма? Ай, қайдам...

– Ал, Таха, сізден не қалады? – деп сұрайды Есенгелді Тахауидан.

Тахаң жауап бермей, біраз үнсіз қалыпты. Сосын мұнайып:

– Менің де алты томдығым шықты. Солардан мүмкін «Махаббат мұңы» қалар... Әйтпесе ол да жоқ... – депті.

Осы әңгіме Жазушылар одағында

өткен бір жиынды есіме түсірді. Біреудің романын талқыға салып тұрған шешен бұл шығарманы енді бір елу жылдан кейін еске алатын адам табыла қояр ма екен деген ойын айтты.

Мен Илияс Есенберлинмен қатар отырғам.

– Елу жыл! – деді ол кекесінмен. – Құдай біздің кітаптарға жиырма жыл ғұмыр берсе де, аз емес. Демек, бұл кісілер кішіпейіл, әр нәрсеге сергек көзбен қарай білген болды ғой.

Жақында айтулы прозаигіміз Әбіш бар жазған-сызғанын жиып-теріп, 12 томдық шығармалар жинағын шығарды. Бұған бір жағынан қуандым, екінші жағынан, ойладым: жаман үлгі. Енді, «Сен айтсең, мен бүйтемін» дейтін эпигондар оның соңынан лап қояды.

Ертең әлдебір поэтесса аударма-өлең-сымақтарын, мақала-очерксымақтарын түк қоймай теріп, он томдық шығармалар жинағын шығаруға асығары анық.

Сосын, Мұхтар мен Дүкенбай өздерінің жиырма томдықтары туралы ойлай бастайды. Олардан қазақстандық Шолохов сыйлығының лауреаты қайтіп қалыса қойсын?

Одан соң Тұманбай мен Қадыр қозғалады.

Содан кетті дей беріңіз!

АНАУ-МЫНАУ

Баяғы қазақ «мал-жан аман ба?» деп амандасушы еді, «жаңа қазақ»: «Ұрлық қалай?» деп сәлемдесетін болды.

Қазақстандағы азаттық пен тәуелсіздік дегенді арсыз, ашық, алаңсыз ұрлау, тонау мүмкіндігімен байланыстыра ойлайтын болдық. Тонаушылық түйсігі мен тойымсыз құлқын елдік сезімнен күшті шықты. Соның бәрін көріп тұрып, жаның ауырады, түңілесің.

Белгілі:

Орыс арбаға атын ұзақ жегеді, есесіне жүрісі тез.

Қазақ құйғытып-құйындатып тұрып шабады, бірақ, шапқан орнында қалады.

Неміс жыбырлап ұлу құртша жылжиды – межелі жерге жетпей тынбайды.

Біздің елде ұрлыққа ешкім кінәлі емес. Кемелер құрдымға кетіп, жоғалады; «МИГ»-тер шетке сатылады; жер астындағы қазына жұтылады.

Бірақ, ешкім кінәлі емес. Ғажап! Бәрі – «стабильді».

Соған қарағанда, біздің елде ұрлық дегенің жай сөз ғой деймін. Коррупция жоқ жерде ұрлық қайдан болсын...

Қазақ байғұс көз ашқалы кілең өткінші кезеңге тап болады да жүреді. «Реформалардың» қыспағына қайта-қайта түсе берген қазақ қайтіп оңар?

Мен білер қазақ тозақта да: «Е-е, Алла, бергеніңе шүкір» деп отыра береді.

Қазақты қазақ қана түсінеді деу – беркер. Адамды сүйген – қазақты да сүйеді деген жөн.

Сайлау – қазақтың соры.

Қазақта: «Өз күнін ит те көреді» деген сөз бар. Қазіргі алпауыт қазақтар, алаяқ байшықештер мен пысықайлар дәл солай күн көреді.

ТІЛ ТУРАЛЫ

Қазақ тілі – таңқаларлықтай бай, берекелі де бейнелі тіл. Тілінің уы бар Қалтай Мұхаметжановтың айтуынша, Карл Маркстың «Капиталындағы» негізгі идеяларды қазекен атамзаманда-ақ біліп, мақал-мәтелдермен түйіп тастап отырған. Мәселен, **бірінші** томның айтарын қазақ: «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» деп бір-ақ ауыз сөзбен қайыра салған. **Екінші** томның тоқетер мазмұнын: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп шиырып түсірген. Ал, **үшінші** томның бар-жоқ ұзын-ырғасы – «Бай-байға, сай-сайға құяды»...

Ағылшын тілінде шамамен 240 мың сөз бар деп есептеледі.

Шекспирдің сөздік қорында 15 мың сөз бар.

Байронда – 15 мың.

Маяковскийде де – сол шама.

Пушкин 21197 сөз қолданыпты.

Науаи – 26 мың.

Ленин – 31 мың.

Мұхтар Әуезов «Абай жолында» 16983 сөз қолданған.

Орыстарда: отец – сын – внук – правнук, праправнук т.с.с. болып кете береді. Немістерде: Vater – Sohn – Enkel – Urenkel – Ururenkel usw. Қазақтарда әр буын, ұрпақ өзінің туыстық айырым-белгілерімен аталады: ата (әке) – бала – немере – шөбере – немене – туажат – жекжат – жұрағат (тоғызыншы ұрпақ). Білмеймін, ұрпақ атауы осынша егжей-тегжейлі, жік-жігімен толық жүйеленген дүниеде басқа бір тіл бар ма екен, жоқ па екен...

Ұлттық ерекшелік.

Немістен: «Wie geht s?» (жағдай қалай?) деп сұрасаң, ол жай ғана жымыып: «Soso LaLa» деп жауап береді. Онысы: «ілгері-кейінді», «баяғыша», «бір қалыпты» дегенге саяды.

Қазақ өліп жатса да, әрдайым: «шүкір», «Құдай деп» дейді. Ал, орыстан: «Как дела?» десең, көбінесе-көп «Хреново!» деп дүңк еткізеді.

«Қазақта болашақ бар ма?» деп сұрама. Одан да: «Адам баласында болашақ бар ма?» – соған жауап бер. Адамзат аман болса – иншалла – қазақ та өлмейді.

Қазаққа ағылшын, америкалық, неміс болуға ұмтылудың түкке де қажеті жоқ. Ең бастысы – өзіңнің қазақтығыңды сақтау. Өзін жоғалтқан – өзге болып та жарытпайды.

ШҰБАР ТІЛ

Ауруханадағы медбикелердің өзара әңгімесіне куә болғаным бар.

– Мынау нағыз ұйықтайтын погода екен.

– Иә, то қар, то дождь.

– Ау, телефондарың не работает кой.

– Бүгін целый день снег жауад деген.

– Снег па, дождь ба?

– Снег деп айтты.

– Холод болады деп айтты ма?

– Холод бола қоймас. Временами деді ғой.

– Сәулеша, анау третий палатадағы старушкаға укол салдың ба?

– Жоқ, ол пока система алып жатыр.

– Сахарға анализ сдавайт етті ме?

– Кеше сдавайт еткен.

– Онда хорошо.

Күні бойғы әңгіменің сиқы осы. Кілең әдемі, сүп-сүйкімді қазақтың қыздары. Шұбарлап сөйлеуді әбден әдетке айналдырған. Соны өздері де сезбейтін сияқты.

– Ата, рибоксин саламыз.

– Давай, айналайын сала ғой.

– Обязательно!

– Мейлін, положено болса.

– Конечно, положено, ата.

– Онда вперед. Светті жақ. Ой, больно ғой!

– Айттым ғой «болючий» деп.

– Болючийң колючий болды.

Қазақтың ауызекі тілі ұсқынсыз бұзылып барады. «Азаттықтың» тілшісі әңгімеге тартқан базардағы ақмолалық қазақтардың сөзінің сықпыты:

«Төлкө үш-төрт сом қостық. И все».

«Ия, шумиха болды».

«Бағаны көтерген жоқпыз, потому что ешкім алмайды».

Мемлекеттік жоғары дәрежелі шенеуніктердің қазақшасы мына тұрғыда: «Мен ойлаймын, что положение жаман болмайды, өйткені бағытымыз реальный». «Производство көтеріліп келе жатыр, и менің убеждением айтады, что Аллаға шүкір, с колена тұрамыз деп».

ЗАҢ – ШАЛА ПІСКЕН ТАБА НАН

Алыста қалған ауыл өмірінен бір көрініс. Аш өзегімізге түсіп, көзіміз қарауытқанша ойнап, сілеміз қатқан бір топ жүгермек кейде Ибжанның шошаласына басып кірер едік.

– Ойбай, апа, қарнымыз ашты, өліп барамыз...

Ибжанның самдағай шешесі апыл-ғұпыл нан илеп жіберіп, домбайлап шелпек жасай қояр еді де, ошақтағы шокқа тастап, қари бастайтын.

– Тез, тез, апа, тезірек!

Тез арада шелпек те қолымызға тиеді. Шет-шеті күйіп, бетіне көмір, күл жабысып, бүрісіп-тырысып піскен қаралаш-күйелеш шелпекті аш бөлтіріктерше бассалып, тағат таппай асап, көмейлей бастаймыз. Шелпегіміздің іші сол күйімен шикі екеніне де қарап жатпаймыз.

Біздің қалғып-шұлығын Парламент

асығыс домбайлаған кейбір заңдар да осыған ұқсайды. Қалай болса солай асығыс қабылданады, сосын әр жері күйік татыған, іші со күйімен шикі «шелпекті» халқына ұсынады:

– Ал, же, халқым! Ас болсын!

Өтпелі кезең, өтпелі кезең... Осы бір мазаны әбден алып болған жауыр тіркес күні кешеге дейін ашуымды келтіретін. Зықымды шығаратын. Ызаландыратын. Бұл өзі не қылған бітпес, таусылмас өтпелі кезең? Оның өтіп болатын кезі бола ма? Мен шыр етіп, дүниеге келгенде мұртты көсеміміз бір өтпелі кезеңді жария етіп еді. Содан бері неше түрлі өтпелі кезеңдер өмірімді улап-ақ жатыр. **Қажытты-ау, қажытты! Сүйтсе... өмір дегеннің өзі өтпелі кезең екен ғой. Өтпелі кезеңнің бітуі – адам өліп, көзін жұмып, мәңгілік сапарға аттанғанда екен-ау! Соны осы кезге дейін неғып түсінбей келгенмін? Осы бір қарапайым ғана ақиқатқа көзім жеткенде, көңілім орнығып, жай тапты. Шынында да несіне қамығамын? Ақтық демім таусылғанда, өтпелі кезең де үзілер, өтер...**

ШЫҢҒЫСТЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Орта Азия мен Қазақстан әдебиетшілерінің Ташкенттегі Форумы өткен күні (21.11.1995) кешкісін, концерт аяқталып, «Наурыз» ресторанында болған тамаша қабылдаудан кейін, біз, делегаттардың бір тобы, Театр институтының қарсысындағы «Түркістан» қонақүйіне қайтып оралып, өткен-кеткен, болған-қойған әңгімелерді айтысып, бір жарым сағат шамасында серуен құрдық.

Әңгімені, негізінен, Шыңғыс Айтматов, Қалтай Мұхаметжанов, Жабайхан Әбділдиндер айтады, ара-арасында Әбекең (Нұрпейісов) екеуіміз сыналап сөз қыстырып қоямыз. Бағана, күндіз Айтматовқа жақындап, тіл қатысуды орынсыз көргем, ресторанда да мен басқа үстелде отырдым, оның маңынан да адам арыла қоймаған. Ал, мына арада мен: «Әй, түркістандықтар, араларыңдағы жалғыз түркістандық немісті тастап кеткендерің қалай?» деп амандасып, жанаса кеттім. Бір-бірімізге жылы-жылы сөздер айтысып, тәтті лебіздер білдірісіп жатырмыз.

– Мына арада, – деді Қалекен (Қалтай)

Театр институтын қолымен нұсқап, – мені комсомолдан шығарған.

Әңгіме тақырыбын Шыңғыс Төреқұлұлы іліп әкетті. Ол өзінің пионер қатарына қалай қабылданбай қалғанын еске алды. «Сен дұшпанның баласысың» депті. Содан жападан-жалғыз біреудің терезесінің алдында жабырқап жылап тұрмай ма... Сол кезде терезе сарт ашылып, үй иесі әйел сыртқа бір шылапшын жуындыны лақ еткізіпті. Қаперсіз тұрған Шыңғыстың үсті-басы малмандай болады. «Бұл мені тіпті жүнжітіп жіберді» дейді Шықаң.

Сосын, ол Жамбылдағы ауыл шаруашылығы техникумында оқыған жылдары туралы әңгімелеп кетті. Әжесі оның оқып, адам болғанын қатты тілепті. «Атасындай болсын» деп отырады екен. Өздері кедей тұрса да, Шыңғыстың оқуынан ештеңе аямаған. Ленинградтан жер аударылып келген бір профессор «Ословодство» («Есек шаруашылығы») дейтін пәннен дәріс оқыпты. Бұл жануардың адамзат өркениетіндегі рөлі туралы ол кісі тамаша әңгімелер айтады екен. Өз студенті Айтматовты базарға алып барып, есектерді бақылатып қоятын көрінеді. Базарда Айтматовты бір ауылдасы кезіктіріп калып: «Ей, сен не ғып жүрсің мұнда?» дейді. «Оқып жүрмін» дейді Айтматов. «Не оқып жүрсің?» «Есектерді зерттеп жүрмін». «Мәссаған! Есек өз ауылымызда да жетерлік емес пе еді?»

Әлгі ауылдасы бұл әңгімені Шыңғыстың әжесіне айтып барады. Ештеңеден қаперсіз, демалысқа ауылға келген немересіне әжей дүрсе қоя беріпті: «Әй, оңбаған! Мен сені қалаға оқу оқып, адам бола ма деп жіберсем, сен есектің оқуын оқып жүр екенсің ғой. Сені атандай бола ма десем, мұның не?.. Издегенің есектің оқуы болса, ол оқуды осы ауылда жүріп-ақ тауыспайсың ба?!»

Шыңғыс одан әрі ауыл шаруашылығы институтын үздік бітіргенін, аспирантураға түспек болғанын, бірақ, «халық жауының» баласы болғандықтан, ақыры, қабылданбай қалғанын әңгімеледі. «Бәлкім осы күні профессор, ғалым болып кетер ме едім» деп, қояды Шықаң.

Ташкенттің жанға жайлы кешінде қонақүй маңында ұзақ қыдырыстадық. Бұл бір тамаша серуен болды.



Айман ҚҰЛПАТШАЕВА,
журналист

Өлім жазасына мораторийдің жарияланғанына биыл он жыл толып отыр. 2003 жылдың желтоқсан айында өлім жазасын өмір бойы бас бостандығынан айыруға байланысты жаза түрімен ауыстыру жөніндегі Жарлыққа қол қойылған болатын. Содан бергі уақытта қылмыстық аланда не өзгерді? Бүгінгі күні бұл туралы қоғамда қандай пікірлер айтылуда? Жалпы, мораторийдің өмір бойы жарияланбайтынын ескерсек, онда мәселенің бір жағына шығатын уақыт келгендігін байқаймыз. Осы орайда өлім жазасын қалдыру керек пе, әлде одан бас тартатын кез жетті ме деген мақсатта ой қорытуға тура келеді.

Әлемге қарасақ

Соңғы жылдары дүниежүзінде өлім жазасын жоюға және оның қолдану аясын тарылтуға шешуші қадамның жасалып жатқаны байқалады. Бүгінде 130 елде бұл жаза жойылған. Қазір тек Қытай, Иран, Пәкістан, Сауд Арабиясы және АҚШ-та сақталып отыр. Ал, қалған елдерде заң түрінде болғанымен, тәжірибеде мүлде қолданылмайды. Десек те, бүгінгі таңда осы өлім жазасы 68 мемлекетте қолданылуда. Соңғы ресми деректерге қарағанда, 2011 жылы 20 мемлекетте 676 сотталған адам өлімге кесілген, яғни, 2010 жылға қарағанда, олардың саны (Қытайды ескермегенде) 149-ға өскен. Әлі де 18 750 адам үкім бойынша өз жазасын күтіп отырған көрінеді. Қытай мемлекетінде бұл деректер құпия болып есептеледі, сол себептен онда жазаланғандардың негізгі саны белгісіз. Өлім жазасын көбірек қолданып жүргендер қатарына Иран (360), Сауд Аравиясы (82),

ӨЛІМ ЖАЗАСЫН ҚАЛДЫРУ КЕРЕК ПЕ, ӘЛДЕ БАС ТАРТАТЫН КЕЗ ЖЕТТІ МЕ?

Ирак (68), АҚШ (43) және Йемен (41) мемлекеттерін жатқызуға болады. Оны орындауда сотталғандардың басын кесу, дарға асу, өлтіретіндей етіп дәрі беру және ату әдістері қолданылып жүр. Ескерте кететін бір нәрсе, АҚШ-та соңғы 10 жылда бұл жазаны қолдану үш есеге, ал, өлім жазасына кесу үкімі екі есеге азайғанын байқатыпты. Оның үстіне, Иллинойс штаты АҚШ-тағы өлім жазасынан бас тартқан 16-шы штат болса, Орегон штатында бұл жазаға мораторий жарияланған. Сондай-ақ, Еуропа мен ТМД мемлекеттерінің ішінде осы жазаны әлі де қолданып келе жатқаны тек Беларусь ғана. Бұл мемлекетте өткен жылы метрода жарылыс жасаған екі қылмыскерге ату жазасы беріліп, ол жазаның орындалғанын білеміз.

Қазақстан жағдайында

Елімізде Республика Президенті Жарлығымен мораторий жарияланып, өлім жазасы орындалуын кейінге қалдыру белгіленгеннен кейін, өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен жазаны ерекше режимдегі түзеу колониясында өтеумен өмір бойы бас бостандығынан айыруға алмастырылды. 2009 жылы 10 шілдеде қабылданған заң бойынша ату жазасын қолдануға болатын қылмыстардың саны 8-ге дейін қысқартылған болатын. Айта кетерлігі, өлім жазасы әйелдерге, сондай-ақ, 18 жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға және сот үкім шығарған сәтте 65 жасқа толған ер-азаматтарға тағайындалмайды. Бұл осынау айрықша қатал үкім – ату жазасы, енді республика аумағында өте аз, сирек қолданылатын жаза түрі ретінде қалды. Мәселен, 2011 жылғы деректер бойынша, өмір бойы бас бостандығынан айырылғандардың саны 86 болса, оның ішінде мораторийға байланысты ату жазасы кейінге қалдырылғандары – 28. Статис-

тика бойынша адам өлтіру, соның ішінде оған оқталу саны 2010 жылы 1418 болса, 2011 жылы ол 1438-ге дейін өскен. Әрине, адам өлтіргеннің бәріне бірдей ату жазасын бере бермейді. Егер, 2009 жылы осы жазамен сотталғандар саны – 6, ал, 2010 жылы 5-еу болса, 2011 жылы өмір бойы бас бостандығынан айырылғандардың саны 10-ға жеткен. Бұл деректер, осы мәселе бойынша әлемде өлім жазасын қолдану жағдайымен салыстырғандағы біздің республиканың хал-ахуалын көрсетеді. Егер, мораторий енгізілгенге дейінгі жағдайды бағамдайтын болсақ, Қазақстанда 536 адамның өлім жазасына кесіліп, өмірмен қош айтысқанын байқаймыз.

Бүгінде елімізде ізгілік идеясын жаңғыртып дамыту тұрғысында барлық шаралар атқарылып жатыр. Осы тұрғыда Азаматтық саяси құқық туралы пактіге, екінші факультативтік протоколға қол қойылған. **Конституция заңнамалық деңгейде өлім жазасын қолдануға шек қойғанымен, аталмыш құжаттың ратификациялануына кедергі келтірмейді. Қазіргі таңда жасалып жатқан Қылмыстық кодекстің жаңа редакциясында конституциялық, саяси және этикалық өлшемдер барынша ескерілуде. Онда өлім жазасы қолданылатын қылмыстар екі санға азайып отыр.** Қолданыстағы заңда олардың қатары 18 болса, жаңа редакцияда 16 болып белгіленген. **«Бұл елеулі алға жылжу»** деп көрсетеді заңнаманы жасаушы мамандар. Конституцияға сәйкес, өлім жазасы адамдардың өліміне әкеліп соққан лаңкестік әрекет және соғыс кезінде жасалған ауыр қылмыс үшін қолданылатын болады.

Қос пікір

«Өлім жазасы керек» немесе **«керегі жоқ»** деген мәселеге келгенде **«осы дұрыс-ау»** деп, әділ шешімді тап басып айту өте қиын. Өйткені, әлемде де дәл осы мәселе төңірегіндегі пікірлер ертеректен талқыланып келе жатқанын білеміз. Оған атақты ғалымдар, белгілі үлкен ғұлама азаматтар да қатысып, бір шешімге келіп, халықты сендіретін мысал, көңіл толарлықтай дәлел келтіре алмаған. **Өлім жазасын қолдануды жақтайтындардың айтатындары** – қылмыскерді ату, ол әділетті шара, басқа қылмыскерлерге тосқауыл болатындай ескертпе. Оның

үстіне, адам өлтірген, оның ішінде әйелге, балаларға зұлымдық жасаған қылмыскер, барлық қасиеттен айырылған, өмір сүруге құқы жоқ жауыз, оған мемлекеттің қаржысын жұмсап, қамауда ұстау ретсіз шығын дейді. **Ал, бұл жазаға қарсы болатындар** – адамды Құдай жаратқан, сол себептен, ол тәңірдің ісі, ал, егер, ол жауыздықпен адам өлтірсе, мемлекет те оны өлтіріп, сол қылмыс жасаған адамға ұқсамауы керек. Оның үстіне, дүниежүзілік тәжірибе өлім жазасы арқылы ауыр қылмыстың санын азайта алмағанын көрсеткен. Сондай-ақ, өлім жазасын осы күнге дейін сақтап, қолдап жүрген мемлекеттің саясаткерлері **«өлім жазасы лаңкестікке қарсы күрестің тиімді тәсілі, ең күшті дәлелдерінің бірі»** деген тұжырым жасайды. Ал, әлемдік тәжірибеге сүйенсек, өлім жазасы терроризмнің алдын алып, қауіпсіздікті төмендетпек тұрмақ, керісінше, лаңкестердің беделін арттырып, оның идеясын қолдап, дәрежесін көтеруге тигізер әсері зор деп белгіленуде. **Өлім жазасы қылмыстың алдын алуға немесе қылмысты төмендетуге ықпал ете алмайды. БҰҰ-ға мүше елдер өлім жазасына мораторий жариялағанда әлемнің 54 мемлекеті қарсы болған. Өйткені, өлім жазасы адамның ар-намысын қорлайтын жазаның қатыгез түрі болып табылады.** Ол адамның өмір сүру құқығын аяқ асты етіп, жазаға тартылған адам кінәсіз болған жағдайда, оны қайта түзеуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан да, әлемдегі көптеген елдер жазаның бұл түрін ұлттық заңнамаларынан алып тастауда. **Өлім жазасының балама түрі ретінде бас бостандығынан айыру жазасын енгізген елдердің ішінде Хорватияда – 40 жылға бас бостандығынан айыру белгіленсе, Латвияда – 50 жыл, Швеция мен Болгарияда өмірлік қамауға алынады екен. Ал, Данияда ең жоғарысы – 20 жыл, Эстонияда – 30 жыл, Финляндияда – 10 жыл мен 15 жылдың аралығы көрсетілген.**

Сонымен, екі жақтың да ой-пікірлері дұрыс, дәлелдері көңілге қонымды, талаптары орынды. Сол себепті, түпкілікті дұрыс шешім қабылдау үшін бұл мәселеге, ең алдымен, саяси тұрғыдан қарау қажет. Ескеретін нәрсе, жылдан-жылға өлім жазасын қолданатын мемлекеттердің саны қысқарып, ол жазаны қолдану үкімі санының азайып келе жатқаны байқалады. **Оның үстіне, кейбір мамандардың**

пікірінше, атуға жазаланған қылмыскер өлетін кезде тек бір-ақ рет қиналса, өмір бойына бас бостандығынан айырылып, ерекше режимдегі түзеу колониясында жазасын өтеп жатқан адам «мың рет» өледі дейді. Өлімді күту, жақындарынан айырылу азабы, жан-дене азабына қарағанда салыстыруға болмайтын азап.

Ауыр қылмыстарды тежейтін тегеурінді тетік ретінде өлім жазасын пайдалануға болатынын айтатындар қылмыскерді 15-20 жылға, одан қалды өмір бойына соттап, сосын, оны біздің салық төлеушілердің, бюджеттің есебінен асыраудың өзіне ойлану керектігін алға тартады. Осы орайда, бас бостандығынан айырылған азаматтардың біреуін жыл бойы түрмеде ұстауға өткен жылы еліміз қазынадан 580 мың теңге жұмсағанын ресми түрде жарияланғанын да айта кеткен дұрыс.

Соңғы сөз

Қалай десек те, ізгілікке қарай аяқ басқан әлем, біздің қоғам болсын, өлім жазасын мемлекет тарапынан белгіленген аса қатігез жаза түрі санайды. Бірақ, қаныпезер сондай айуандықпен адам өлтіріп, жақынынан айырып, керек десеңіз, бір отбасын түгел қырып кетіп жатқанда, оған қалай аяушылық танытуға болады? Мұндай сәтте сол қылмыскерді қарапайым қара халықтың ортасына әкеп, «жазасын беріңдер» десе, сөз жоқ, олар өз қолдарымен-ақ оны төпелеп өлтірген болар еді...

МҰХАҢНЫҢ ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙНАУЫ



Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың өмір тағдырына қатысты, өмірбаян өнегесіне байланысты әлі сыры ашылмаған беймәлім дүниелер көп екен. **Ұлттық рух пен намыстың, салт пен дәстүрдің дарабозы кемеңгер жазушы кезінде белгілі футболшы болып қана қоймай, ұлттық ойын тоғызқұмалақ та ойнапты. Әңгіме осы жайында.**

Елуінші жылдардың соңында қазақтың тоғызқұмалақ ойынын жаңғыртқан Рақымбай Кәрімбаев деген өнер адамы еді. Бұл кісі кезінде аталары Меккеге барған діндар әулеттен шыққан зиялы адам болатын. Мұхаңмен етене жақын араласады. Өзі сұңғақ бойлы, палуан пошымды Рақаң атақты Қажымұқанның көзін көрген, Естайдың әндерін өзінің орындауында тыңдаған. Рақаңның, әсіресе, Мұхтар Әуезовпен өте жақын, туыс сияқты араласуы ерекше есте қалады. Р.Кәрімбаевтың жары Уәзипа апа екеуінің тоғызқұмалақ ойнайтындарын бірде мен үйінде болғанда әңгімелегені бар. Жалпы, Мұхаң өзімен жақын араласқан біраз кісілермен сәті түскенде тоғызқұмалақ ойнап, демалуды жақсы көрген.

Жаңылмасам 2004 жылы Уәзипа апа «**Мына суретте Мұхаң тоғызқұмалақ ойнап отыр**» деп маған суреттің түпнұсқасын берген болатын. Кейін, оны көшіріп жеке архивімде сақтадым. Мұхаңа байланысты дерек ретінде баспасөзге жарияланудың реті келмеді. Жоғалтып алған едім. **Жақында Мұхаңның Қарқараға сапарына байланысты ізденіп, жазғандарымды саралап, күнделіктерімді ақтарып отырсам, сурет бір дәптердің ішінен шыға келді. Суреттегі екі адамды мен танымаймын. Суретті берген Уәзипа әже бұл кісілер жайында айтқан жоқ. Бейтаныстардың түсін түстеп, танитын-дар болса редакцияға хабарласар. Өйткені, Мұхаңа қатысты жаңа деректер қашанда құнды.**

Ораз ҚАУҒАБАЙ,
«Ақиқат»



Бұлғын ҚОЙТАЙ,
аудармашы

Біреуге сән-салтанаты тасыған байлықты, біреуге кәкір-шүкір тірлікті несібе еткен жана ғасырдың біраз жылы артта қалыпты. Өзгерістер, жаңалықтар көп-ақ. Қыл аяғы дастарханымыздағы банан мен ананастың қай уақытта келгенін дөп басып айта алмаймыз. Баяғыдан бері бар дәм секілді, бұрыннан жеп келе жатқандаймыз. **Үлкен-үлкен мінберлерден қомақты-қомақты мәселелер айтылды, ірі-ірі сөздер сөйленді, дегенмен ел-ел болғалы, жұрт-жұрт болғалы қазақтың ауыл деген жерде тұрғанын, ауыл қазақтың бір атауы екенін, тамыры екенін де ұмыта бастағандаймыз.**

Құмды саялап отырған Жамбыл облысы Мойынқұм ауданындағы Ұланбел ауылына келгенімізде қоңыр құмның қоңыр желі аласұра соғып тұрды. Аудан орталығы Мойынқұм ауылынан 170 шақырымдай алыста, Шу өзенінің аңғарына орналасқан ауыл екен. **Өңкілдеген өгіздей өкірендейтін Шу да бұрынғыдай ойнақтамайды, неге екенін қайдам, шымырлап қана құмға сіңіп жылыстап кетуге асығатындай. Арбиған-арбиған сексеуілді қолтығына құшақтаған қоңыр құм өкпесін айтқысы келгендей сусылдап барып, «сенен не қайыр» дегендей, талықсып барып жымжырт бола қалады. Тас бүркеніп үнсіз жатқан Ұланбел Кеңес Одағы кезінде асыл тұқымды қаракөл қойын өсірген, даңқы да дақпырты да бір басына жетерлік ауыл еді. Қазір бозаңғанып, бозарып, селкеуленіп ескерусіз қалған. Колхоз бен совхоз тараған сонау жылдары қалаға, қалаға жақын жерлерге көшіп кеткендердің үйлері құлап, бұзылып, біреуінің бір қабырғасы сарайып, соғыс жылдары бомба түскен кейіпті елестетеді. Іргетасы қалған үйлердің ішіне күл-көкыс төгіліп, олар үйме-үйме болып, олақ қатынның шапанға жамаған жамауындай көзге қораш көрінеді.**

АУЫЛ СУРЕТТЕРІ (қаз-қалпында)

Бір кездері «Водаканал» деген құдықтан Ұланбелге су тартылған екен, ауызсуды ел содан ішкен. **Оның құбырлары ұрланған. Ауыл қазір сусыз. Бір водовоз ауызсуды 5 мың теңгеге, ыдыс-аяқ жуатын, мал ішетін суды 500 теңгеге сатып алады. Ауылда дәрігер жоқ, дәрігерге көріну үшін ойлы-шұқырлы жолдармен 4 сағат бойы жүріп, бұрынғы Фурмановкаға, қазіргі Мойынқұм ауылына келеді. Осы жолда жол апатына, тосын жағдайларға кездестірмесін деп жаныңды шүбірекке түйіп отырасың. Осыдан бірер жыл бұрын жол апатына түскен әйелге ұзақ уақыт ешкім кездеспей, өлім мен өмір ортасында есін жоғалтып жол ортасында біраз жатқан. Қазір – бір күн сау, бір күн ауру күй кешіп жүр. Аяғы ауыр келіндер қалаға, дәрігері жақын елді мекендердегі туыстарының үйін сағалап, сонда босанып, балаларын ширатып, аяқ-қолдарын бауырына алып болған соң бірақ келеді екен ауылға. Екі-үш ай зу етіп өте шығар уақыт болғанымен, жас отбасының арасы кейде суып қалатын да жағдайлар кездеседі. Ауыл мен аудан орталығындағы жол жай ойдым-ойдым емес, шұңқыр-шұңқыр. Себебі, бұл жолмен Қырғызстанның КамАЗ-дары тұз тасиды. Сор жердің тұзы бетіне шығып жатыр. Осы жолмен Астанадан, Алматыдан, Тараздан келгендер құмнан түзілген тастардың бір машинасын 75 мың теңгеге қаздырып, тиеп алып кетеді. Күніне бір-екі машина келеді. Міне, осылар жолды шұрк-шұрк тесік еткен. Бюджеттен жол жөндеуге қаржы бөлінетін шығар, ол жағын қаузамадық, дегенмен осы ауылдың ақсақалдары, тұрғындары, мынау менің ауылым дейтіндер келерінде бос салдырмен келетін машиналарға қиыршық тас тиеп келіп, жолдың ойлы-шұқырлы жерлеріне төгіп кетіндер деп талап қойса, тұз, тас, сексеуіл таситын машиналарды бос кіргізбейтін болса, ауылдың өні кіріп, жолы түзеліп-ақ қалар еді-ау деп ойлаймын.**

Ауылдағы тұрақты жұмыс көзі – мұғалімдік. Оқуға кеткен қыздардың ауылға оралатыны некен-саяқ. Жігіттерінде тұрақты жұмыс жоқ.

Олар қыс бойы Бетпақдаладан алтын, сайғақтардың мүйізін іздейді. Кәрі сайғақтың мүйізінің 1 килограммы 13 мың теңге, жасыныкі 75 мың теңге. Алушылар Қытайға өткізеді-мыс (*Бұл сырттың адамына айтылмайтын әңгіме. Мені «өзімсінгендері»*). Жігіттер қыста Бетпақдаланың құмына кіргенде 24 сағат бойы машиналарын тоқтатпай, рульде отырады. Тоқтасаң немесе бұзылып қалсаң шаруаның біткені. Өктем боран ығың жоқ, панаң жоқ сені құм қойнауына итере салады. Алтынды қалай өндеп өткізетінін, әрине, маған айтпады. Ол аймаққа күзет қойылған. Тапқандарын күзетшілермен де бөлісетін шығар. Ол жағы біз үшін құпия.

Ұланбелде қалта телефоны хабар ұстайды. Мүмкін бұл Амангелді газ-кен орнының жақындығынан да болар. Ауылдағы 250 шамасындай отбасының 2-3-і ғана орыстар. Тіршілік – малдың айналасында. Сол ауылдағы бір кісінің сиыры соқыр бұзау туыпты. Көзі от шашып жарқырап тұрғанымен, жарық сәулені көрмейді. Енесі жайылымға кеткенде қораның әр жерін түртпектеп, айналып жүре береді де, енесі келгенде екеуінің бір-бірін еміренгенін көргенде, ішек-бауырын елжіреп кетеді. Енесі бұзаудың түгін қалдырмай жалап шығады. Малдың төлжандысын-ай деп ойлайсыз. Мұндайда көз алдына тастап кеткен әке-шешесін шырылдап іздеген сәби келеді екен еріксіз. Экологияның әсері ме екен, мал бұлай болып жатқанда, адамдарға да қауіп бар шығар деп ойлап қоясың. Радиация болғандықтан ауылдағылардың арақ ішеміз дегендері рас шығар.

Жаратқан құмға құт дарытпағанда мына ауылдағы тіршіліктің дөңгелегі баяғыда-ақ тоқтап қалар еді. Баяғыдай ақбөкенді ауылға атпен айдап келмесе де, соның жұрнағы аз-аздап сақталған. Мал бағатын қазақ үшін жайылым үлкен мәселе. Мал қыста құмда, жазда жайлауда болуы керек. Құмдағы малдың еті дәмді, терісі шелденіп тұрады. Құмдағы шөп құнарлы. Бірақ, оларды қысы-жазы құмнан шығармасаң, құмның ыстығынан қойдың тұяқтары еріп, жалпынып кетеді. Жайлауға шықса туфли киген қыздай тықылдап жүреді. Оның үстіне құмда отыра берсе, жер тозып, деградацияға ұшырайды. Бұрын Ұланбелдің малдары екі құдықтан су іссе, қазір оларға төрт құдық керек. Ол әзірге жоқ. Көздері бітеліп қалған. Жаңасын қазуға ақша керек. Оның үстіне құнт жоқ. Жайлау – Сарыарқа. Бұрындары хан көшіндей етіп Бетпақдаладан Сарыарқаға мал ай-

дайтын. Қазір ол ертегі секілді. Жиырма жылдан бері бұл үрдіс тоқтаған. Шама келмейді. Ел жекеленіп алған. Алғашқы жылдары бірінің малын бірі қосып баға беретіндер, қазір, 20-30 қойы барларды жанына жолатпайды. Өйткені, өз малдарына жайылым жетпейді. Бос жатқан жерлердің иесі бар, жекешеленіп кеткен. Орташасы да, малдары мыңнан асатындары да малға өздері қарамайды. Қалада үй-күйсіз, арақ ішіп қаңғып қалғандарды әкеліп, мал соңына салады. Қожайындары оларға: «Қашып кете ме, малымды сатып жібере ме, өз малы болмаған соң жоғалтып ала ма?» деген күдікпен қараса, мал соңындағылар: «Өлейін деп тұрған малы жоғалса, семіздіктен жүре алмай тұрған қойымды өлтірдің деп айлықтан қағады» деп риза емес. Арақ ішіп, тозып кеткен жан-дар баққан малдың құты кіре ме? Кеңес Одағы шопандықты ардақты кәсіптің қатарына кіргізіп еді. Қазақ ғасырлар бойы төрт түлікті тіршілігіне тірек етіп келеді. Сондықтан, мал бағып-қағудан ғажайып мол тәжірибесі бар, ғасырлық тәжірибе – ғылымға үлес. «Қазақ өмір бойы қой соңында жүруі керек пе?» – деп қазір одан қашып отырмыз! Одан шекеміз шыли шылқып та кеткен жоқ. Қой бар жерде қойшы болуы керек қой. Сонда не істеу керек? Көрер көзге малды байлар ұсақтарын ығыстырып, бүкіл құмға өз малдарын жайып отыр. Несі жаман, қазақ байысын дейміз. Байлық зорлықты туғызбаса, жақсысы жақсы-ақ секілді. «Қарамасаң қатын кетеді, бақпасаң мал кетеді». Мал жұтамау үшін бұрындары асылдандыру ісіне көңіл бөлінетін. «Қазір қолдан ұрықтандыруды кімнен, қалай сұрамымызды білмейміз. Маған керемет-керемет тұқым керек емес, өсімтал, етті, сүтті, жергілікті табиғаттың мінезіне төзімді мал керек. Асыл тұқымды мал өсірушілерге субсидия беріліп жатыр деп естиміз. Бірақ, оны біз секілді қарапайымдар емес, онсыз да жағдайлары бар, қолдары ұзындар алады» – дейді орташалар. Ал, оған керісінше: «Ой, берген субсидия көлемі 800 мың теңге ғана, ол асыл тұқымды мал асырау шығынын ақтамайды» дейді байлар мен барлары. Биыл Ұланбелден 400 шақырымға созылған Бетпақдала арқылы шамамен 1500 қойы мен 100 жылқы, 100 сиырын Сарыарқаның жайлауына айдаған жігітті кездестірдік. Өзі Таразда тұратын кәсіпкер. Ет бағытында өсірілген малдар мен олардың төлдері сағым ойнаған сардалада жүре алмай, жолда азаптанып қалмаса болды ғой деп ойладық. Құмның ыстығында малды шандатып

қатты айдаса, семіз, тоқ мал қызылмай болады. Қызылмай – дерт. Еті мен майы бұзылады. Шамасы жеткендер малын жазды күні Бетпақдаланың 80 шақырым жеріне дейін ентелей кіре алады. Ішінара ғана 250-700 шақырым жер жүре алатындары кездеседі. Сарыарқаға жете алмайды. Биыл соған тәуекел еткендер табылыпты.

Менікі журналистік сапар емес. Жолдың сәтіне қарай көрген-білгендерімді жазып отырмын. Ұланбелден шығып Байтал деген ауылға келдік. Ұланбелден табиғаты мүлде өзгеше. Ұланбел қалың құмнан 10-15 шақырым қашық болса, Байтал 80 шақырым алшақ жатыр. Жері сазды. Сазды жерде жайылған малдың еті онша дәмді емес, көбіктеніп тұрады екен. Мен оны осы жолы білдім. Байталда 4 ұл, 2 қызы бар, әйелі қайтыс болған, тоқсандағы көзі көрмейтін әкесі бар кісінің отбасына кіріп шықтық. Әйелі жоқ үйдің күтімі қайдан болсын. Төзген үй, қараусыз балалар. Көктемнің ызғарлы күндері болғандықтан ба сыртта боран ұлып, үрей үстіне үрей жамап, алқымымызға жас тығылып, ішіміз астаң-кестең болып шықтық. Қорадағы егіз туған ешкі екі лағын да маңыратып, бауырына алмай қойыпты. Шаранасын жинауға шамасы келмеген ауру мал-ау шамасы. Төлінің шаранасын тазаламаған мал өз төлін бөтенсиді. Сиыр сүтін ішкен лақтар, тышқақтап, маңырап, өткен-кеткеннен қайырымдылық күткендей, жаутаң-жаутаң етеді. Жүрегім шаншып, құлағым шың етіп құпыланды да қалды.

Байтал мен ескі Байталда ұялы телефон ұстамайды екен. 8 отбасында ғана үй телефоны бар. Байтал мен ескі Байталдың арасы біршама жер. Совхоз, колхоз ыдырап жатқан тұста ескі Байталда тұратын 13 отбасының балаларын түйеге арба жегіп, мектепке апарған кездер де болған. Қазір ол ұмытылған. Екі ортаға балаларды тасу үшін микроавтобус жалдайды.

Ұланбел мен Байталдағы жергілікті ешкілердің түбіті өте қымбатқа бағаланады. Оны тарап алуға ерініп, қырқып алғандықтан сапасын жоғалтады. Қырғызстанда оның 1 килограммы 40 долларға бағаланады. Көп бөлігін Қытайдың алыпсатарлары сатып алады екен. Ауылдың есігін өзгелерге ашып қойғанымыз-ай!

Ауыл – қазақтың көзінің ағы мен қарасындай. Ауылға бүйрегің бұрып, сағынып тұрасың. Басының бағынан таймағанын тілейсің. Нарық сол ауылдың пейілін бұлдірмесе болғаны да.

Жамбыл облысы,
Мойынқұм ауданы.

■ Дерек пен дәйек

Паллиативтік көмек көрсету мәселелері талқыланды

Дариға Назарбаеваның жетекшілігімен өткен комитет отырысында Қазақстандағы паллиативтік көмек көрсету мәселелері талқыланды.

«Паллиативтік көмек дегеніміз не дегенге келсек, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтауынша, бұл – емдеуге ырық бермейтін, яғни ауруы жеңе бастаған науқасқа белсенді әрі жан-жақты көмек көрсету. Бұл ретте аталмыш көмекті ұйымдастыру негізінен науқастың дертінің жанға батуын болдырмау, басқа да патологиялық жәрдемдермен қатар әлеуметтік, рухани көмектерді қарастыру болып табылады. Ондай адамдардың өмір сапасына барынша мән беру, науқастарды жан-жақты қолдау да маңызды болып табылады. Сондықтан да паллиативтік көмекті нақты қажеттілікке қарай көрсетіп тұрған маңызды», – деді Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Надежда Петухова. Оның айтуынша, әлемде жыл сайын 58 млн. адам көз жұмады, оның 45 миллионы дамушы елдерде орын алады. Ал, 12,7 миллион адамға жыл сайын қатерлі ісік диагнозы қойылады. Сол қатерлі ісіктен жыл сайын 7,6 млн. адам қайтыс болады.

«40 миллион адам АИТВ/ЖИТС ауруына шалдығып, өмір сүруде. 2009 жылы әлемде 9,4 млн. адам туберкулез ауруының жаңа түрін жұқтырған. Бір жылда 1,7 млн адам туберкулезден көз жұмады. Қазір Қазақстанда 144 мың адам онкологиялық дертке шалдыққаны белгілі, елімізде жыл сайын 30 мың адамның дертке шалдыққаны анықталады. Қазір 24 мың адам туберкулезбен ауырады», – деді депутат.



Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор, ҚазҰПУ-дың
Қазақ әдебиеті және журналистика
кафедрасының меңгерушісі

Қазақ сөз өнері тарихындағы XX ғасырдың 70-80-жылдары ұлттық драматургия саласында елеулі туындылар жазған бір шеғыр қаламгерлер есімдері халыққа танымал болды. Оралхан Бөкеев, Қалихан Ысқақов, Нұрлан Оразалин, Баққожа Мұқаев, Оразбек Бодықов, Дулат Исабеков, Асқар Сүлейменов, Төлен Әбдіков, Иранбек Оразбаев, Сұлтанәлі Балғабаев және т.б. танымал қаламгерлердің пьесалары қазақ драматургиясын жаңа туындылармен толықтыра түсті. Олардың есімдері және шығармалары театр сахналарында тұрақты қойылып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленгендігімен ерекшеленді. Оралхан Бөкеевтің «Құлыным менің», «Теке-тірес», **Нұрлан Оразалиннің «Шырақ жанған түн», «Таскиіктер», Қалихан Ысқақовтың «Таңғы жаңғырық», Баққожа Мұқаевтың «Қош бол, менің ертегім», Дулат Исабековтің «Әпке», «Мұрагерлер», Асқар Сүлейменовтің «Қыздай жесір штат қысқарту», «Жетінші палат», «Кек», т.б. пьесалар қазақ драматургиясының саналуан тақырыптарды лирикалық-драмалық тұтастық поэтикасымен игерудегі шығармашылық жемістері болып танылды.**

Сөз өнері шығармаларының ішінде ежелгі заманғы классикалық негізін сақтай отырып, біздің қазіргі мол ақпарат тасқыны аясындағы заманда өзіндік эстетикалық ықпалын жоғалтпаған драматургия мәселесіне арналып Қазақстан Жазушылар одағының арнайы Пленумы өткізілді, Қазақстан Жазушыларының XII Құралтайында Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалин **«Әдебиеттің иесі – халық, киесі – елдің рухы»** тақырыбымен

АҚЫН-ДРАМАТУРГ НҰРЛАН ОРАЗАЛИННІҢ «ШЫРАҚ ЖАНҒАН ТҮН» ДРАМАСЫ

жасаған баяндамасында қазіргі қазақ драматургиясының көркемдік ізденістері мен нақты нәтижелері туралы:

«Драматургия – алдына келсең тістеп, артына шықсаң тебетін мінезді жылқы тәрізді асау жанр. ...Драматургияда жаңа дәуірді жаңа мінез қақтығыстары мен жаңа сипатты, қоғамдық қарым-қатынастарды таразылау, екшеу басым. Жанрда, театр өнерінде уақыт талаптарына сай ізденіс үстінде. Тарихты тану мен тарихи тұлғаларды қайыра сараптау бағытында біраз сәтті туындылар өмірге келген. Мәселен, Әбіш Кекілбайұлының «Абылай хан», Шерхан Мұртазаның «Ноқтаға басы сыймаған», «Домалақ ана», Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази, Қалихан Ысқақовтардың «Жамбыл», Сәкен Жүнісовтің «Абылай хан», Маман Байсеркеновтің «Абылайдың соңғы күні» драмаларын айтуға болады. Сондай-ақ, ұлы туындылар желісімен жазылған Қалихан Ысқақовтың «Сабатаж», Әкім Таразидың «Шолпанның күнәсі», Шихмарденнің «Қамар сұлу», Исраил Сапарбайдың «Абай – Тоғжан», Нұрқанат Жақыпбаевтың «Жан азабы», Әубәкір Рахимовтың «Адасқандар» және осы жолдардың авторы сахналаған «Қилы заман» туындыларын айтуға болады.

Драматургиямызда қазіргі өміріміздің шындығын көрсетуге ұмтылған Дулат Исабектің «Ескерткіш», Қалихан Ысқақтың «Жан қимақ», Елен Әлімжановтің «Тақ талас», Әділбек Тауасаровтың «Махаббат аралы» (жаңа нұсқа), Сұлтанәлі Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», Иран Ғайыптың «Алтын ажал», Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Кемпірлерден шыққан дау», Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» туындыларын айтуымыз керек (*«Әдеби өмір межіресі / Құрастырғандар – Ә. Нарымбетов, Е. Жаппасұлы, С. Қажиг. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009. – 672 б.; 454-455-*

бб.) – деп атап көрсетті. Ақын-драматург Нұрлан Оразалиннің екі бөлімді лирикалық-драмалық «Шырақ жанған түн» пьесасы – көркем шындық поэтикасы өрнектерімен оқырмандармен көрермендердің қабылдау ықыласына кенелген көрнекті туынды. Лирикалық-романтикалық, философиялық-психологиялық тұтастықпен жазылған пьесада, отбасылық-жұбайлық одақтың, тұрмыстық өзекті мәселесі шығарма арқауына алынған. Пьесаның тақырыбы – ерлі-зайыптылық жұбайлық тұрмыс, идеясы – еркек пен әйелді біріктіретін шынайы махаббатты аялау, бағалау. Пьесаның сюжеттік-композициялық желісі мынадай бөлімдерден құралған: **1. Түн жарымындағы айқай; 2. Көшеде; 3. Аялдамада; 4. Түнгі көше; 5. Бөлмеде; 6. Аялдама; 7. Бөлмеде; 8. Өткеншек және жұлдызды аспан...; 9. Бөлмеде; 10. Жасыл орындықта: Қаланың өң мен түс аралығындағы бір сәті (эпизод орнына).** (Тарту: Пьесалар. – Алматы: Қазақ мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институты, 2004. – 372 б.; 197-255-бб.). Ақын-драматург: «Мұхтар Әуезов атындағы Қазақтың академиялық драма театрының сұранысын ескере отырып, өңделген, ықшамдалған, толықтырылған нұсқа» деген анықтамамен ұсынылған жаңасы да туындының көркемдік-эстетикалық, идеялық ықпалының уақыт пен кеңістіктегі мәңгі өзектілігін жоғалтпайтын тұрмыстық-әлеуметтік мәселені халықтық тұрғыда бейнелеген маңыздылығын дәлелдейді.

Пьесаның эпиграфына ақын-драматургтің «Жастық шақ жырларынан» атты анықтамасымен берілген жыр жолдары да шығарманың тақырып нысанына алынған психологиялық-философиялық ой кеңістігін мезгегендей әсер береді:

*«Оңымнан соққан жел ме?» – деп,
«Солымнан соққан жел ме?» – деп,
Созылып жатқан белдермен
Қашар ма едім дөңгелеп?!*

Алғашқы нұсқасында Төлеген Айбергеновтің мына өлең жолдары берілген:

*«Кездесер болсам қайта мен
Тағы бір мәрте сол шақпен.
Бәрін де саған айтар ем,
Жалғыз-ақ тамшы моншақпен...».*

Пьесаның бөлімдеріндегі басты (Нұргүл, Сағын, Таңат, Көзілдірікті кісі (көрші), Монтер) және эпизодтардағы жанама (Сері жігіт, Егде әйел, Егде кісі, Қыз бен жігіт, Көзілдірікті қыз, Қонақтар. Түннің бейуағы мен телефон трубкасындағы дауыстар) – бәрі де авторлық ремаркалар мен аталған бөлімдердің өзара ұласқан сюжеттік-композициялық

желілеріндегі оқиғалармен айқындалады. **Ақын-драматургтің пьесаның тұтас құрылымдық жүйесіндегі сюжеттерге ортақ уақыт пен кеңістікті айқындайтын ремаркалық баяндауында шығармаға арқау болған жалпыадамзатқа ортақ тұрмыс шындығының романтикалық-реалистік болмысы айқын елестетіледі.**

«Оқиға: Күндіз – бөлмеде, кісі аяғы сирек болатын бульварда; **Түнде** – кинотеатр алдында, аялдамада, телефон будкасында, трамвай жүретін көшеде, өткеншекте, жасыл орындықта. **Сонымен қатар** – Көзге көрінбейтін көк сәулелі терезеде, өң мен түс аралығындай мұнарта қылаңғытып, ұйқы шақырған қалада өтеді. **Уақыты** – Бүгін». (Оразалин Н. Шырақ жанған түн (Прологы мен эпизоды бар екі бөлімді драма) // Тарту: Пьесалар. – Алматы: Қазақ мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институты, 2004. – 2-кітап. – 372-б.; 197-198-бб.). Пьесаның бір түндік оқиға кезеңінде құрылған тақырыптық-идеялық арқауына алынған әуелде шынайы махаббат сезімінен от-жалынды алауымен лапылдаған күйіп-жанған от-сезім ықпалымен бір-біріне өліп-өшіп қосылған Сағын мен Нұргүлдің араға жылдар өте келе тап осы сәттегі дағдарыстағы хал-ахуалдары бейнеленген. Осы арада әуелде шынайы махаббаттың от-жалынды, алаулы сезіміне бөленген, мәңгілік бірге болуға жүректерінің қалауымен, ғашықтық ғаламатының қуатты ықпалымен қосылғандардың ең алғаш сырласқан, ләззат қызығына мас бола балқыған ең алғашқы түндерін елестететін осы лирикалық драманың **«9. Бөлмеде»** атты бөліміндегі диалогтардың романтикалық-лирикалық әсерлілігі ерекше тартымды. Нұргүлді туған күнімен құттықтап телефон соққан Көзілдірікті көрші егде кісі екенін анық өз аузынан естіп, өзінің орынсыз қызғанышқа бой алдырып, адал жарын орынсыз қызғанып ренжіткеніне өкініп, енді аккумуляторы аруы Нұргүлін іздеп отырған Сағынның әуелгі бал-түндерінің ойына оралып отырғанын естиміз.

Лирикалық драманың сюжеттік шарықтау сәтінде берілген, романтикалық-психологиялық сарындар тұтастығындағы диалогтар шығармадағы негізгі сюжеттік байланыс, сюжеттік даму, сюжеттік шиеленіс бөліктерінің көркемдік түйінін танытады. Басты және жанама кейіпкерлердің диалогтарымен, монологтарымен, авторлық ремаркалармен өрілген сюжеттік-композициялық желілер

оқиғалары мынадай жүйемен көрінеді: **біріншісі** – отасқандарына бірқатар жылдар өткен ерлі-зайыпты Сағын мен Нұргүл арасындағы кикілжіңнің (*Нұргүлдің қазіргі заманғы екпінді ырғақпен билегенін және оған соғылған телефондағы белгісіз еркектен қызғанған күйеуі Сағынның көңіл-күйі; ғылым игеруі мен тұрмыстық жағдайын жақсарту қарбаласында жүріп өзіне күйеуінің салғырт қарап кеткеніне күйзелген, күйінген Нұргүл сезімі*) туындауы; **екіншісі** – Көзілдірікті көрші егде кісінің қазіргі өнегелі жас жұбайлар-отбасыларының өсіп-өнуін, бақытын тілеген ізгілік келбеті, қазақ тағдырын ойлағаны үшін («Колымаға... Кетерден бұрын... Қазақ аштан қырылды деген жалғыз ауыз сөз үшін он жыл отырып қайтқан бұл ағаң...») жазықсыз жазаланған тағдыр арқылы қазақтың қасіретті тарихы шындығының айтылуы; **үшіншісі** – бозбала жігіт Таңаттың кинотеатрда, трамвай аялдамасында кездейсоқ кездескен ару келіншек Нұргүлге ғашық болғаны, Нұргүлдің де, осы бозбаламен бірге әңгімелесу аясында өзінің бойжеткен шағын, арманшыл, азат, романтикалық асқақ әуенді сезім тебіреністеріне бөленгені; **төртіншісі** – пьесадағы Егде әйел, Монтер, Сэнтай бейнелері арқылы күнделікті тұрмыстық-әлеуметтік тіршілік қозғалысының тыныштығын, берекесін ойлаған қарапайым адамдар мінез-құлық психологиясының әралуандық сипатының бейнеленуі.

Пьесаның басты кейіпкері Сағын – табиғи таланты мен қабілет мүмкіндігіне орай ғылым мен заман талабына орай тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерді игеруге қабілетті адамдардың көркем шындық поэтикасы аясында жинақталған тұлғасы. Ол табиғи талантына, қабілетіне орай мінез-құлық психологиясы темпераменті де, тек қана уақыт ағынындағы күн тәртібіндегі ең өзекті мәселені тұрмыстық іскерлікпен, оптимистікпен-реалистікпен шешу нақты нәтижелерін жүзеге асыратындар келбетін танытады. Кейіпкер Сағынның Көзілдірікті егде көршісімен сұхбатындағы диалогтарынан-монологтарынан қоршаған әлеуметтік ортамыздағы, қоғамымыздағы осындай тектес адамдар тұлғаларының жан ділі болмысына тән өмірлік-тұрмыстық ұстанымдарын аңғарамыз:

1. **Сағын.** ...«Тісің барда ас шайна! Әйтпесе, өзің шайналасың!» Заман сені шайнайды! ... Мысалы, мына мен ... «Тағдыр, тағдыр» дей зар илейтін жылауық жандарды ұнатпаймын. Ондай күйреуік пенделерді суқаным сүймейді... Әр кездің өз ерлігі, өз күресі бар. Мысалы, Сіздің заманыңызда

үлкен идея мен идеялар үшін күресе білгендер ғана бақытты дейтін ...

...Ол идеялар мен ол идеалдардың заманы келмекке кетті! Сіз боп, біз боп империяның жаназасын шығардық. Шығардық та, сол қоғамның жиған-тергенін жанталаса бөлістік. Социализм тарихқа кетті. Аренаға капитализм келді. Қысқа мерзім ішінде бәріміз капиталист болып шыға келдік». Сағын – тұрмыс қозғалыстарындағы қарама-қайшылықтардың күресі мен бірлігін жіті қадағалайтын, уақыт талабындағы қатал заңдылықтарды тез игеретін адамдардың көркем жинақталған бейнесі. XX ғасырдағы қазақ зиялыларының қоғамды басқарған империялық-тоталитарлық, әміршіл өктем, озбыр жүйесінен қорлықты, теперішті, қуғын-сүргінді, жазықсыз жазалауды көп көргендердің жинақталған бейнесі Көзілдірікті кісі – егде көршімен болып отырған сұхбатындағы диалог-монологтарында Сағын қазіргі заманғы қоғамдық-әлеуметтік жүйенің шындығын айқындап танытады:

«Сағын. ... Көрші!.. Қазақтар Жаһандану деп күнде даурығып жүрген жалмауыз бәрімізді жұтып қойды қылқ еткізіп... Уақыт комбайны шетімізден шайнап-шайнап, лақтырды. Өзгеріп шыға келдік. Өмір сүру принципіміз өзгерді. Құндылықтар өзгерді. Менен – ел таныған археолог, тарих ғылымдарының докторы, пәленшеев дейтін ғалымнан нарық заманы нардай бизнесмен жасады. Көзім ашылды, көкірегім оянды. Кешегі ұраным – тік жүріп, тура сөйлеу болса

Көзілдірікті кісі. С-сағын жан ... әуелі...

Сағын. Бүгінгі ұраным – қажет пе? Кішірей! Қажет пе? Ор киіктей ойқаста!.. Өзгелерді таңғажайып бір ісіңмен, жүрісіңмен таңқалдыр! Кешегі ғұндар мен сақтар жайлаған өлкенің тарихын тыным көрмей зерттеген белгілі ғалым бизнеске бармағанда тоз-тозы шығып, тентіреп кетер ме еді?! Кім біледі? Өмір күрделі, қиын ... Мысалы, мына, сізді, сіз секілді ағаларымызды «алыстан толғап, жақыннан тергеп», таусыла сөйлеп, пенсияға шығарып саламыз. Иә, иә, шығарып саламыз. Ұмытпастай боламыз. Бірақ ... Уақыт шіркін бәрін де тез ұмытқызады. Пенсия – ана дүниеге дайындық. Дайындаймыз!.. Арамызда шапқылап жүрген адамды қол-аяғын байлап, екінші дүниенің аузына апарамыз... Тағдыр тәлкегіне саламыз. Саламыз да әлгі адамды оп-оңай ұмытамыз! Соци-

лизмді де солай жабылып жүріп, пенсияға шығарып салдық, көрші!...» (Оразалин Н. *Шырақ жанған түн* // Мұхтар Әуезов атындағы Қазақтың академиялық драма театрының сұранысын ескере отырып өңделген, ыңшамдалған, толықтырылған нұсқа, 13-14-бб.).

Сағынның уақыт, заман талаптарына орай табиғи талантын, қабілетін әуелде жұмсаған ғылымы бағытынан бизнеске бұрғаны, бірақ, адамзаттың, туған халқының ежелгі және кейінгі тарихына қатысты философиялық-тарихнамалық ғылыми ойлау ұстанымдарынан қол үзгісі келмейтін ойлары да шынайы берілген. Көзілдірікті кісі – егде көршімен сұхбат кезінде кенеттен өшіп қалған электр шамының орнына кейіпкер-Монтер екеуі жеті май шам-шырақ жаққаны да, әуелі жарықты жағуға келген кейіпкер-Монтерге қарап айтқаны («Мына жігіт осы үйге жарық сыйлау үшін келіпті. Жарайсың, Прометей!»), одан кейін майшамдарды тұтату кезінде ежелгі философ Сенеканың сөзін есіне алғаны («О, Люцирий!.. Бәрі де құдіретті! Жаратушының құзырында. Тек уақыт қана біздің еншімізде»), одан кейін адамзат ұрпақтарының алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі тарихи кезең шындығын байырғы ата-бабалар тағдырын бейнелей баяндағаны – пьесаның лиризм аясындағы романтизм мен реализм көркемдік әдістері тоғысындағы сипатын тұтастырған қаламгер шеберлігін-суреткерлігін айқындай түседі.

«Сағын. «... Ғажап?! (Алтыншы, жетінші шырақтарды тұтатып). Экзотика-а!.. Әне, жапырақтың сыбдыры, бұлақтың сыңғыры келеді құлағыма... Жел гулеп, тау-тас жаңғырады...»

Көзілдірікті кісі. Миым ми емес, балшыққа айналып бара жатқан секілді.

Сағын. Бұл – менің Альтамирам... Қайғым мен қуанышымды әлдилеген сәби кезімнің сәнді бесігі... Әне! Көресіздер ме?... (Монтер түк түсінбей, жан-жағына қарайды). Естисіздер ме? Шыңғырған ащы айқай!.. Мәңгілік айқай! Алып бизон қозғалып келеді. Адамзат баласының жабайылықпен көз жұмған ата-бабалары! Бизоннан қашып келеді... (Сағын жеті шырақтың арасын кезеді). Шаштары желкелерін жауып, сақалдары белдерін ораған жалаңаш адамдар, қоян жүрек байғұстар... Қашып келеді! Безіп келеді!.. Кімнен?.. Ана жардай бизоннан – ажалдан... Шыбын жандарын сауғалып, қашып келеді.

Монтер. Альтамирасы несі? Бизоны несі? Оу, отағасы?

Автор басты кейіпкердің ғылыми-тарихи

танымдық жан ділі кеңістігіндегі ежелгі және қазіргі заманғы болмыс шындығын сабақтастыра ойлаған романтикалық-реалистік пікірлері арқылы қазіргі қазақ зиялыларының арасындағы нағыз ғалым тұлғасын даралау ұстанымын аңғартқан. Сағынның монологы арқылы дәйектелген болмысы – өткен мыңжылдықтар бойы ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтар жүйесін зерттеген-зерделеген қазақ ғалымдары (Анақарыс, Әбунәсір әл-Фараби, Мұхаммед Хайдар Дулати, Шоқан Уәлиханов, хакім Абай, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев, Қажым Жұмалиев, т.б.) дәстүрін ұстанған қазіргі көрнекті ғалымдарымыздың көркем шындық поэтикасы аясында жинақтала бейнеленген көрінісі.

Қаламгер-автор тарихшы-ғалым әрі бизнесмен Сағын бейнесі арқылы табиғи талантын шынайы ғылыми ізденіске арнаған, бірақ нарық заманының капиталистік қарым-қатынастары қыспағымен өмірі таусылмайтын күнкөрістік-тұрмыстық күйбең тірліктің шырмауына шырмалған ғалым адамдар тағдырын көз алдымызға айқын елестетеді. **Тұрмыс күйбеңінің қарбаласқан шым-шытырық мәселелерін түгел қамтуға тырысып жүргенде, ғашық болып қосылған сүйген жары Нұрғүлімен сонау мәңгілік махаббат шырағы жанған түндегі серттескен уәделерін біртіндеп ұмытуға айналған, ендігі мұраты маңайындағылардың бәріне өзінің болмысын мойындатуды («Сағын әйелін де, елін де мойындатуы тиіс! Әйтпесе, жер басып жүргені өтірік! Өтірік!.. Дүниеде өтірік өмір сүруден қиын нәрсе жоқ ... Азаптың үлкені де, ауыры да сол...») ғана ойлап аласұрып жүрген Сағынның дүниедегі ең асыл міндеті – отбасының-ошағының махаббат шырағы отымен жарық болатынын ұмыта бастағанын сезінеміз.** Пьеса сюжетінің шиеленісі сәтіндегі басты кейіпкер Сағынның монологынан тағдыры уақыт шындығы таразысына тартылған ғалымдығы мен бизнесмендік кәсібі қатарласқандардың жан сырын естиміз.

«Мен өзімнің шын өмірімнен – ғылымдағы ақиқат өмірімнен кеткелі он жылдың жүзі болды. Шүкір! Бизнес дейтін өтірік өмір күнкөрісімнің көзін түзеді! Үш бөлмелі үй кірсе шыққысыз? Қаланың жоғарғы жағынан екі қабатты особняк салғызып жатырмын. Бұйырса, осы жаз ерулік жасаймын. Сізді де шақырамын, көрші... Бірақ, тарих, археология өңім түгіл,

түсімнен шықпайды. Кейде түсіме Қойлық кіреді. Отырардың қаңқиған төбесі кіреді. Ана қытай ғалымдары астын-үстін шығарып қазып жатқан үйсін, сақ қорғандары кіреді.

Боралдайдың обалары кіреді. **Жанымның түкпірінде жатқан сол ақиқат өмірден зәредей қорқамын.** Екі аяғыммен екі өмірде тұрғандаймын. Бір аяғым – сән-салтанат байлықта. Екінші аяғым – ғылымда... Тағдыр тәлкегіне түсіп жүргендеймін. Қайсысы жеңеді? Білмеймін» (*Оразалин Н. Шырақ жанған түн // Мұхтар Әуезов атындағы Қазақтың академиялық драма театрының сұранысын ескере отырып, өңделген, ықшамдалған, толықтырылған нұсқа, 18-19-бб.*).

Лирикалық драманың көркемдік түйіні – тіршілік қозғалысының қат-қабат оқиғалары ортасында жүрсе де әуелде ғашықтық сезім отымен, махаббат құдіретімен қосылғандардың сол аяулы асыл сезімдеріне, татулықтарына қылау түсірмей, бірін-бірі күнде көрсе де тек ғана үздіккен сағынышпен, бір-біріне ынтығумен өмір сүру керектігін оқырмандарға, көрермендерге, жалпы адамзатқа ұғындыру. Отиесі мен отанасы атанған ерлі-зайыптылардың осындай үлгілі одағы арқылы ғана жеке халық, ұлт және барлық адамзат ұрпақтары өркендейтіні түйінделген. Пьеса кейіпкері Көзілдірікті кісінің Сағын мен Нұргүлдің отбасын үнемі үлгі тұтып сүйсініп жүргенін, бірақ қазіргідей Сағынның Нұргүлге деген шынайы сезімін аялауға уақыт таппай кеткенін, енді бүгін туған күнімен құттықтап телефон соққан өзінен орынсыз қызғанғанын, т.б. – бәрін де диалогтар барысында жеткізгені – шығарма сюжетінің көркемдік шешімін дәйектеген. Сағын мен Нұргүлдің және бұлар мен замандас қазақ отбасыларының тағдырын алаң көңілмен ойлаушы аға ұрпақтың жан ділі сыры кейіпкердің (Көзілдірікті кісі) диалог-монолог сипатты толғаныстарымен жеткізілген.

Драмалық пьесаның лирикалық сипатын құрап тұрған романтикалық және реалистік сарындар тұтастығындағы желілер шығарма кейіпкерлері келіншек Нұргүл мен кинотеатрда, трамвай аялдамасында кездейсоқ кездескен бозбала кейіпкер Таңат екеуі сұхбаттасатын бөлімдерде («3. Аялдамада»; «4. Түнгі көше»; «6. Аялдамада»; «8. Әткенішек және жұлдызды аспан...»; «10. Жасыл орындықта») жары Сағынның жұмысбастылық салдарынан өзіне дұрыс назар аудармай кеткен жағдайына көндіге алмай жалғызсырап-жабырқап жүрген

Нұргүлдің арттағы жылдарында алыста қалған балауса бойжеткен шағындағы қыз-сезімі алабұртқан кезеңіне қайта оралғандай күй кешкен психологиялық құбылыстарымен дидарласамыз.

Пьеса кейіпкерлерінің бірі бозбала Таңат бейнесі арқылы балауса балғын кезге тән алғашқы махаббат сезіміне душар болатын жандардың рухани болмыс-бітімі, жандүниесі сезіледі. Пьесаның эпилогындағы «Қаланың өң мен түс аралығындай бір сәті» атты соңғы бөлімінде биік қабатты қалың үйлердің ортасындағы түнде Нұргүл отырып тербетілген әткеншектің шынжыр бұғауына сүйеніп ұйықтап отырған Таңатты қолында кітабы бар көзілдірікті қыздың оятып жатқанын көреміз. Бұл – түнгі сұхбаттың соңында қоштасып бара жатып Нұргүл келіншектің өзіне ғашық боп қалған бозбала Таңаттың болашағы туралы сөзінің («*Сенің көгілдір шымылдығың алда әлі...*») алдан күтілетін хабаршысындай әсер беретін көрініс. Тізесіндегі бір шоқ гүлін осы қызға ұсынып, қызға және залдағы көпшілікке айтқан Таңаттың сөздері – пьесаның негізгі көркемдік-эстетикалық түйінін аңғартады.

«...Мен марсиянмын?! ...Сіздер марсияндардың неліктен ұзақ өмір сүретінін білесіздер ме?.. Білмейсіздер ме?.. Өйткені, олар бірін-бірі ренжітпек түгілі, қатты сөз айтып, бірін-бірі сөкпейтін де көрінеді... Ал мен?.. Мен... Сіздердің бәріңізге ғашықпын-н... Ғашық адамның жалғыздық көруге хақысы жоқ!...» (*Оразалин Н. Шырақ жанған түн // Тарту: Пьесалар... 255-бет*).

Бұл – лирикалық драманың сюжеттік-композициялық желісіндегі кейіпкерлердің мінез-құлық психологиясы ерекшеліктерін, олардың араларындағы қарым-қатынастар мәселелерінен қорытыла келе айтылған көркемдік түйін. Адамдардың өзара қарым-қатынастарындағы бірін-бірі құрметтеу, аялау сезімдерінің әуелгі басталуынан олардың өмір кезеңдерінің бәрінде де сақталуы арқылы адамзат ұрпақтарының отаншылдық-азаматтық, махаббат, ғашықтық, сүйіспеншілік, достық, жолдастық, т.б. – асыл сезімдердің мәңгілік сақталатын ұлы жолы дәріптеледі.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын-драматург Нұрлан Оразалиннің «Шырақ жанған түн» лирикалық драмасы – қазіргі заманғы өркениет кеңістігіндегі рухани құндылықтар қатарында бағаланатын көркемдік деңгейі жоғары туынды.



Нұрдәулет АҚЫШ,
жазушы

ӨЗЕК ӨРТЕГЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЛАТЫН ҚАРПІНЕ КӨШУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

ОЙ-ПІКІРЛЕРГЕ САРАПТАМА

Бүгінгі таңда қазақ оқырмандарының назарын аударып отырған шоқтықты пікірталастың бірі – қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру идеясына қатысты. Ұлтымыздың рухани әлемі үшін маңызды болып табылатын, осынау, өзекті мәселеге байланысты бұқаралық ақпарат құралдарында түрлі ұсыныстар, ой-пікірлер тасқыны үздіксіз орын алуда. Күн тәртібінде тұрған тақырыпты одан әрі дамытып, латын әліпбиіне көшудің тиімді жақтары мен зиянды тұстарын талдап көрсетіп жазылған мақалалар қатары күн сайын толыға түсуде. Осы тұрғыдан оқырман назарын аударған дүниелердің бірі – Амангелді Айталының «Қазақ тіліне сұраныс жоқ елде латын әліпбиіне сұраныс бола ма?» деп аталатын сараптамасы. Бірден басын ашып айтатын жағдай – автор мәселені қабырғасынан қоя отырып, қазақ тілінің латын әліпбиіне көшу мәселесіне күмәнмен қарайды. Оның алдымен үнілетіні – өзіне дейін латынға көшуді қолдап жарық көрген мақалалар мен айтылған ойлардың кемшін тұстары. Мысал үшін алғанда, латын әліпбиіне 1928 жылы көшкен түріктердің өздерінің дыбыстық қорындағы кейбір әріптерді әліпби жүйесінде таңбалай алмапты. Мұндай кемшін тұстар әліпбилерін ауыстырған басқа халықтарда да бар көрінеді. Автордың айтуынша, түріктер араб графикаларына негізделген рухани мұраларын осы күнге дейін пайдалана алмай отыр екен. Біз латын қарпіне көше қалған жағдайда туындайтын проблемалар қатары мынандай болуы мүмкін. Қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттің осы уақытқа шейін тұтастай дерлік тек кирилл графикасында жазылуы, жаңа әліпби бойынша мұғалімдер дайындау, жекеменшік мекемелердің бұрынғыша кирилл әріптерімен жұмыс

істей беруі, латын әліпбиімен шығатын ұлттық баспасөзге деген сұраныстың азайып кетуі, сонымен бірге, қазақтардың бұрыннан да кириллицамен оқитын тобы әліпби екіге бөлінгеннен кейін, латын шрифтісімен жазылғандарды мүлде қолға алмай кетуі мүмкін екендігі және т.б.

Қазақстанда латын әліпбиі ресми түрде қолданысқа еніп, қазақ мектептері осы әліпбиімен оқытыла бастаған уақытта, қазақтардың арасынан балаларын орыс сыныптарына берушілер қатары одан ары көбейе түсуі ғажап емес. А.Айталының болжауынша, «...қазақ тілінің болашағына сенбейтін қазақтар оқулықтары, ғылыми әдебиеттері, дайындығы мол мұғалімдері бар орыс мектептеріне балаларын беріп жатса, оған ешкімнің қарсылық жасауы мүмкін емес» (Айталы А. Жас Алаш, №16, 28-ақпан, «Қазақ тіліне сұраныс жоқ елде латын әліпбиіне сұраныс бола ма?»). Автордың тағы бір қауіптенетіні – орыс және қазақ тілді болып екіге бөлініп кеткен қазақ ұлты, енді, екі түрлі әліпбиді қолдана бастағанда, ара жіктері тіпті ашылып, бұдан әрі тереңдей түсуі мүмкін екендігі. Сөйтіп, айналып келгенде, Амангелді Айталы латын әліпбиіне көшу реформасын асықтырмай, сақтыққа шақыру жағын қолдайды. Түйіндеп айтқанда, бұл кісінің сөзінде де қоғамның ересектер тобына тән типті сақтық себептері бой көрсеткен.

Латынға қарсы топтағылардың тағы бір уәжі мынандай болып келеді: «...қазақ тілі Құдайдың әрпіне көшсе де, өркендей алмайды... Жалғыз қазақ тілін мемлекеттік тіл қылып, онда да бірнеше жылдан кейін қолдану аясын 100 пайызға жеткізіп барып латынға көшсе болады ғой деп ойлаймын. Ал осы қалпымызбен латынға өтсек, орыстілділерді айтпағанда, қазір қазақша жазып, сөйлеп жүргендердің өзі орысша сөйлеп, қызмет қағаздарын орысша толтырып жаза бастайды...» (Авторы? Жас алаш, №20, 14-наурыз, 2013 ж.) Латын әліпбиіне көшуді табанды түрде қолдайтын мақаланың бірі Қазыбек

Исаның – «Шынайы тәуелсіздік латынға өтумен келмек» деп аталатын туындысы. Мазмұнына қарағанда, оның жазылуына түрткі болған себепті жағдай – Мұхтар Шаханов бастаған 66 қазақ зиялысының латын жазуының кіруіне қарсылық білдіріп жазған хаты. Автор ондағы ой-тұжырымдарды негізге ала отырып, өзінің жеке көзқарасын білдіруді жөн көрген. Енбектің хат түрінде жазылуы – сол көзқарасты білдірудің өзіндік формасы. Бұл арада мынандай бір жағдайды ескеру керек екендігі байқалады. Біріншіден, 66-ның хатына бастамашы болып жүрген Мұхтар Шаханов та, сол хаттағы жекелеген ой-пікірлерге қарсы шығып отырған Қазыбек Иса да – қазақ халқының патриоттары, туған ұлтын сақтап қалу жолында күрсе жүргізіп жүрген қаламгерлер. Оның үстіне кеуі бір замандарда ортақ жұмыстарға бірге шегіліп, белгілі бір жобаны жүзеге асыру үшін қатар жүріпті. Осындай идеялас, пікірлес зиялылар, енді, «Қазақстанда латын әліпбиіне көшуге бола ма, жоқ па?» деген мәселе төңірегінде ортақ тиянаққа келе алмайды, ойлары әр тарапқа тартады. Соңғы автордың өз ойын Мұхтар Шахановқа хат түрінде жеткізбек болуы да сондықтан.

Қазақ жазуындағы арғы-бергі кезеңдерге шолу жасай келіп, Қазыбек Иса латын жазуына көшуді қиындықтары мен артықшылықтарын өз эмоциясын қоса отырып, талдап өтеді. Оның «Шынайы тәуелсіздік латынмен келмек» ғылыми эссесі оқырмандарды оқыту мақсатында түрлі тақырыпшаларға бөлінген. Атап айтқанда, «Ашық хатта қаперге алатын қауіп те бар», «66-ның біз келіспейтін жайттары», «Ұлтымызды орыс кириллицасынан құтқарады», «Мұны Алаш көсемдері де қолдаған», «Елді екіге бөліп, қазақ тілін тұқыртып отырған – орыс кириллицасы», «Бұл әліпбиге көшкенін өзбек те, әзірбайжан да мақтан етеді», «Ел мен Елбасы шешімі – латынға өтуді ассамблея неге насихаттамайды?», «Қазақ елін уысынан шығарғысы келмейтін Ресейді қолдайтындар кімдер?» деген тәрізді айқайлап тұрған тақырыпшалар шығармада айтылар ойларды жүйелеп көрсетуге ықпалын тигізгені анық. Автордың өзі тақырып етіп алған мәселеге қатысты ойлары, тұтастай алғанда, айқын, ұстанымдары тиянақты. Сонымен бірге, ішінара объективті тұрғыда алғанда, келісе қоймайтын пайымдаулардың да ұшырасып қалатынын жоққа шығаруға болмас. «Бірақ осы ашық хат жарияланғалы ғаламтор әлемінде қызу айтыс-тартыс жүріп

жатыр. Кейбіреулер: «Шаханов айтты – бітті! Ойланатын не бар?» деп айқайға сүрең қосуда. Енді бірі: «Бұл Ресей отаршылдығын қолдау, ұлтымыздың рухани тәуелсіздігін тәрк ету!» – деп қарсы шығуда» (*Қазақстан-Заман*, 21. 02. 2013) дейді автор. Басым топтың пікірлерін тиянақтай түсетін тағы бір шағын штрихты қаперге алсақ деймін. Ол әліпбиді тандап алған түрік ұлты қазақ сияқты біреуге бодан емес, психологиясы бөлек, керісінше отарлаушы ұлт болғандығы. Тәуелсіздік алғанымызға жиырма екінші жыл кетсе де, ТМД-ның басқа азаттық алған халықтарына қарағанда қазақтарда құлдық психология, орысқа мойынұсыну психологиясы басым.

Зерттеушілердің дәлелдеуіне қарағанда, бүкіл дүниежүзіндегі ғаламтор материалдарының 80 пайызы латын жазуымен жарияланып келе жатыр екен. Ендеше, бұл шрифт – дүниежүзілік деңгейде негізгі байланыс құралына айналып отырған ғаламтордың арқа сүйейтін негізгі әліпбиі. Демек, бұл әріпті пайдалану – дүниежүзілік қауымдастыққа жақындаса түсудің кезекті бір жолы әбден ықтимал екен. Пайдаланылатын әріптері бірдей болғандықтан кейін де, латын әрпімен сауат ашқан қазақ баласы сол әріппен жазылған ағылшын тіліндегі мәтіндерді көп қиналмастан оқып кете алатын болады. Екіншіден, саяси тәуелсіздік алғанымен, орыс империясының рухани басқыншылығынан еліміздің әлі күнге құтыла алмай келе жатқанын жасырудың керегі не? Бұл ықпал, әсіресе, руханиятқа қызмет жасайтын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы нақты іске асып келеді. Сол құралдардың бір үлкен арнасы – мерзімдік баспасөз тасқыны. Латынға көшу арқылы осы тасқынға аз да болса бөгесін жасау мүмкіндігі бар. Ағылшын тілді басылымдардың теріс ықпалы болуын терістеу қиын шығар. Бірақ ол орыс тілі арқылы жететін рухани экстремизмнен қауіпті емес.

Келесі бір мәселе «Латын әріптеріне бүкіл Қазақстан халқы көше ме жоқ әлде тек қазақ мектептерінде оқитындар ғана ма?» деген сауал. Бұл арада басы ашық жағдай – алдымен тек қазақ тілінде ғана оқитындарды көшіру керек екендігі. Орыс тіліндегі шәкірттер кириллицамен оқи берсін. Егер, оларды латыншыландырамыз десек, көптеген жағымсыз мәселелер көлденеңдеп шығып кетуі мүмкін және оған Ресейдегі отаршылдық пиғыл иелерінің жан-тәнімен қарсы болатыны да түсінікті.

Бірақ, уақыты келгенде бұл мәселенің де шешімін іздестіру мүмкіндігі туындауы ғажап емес. Базбір ойшылдарымыздың қарсы айтатындары – «Егер, латынға көшсек, Кенес дәуірінде жасалған бүкіл әдебиетіміз, қазақ тілінде жазылған тамаша ғылыми еңбектеріміз ұмытылып қалып қояды. Кейінгі ұрпақ оқи алмайды» деген уәж. Қазіргі ғылым мен техника мейлінше дамыған жаңа технологиялар заманында одан күдіктену қаншалықты орынды? Тәуір деп танылған дүниелердің барлығы латын қарпіне көшірілетіні даусыз. Сонымен бірге, макулатураның жемі болуға дайын тұрған көптеген артық қағаздан тазарып қалатынымызды ұмытпау керек. Айталық, көркемдігі төмен немесе таза кеңестік рухта өмірге келген жазындыларды оқырмандарың кейінгі буындарына тықпалаудың қажеті бола қоймас. Тағы бір көлденең тартылатын ой – «Екі түрлі қаріппен жазып, оқитын жағдайда бір ұлттың өкілдері екіге бөлініп қалады. Қазақ тілді және орыс тілді қазақтар әрқайсысы өздері таңдаған әріптердің тұтқынына айналады» деген қауіп. Осы арада «Кириллицаны пайдаланып келе жатқан орыс тілді қазақтар кириллицамен жазылған қазақ мәтіндерін оқушы ма еді?» деген қарсы сұрақ туындайды. Әрине, бұған дейін оқып келе жатқандары некен-саяқ. Өйткені, орыс тілді қазақтардың патриоттық сезімдері кемшін, қазақ тілінде сөйлеп, жазатындар олар үшін – артта қалған мәмбеттер ғана. Бірен-сарандары болмаса, орыс тілді қазақтарда ұлттық проблема деген жоқ, олардың көпшілігі өз ұлтын сақтап қалу керек деген мәселеге бас ауырта қоймайды. Өз ұғымдарына салсақ, олар – ұлттың емес, жалпы адамзаттың перзенттері. Әсіресе, орыстанып, нигилизм жолына біржола түсіп кеткен қандастарымыз өздерін қазақпыз деп атауға ауыздары да бармайды. Арланады. Өйткені, олар – ұлттық сезімнен жоғары тұрған өркениеттің өз өкілдері. Әрине, өздерінің түсініктері бойынша.

Келесі бір мәселе, латын қарпіне көшуге қарсы адамдардың проблемаға тек өздерінің жеке тұрғысынан ғана қарап, объективті баға бере алмай жүргендігі. Жасы үлкендер үшін латынға көшудің шынында да ауырлау соғуы мүмкін ғой, бірақ, мектепте онсыз да ағылшын тілін немесе басқа бір шет тілін оқитын шәкірттер үшін бұл шаруаның түк те қиындығы жоқ. Сонымен бірге, бір ескеретін жайт – орыс тілінде білім беретін мектептерден басқа оқу орындарының

барлығын латын әріптеріне көшіру керектігі. Мысал үшін айтқанда, республикамыздағы өзбек, ұйғыр және басқа тілдерде білім беретін мектептерді де. Қазақстандағы өзбектер де этникалық өзбектердің оқитын әріптерін пайдаланса, іргелес екі елдің өзара байланыстары да жеңілдей түпей ме. Билік орнында отырған кейбір қазақтар «Қазақ тілі республикадағы өзге тілдерді басып кетпеуі керек» деген сынайдағы пікірлер айтатын көрінеді. Бұл ұлтын сүймейтін, өз қазағының тағдырына немқұрайлы қарайтын қазақтың ғана пікірі. Әйтпесе басқа ұлт өкілдері тарапынан (*тіпті орыс тілділердің басым бөлігі түсіністікпен қарап отырған кезде*) байбалам салушылар шамалы ғана емес пе? Онда да қазақты қаны қарайып жек көретін, өтіп кеткен көк соққан шовинистер болмаса. Енді, осы арада ескермеуге болмайтын бір жағдай бар. Ол – латынға көшкеннен кейінгі мемлекеттік тілдің ахуалы. Бұл мәселеге орай жалпы «Мемлекеттік тіл» дегеннің өзі не және оның мәртебесі қандай болатындығын қайтадан айқындап алуға тура келмек. Мемлекеттік тіл бар, бірақ, оның шеті мен шегі, қоғамда алатын орнының деңгейі заңнамада толық нақтыланбаған, жалпы нысан ретіндегі болмысы әлі де бұлдырлау. Мысал үшін алатын болсақ, Конституция бойынша қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде белгіленсе, онда оның қоғамдағы орны да нақтыланып көрсетілуі тиіс емес пе? Қай мемлекеттің болсын іс қағаздары, бухгалтерлік, қаржылық (*финанстық*) есеп-қисаптары, мемлекет жұмыстарына қатысты толып жатқан қағаз толтырулар мемлекеттік тілде жүргізілуі керек қой. Тәуелсіздік алғанымызға биыл 22 жыл толмақ, бірақ, көптеген салалардың мемлекеттік тілге көшпей, табандай тырысып, кер бағып отырғаны қалай? Салық комитеттеріне және басқа мемлекеттік органдарға жөнелтіліп жатқан есеп-қисаптар тек қана орысша, банк тілі қазақшаға мүлде жолағысы келмейді, тіпті, осы ұйымдардан бір нәрсеге жауап алғың келсе, қазақша сөйлегенің үшін өзіңе ұрсады. Сонда бұл не? Айтып жүргеніміз қайдағы тәуелсіздік, қайдағы рухани және тілдік бостандық? Осы қалпымызда 2020 жылға қарай мемлекет халқының 95 пайызы қазақша сөйлеп кете ала ма? Басқа диаспора өкілдерін былай қойғанда, қазақтардың осынша пайызы қазақша сөйлеп кететін болса, керемет жетістік болып табылар еді-ау. Бірақ, көкіректе күмән көп... Осы арада айтайын дегенім – тек

латын қарпін енгізіп қана қоймай, мемлекеттік мекемелердегі іс жүргізу жұмыстарын да латын қарпіне көшіру керектігі. Латын қарпін қолданатын тіл – қазақ тілі болса, мемлекеттік мәртебеге ие болып отырған ол тілдің де проблемасы шешіле бастар еді. Ол – шетел тілдеріне қазақ тіліне сіңіскен жекелеген термин сөздердің, ономастикалық және топонимикалық атаулардың орыс тілі арқылы бұрмалауға түсіп келіп жатқандығы. Кириллицамен жазылатын орыс тілі мұндай сөз ауысу жағдайында өзінше бір сүзгі сынды немесе сәулені шағылыстырып барып өткізетін шыны призма іспеттес. Орыс тіліне құлшылық ұрған Патшалық Ресей мен Кеңес дәуіріндегі замандарды былай қойып, тәуелсіздігіміздің 22-жылында да осындай бұрмалаулы атаулардың табиғи өзіндік дыбысталуы деп түсініп келе жатқанымыз. Мысалы, көршілес Қытай Халық Республикасының астанасын осы күнге дейін Пекин деп жазып жүрміз. Оның қытай тілінде Бейжің деп дыбысталатынын білсек те, сол әуелгі жаңсақтық жалғасын табуда. Сондай-ақ, Шанхай деген қала аты да сондай халде. Қытайша білетіндердің айтуына қарағанда ол «Шаңқай» деп жазылуы керек екен. Кәдімгі қазақтың «Шаңқай түс» деген тіркесіндегі «шаңқай». Орыс тілінде «Қ» мен «Н-ның» жоқ екендігі белгілі. Немесе ағылшын тіліндегі көптеген сөздерді тілі келмегендіктен, орыстардың дәл сол қалпында қайталап айта алмайтынын да ескере бермейміз. Басқасын айтпағанда, АҚШ-тың астанасын орысша Вашингтон деп жазамыз. Кириллица транскрипциясына салып айтқанда, ол шамамен Уошингтон деп жазылуы тиіс еді. Ал, ағылшын, француз неміс және т.б. тілдерден енген термин сөздердің бұрмаланбағаны некен-саяқ көрінеді. **Қазақ тіліне тән «Ұ», «Ғ», «Қ», «І», «Ә» дыбыстарының орыс тілінде жоқ екендігі белгілі. Кириллицада олардың әріптік таңбалары да жоқ. Мұндай жағдайда орыс байғұс бұрмаламай қайтеді. Тілімізде ондай дыбыстар бола тұрып, біз сол теріс ықпалмен кетіп барамыз. Бұрын бодан болған ұлттар тіл басқыншылығынан шешімталдықпен құтылып жатқан кезде біздің бүйтіп ана тілімізді де орысшаға тәуелді етуден бас тарта алмай отырғанымыз қалай? Ал, жаңағы қазақ дыбыстарының біразы жоғарыда айтылған ұлттардың тілінде бар. Егер, латыншаға көшсек, сол тілдердегі сөздерді түпнұсқаға жақындатып жазатынымыз, жазып тұрып сөйтіп айтатынымыз анық. Сонымен бірге, қазақ тілін үйренгісі келетін**

шетелдіктер, оны орыс тілі арқылы емес, тікелей үйренсе, ұлтаралық интеграция күшейе түспей ме. Бұл арадағы жалғыз-ақ қиындық – осы уақытқа шейін шет тілдері мен қазақ тілі арасында делдал болып келе жатқан орыс тілінің рөлінің төмендеп қалатындығы. Ендеше, бұл тілдік тәуелсіздік емей, немене? Осы арада Ресей империясының өз мүддесі үшін қазақ сияқты аз халыққа жасайтын жан-жақты ықпалына көз жұма қарауға болмайды. Екі ғасырға жуық уақыт бойы қазақ жерін өз мемлекетінің заңды аумағы, отарлаушылыққа дейін де оны мекен етіп келе жатқан қазақтарды өзінің құлақкесті құлы ретінде санап келген империалистік психологияның инерциясы әлі де бәсеңдей қоймаған сыңайлы. Оған сол тараптан да, өз ішімізден де естіліп жататын әртүрлі тегеурінді айбарлы үндер дәлел. Ресейдің осындай саясатын рақаттана қолдайтындар республика шегінде де баршылық және олардың қол қусырып қарап отырмағанын байқау қиын емес. **Қазақтың отаршылық ниғылдағы сыртқы және ішкі жауларының мақсаты жалғыз-ақ – қалай болған күнде де бұрын табанның астында келе жатқан халықты одан әрі тұқырта беру, реті келсе, адам ретінде бас көтертпей, мүлде тұншықтырып тастау. Қазақстан тәуелсіздікке ұмтылған алғашқы жылдарда «Бұлар да адам болғысы келеді. Өздерінше дербестік алмақшы. Саналары төмен, мәдениеті жоқ бұндай қарақұрым тобыр (чернота) ел бола алмайды. Ұзамай дәргейлеріне ала қойындар деп бізге өздері-ақ қайта келеді» деген сарындағы сәуегейліктер айтылып, әр түрлі қоқан-лоққылар да жасалғанын қаперден шығарып алмаған абзал. Егер, шынымен тәуелсіздікке ұмтылатын болсақ, қазақ деген ұлтты қалайда сақтап қалу керек болса, онда дербестікке сеп бола алатын ең кішкентай тетіктің өзін пайдалана беру керек. Әрине, ондай экстремизм мен сепаратизмнен аулақ, тек қана өркениет жолымен жүзеге асырылып отыратын тетік болса. Ал, латын шрифтерін қолданысқа енгізу сондай тиімді тетіктердің бірі бола алар еді. Бұл науқанға қарсылардың болатындығын сезіне отырып және ол қарсылардың басында Ресей державасы сияқты, бізге бұрын үстемдік жүргізген алып елдің тұрғанын ескере отырып, латын әріптерін пайдалануға бәрібір көше беру керек. Мұндай ауқымды іс мәресіне жақындаған**

сайын, қарсыластардың неше түрлі күйтұрқылыққа баратынын, арандатулар да болатынын алдын ала ескеріп, не нәрсеге де дайын тұрған жөн-ау. Осы науқан барысында орыс тілділер халқымызды, бас көтерер азаматтарымызды әлі талай жамандап, ағаш атқа неше мінгізіп, неше түсіретіні сөзсіз. Бір мәселенің басы ашық. Қазақ өз жерінде жүріп өз тілінің сақталып қалуы үшін күрескенде, басқа ұлт диаспораларына зиян тигізуді көздемейді, басқа елге барып өз тілінің өктем болуын қаламайды. Кез келген ұлттың өз жерінде өмір сүріп, халық ретінде сақталып қалуын ойлауы атам заманнан табиғи құбылыс. Мысалы, өз жері Ресейде орысша сөйлеп, барлық шаруасын орысша жүргізгені үшін орысты, бүкіл тірлігін өзбек тілінде құрағаны үшін өзбекті, моңғолша сөйлеп, бүкіл іс қағаздары моңғол тілінде болғаны үшін моңғолды және т.б.ешкім де ұлтшыл деп айыптамайды. Ал, нақ осындай табиғи қалауын осы халықтар секілді өз деңгейінде жүзеге асырғысы келетін қазақ қарадан қарап не себепті ұлтшыл атануы тиіс?

Кавказды мекен еткен халықтардың барлығы да тек өз тілдерінде ғана сөйлейді, жазады, қарым-қатынас жұмыстарын жүргізеді. Солай болуы табиғи құбылыс. Ал, қазаққа келгенде... ол байғұс та басқа халықтар секілді өзінің ана тілінде жұмыс істегісі келсе... «Жоқ, болмайды» деп өре түрегелеміз. Алдымен Қазақстандағы орыстарға қысым жасалуда деп байбалам салып шыға келетін – орыс шовинистері, оған ілесе орыс тілді, өздерінің ұлты жоқ қазақтар. Демек, өзі теңдес басқа ұлттардан қазақтың айырмашылығы – ұлт ретінде өз жерінде жүріп, құқығының шектелуі. Бұның өзі Қазақстан Конституциясын айтпағанда, бүкіл дүниежүзінің озық ойлы зиялылары ортақ мәмілеге келіп, қабылдаған «Адам құқықтарының жалпыға бердей Декларациясының» ұстанымына да қайшы. Бір біріне қарама-қарсы айтылған біраз ой-пікірлерді сараптап келгенде, латын қарпіне көшуді қолдаған топтың уәждері басымырақ түсіп жататынын атап айту керек. Оған жоғарыда келтірілген дәлелдер куә. Олардың қандай екендігін тағы да ежіктеп, қайталап жату шарт емес болар.

■ Дерек пен дәйек

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 108,3 пайызды құрады

Бұл туралы бүгін Үкіметтің селекторлық режимдегі отырысында 5 айдың қорытындысы бойынша Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын-ала нәтижелерін баяндаған ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Ерболат Досаев айтты.

Оның атап өтуінше, негізгі салалар бойынша өнеркәсіптегі индекс көлемінің өсімі 101,8 пайызды, ауыл шаруашылығында 101,1 пайызды, саудада 112,8 пайызды, көлікте 107 пайызды, ал байланыста 115 пайызды құрады. Құрылыста аталған көрсеткіш 99 пайызды құрады және өткен жылмен салыстырғанда өсім қарқыны төмен.

«5 айдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға инвестициялар көлемі 108,3 пайызды, ал тұтынушылық бағалар индексі 102,3 пайызды құрады», – деді ол.

* * *

Болжамды бағалаулар бойынша ағымдағы жылдың қаңтар-мамырында Қазақстандағы жалпы ішкі өнім өсімі 5 пайызды құрады және осы жылдың қаңтар-сәуірімен салыстырғанда 0,5 пайыз өсім көрсетті. Бұл туралы маусым айында өткен Үкіметтің селекторлық режимдегі отырысында Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Ерболат Досаев мәлім етті.

«Өсімнің жоспарланған кестесіне сәйкес біз 6 айдың қорытындысы бойынша толықтай алғанда жалпы ішкі өнім өсімі 5 пайызды және жыл қорытындысында ауыл шаруашылығы мен шикізат секторындағы өндірудің жоспарлы көлемінің жетістіктерінің төменгі базасын ескеріп, 6 пайыз болады деп болжап отырмыз», – деді министр.



Ғабит ЗҰЛХАРОВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

ЖЕТЕЛІ ЖЕРАУДАРУШЫНЫҢ ЖАЗБАЛАРЫ

немесе Адольф Янушкевичтің

«Қазақ даласына сапар туралы жазбалар»

кітабы туралы сыр

Анама хат

Біз енді бірнеше минуттан кейін жол үстінде боламыз. Нөкер, жүк аттары, казактардан құралған жасауыл – бәрі де сақадай сай. Тек сапарлас серігімнің әйелі, балалары мен үй қызметкерлерінің жылап-сықтауларымен өзінің де көз жасын құрғата алмай тұрғандығы ғана бізді Омбыда сәл кідірте түсуде. Отбасылы адамның өз үй-ішінен ұзап шығардағы, осынау, қоштасу сәтінде, мен де қымбатты анашым, саған аманыштық тілеген сәлемімді тағы да жолдай отырып, өзіңнің ақ тілеулі батаңның шапағатында болатындығымды айтқым келеді.

Мені алда қиындығы мен қолайсыздығы мол ұзақ сапар күтіп тұр. Мүмкін, оның қауіпті болуы да ықтимал. Бұл менің бұдан бірнеше жыл бұрын өркениетті Еуропаны аралаған саяхатыма мүлде ұқсамайды. Мен енді, тіпті, белгісіз ел – қазақ даласын бойлай сапар шегемін. Қолыма қару алып, асау атпен өзендерді кешіп, бұған дейін ешбір поляктің аяғы тимеген тау шыңына шығамын. Көшпелі халық ортасында болуға бел байладым. Сөйтсе де, бұл сапар мені ешбір үрейлендірмейді. Алдағы сапарымды бір тәңірге сиына отырып қабыл алдым. Демек, бұл менің осы жолдағы әр қадамымды ақ тілеулі анамның дұғасы да қорғар деп сенемін.

Сен менің арғымақ пен қайығым бол,

Сен маған жол көрсетер жұлдызым бол!

Тағы да кайталап айтамын, қош сау тұрыңыз, сүйікті анашым! Баршаңызбен қоштасамын, аман болыңыздар!

ОМБЫ. 1846 жылдың 8 мамыры.

Міне, алғашқы жолдары дәл осындай хатпен басталатын кітаптың алғаш басылым көргеніне 150 жыл болыпты. Бақсақ, XIX ғасырдың ортасында қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, ауыз әдебиетін зиялы Европа жұртшылығына тиянақты таныстыруда Сібір мен Қазақстанға айдалып келген поляктің ұлт-азаттық қозғалысының өкілдері атқарып кеткен еңбектері ерекше. Жіктеп айтсақ, өз дәуірінің арқалы ақыны Густав Зелинский (1809-1881) халқымыздың сол кездегі өмірінен «Қазақ», «Дала» атты екі романтикалық поэма жазса, кезінде Семей қаласында айдау мерзімінің біраз жылдарын өткізген, құқық ғылымдарының кандидаты, ұлы ақын Абайдың рухани серіктестерінің бірі болған Северин Гросс

(1852-1899) «Қазақтардың ежелгі әдет-ғұрыптары» деген еңбегін бастыртып шығарды (Петербург, 1886). Ал, поляктің белгілі суретшісі Бронислав Залесский (1820-1880) Қазақстанның батысында тоғыз жыл айдауда болған кезінің баянды бір белгісі ретінде «Қазақ даласының өмірі» атты суретті альбом жасауға мүмкіндік тапты (Париж, 1865). Бұлардың ішіндегі бірі де, бірегейі де – көсемсөзші Адольф Янушкевич (1803-1857). А.Янушкевич өз заманына сай білімді де мәдениетті азамат болған. Польшадағы Вилен университетін ойдағыдай бітіріп, еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған, ол өзі тұрған Подолия қаласындағы сеймге депутат та болып сайланған. Өз Отанын жанындай сүйген Янушкевич патшалы ресейдің отаршыл саясатына қарсы азаттық

1. Байрон. “Абидостық қалыңдық”. – Аудармашының ескертуі.

істерімен ашық айналысқан. 1830 жылы А.Янушкевич Польшадағы патшалық тәртіпке қарсы бағытталған қарулы көтерілістің бел ортасында жүріп, қатты есінен танып, жаралы күйінде тұтқынға түседі.

1834 жылы Янушкевич дворян атағынан сот үкімі бойынша айырылып, өлім жазасына кесіледі. Алайда, соңынан бұл үкім сәл жеңілденіп, ол оралу мерзімі мүлде көрсетілмеген Сібірге жер аударылады. Янушкевич айдаудың алғашқы 12 жылын Сібірде, қалған мерзімін Есілде, Омбыда өткізеді. 1841 жылы ол Омбыдағы шекаралық басқарманың қазақ бөліміне ауысуға рұқсат алады. Ол осы қызметте жүріп, 1843 жылдан бастап қазақ даласына дүркін-дүркін сапарға шығатын орыс экспедицияларының құрамында қатардағы іс жүргізуші болуға мүмкіндік табады. Сөйтіп, Янушкевич 1846 жылы осындай экспедициямен жолға шығып, Орта және Ұлы жүз қазақтарымен кездеседі. Осы сапарларынан көргендері мен білгендерін өзінің сонау алыста қалған Польшадағы туыстарына хат арқылы баяндап отырса, енді біразын сол қалпында күнделігіне түсіруді әдетіне айналдырады. Әсіресе, оны қазақ елінің меймандостығы, табиғаты ерекше қызықтырады.

1856 жылы І-Николай өліп, оның орнына келген жаңа патша бұрынғы поляк тұтқындарына кешірім жасайды. Бұл кезде Янушкевичтің айдауда жүргеніне 24 жыл болған еді. Денсаулығынан біржола айырылған ол босаңғанына бір жыл да толмай, туған жерінде қайтыс болады. Янушкевич – бұл дүниеден үйленбей өткен адам. Есіл бойында Янушкевичпен айдауда бірге болған революционер, поляк акыны Г.Зелинский Парижге барған бір сапарында, сонда қоныс аударған оның туыстарына Адольфтың қазақ даласындағы сапарында жазған барлық хаттары мен күнделіктерін табыс етеді. Ал, туыстары өз кезегінде Янушкевич есімін есте қалдыру үшін сол сапарда жазғандарының бәрін жинап, өз қаражаттарымен кітап етуге бел байлайды.

Янушкевич кітабы тұңғыш рет 1861 жылы аз таралыммен Париж қаласында поляк тілінде жарық көрді. Екі бөлімнен тұратын бұл кітаптың алғашқы бөлімінде Янушкевич өмірі жан-жақты баяндалса, ең соңғы екінші бөлім түгелімен оның қазақ даласындағы сапардан жазған хаттары мен күнделіктерінен тұрады. Жұртшылықтың бұл кітапқа деген талабы мен ынтасын ескерген туыстары Янушкевич кітабын екінші рет 1875 жылы Берлин қаласында да қайтадан басып шығартты. Бұл жерде мына бір жайды айта кету жөні өзі сұранып тұрғандай. Шетелде тұрып жатқан орыстың белгілі жазушысы И.С.Тургенов 1863 жылы Баден-Баденнен Ресейдегі өзіне таныс әдебиет сыншысы

П.А.Анненковке: «Дегеніңіз болсын (*бұл өте маңызды*), Адольф Янушкевичтің «Қырғыз даласынан жазғандары» орыс тіліне аударылып, журналдардың біріне басылған ба, біліңізші», – деп, жазбаша сұрау жолдаған. Алайда, патшалы Ресейдің отары болған Польшада оны басып шығаруға рұқсат берілмеді. Сөйтіп, жыл өткен сайын кітап та, оның авторы да ұмытылып қала берген. Жалпы, бұл кітап бұрын да, тіпті, бүгінгі Польшада да әлі басылып көрген жоқ. Тек, 1963 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушысы, доцент Ф.И.Стеклова XIX ғасырдағы поляк-қазақ әдеби байланыстарын беріле зерттеу барысында кездейсоқ Янушкевичтің қазақ елі туралы танымдық мәнге толы көлемі бір кітап жазғанын біледі. Ғалым оны тауып алу мақсатымен польшалық әріптестеріне хат жазады. Амал не, бүгінгі Польшада жоғарыдағы екі басылымның бір ғана данасы сақталып қалғандығы және оны ел шетінен шығарудың еш мүмкіндігінің жоққа тән екендігі туралы жауап алады. Ақырында, көп ізденістің нәтижесінде Ленинградтағы Н.Е.Салтыков-Щедрин атындағы кітапханадан Янушкевичтің 1875 жылы Берлин қаласында басылған кітабы табылады. Міне, осы нұсқа бойынша Ф.И.Стеклова 1966 жылы «Қазақстан» баспасы арқылы Янушкевич кітабын поляк тілінен орысшаға аударып, бастыртып шығарды. Бұдан кейін, арада 13 жыл өткенде, 1979 жылы бұл туынды Мұқаш Сәрсекеев аудармасымен төл тілімізде жарық көрді.

Янушкевичтің бұл кітабы, әділін айтсақ, халқымыздың XIX ғасырдың ортасындағы әлеуметтік-тұрмысынан үлкен де мәнді дерек беретін, танымы мол тарихи туынды. Кітап, негізінен Янушкевичтің туыстары мен достарына жазған хаттарынан және әр күнгі сапардың жай-жапсарын баяндайтын күнделіктерімен араласып, алма-кезектесіп табиғи тығыз байланыста құрылған. Әр хат, күнделіктің беті тек өзі көріп, пайымдаған ой елегінен туындайды. Әрине, Янушкевич арнайы саяхаттың адамы емес. Себептерге дөнекер дегендей, Омбыдағы шекара бастығы генерал В.Вишневский (*бұл да поляк*) басқарған Орта жүзді аралау экспедициясына барынша сауаттылығы мен жинақылығы арқасында ілігуі Янушкевичті әжептәуір сергітіп тастаған. 1846 жылдың 8 мамырынан 10 қазанға дейінгі аралықтағы Омбы-Семей-Аягөз-Лепсі-Шыңғыстау-Қарқаралы-Баянауыл-Омбы бағытындағы алты ай бойғы ат арқасы, арба үсті, дамылсыз жүріс, шырғалаң-шатақ, билік пен бітім, жан санағы мен мал санағы, тағы басқа істерге Янушкевич жанды куәгер болады. Бұл орайда, Янушкевич бір ғана бей-жай іс жүргізуші ғана емес, қайта қазақ

даласында болып жатқан құбылыстарға өзінің көзқарасын, пікірін білдіруші – ағартушы-демократ. Ол күнделігінде патша әкімдерінің, қазақтың ақсүйек байларының татымсыз, нанымсыз қылықтарын әжуалайды, келеке етеді, қарапайым халыққа жаны ашиды, іш тартады.

Янушкевич кітабының ең басты құндылығы ондағы уақиғаны қаз-қалпында суреттеуінде. Қазақтың сол кездегі толағай тұлғалары – Мәуке би, аға сұлтан, Құнанбай, батыр Барақ, күйші Тәттімбет, ақындар Түбек, Жанак, Орынбай, Сырым батыр мен Кенесары жөніндегі пікірлерін кең жазып қалдырған. Ал, Янушкевич кітабының жазылу мерзімі мұнан да құнды. Бұлай дейтініміз оның осы бір сапары орыстың атақты жиһангезі Н.М.Пржевальскийдің 1885 жылғы Тибет пен Қазақстан жерлерін қамтыған саяхатынан, сондай-ақ, дәл осы жылы Сібір мен Қазақ даласын аралаған сапарларынан 39 жыл бұрын болды. Тіпті, олар қазақ жерін аралаудан ширек ғасыр бұрын-ақ, Янушкевичтің басылып шыққан, осы бір кітабы арқылы Еуропа жұртшылығы қазақ тұрмысы мен оның жері; әдет-ғұрыптары туралы жан-жақты деректерді, түсініктерді оқып үлгерді. Немесе, кешегі жатжұрттық ғалымдар Радлов, Левшин, Алекторов, Затаевичтер қалдырып кеткен еңбектер қазақ халқының бітім-болмысын, тек өздеріне тән мамандықтары тұрғысынан әңгімелесе (*бірі ауыз әдебиетін, екіншісі, этнографиясын, үшіншісі ән-күйін, т.б.*), ал, Янушкевич кітабында қазақ деген халықтың табиғаты байсалды баяндалады. Бұл кітаптан жас та, кәрі де оқи алатын, көңілдері толатын дәйекті деректерді көңілдеріне тиянақты ұялата алады. Демек, Янушкевич кітабының танымдық бағасы осында деп айтуға толық құқымыз бар.

Янушкевич қазақ халқының салт-санасын қаз-қалпында қағаз бетіне киналмай-ақ түсіре білген. Ендеше, автордың өзі баяндап берсін. «Дастархан мән-мәзірі дұғамен басталып, дұғамен аяқталады. Бәрі таңтамаша өтті. Жандарал жиналғандармен қоштасып, нөкерлерімен бірге киіз үйден кете берген кезде, қалған жұрттың шырқы бұзылды. Өздеріне тартылған жылқы еті жұмырларына жұғын болмаған жалқы-жақыбайлар ақсүйектерден қалған сарқытқа таласамыз деп, молдалар отырған үйдің шаңырағын ортасына түсіріп кетті. Көпшіліктің бағына қарай, бұл қорқынышты жағдай болған кезде, ешкімнің өміріне қауіп-қатер төнбегені былай тұрсын, отырғандардың бірде-бірінің маңдайына сызат түскен жоқ. Бәрекелді, қазақтар жасай беріндер!»

Иә, Янушкевичтің өзімен айдауда болған,

еліне одан ертерек оралған революционер, ақын серігі Густав Зелинскийге жазған хатында (1846 жылы 12 маусымда Аягөзден жолданған) қазақ халқына деген қаншама ыстық ықыласы жатыр десенші.

«Бұдан бірнеше күн бұрын мен өзара дүр-дараз екі ру өкілдері қақтығысуларының куәсі болып, ешқашан да Демосфен мен Цицеронды естіп және білмеген шешендердің сөздеріне қол соғуыма тура келді. Ал, менің алдымда, бүгін, тіпті, оқи да, жаза да алмайтын ақындар өлең айтып отыр. Олар өздерінің таң қаларлықтай таланттарымен менің жүрегім мен жанымға көп нәрсені ұялатты. Ал, бұлар жабайылар, тағы ма? Бұл халық ғұмыр бойы мал бағып, болашақтан мақұрым қалмақ па? Жок, олай емес! Бұл имандай шындығым. Мұндай талант иелері өркениеттен әсте тысқары қалмақ емес. Оның рухы күндердің күнінде қазақ даласына жетіп, жарық отын үрлей түсер. Бүгінде жүдеген, қажыған көшпелілердің қазір де оған шекесінен қарап отырған елдер қатарына қосылар күндері де туар». Адольф өзі көрген, жүрген жерлерінің әсем табиғатын суреттеуге де шебер-ақ. Інісіне жазған хатының бірінде ол қазақ туралы төмендегідей сыр төгеді. «Алатау, Тарбағатай және Шыңғыстау еуропалық Альпінің, Апениннің және Карпаттың азиялық інілеріндей болып маған солардың оңтүстіктен солтүстікке қарай аласара созылып жатқан мүсін сілемдеріндей көрініс береді. Алатауға қарағанда, Тарбағатай жатаған іспеттес. Тарбағатай мен Алатауды өзара салыстырғанда, түйе мен қойды қатар жатқызғандай екен. Тарбағатай өзінің ұлылығымен және жомарт табиғатының әртүрлі байлығымен қызықтырса, Алатау жолаушысын бұрын-сонды көрмеген ғажайып әдемілігімен елітеді. Ал, Шыңғыстаудың тәкаппар кербездігі мен үшін, тіпті, алабөтен». Ал, Лепсі өңірін шешесіне жазған хатында Янушкевич: «Бұл жердің сұлулығын, тамылжыған табиғатын Сізге елестету үшін сонау Омбыдан осында жаяу келсем, төгілген терім еш болды демес едім. Дүниеде ешбір король мұндай жерде тұрып көрмеген, Жер үстінің жұмағындай. Өтген суреттеуге бұдан әрі, тіпті, тілім жетпейді», – деп ағынан жарылады.

Янушкевич кітабында, ұлы Абайдың әкесі аға сұлтан Құнанбайды кескіндеуі тіпті керемет. «Бұл да дала өңіріне аты кең жайылған адам. Қарапайым қазақтың баласы. Табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл берген. Іскер, өз аталарының игілігі туралы қам жейді. Дала Зандары мен Құран қағидаларының жетік білгірі. Қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі.

Қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Қарапайым Құнанбай әулиенің даңқына бөленген. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады.

Бір топ сұлтан мен бес мырза біздің үйде болып, шай ішті. Басқаларға ықпал ететін осы рулық топ жөнінде: «Сарай Пацқа, Пац сарайға татиды» деген біздің поляк мақалын айтса болар еді. Барақтың қасында ақсүйектер (сұлтандар) ақсүйек емес, сұр сүйек болып көрінеді. Ал, барлық байлар Құнанбайдың кебісін кигізуге жарамайды».

Қазақ халқының үлкен досы, Польшаның парасатты перзенті А. Янушкевичтің артына қалдырып кеткен бұл мұрасы – бүгінгі ұрпаққа баға жетпес барынша құнды кітап. Сөйтсе де, қазірде екінің бірі Янушкевичтің кім екенін, оның кітабының мән-жайын жете біле бермейді. Өйткені, ол туралы кезінде жазылған Ф.И.Стеклова мақалаларынан басқа танымдық деректер жоққа тән. Бұдан 45 және 32 жылдай бұрын орыс және қазақ тілдерінде бір реттен шыққан Янушкевич шығармасымен бүгінгі оқырман жыласып көрісердей қалды. Себебі, ол кітаптар тез таралып, кезінде көп оқылып, тозып біткендіктен, барынша сирек шығармаға айналып кетті.

Аударма дегеннен шығады. Бұдан қырық жылдай бұрын, осы мақала иесі Янушкевич кітабының орысша нұсқасымен танысқан алғашқы сәтте-ақ, шіркін, бұл туындыны қалың қазақ өз тілінде оқыса деген ойға жиі шомушы еді. Осындай ойдан алшақтай алмаған ол ертелі-кеш қолы бос уақыттарда өз бетінше Янушкевич кітабын төл тілімізге аударып жүрген еді. Ал, 1976 жылы республикамызда «Жалын» баспасы шаңырақ көтергенде, осы жолдардың иесі өзі аударған Янушкевич кітабының қазақ тіліндегі нұсқасын сонда тұңғыш рет тапсырған болатын. Ұзын-ырғасы түгел аударма болса да, баспадағылар оны орыс тіліндегі нұсқаға сәйкес келінкіремейді деп кері қайтарған. Көп ұзамай, бұл баспа Янушкевич кітабының қазақ тіліндегі нұсқасын басып шығарды. Әрине, бұл Сәрсекеев аудармасы еді. Сәрсекеев аудармасын сол кезеңнің сәтті аудармасы дей тұрсақта, ондағы кейбір сөздердің қазақша баламасы қасандау, олардың ішінде жаңсақ аударылғандары да баршылық. Қазақ тілінде байыпты баламалары бар сөздер болса да, олар сол орыс немесе шет тілдеріндегідей аударылмай кете барған. Жер-су, тіпті, байырғы кейбір ру және адам аттарының өзі де (мүмкін, поляк тіліндегі нұсқадан Стеклова да ауытқи алмаған болар) жартылай бұрмалана басылған. Әрине, оны түзетіп жіберсе, түпнұсқаға пәлендей зиян келмесі айтпаса да түсінікті. Тіпті, кейбір тараулар басындағы эпиграфтар да қазақшаланбай қалған.

Мұның бәрін шындап ескерсе, түзетілер шаралар. Міне, осындай, Янушкевич кітабын аудару айналасындағы белең алған олқылықтарды болашақ жылдарда аз да болса болдырмау мақсатымен ол бұдан он шақты жыл бұрын қайта тәржімалауға кірісті. Бұл істе, әрине, оның алдындағы алғашқы Сәрсекеев аудармасы мен өз аудармасын алдырып, осы екеуінен орысша нұсқада барынша жақын аударма шығару шаруасы тұрды. Солай болып шықты да.

Астана қаласында аударма еңбектерді шығару шаруасымен айналысатын «Аударма» баспасы 2002 жылы Зұлхаров аудармасын Сәрсекеев аудармасымен салыстырып, саралап екшегенде, оның үштен біріне өзгеріс енгізгенін, сөйтіп соңғы аударманы да өз алдына дербес аударма деп бағалауға негіз барлығын айғақтады. Сол кездегі Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне қарасты Баспа және полиграфия жөніндегі департаменті де бұл аудармаға оң баға беріп, оны Янушкевичтің туғанына 200 жыл толатын 2003 жылы басып шығаруға шешім шығарды. Сондай-ақ, бұл аударма Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетте де талқыланып, аудармашыға авторлық құқық беру жайы тиянақталды. Сөйтіп, ақырында, Янушкевичтің кітабы Ғ.Зұлхаров аударған нұсқада 2003 жылы «Аударма» баспасынан «Қазақ даласына сапар туралы жазбалар» деген атпен 2000 дана таралыммен басылып шықты. Орайы келген соң айта кеткен жөн. 2003 жылы Янушкевичтің туғанына 200 жыл толуына орай, Зұлхаровтың тікелей ұсыныстары бойынша, Астана, Семей және Аягөз қалаларындағы бір-бір көшеге Янушкевич есімі берілді. «Қазпочта» акционерлік қоғамы да Зұлхаровтың тілегі бойынша, Янушкевич суреті салынған ашық почта карточкасын 1000 дана таралыммен шығарды. Басылымы соңғы жылдары толық аяқталған жаңа көптомдық Қазақстан Ұлттық энциклопедиясынан да Янушкевич туралы Ғ.Зұлхаровтың танымдық анықтамалық мақаласына орын берілді (2008, 10 том, 317 бет).

Янушкевич айналасындағы түсінігімізді одан әрі тереңдете баяндасақ, оның кітабын алдағы жылдары әлемнің негізгі тілдеріне аудартып, мемлекеттік тапсырыспен шығарса ешбір сөкеттігі жоқ. Сондай-ақ, Янушкевич кітабы негізінде бірнеше сериялы кинофильм түсіру де – өзі сұранып тұрған шаруаның бірі. Өйткені, Янушкевич жазбаларының әр жолы сөлкеуі жоқ дайын сценарий десек, қазақ елін насихаттаудың бұл да бір өнегелі жолы. Айтпақшы, Янушкевичке арнап бүгінгі қазақ елінің Астанасында еңселі ескерткіш орнатса да ешбір артықшылығы жоқ. Себебі, ол бұдан 150 жыл бұрын «Ақмола – мәселен, бүкіл даланың болашақ астанасы» деп айшықтап жазып кеткен.

ҚОҒАМДАҒЫ САЯСИ МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Саяси мәдениетті қоғам мен заман талаптарына сай қалыптастырып, дамытуда құндылықтардың ықпалы зор. Осы құндылықтар жүйесінде саяси құндылықтардың маңызы айрықша. Саяси мәдениеттің дамуындағы саяси құндылықтардың ықпалын қарастырмастан бұрын алдымен құндылық ұғымының мәнін анықтап алғанымыз жөн болар. Сонымен, құндылықтардың табиғатын, қалыптасуын зерттейтін ілім аксиология (грек тілінен «аксе» – құндылық, «логос» – ілім деп аударылады) деп аталады. Бұрынғы КСРО-да XX ғ. 60-жылдарына дейін құндылықтарды зерттейтін сала – аксиология «буржуазиялық философия» деген аптен шеттетіліп келді. Ал, бүгінде қоғамдық ғылым салаларында құндылықтар мәселесі жіті зерттелуде. Құндылық дегеніміз – бұл идеялардың, түсініктер мен оларға сәйкес әлеуметтік-психологиялық білімдер жүйесінің (ұстанымдардың, әсерлердің, көзқарастардың), іс-әрекеттердің құралдары мен әдіс-тәсілдерін таңдау және оларды жүйелі түрде жүзеге асыру мен күнделікті тәжірибеде қолдану дәрежесі болып табылады [1]. Қоғамның мәдени-саяси деңгейі, ондағы көзқарастардың әр алуандығы мен айқындығы мемлекеттік құрылымда қалыптасқан құндылықтар жүйесімен анықталады. Құндылықтар жүйесі қоғамның идеологиясы мен мәдениетінің сипатын бейнелеп көрсетеді. Сол сияқты құндылықтар қоғамдық ортада объективті және субъективті сипатта көрініс табады. Объективті дейтініміз ол шыннайы түрде жүзеге асырылады, дегенмен де бұл тұрғыда адамға тәуелді емес. Ал, құндылықтарды субъективті деп қарайтынымыз – ол сезім арқылы адам санасына қабылданып, орын алады. Осылайша, адам ақыл-ойы мен санасы арқылы құндылықтар жүйесін игеріп, оларды өз мақсат-мүддесіне орай ұстанып, бағалай бастайды.

Ал, саяси құндылықтар дегеніміз – қоғамның түрлі салаларында, солармен бірге оның саяси өмірінде де саяси-әлеуметтік субъектілердің өздерінің іс-әрекетінде, көзқарасында бағыт-бағдар етіп ұстайтын идеялары мен ұғымдары. Саяси құндылықтар саясат пен саяси сананың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Олар саясат субъектілерінің саяси-әлеуметтік сипаттағы мақсат-мұраттарының жүзеге асуына мүмкіндік тудырады [2]. Саяси құндылықтар қоғамның саяси-әлеуметтік саласында саяси мәдениетпен, саяси мақсат-мұраттармен, саяси ұстаным және мүдделермен бірлесе қалыптасып, тіршілік етеді. Демек, саяси құндылықтар – қоғамдық-саяси жүйеде саяси мәдениетті қалыптастыру мен оның дамуы жолындағы негізгі факторлардың бірі болып табылады. Осымен байланысты бүгінгі таңда саяси мәдениетті құндылықтар мен ұстанымдар жүйесі ретінде сипаттаудың маңызы ерекше. Өйткені «...бүгінгі таңда біздің пәтуа – бірлігімізге саяси құндылықтар ғана тұғыр бола алады» [3].

Қандай қоғамдық құрылымда болмасын

жүзеге асырылған маңызды жаңаруларға орай, бірқатар саяси құндылықтардың өзектілігі ерекше арта түсетіні белгілі жайт. Мәселен, ортағасырлық Қазақ хандығының билігі кезінде өзге ұлт аймақтарымен салыстырғанда, қазақ мемлекетінің дәстүрлі саяси жүйесінде дала демократиясы қалыптасқан болатын. Бұл қазақ халқының қатал билік жүйесіне тәуелсіздігінен, адамға жеке тұлға ретінде түсіністікпен қараудан, жеке билікке бағынушылық қатынастың жоқтығынан көрінеді. Сол кездегі қазақ қоғамында «қауіпсіздік», «теңдік», «Атамекенді қорғау», «бірлік», «еріктілік» тәрізді саяси құндылықтар маңызды орын алған еді. Олардың бүгінгі күні де рөлі ерекше.

XIX ғ. II-ші жартысында қазақ даласында саяси идеология ретінде ағартушылық кең өріс алып, дамыды. Ұлы ғалым, қазақтың ағартушы-демократы Шоқан Уәлиханов қазақ елінің саяси өміріндегі өзекті мәселелердің шешімі бұқараның демократиялық құқықтары мен бостандықтарын кеңейтумен, материалдық әлауқатын жақсартумен, этносаралық қатынастар мен ұлттық мәдениеттерді жетілдірумен тығыз байланысты деп тұжырымдаған. Сондай-ақ, ғалым қоғамдағы адамдардың адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін олар еркін болып, сауаты жоғары болуы тиіс, сонда ғана ел тұрғындары қоғамда белсенді іс-әрекет етуге қабілетті болып қалыптасады деген ойды тұжырымдайды.

Осы кезде қазақ халқынан шыққан ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің қоғамдағы халықты сауаттандыру ісі үшін көтерген бастамасы өз кезеңіндегі ұлттық идеяға парапар болды. Себебі халықты прогрестік жолға түсіру мен тәуелсіздік жолындағы саяси күреске бастау үшін алдымен олардың білімін көтеру өте маңызды жайт екенін ұлы ұстаз жете түсінген еді.

Қоғамдық құрылымдағы қызу өзгерістер саяси тұлғалардың қазақ елін одан әрі қарай дамытуда саяси таңдау жасау қажеттігіне әкелді. Осыған орай Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов «тәуелсіз автономиялы қазақ мемлекетін құру» идеясын ұсынса, Әлихан Бөкейханов «демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасының құрамындағы қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы» болуын қолдады. Ал, қайраткер Тұрар Рысқұлов мүдде үшін күресу мақсатымен Кеңес өкіметіне қызмет ете отырып, ол өкіметті жергілікті халықтардың төл өкіметіне айналдыруға ұмтылды. Ол 1920 жылы ұсынған бағдарламасы бойынша Түркістан автономиясының саяси мәртебесін анықтап, РСФСР құрамындағы Түркістан автономиясын құрмақшы болды. Сөйтіп, Түркістанда «ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы» негізінде ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіруді ұсынды. Т. Рысқұлов басқарған Мұсылман Бюросы Түркістан Республикасында жергілікті халықтардың егемендігін жүзеге асыру

үшін, ондағы тұрғындардың негізгі басым бөлігі түркі тілдес халықтар болуына орай «Түрік халықтарының Республикасы» атты ұлттық мемлекет құруға бекінеді [5]. Міне, осылайша XX ғ. I-ші ширегінде қазақ жерінде осындай саяси құндылықтар қанат жайып, зор маңызға ие бола бастады.

Бұдан кейін тоталитарлық басқару жүйесі үстемдік еткен КСРО-ның құрылуына орай, барлық ұлт республикаларында, соның ішінде Қазақстанда да «саяси билік» негізгі құндылық көзіне айналды. Ұлт аймақтарында кеңестік билік «теңдік пен әділдікті әкелетін социализмнің» орнына ұлттық негіздегі құрылым мен құндылықтар жүйесін басып, жаныштайтын қоғамды қалыптастырды. Мемлекеттегі барлық саяси үдерістер, сонымен бірге саяси мәдениет пен саяси құндылықтар жүйесі де тоталитарлық билікке негізделген қоғамдық-саяси институттардың бақылауында болды. Қоғамдағы мұндай саяси-әлеуметтік ақуал, әрине, ұлттық сипаттағы мәселелердің оң негізде шешілуіне, сондай-ақ, мемлекеттегі саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларды қалыптастырып, дамытушы қоғам мүшелерінің саяси белсенділігінің жетілуіне, олардың саяси әлеуметтену үдерісіне кері әсерін тигізетіні айқын. Әрі ондаған жылдар бойына тоталитарлық басқару жүйесінің ықпалында өмір кешкен Қазақстан азаматтары да өз еркінен тыс келісімпаздық (конформистік) саяси мәдениеттің ырқында болып келді. Ал, бүгінде Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізуіне байланысты социалистік қоғамдағы саяси мәдениет, саяси құндылықтар мен дәстүрлер өзгеріске ұшырап, қоғамдық өмірде маңызды саяси құндылықтар жүйесі даму үстінде. Бұл кезеңде қалыптасқан жағдайға саясаттанушы ғалым К.Л. Сыроевский «...коммунистік идеялар күйреген және өзіндік идеологиялық вакуум туған кезеңде занды түрдегі ұлттық құндылықтарға қайта оралуымен байланысты қоғамдық өмірдің этникалық аспектілері күшейе түсті», – деген түсініктеме береді [6]. Осымен байланысты еліміз өзіндік дербес даму жолын табу мақсатымен қызу ізденіс үстінде. Алайда, ел тұрғындарының басым көпшілігіне өзге мәдени дәстүрлер мен саяси-мәдени құндылықтарға еліктеу және солардың негізінде бағдар жасау қасиеті тән болып отыр. Әрине, адамның ұзақ жылдар бойына қалыптасқан ойлау жүйесінен, бағдарлану дәстүрінен бір сәтте арылып, өзіндік даму ерекшелігін табуы оңайға түспейді. Оның үстіне соңғы уақытта бүкіл әлемде өзара ықпалдасу үдерісі де қызу өрістеу үстінде. Бұған қоса көптеген ұлт өкілдері, соған орай мәдениеттің көп түрлілігі бірігіп, топтасқан Қазақстан қоғамында бұл саясаттың ерекше байыппен әрі парасаттылықпен жүзеге асырылғаны тиімдірек. Десек те қоғамда демократиялық институттардың орныға бастауы мен қоғамдық құрылымдар арасындағы ауқымды ықпалдастықтың жүзеге асырылуына орай қоғам мүшелерінің сана-сезімінде демократиялық, жалпыадамзаттық құндылықтар бірте-бірте басымдылық таныта бастады. Мәселен, олардың қатарында төмендегідей саяси құндылықтар бар:

«демократия», «тәуелсіз мемлекет», «ұлттық қауіпсіздік», «адам құқықтары», «теңдік», «мемлекеттік тіл», «жалпыұлттық келісім», «азаматтық қоғам», «ынтымақтастық», «әділеттілік», «еркіндік», «азаттық», «билік» және т.б. Бұл ретте «Азаматтың бойында елі мен оның құндылықтарына деген жақсы көрушілік болуы тиіс. Бұл әсерлі сезім, оны егу мен тәрбиелеу қажет», – дейді танымал ғалым Л.Ө. Байделдин. Одан әрі осы ойын «...Тәуелсіздіктің жоғары саяси құндылық екендігі сөзсіз, өйткені оның арқасында халық мақсатты әрі белсенді түрде әлеуметтік жағдайды жетілдіреді, мемлекеттік билік пен саясатты қалыптастыру мен жүргізуге қатысады, өзінің барлық шығармашылық күш-қуатын қоғамдық өмірдің дамуын көтеруге арнайды. Тәуелсіздік жеке әлеуметтік субъект, қазіргі өркениеттің белсенді әрі дербес мүшесі ретінде өзінің шығармашылық сапа-қасиеттерін сақтап, оның дамуына өзінің үлесін қосу үшін әрбір ұлтқа қажет. Мемлекеттік тәуелсіздік ұлттың өзін-өзі қорғауын, өзін-өзі сақтауын және қиналмай дамуын қамтамасыз етуші күшті саяси құрал... Қазіргі саяси жағдайда тәуелсіз мемлекет халық үшін де, оның құрамына енетін ұлт үшін де сөзсіз, абсолютті құндылық болып табылады», – деп тұжырымдайды [7]. Осы саяси құндылықтар жүйесі өз кезегінде бірте-бірте демократияланған сайын мемлекеттегі әр адамның еркін дамуына, олардың саяси іс-шараларға белсенді қатысуына, саяси мәдениетінің жетілуіне мүмкіндік молаяры анық. Сондықтан саяси құрылымда демократиялық құндылықтарды кеңірек өрістетуге барлық азаматтарға ортақ қажеттілік болып табылады.

Бүгінде Еуропа мен Азияның дәл ортасында орналасқан Қазақстан қоғамы мәдениеттің қай үлгісіне таңдау жасап, қандай құндылықтар мен бағыт-бағдарларды өзіне арқау етеді деген мәселе төңірегінде түрлі тұжырымдар жасалынуда. Өз кезегінде Г.К. Шалабаева: «Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы мәдени ақуал ұлттық рухани бағдарларды, адамгершілік құндылықтарын, салт-дәстүрлерді, ойлау тәсілі мен тілді жаңғыртуды қажет етеді. Дамыған елдерден қалмай отырып, еліміздің білім жүйесін қалыптастыру керек. Ол халқымыз бен мемлекетіміздің мәдени тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Бұл білімді техникалық ақпараттық қамтамасыз етудің әлемдік деңгейіне жету мен мәдени құндылықтардың дәстүрлі ұлттық жүйесімен байланыстыру арқылы қол жеткізіледі» [8], – деп ұйғарым жасайды.

Қазақ қоғамы алдымен дәстүрлі ұлттық, одан кейіннен күштеу жүйесіне негізделген кеңестік саяси-мәдени әдет-ғұрыпқа, ал Батыс өркениеті бостандық пен еріктілікке, даралануға сүйеніп дамыған. Зерттеуші С.Коэн тұжырымдағандай: «қандай да бір саяси мәдениет өз Отанында дүниеге келмесе ешбір саяси жүйеде баянды болмақ емес». Яғни, қандай болмасын саяси мәдениеттің ұлттық ерекшелігі болуы тиіс.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізуімен байланысты саяси жүйеде түбірлі демократиялық жаңарулардың жүргізіліп жатқаны белгілі. Соған орай қоғамдық

ой-санада еліміздің мемлекеттік құрылымында орын алған маңызды өзгерістер саяси мәдениеттің негізіндегі саяси құндылықтарға қандай сипатта өз ықпалын тигізіп отыр деген мәселенің туындауы заңды жайт. Бұл ретте зерттеушілер Т. Асанов пен Г. Шерьязданова «Қазақстан радикалды жаңаруларды басынан кешіріп жатқан ел болғандықтан, оның құндылықтары мен саяси мәдениеті де өзгеріске ұшырауда» деген пікірді ұсынады [9]. Осы тұрғыдан алғанда қоғамдағы бұл өзгерістер ұрпақ өкілдерінің санасында төмендегідей сипатта қалыптасу үстінде. Яғни, біріншіден, демократиялық негіздегі либералды батыс құндылықтарын орнықтырудың, ал, екіншіден, ұлттық нышандағы мемлекеттік құрылымды негіздеудің жүзеге асырылуы.

Қазіргі қазақстандық қоғамда, өзге батыстық емес халықтардағы тәрізді сана-сезім деңгейінің жылдам өсуі, саяси-мәдени құндылықтардың жаңа кырларының ашылуы орын алуда. Мәселен, біз жеке тұлғаның құқығын қорғау мәселесі мен демократияны жетілдіре отырып, қоғамда өзге түрлі саяси құндылықтардың дамуының мүмкін еместігі жайлы бұрынғы көзқарастарымыздан арылудамыз. Алайда, тұтастай Батыс өркениеті болсын, әлде басқалар болсын өздерінің ортақ құндылықтарын күшпен енгізе алмайды. Өйткені Еуразиялық үлкен кеңістікте орналасқан Қазақстан Республикасындағы орнығып жатқан демократиялық үрдістердің өзіндік ұлттық дәстүрлі ерекшеліктері мен саяси-әлеуметтік қалпы болатыны сөзсіз. Соған орай өзге халықтар өкілдері біздің еліміздің саяси-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып ғана, өз құндылықтарын дамытуды ұсына алады. Яғни, өркениеттер арасында ортақ келісім орнауы тиіс.

«Әлемдік өркениетке қарай тәй-тәй басқан жас мемлекеттің буынын бекітетін, аңғал-саңғал жайрап жатқан ел экономикасының жыртығын бүтіндейтін, сөйтіп, біртұтас тиімді экономикалық жүйеге айналдыратын амал бар ма?» деп сауал тастайды философ-ғалым Ә. Нысанбаев. Бұл сұраққа өзінің «Адам және ашық қоғам» атты еңбегімен жауап береді.

Өркениетті дамыған елдердің қатарына қосылу, қоғамдық-саяси өмірді демократияландыру және азаматтардың бойына саяси-әлеуметтік құндылықтар мен бағыт-бағдарларды дарыту еліміздің алға қойған көкейтесті мүдделерінің бірінен саналады. Осы мақсатқа жету үшін саяси жүйедегі әрбір адамның ұжымдық өмірінің мәнді де мағыналы болуына жағдай туғызылуы қажет. Өйткені қоғамдық құрылымдағы барлық түбірлі жаңарулардың жеке тұлғалардан құралатын түрлі ұжымдардың, қоғамдастықтардың топтасқан іс-қимылы мен саяси мәдениетінің деңгейі арқылы жүзеге асатыны белгілі. Міне, сонда ғана мемлекетіміз өркениетті елдер санатына қосылып, әлемдік дамудан өз орнын иелене алады.

Сонымен, бүгінде біз қоғамдық-саяси жүйені алға қарай дамыту үшін демократиялық құндылықтарды қабылдап, саналы таңдау жасадық, сондықтан да оның елімізде түбегейлі орнығуына мүдделіміз. Соның нақтылы көрінісі

осы мәселенің конституциялық қағидалармен бекітілгені болып табылады.

Адамның тұрмыс халінің деңгейі оның саяси мәдениетінің сипатына, ұстанатын саяси наным-мен бағытына шешуші ықпалын тигізеді. Белгілі америкалық саясаткер С.М. Липсеттің пайымдауынша, тұрмыстық жағдайы жоғары адамдар әл-ауқаты төмендерге қарағанда либералды болып келеді. Ол эмпирикалық зерттеулеріне сүйене отырып, «Бірқатар елдердегі қоғамдық пікірді зерттеу барысы тұрмыстық жағдайы нашар таптар орта және жоғары таптармен салыстырғанда қоғамдық жүйедегі демократияны өрістетуге салғырт» [14], – деген тұжырым жасайды. Бұл жайт материалдық әл-ауқаты төмен адамдар өзінің экономикалық қиыншылықтарын нақтылы қоғамдық жүйедегі саяси билікпен байланыстыратынына дәлел болып табылады.

Осылайша, шетел зерттеушілері атап көрсеткендей, қоғам неғұрлым бай болса, ол солғұрлым демократиялық үдерістерді дамытуға бейім келеді. Сол сияқты ел тұрғындарының да тұрмыстық қажеттіліктері толығымен қамтамасыз етіліп, олардың білім дәрежесі, сана-сезімі мен саяси-мәдени деңгейі жоғары сипатта болады. Сондай-ақ, қоғам тарапынан өз мүшелерінің тұрмыстық жағдайын көтеру жолындағы жүргізетін іс-әрекеттері олардың саяси көзқарастары мен ой-пікірінің жетілуіне, саяси бағыт-бағдарлары мен ұстанымдарының негізделуіне, саяси мәдениетінің деңгейінің жоғарылауына да өз ықпалын тигізеді сөзсіз жайт.

Мемлекеттік құрылымдағы азаматтардың қоғамдық ой-пікірін қалыптастыруда, саяси бағыт-бағдарын, саяси мәдениеті мен көзқарасын жетілдіруде маңызды алғышарттардың бірі – білім шешуші рөлге ие. Білімді адамдардың саяси үдерістерге қатысуға қызығушылығы жоғары болып келетіні анық. Саяси құрылымдағы азаматтардың саяси рөлі мен саяси мәдениетінің деңгейіне оның білім дәрежесі зор ықпалын тигізеді. Білімді адамдар саяси үдерістерге қатысуының тиімділігін сезініп, өзінің саяси іс-әрекетке және саяси билікті жүргізуге ықпал ете алатындығына сенімді болып келеді. Неғұрлым адам білімді болған сайын, солғұрлым ол саясатқа қызығушылық танытып, оған белсенді түрде қатысады. Америкалық саясаттанушылар – Г. Алмонд пен С. Верба «Азаматтық мәдениет» (1963 ж.) атты еңбектерінде: «Білім – жеке тұлғаның саяси бағыт-бағдарын қалыптастырудағы маңызды фактор болып табылады... Білім арқылы азаматтық мәдениеттің көптеген маңызды бөліктері дамытылады. Ол индивидтің бойында саяси қатысудың дағдыларын орнықтыруға мүмкіндік береді. Білімнің негізінде адамдарды хабарларды алуға үйретуге, бұқаралық ақпарат құралдарымен таныстыруға, сонымен бірге оларды формальды саяси құрылымдар туралы, үкіметтік және саяси институттардың мәні жайлы ақпараттармен қамтамасыз етуге болады. Білімнің көмегімен демократиялық қатысудың қалыптасқан ережелерін жеткізу қызметі жүзеге

асырылады» [15], – деп атап көрсетті. Демек, қоғам мүшелерінің саяси үдерістерге белсене қатысуы мен қоғамдық өмірдің нағыз субъектісі етіп қалыптасуы оның өзіне тән даму ерекшелігіне және жоғары білім деңгейі мен саяси-мәдени дәрежесіне байланысты деп түйін жасауға болады.

Қоғамдағы саяси мәдениеттің дамуына маңызды ықпал ететін келесі бір негізгі алғышарт – саяси-құқықтық фактор болып табылады. Оған саяси жүйедегі билік құрылымдарын,

демократиялық тәртіп пен саяси мәдениет басымдығын қалыптастыруға, демократиялық үдерістерді құқықтық негізде орнықтыруға, саяси басқаруға, шешімдерді қабылдап, өмірге енгізуге азаматтардың белсене атсалысуы және т.б. жатады.

Толқын ӘУЕЛҒАЗИНА,
саяси ғылымдарының докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
профессоры

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Психология. Словарь. – М.: Политиздат, 1990. – С.442.
2. Казахстанская политологическая энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – С.274.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 189-б.
4. Қазақ, 1917. - №257. - 21-қараша.
5. Әуелғазина Т.Қ. XX ғ. І-ширегіндегі қазақ қайраткерлерінің ұлттық мүдде жолындағы саяси күресі. Оқу құралы. - Алматы: Абай ат. АлМУ, 2001. - 12, 14, 16, 17, 34-б.
6. Сыроежкин К.Л. Государственность и этничность // Казахстан на пути к устойчивому развитию. - Алматы: Ғылым, 1996. - С.144.
7. Байдельдинов Л.А. Государственный суверенитет Республики Казахстан как политическая ценность // Саясат. - 2001. - №3. - С. 12.
8. Шалабаева Г.К. Национальная культура и противоречия социальной модернизации // Саясат-Политика, 1997. - №2. - С.41-42.
9. Асанов Т., Шерязданова Г. Пути и перспективы становления демократии в Республике Казахстан // Евразийское сообщество, 1998. - №2. - С.9.
10. Ертисбаев Е.К. Массовое сознание в период общественной трансформации в Казахстане // Казахстан-Спектр, 2000. - №3-4(14). - С.6.
11. Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам. Человек и открытое общество. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1998. - 51-52-бб.
12. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: Қазақстан, 2000. - 4-б.
13. Энгельс Ф. Похороны Карла Маркса // Маркс К. и Энгельс Ф. Сочинения. – М.: Государственное изд-во политической литературы, 1961. - Т.19. – С.350.
14. Липсетт С.М. Политический процесс и демократическое развитие. - Л.: 1989. – С.74.
15. Алмонд Г.А., Верба С. Гражданская культура и стабильность демократии // Полис, 1992. - №4. - С.132-133.

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МҰРАТТАРЫ

XX ғасырдың бас кезеңдері мен қазіргі Қазақстан арасындағы үлкен айырмашылықтарға қарамастан азаматтық қоғамға өтудің негізгі міндеттері екі кезеңге де ортақ. Бұл орайда өз заманының зиялылары Ә. Бөкейханов пен М. Шоқай ұлттық тәуелсіздіктің әлеуметтік-саяси ғана емес философиялық мәселелеріне де көп көңіл бөліп, ұлттың тәуелсіздігі қандай тарихи жағдайлар қалыптасқанда мүмкін болатындығына ерекше назар аударған.

Ә. Бөкейханов пен М. Шоқайдың көзқарастары бойынша бұрынғы хандық, әмірлік биліктердің барлығы Түркістан халықтарының тәуелсіздігі үшін қызмет істей алмайды. Себебі, олар бұл халықтардың тарихи әлеуметтік мешеулігіне негізделгендіктен әлеуметтік, экономикалық

мешеулікке қайта оралу – басқаларға құлдыққа апаратын жол болудан басқа ештеңе де бермейді. Мұны М. Шоқайдың сөзімен айтқанда орыстың озат демократтарының өзінде де, мысалы, Керенскийдің өзі де, түркістандардың тәуелсіздігіне келгенде демократиясы үнемі жетпей қалады. Оның және Парижде «Последние новости» газетін шығарып тұрған, бұрынғы Уақытша өкіметтің сыртқы істер министрі А. Милоковтың ойынша орыс империясын бұлжымас тұтастығында сақтау ұстанымы оған кіретін ұлттардың тәуелсіздігінен әлдеқайда қымбат екендігі.

Патшалық, монархиялық әлеуметтік түзімде ұлттық тәуелсіздік туралы әңгіме болуы мүмкін емес еді. Дербес ұлттық мемлекет немесе

Ресей құрамындағы автономия түгілі мәдени автономияның да орыстардан басқа ұлттар үшін мүмкіндігі болған емес. Патшалық жеке-дара билеудің біршама әлсіреп, кейбір либералдық өзгерістер шыға бастағанына қарамастан ұлттардың мәдени автономияларына да жол жоқ болатын. Үстемдік етуші ұлттық мемлекетінің сыртқы бір күштердің ықпалымен күйреуін күту сол кездегі Ресей империясының жағдайында тек бір бос қияли нәрсе екені анық еді. Бұл орайда, әлеуметтік-тарихи жағдайларға қанық осы мәселелерге байланысты еуропалық ойлармен жақсы таныс, халықаралық ахуалды жіті бақылап отырған қазақ ойшылдарының ойлау жүйесі толық демократиялық бағытта болды деп айта аламыз.

Ә. Бөкейханов пен М. Шоқай өз халқының осындай әлеуметтік-психологиялық ерекшелігін саяси жағынан да, әлеуметтік-философиялық деңгейіне дейін концепциялық тұрғыда айқындай білген ойшылдар. Олардың демократиялық ойлары тек ұлттың тәуелсіздікке қол жеткізу идеясымен ғана шектелмейді. Олардың келешек дербес автономия түрінде болсын, дербес мемлекет құру мәселелерінде де, жеке азаматтың дербестігі мазмұндарына ұласып отырады.

Ұлт болудың рухани негіздеріне жататын тағы бір нәрсе – ұлттық мүдде қалыптасқан болуы керек. Бұл туралы мәселеге – М. Шоқай көптеген мақалаларында қайта оралып отырады. Мысалы, «1936 жыл» деп аталатын журналдың 74 санында жарияланған проблемалық мақаласында ол осы туралы аса терең мағыналы ойлар түйген. Шет жұртта жүрген мұғажырлардың, күрескерлердің отанына деген сарқылмас сүйіспеншілігі туралы айта келіп ол былай дейді: **«Атамекенді сүю дегеніміз – өзіңнің жеке басыңның талаптарын қанағаттандыру немесе белгілі бір топтың небір жеке адамның мүдделерін қорғау дегендік емес. Атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жан пидә қылуға дайын тұру болып табылады»** /1/.

Демократиялық азаматтық қоғам құру идеясы Алаш көсемдерін, соның ішінде М. Шоқайды да «ескішіл, бұрынғы хандықты, әмірлікті аңсаушылар» деп көрсетіп келген большевиктер уағызының жалған екендігін көрсетеді. Оның барлық мысалдары жарық көрген шығармаларынан көрініп тұрады. Алаш көсемдері Ресейде демократиялық федеративтік республика құрылғанда ғана Ресей қарамағындағы орыс емес халықтар тең құқықты автономиялар ала алады деп қарады. Осыған байланысты «Қазақ» газетінде, ал шет елде шығып тұрған «Яш Түркістан» журналында бұл идеяның сан түрлі қырлары сөз болып отырған. Оның концепциялық мазмұны көбіне Ә. Бөкейханов пен М. Шоқай шығармаларында көрініс тапты. Олар тек, озық азаматтық жүйе құра алғанда ғана, келешек Түркістан барлық жағынан қарқынды дамып, өз тәуелсіздігін басқалармен тең жағдайда жүзеге

асырып өмір кеше алады деп есептеді. Бұрынғы хандық жүйе қазіргі заманда басқа қуатты елдерге тәуелділікке апаратын кертартпа жол деп білді.

Алаш жолбасшылары сияқты М. Шоқай өз идеяларын Түркістанның, соның ішінде Қазақстанның әлеуметтік-тарихи жағдайларымен, ерекшеліктерімен ұштастыруға тырысты. Және ол идеяларды тек теориялық, жалпы ой жүзінде уағыздаумен ғана емес, практикалық саяси тартыстарда айқындап, шыңдап отырды. Практикалық саяси, идеялық тартыстарда М. Шоқайға ұлттық тәуелсіздік үшін күрестің түпкі мақсаттарынан ауытқушылықтармен, ұлт мүддесінен көрі өз басының мүддесін жоғары қою немесе ұлттық күрестің бірлігін діни бірлікпен шатастырушылықтармен, т. б. екінші қатардағы мүдделерді жалпы ортақ мүдделерден айыра алмаушылықтармен үнемі идеялық күрес жүргізуге тура келді.

М. Шоқай бүкіл Түркістан өлкесіндегі кейін жеке халықтар деп қаралған қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, т. б. түрікқандастарды, тіпті түріктерден гөрі иран тектес тәжіктерді де қоса бір халық, бір ұлт деп есептегені мәлім. Бұл жөнінде оның ойынша аталған халықтар бір халыққа кіретін ұлыстар ғана. Бұл мәселеде оның көзқарастары және солардан туындайтын ұстанымдары, мұраттары Ә. Бөкейханов пен басқа да Алаш көсемдерінің мұраттарынан өзгешелеу болды. Ол жалпы Түркістан түріктерінің бірлігін, олардың тұтас бір ортақ дербестігін қолдаған еді. Десе де ол Қазақ автономиясы идеясына қарсы болған жоқ, тіпті оны жақтаушылардың да қатарында болды. Ол шет елде жүргендегі күресі мен шығармашылығында осы мұраттардан айныған жоқ. Түркістан ұлтының отарлық бұғаудан толық құтылып, өз тағдырын өзі шешу жолында дербес мемлекетін құруы – оның өмірлік мұраты болды. Сондықтан да, Гегельдік «халықтық рух» идеясы мен М. Шоқайдың «ұлттық рух» туралы идеясының арасында белгілі бір сыртқы ортақ белгілері болуына қарамастан мағына жағынан олар түбегейлі өзгешелікте.

М. Шоқайдың мақсаты – Түркістан халқының саяси тәуелсіздігінің мәселелерін талқылау. Сонда да болса, ол нақты бір мәселелерді талқылай отырып, оларды көп жағдайда терең философиялық қағидалармен үнемі ұштастырып отырады. Мысалы, қандай да болмасын тәуелсіздіктің негізін құрайтын сала – ол әдебиет, көркем өнер, рухани мәдениет екенін үнемі алға тартып отырады.

Академик Жабайхан Әбділдин: **«Демократия – әрбір адамның бойында қалыптасатын жеке бастың әдебі, бір адамның екіншісіне деген қарым-қатынас әдебі, өзгені түсіне де, сыйлай да білуі. Бұл – өзара қарым-қатынастағы төзімділік пен түсіністік, қоғамдағы ортақ заңдылықтарға бағыну, өзін де, өзгені де құрметтеу қасиеті»** деп сұхбатында атап өткен /2/.

М. Шоқай Түркістан ұлт-азаттық қоз-

ғалысының теориялық та, тактикалық та мәселелерінің түпкі мәнін ашып отырды. М. Шоқайдың теориялық қызметінде большевиктердің ұлт мәселесі бойынша қағидаларын және практикалық істері мен жоспарларын демократиялық тұрғыдан сынауы үлкен орын алады. Пролетариат диктатурасы, тап күресінің тарихтың қорғаушы күші екендігі туралы, жалпы қоғам дамуындағы экономиканың шешуші рөлі т.т. қағидаларын нақты мәселелерді талқылауда жалған тұрғы екендігін үнемі логикалық деңгейде дәлелдеп отырады.

Қазіргі қазақстандық қоғамдық ғылымда азаматтық қоғам мәселелері жиі айтылып, олар саясаттану саласында, біршама социологиялық тұрғыдан талқыланып жүр. Ә. Бөкейханов пен М.Шоқайдың азаматтық қоғам жөніндегі ой толғаулары, пайымдаулары мазмұндылығы жағынан да, ойлау деңгейінің биіктігі жағынан да әлдеқайда ілгері.

Азаматтардың мемлекетке қатынасындағы еркіндігі, ой бостандығы, сөз бостандығы, өз шаруасын күйттеудегі құқықтары мемлекеттік дербестіктің негізін құрайды. Өйткені, оларсыз азаматтар жоқ. Өз құқықтарын адам ретінде қорғамайтын, оларды тәрк ететін мемлекет олар үшін өз мемлекеті бола алмайды. Онда мемлекеттік тәуелсіздік те жоғала бастайды.

Осындай ойлар тек саяси мағынада ғана емес, әлеуметтік философиялық мағынада да тікелей де, тұспалды түрде де олардың шығармаларынан белгі беріп тұрады.

Мұстафа Шоқай Қазақстан ерте ме, кеш пе тәуелсіздік алатынына кәміл сенген. Тәуелсіздік алған Қазақстанның Тұңғыш Президентінің жүргізіп отырған саясаты мен ұстанымдары Мұстафа Шоқайдың саясаты мен бағыт-бағдарына сәйкес келеді. Алаш көсемдері және Мұстафа Шоқай елінің келешегін ойлап, халқының басқалармен терезесі тең болып, дербес, тәуелсіз мемлекет құруын аңсаған. **«XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғам**

алдындағы жауапкершілік, азаматтық рух пен биік талпыныстар үлгісі қазіргі ұрпақ үшін үлкен сабақ болу керек. Олар өз дәуірінің дүниетанымын қалыптастырған жоғары білімді біртуар азаматтар еді. Олар халық мүддесіне адал қызмет етті» /3/.

Өз елінің болашағы үшін жүргізген күресі, көзқарастары, дүниетанымы қазіргі саяси егемендік алған Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан сияқты мемлекеттер ғана емес, бүкіл түрік дүниесі үшін, тіпті егемендігі үшін күресіп жатқан, оны жаңадан орнатып жатқан барлық халықтар үшін рухани мұра, саяси сабақ бола алады.

Тәуелсіздікке жету үшін қаншама қиындықтарды бастан өткізіп, өз халқының тәуелсіздігі үшін күрес – өз құқығы да, міндеті де деп қараған қазақ зиялылары – тәуелсіздікті аңсап, өз елі, жері үшін күресіп, елінің еркіндігін, келешегін ойлап, халқының басқалармен терезесі тең болып, дербес, тәуелсіз мемлекет құруын аңсаған болатын.

«Алаш серілері өз халқының үлесін орнықтыруға, орталық жүйемен күрестің жана әдістерін қалыптастыруға аянбай қызмет етті. Қазақ халқының бетке ұстар азаматтары Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай, Жақып Ақбаев және сол замандағы басқа да қайраткерлер өз саласында жол салған ерен тұлғалар еді. Өз халқының мұңын жоқтаған, сол жолда бар білімін, күш-қайратын жұмсап, халқы үшін заман тауқыметін тартқан біртуар азаматтарымыз тарихымызда мәңгілік орын алады» /4/. Осы қазақ зиялыларының, ұлы ойшылдарының ұшқыр саяси ойларының жемісі еліміздің тәуелсіздігінің одан әрі баянды, іргелі дамуына негіз болады.

Мейіркүл ЖЕТПІСБАЕВА,
Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері,
философия ғылымдарының кандидаты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы, Алматы. «Қайнар», 1999. 2 том. 6 б.
 2. Айбын Бақытұлының ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Әбділдинмен сұхбаты // Ғылымға күш-қуаты тасыған ер-азаматтар керек. Алаш айнасы, 15 маусым 2011.
- Жанна Қыдырәлиева. «Тәуелсіздік құндылықтары: зиялы қауым және ел мұраты». www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=detail&id...2.13.01.12.
- Эльмира Айғанова. «Өткен тарих, бүгінгі сабақ». «АЛЖИР» мұражайы - uCozalzhir.ucoz.kz/publ/85-1-0-151.

The article shows that Kazakh intellectuals were able to determine the social-psychology specialties of their people in political context and conceptual ground of social-philosophical degree. It was considered in the article that democracy thoughts of Kazakh intellectuals are not problem of ways to independent of nation, but issues on formation free autonomy and freedom of individual person too.

АЛАШ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Тарихымызда елдің құты мен құнтын, осы ел болмысының бойындағы қасиеттерден туындап, сақталып отыратын ұлттымыздың рухын қалыптастырып, биіктетіп отырған дүниелер аз емес. Соның бірі, ұлттың рухани қазынасына айналған даналықтың терең өрісі жыраулар поэзиясы. **Жырау тұлғаларымыз елдің болашақ тағдырына сын көзбен қарап, сол кездің өзінде-ақ өзгеріп келе жатқан қоғамның ағымына баға беріп кеткен. Олардың болашақ ел тағдырына қатысты айтқан ойлары, кейінгі ұрпақ буын ішінен зиялылардың шығуына ықпал етті. Сезімталдық қасиеті зор, даналық ой толғаулары терең тұлғаларымыздың айтып кеткен сөздерінің уақытпен қатар келер қоғам шындығына айналуы, рухани өмірі тарихтың сынымен тұспа тұс келген қазақ баласына қоғамның тарихи және саяси өмірінің қатаң талабынан сүрінбей өтіп, ел мүддесіне дұрыс қызмет етудің бағытын көрсетіп отыратын ұлттық идея. Солардың тарихи бейнесі, елдік идеялары арқылы кейінгі ұрпақ ұлттық мүддеге қызмет етудің дара жолын тарихтан таба білген. Алаштың жас ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров былай деп жазып кеткен:**

*Бұқар тұсы қазақтың бүлінгені,
Күн батыстан суық жау көрінгені.
«Жаяулап келер жұртыңа,
Балдымай жағар мұртыңа.
Сұрамай алар жаныңды,
Бауыздамай ішер қаныңды.
Есепке салар малыңды,
Солдат қылар ұлыңнан,*

Көресің әлі құлыңнан....» деп, келместен құты ұшып жеңілгені [1, 223 б]. Қоғамның табиғи және тарихи жолынан алшақтауына қарамастан, сол кездегі қазақ жастарының ұлттық мүдде талабына ілесіп, ұлттық идея даналығынан қажетті тәжірибе алып отыруы, әрине, бұл алаш зиялыларының қалыптасу ерекшеліктерін айқындайтын феномен. Әулие тұлғаларымыздың рухы елдің құты. Тұлғалық тағылымдарын негіздеп отыратын елдің мүддесіне, ұрпақтың игілігіне, ұлттың тәуелсіздігіне негізделген қазақ жырауларының идеялары елдің ырысы мен берекетін сақтап, қалпына келтіріп отыратын дүние. Олардың тұлғалық қасиеттерінің негізінде кісіліктің қадір-қасиеті орын алып ұрпақтың мағыналы өмір сүруіне көмектесетін құндылықтар түсіндіріліп, халыққа жеткізіліп отырған. Мәселен, қазақ хандығы құрылған дәуірде өмір сүрген рухани тұлғаларымыздың бүгінгі бізге жетіп отырған жырларына сүйенсек, олардың білім мен ғылым туралы көзқарастары биік, танымы терең:

*Арғымаққа мінбім деп,
Артқы топтан адаспа!
Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа!
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен сынаспа!
Ғылымым жұрттан асты деп,*

Кеңессіз сөз бастама» [2, 67-68 бб.].

Асанқайғының артқы топ деп отырғаны халық, яғни, бұл ойшылдың қазақ зиялыларына айтып кеткен өсиеті. Халықты құрметтеп, оның мүддесіне адал қызмет ету, келешек ұрпақтың игілігіне пайдасы мол қызмет ету, жеке адамды да халықты да ізгілікке бастайтын түсінік. «Адамға өмір не үшін беріледі?» – деген сауал жырауларымыздың даналығында ғасырлар бойы талқыланып отырды. Тұлға да, жеке адамда халықтың өкілі. Сондықтанда, жеке адамның басына келген бақ, дәулет халық игілігінен оқшауламауы тиіс.

Жаңа дәуірдің табалдырығында өзінің озық үлгідегі даму күшімен не болған білімнің жаңа түрі де, ғылым да сол елдің мүддесіне толықтай қызмет етіп отыруы тиіс. Елдің тарихи өміріне оралып, зиялылар кеңесімен ой бөлісіп, қоғамға адал қызмет ету ісі ислам дінінде де айтылған. Асанқайғы идеясының уақыт талабымен бірге жүріп отыруының басты себебі сол. «Ғылым не үшін қажет?» «Адамның білімділігі несімен ерекшеленеді?» – деген сауалды бүгінгі күн тұрғысынан зерделейтін болсақ, әрине бұған қатысты нақты жауапты тарихта қазақ жыраулары айтып кеткен:

Ғылымның қандай пайдасы,

Білместі жолға салмаса [2, 67-68 бб.]. Алаш зиялылары тарихтағы даналарының даналығынан кеңес алған, оның басты себебі, сол кездегі өмірдің талабы болса, сол өмір талабына қарсы тұра білу қазақ баласына нағыз ғалым болу міндетін жүктеді. Нағыз ғалым болу нағыз білімді талап етеді. Нағыз білім тарихтың тағылымын, даналар ұғымын дұрыс зерделеп, дұрыс ұғынумен келген. Осы дәстүрдің арқасында ғасырлар бойы ұлт мүддесіне қызмет етудегі ұлт зиялыларының рухани деңгейлері қалыптасып тарихта өшпес мұраларды қалдырып отырған.

Әр заманның өз нышаны, өз рәсімі бар. Бірақ, ол рәсім ұлттың болмысына бағынуы тиіс. Ұлттың рухының сақталуы әр ұрпақтан елдік пен жауапкершілікті қатар талап етіп отырса, адамға жауапкершілік ұғымы ұлттық тәрбиемен беріледі. Жыраулар даналығы ұрпақты елдікке тәрбиелеп, игілікке бағыттап отыратын дүние. Тұлға өсиетінің шындығымен айқындалып, көрсетіліп отыратын өмір шындығы даналықтың білімі арқылы халық түсінігіне жетеді, елді дұрыс жолға бағыттайды. Қазақтың ұлы жолы оның тұлғаларының зердесінде.

Жырау әрі би, батыр қазақ тұлғаларының зердесі ойдың елегінен барлық қоғам шындығын, уақыт құбылыстарының болмысын өткізіп отырады. Қазақ ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазып кеткендей, қазақ ойшылдарының табиғатына тән сезімталдық, Майқы би тағылымынан бастап қазақ даналығының бойында орын алып отырған. Әулие ойшылдардың ой толғаулары ғасырлар бойы қазақ болмысының өрісін, тағдырын қамтиды. Майқы би, Бұқар жырау,

Мөңке би, сынды әулие ойшылдарымыздың тағылымы, тұлғалық сезімталдықтың адамның жаратылысынан табиғатына берілетін дара қасиет екендігінің куәсі. Бұлар әр ғасырда, тіпті, араларына бірнеше ғасырды тастап дүниеге келетін адамдар. Олардың ерекше қасиеті елдің болашақ уақытын көзбен көріп, сол уақытта не іс атқару керек екендігін айтып кетуінде. **Рухы әлсіз адам қандай нәрсеге де жеңіл қарайды, барлығында жеңіл қабылдайды. Алғыр ой ұшқырлыққа, мінездің кеңдігі жеңілтектікке айналса бұл рух әлсіздігі. Рух беріктігі таза ақылмен келеді, бұны Шәкәрім данамыз айтып кеткен. Рухтың әлсіздігі адам ісінің мәңсіздігін, мағынасыздығын туғызады. Сондықтан уақыт өрісінде орын алатын бір белгісі паракорлық.** Ұрпақты өмірдің талабына ұлттық мүдденің талабымен ікемдейтін билер руханияты халыққа дұрыс кеңесін беріп отырса, тектіліктің әр уақытта да өмір шындығымен жалғасатын қасиетін түсіну ұрпаққа оңай болатындығы анық. Сол себептен, әулие ойшылдарымыз елдің бейбіт өмірін тежейтін нәрселердің қоғамнан орын алу себебі адам мінезінің өз табиғатына жат келуі деп түсінген:

*Ақыр заман адамы,
Жинауына дүниенің
Жетік шығар деп еді.
Толғауы жоқ күйі жоқ,
Жыр шығады деп еді.
Ендігінің адамынан
«Мен-мен» шығар деп еді.
Қоныс болса алдынан
Орыс шығар деп еді.
Осы айтқаным бәрі де,*

Дұрыс шығар деп еді [3, 75 б.]. Бұл халықтың танымына сүйеу болған Мөңке би өсиеті. Сөздің шындығын дұрыс ұғына білген ата-бабаларымыз рухани ұстаздардың өсиеті мен өнегесін тарихта осылайша сақтап отырған. Қоғамы дұрыс болу үшін адамы терең болуы қажет. Адамға тереңдік қалай беріледі? Мөңке бидің ұлттымыздың санасында жатталып қалған, **«Толғауы жоқ, күйі жоқ жыр шығады деп еді»** – деген сөзі, елдің рухани өмірінде елдің рухани болмысына рухани тірек болып отырған тарихи дүниелердің бейнесі көз алдымызға әкеледі.

Қазақ ойшылдарының руханияты қалыптасқан уақыт ел рухының биіктеген уақыты. Әр ғасырда өмір сүрген ойшылдардың өсиеті мен өнегесінің халықтың жан-дүниесіне жетіп, ел болмысының бойына тегіс тарап тарихта сақталуы бұл әрине тарихи мәні бар шындық. Сол кезде елдіктің рухы бар қоғамда өмір сүрген ойшылдарымыздың ой толғамдары сол уақытпен ғана шектеліп қалған жоқ, идеяның болашақпен орайласып отыруының себебін ата-бабаларымыз терең түсінген. Әулие ойшылдарымыздың руханиятымен беріліп отыратын білім даналықтың дәні. Ол ел тарихтан алшақтаған уақытта ұрпақтың жан-дүниесінен жарып шығады. Ұрпақтан ұрпаққа қабілет арқылы ауысып отыратын ойшылдықтың бұндай рухы қазақ топырағында сақталған тұлғалықтың дара көрінісі. Бұны зерттеу бүгінгі күннің талабы. Ата-бабаларымыздың сөз қадірін түсінуінде,

оның өрісін сақтап отыруда, тіл білімі арқылы сөз бейнесін негіздеу өнерінде даналықтың рухы бар. Бұл қазақтың тұлғалану ерекшелігі ғана емес, ұлтты сақтаудағы қазақ зиялыларының салып кеткен рухани жолы. Осы бір алаш баласының ерлігі мен елдігінің негізінде қалыптасқан рухани жолдың негізінде қалыптасқан қазақ зиялыларының тарихы бар. Тұлғалар тарихы, ұлт мүддесі жолындағы тұлғалық қасиеттері, рухани мұралары, сол мұра бойында қалған тағылымдары үнемі ұрпақ санасына қайтып оралып отырады.

Рухы оянған ұрпақ бабалар тағылымын қадірлеп, өсиетін ұғынады, оның білімін сақтайды, тарихи өнердің иесі ұлт пен тұлғалардың өнегесін бағалайды. Пайғамбарымыздың хадистерінде, «даналардан кеңес сұра, ғалымдармен аралас» – делінген. Әулие ойшыл адамдар халық үшін өмірге келсе, сол тұлғалардың танымы, мәңгі адамзаттық игілік, ұлттық құндылық тарихты тағалады. Қазақ ұлтының елдің тарихы мен болашағына, өткені мен бүгінгісіне зерде биігімен қарауының себебі осында жатыр.

Атам қазақ мақалы:

«Ақылың барда жыр тыңда»

Ақылсызға амал не?

Әйтсе дағы бір тыңда, – деп айтып кеткен ойшыл Ғұмар Қараштың сөздерінде қазақтың тарихи өмірінің шындығы бар [4, 67 б.]. Адам баласына Алла тағаланың беретін ең басты мүмкіндігі, мүмкіндіктерінің кілті ол – ақыл. Адам алдындағы ең басты бағалы парыз ақылды жетілдіру және оның әлеумет өмірінің әлеуметтік игілігіне жарату. Даналық ұрпаққа берілетін тарихи мүмкіндік. Даналық адамзаттық білімге, тәжірибеге жетекші болатын қасиетімен өшпейді, нағыз тұлғалық қасиетке, рухқа ие, даналықтың ықыласына, мейіріміне бөленген ұрпақтың тағылымы өшпейді. Тұлғалар рухы тұлғаның қасиетімен өлмейді. Бұл тұлғалық болмыстың табиғаты мен ақиқатын бейнелейтін шындық.

Тұлғалар мұрасының тағдыры халық рухына тәуелді. Елдің рухы көтерілген шақта тарихтың даналығы жоғалмайды. Керісінше қоғам дамуының идеялық рухани көзі мен тірегіне айналып қала бермек.

**Үмбетхан СӘРСЕМБИН,
философия ғылымдарының кан-
дидаты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
мемлекеттік университетінің
аға оқытушысы**

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1993. 280 б.
2. ХҮ-ХҮІІІ ғғ. Қазақ поэзиясы. Алматы: Ғылым, 1982 ж.
3. Қорқытов Б. Кіші жүздің билері мен батырлары. / Берік Қорқытов. – Алматы: Өлке, 2009. – 528 б.
4. Ғұмат Қараш. Аға тұлпар. Өлеңдер // Жұлдық №12, 1991.

МАЛАЗЫҒЫНДЫҚ ӨСІМДІКТЕРДІҢ ТҰҚЫМ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Республикада малазығындық дақылдар, ең алдымен көпжылдық шөптер тұқым шаруашылықтарының негізін жасамайынша, малазығындық алқаптарды, әсіресе, табиғи шабындықтар мен жайылымдарды игеру мен оларды ауыл шаруашылығына пайдалану жайлы ойлану мүмкін емес. Бұл бұрыннан айтылып та, қойылып та жүрген өзекті мәселелердің бастысы. Мал шаруашылығының басының да, өнімінің де өсуіне – жемшөп базасының ролі маңызды екеніне ешкімнің де дауы болмаса керек. Жемшөп базасын жасау үшін, ол дақылдарды егу, өндіру, түк болмағанда жақсарту керек.

Егінді егу үшін, оның алдымен тұқымын дайындау қажет. Ал, тұқым өндіру, ол оңай мәселеге жатпайды, оны кім болса, сол өндіре алмайды. Тұқымды өндіретін, оны керекті деңгейге жеткізетін, яғни, тиісті кондицияға келтіріп, өнім өндірушілерге сапалы тұқым етіп, дайындап беретін арнайы шаруашылықтар бұрын болған. Ондай шаруашылықтардың саны 70-ші жылдары 110-дай болатын. Бұл тек, арнайы жалпы өнім өндірушілерге жаппай тұқым дайындайтын ғана шаруашылықтардың саны. Одан басқа, оригиналдық, элиталық тұқым өндіретін ғылыми зерттеу институттары және тәжірибе станциялары болды. Осы жылдары, жем-шөп егу жоспарын орындау үшін, республика көлемінде 700 мың центнер көпжылдық өсімдіктердің тұқымын өндіріп, оны егу кондициясына дейін жеткізу міндеті тұрды. Осынша көлемде көп жылдық шөптің тұқымын дайындау үшін, республикада ең кемі 900 мың гектар көп жылдық шөптің тұқымын өндіретін егістік болған. Осы мақсатта арнайы жем-шөп тұқымын өндіретін жоғарыдағы шаруашылықтар ұйымдастырылды.

Бүгінгі күні, саланы дұрыс басқара, ұйымдастыра алмаудың салдарынан, ол шаруашылықтар жойылып кетті. Республика көлемінде, керекті өсімдіктердің, әсіресе, мал азығындық өсімдіктердің тұқымы жоқтың қасы. Мал шаруашылығы мен оның жем-шөп базасын жасаумен көптеген шаруа (фермер) қожалықтары шұғылданғысы келеді, бірақта, қолбайлау болып тұрғаны, ол сол тұқымдардың жетіспеушілігі.

Облыстық ауыл шаруашылық басқармаларының мәліметі бойынша 2011 жылы мал азығындық өсімдіктердің көлемі 2,7 млн. гектар болған, оның ішінде: сүрлемге егілген егін – 80,0 мың гектар, бір жылдық шөптер – 294,0 мың гектар, көпжылдық шөптердің көлемі (өткен жылғы егілген егіннің көлемін қоса алғанда) – 2,3 млн. гектарға жеткізілген. Тұқым шаруашылықтарының міндеті – оның таза сұрыптылығын, сондай-ақ, биологиялық, өнімдік сапаларын сақтай отырып, сорттық тұқымдарды жаппай көбейту. Оның үстіне, Қазақстанда бүгінгі таңға, көпжылдық және біржылдық

шөптердің, соңғы жылдары шөлдік бұталар мен шала бұташықтардың да аудандастырылған сорттары бар. Олар жергілікті ауа райының жағдайларына сәйкес, айтарлықтай өнімді және ерекше маңыздысы – сырттан әкелінген сорттардан төзімдірек және өміршең. Соларды тек қана көбейтетін арнайы шаруашылықтарды құру, ұйымдастыру.

Сондықтан да, бүгінгі таңға кезек күттірмей тұрған мәселе, осындай шаруашылықтардың, яғни, тұқым дайындау мәселесімен тікелей айналысатын шаруашылықтарды облыстар көлемінде тездетіп дайындап, оларды іске қосу. Ол үшін мемлекет арнайы Бағдарлама жасап, оған керекті мемлекеттік жәрдемді, мемлекет бюджетінен бөліп, сол шаруашылықтардың аяғынан тұрып кетуіне тікелей қамқорлық жасау.

Ұсақталған, кіші-гірім шаруашылықтарда сапалы тұқым дайындаудың ең басты қиыншылықтары: ең бастысы өсімдік тұқымдарын дайындаудың технологиясын меңгерген маман болуға тиіс, оның арнайы жоғарғы білімі болмаса да, колледждер деңгейінде болса да мамандықтан теориялық білімі бар, оны іс жүзінде тәжірибемен жалғастыра алатын болса. Әрине, ол үшін маманның өзі қызығып, ынталы болу керек. Себебі, **біріншіден** – қай салада да болмасын, өзінің атқарып жатқан ісіне көңілі толып, оның нәтижесінен материалдық-моральдық көтермелеулер, қолдаулар тауып, нарық жағдайында сол ұйымға, мекемеге тиімді болу керек; **екіншіден** – сол ұйымның басшылары тарабынан тапсырыс ретінде, шаруаға керекті өнім өндіру үшін қолдаулар жасау, керекті жағдайларын, қажетті қару-жарақтарын қамтамасыз етіп, маманға жағдай туғызып, мәселесін шешу міндетті; **үшіншіден** – маманнан басшылар тиісті бекітілген іс-шара бойынша, шаралардың көрсетілген мерзімде орындалуын тұрақты қадағалау қажет.

Қазіргі таңда, жайылымдық және шабындық өсімдіктер тұқымдарына деген қажеттілік өте жоғары. Оған негізгі қол байлау болып тұрған басқа да проблемалар: шаруашылыққа қажетті техникалардың, жабдықтардың жетіспеуі, болмауы, болса да ескі, өнімділігі төмен, көне техникалар. Олармен дер кезінде агротехникалық мерзімде егістікті өңдеп, егіп, орып алу түрлі қиыншылықтар туғызады немесе мерзімі өтіп орындалады. Нәтижесінде, өнімнің өнімділігі мен сапасы күрт төмендейді.

Орып алынған өнімді дұрыс сақтап, оны өңдеу де үлкен жұмыс, ол үшін де қол күші, тиісті техникалар-жабдықтар қажет. Олардың да жағдайы, сапасы көңіл көншітпейді, болса ескі, тозығы жеткен, қазіргі талапқа сәйкес жұмыс істей алмайды. Әсіресе, түрлі ауруларға, зиянкестерге қарсы, өңдеу жұмыстарына

жарамсыз, сапалы өңдеуге, дәрiлеуге, бол-маса қажеттi тыңайтқыштарды енгiзуге, өңдеуге шамасы жетпейдi. Ұрықты сапалы дайындау үшiн, тағыда, өңдейтiн арнайы техникалар жеткiлiксiз. Дұрыс тазалауға, сапалы сорттауға, шаруашылық көлемiне байланысты, жеткiлiктi техника болуға тиiс. Ол да жоқтың қасы, болса өте ескi, көнерген, тозған, тиесiлi жабықтары жоқ. Ондай техникамен сапалы өсiмдiк тұқымын дайындау мүмкiн емес.

Тұқымның сапалылығын, кондициясын уақтылы тексерiп, оған әсер етiп отыратын бақылау мекемелерiнiң жұмысы да өз дәрежесiнде емес. Оларға да түрлi шектеулер қойып, жоғарғы құзырлы орындар да қызметтерiн дұрыс атқаруға мүмкiндiктер бермеуде. Оның үстiне, тексеретiн мекемелердiң мамандары да тиiстi мiндеттерiн атқара алмай отыр. Қосымша, бiздердегi, яғни, елдегi түрлi коррупциялық кимылдардың қағтасықын кеткенi соншалықты, барлығы сауда да сияқты, түрлi бұрмалаушылыққа тап болуда. Осы жерде, мемлекеттiк бақылаудың сапасының соншалықты осал тартып кеткенi, ол түрлi өтiрiк ақпараттардың кең аяқ алып кеткендiгiнде болып тұр.

Өндiрiс жоқтың қасы, себебi өнiмi жоқ. Қағаз бетiнде бар, iс жүзiнде жоқ, болса жарым-жарты. Сөз жақсы, жұмыс жоқ. Статистикалық мәлiметтер ауадан алып, қолдан суреттеле салады. Ал, Одақтың кезiнде мұндай мәлiметтер үшiн, қызметiнен босатылып, жауапқа тартылатын. Қазiргi уақытта керiсiнше, олар қызметте өсiрiлiп, жақсы бағалар алып, мақтау-марапаттарға ие. Дұрысын айтатын мамандар, қызметтен тез қысқартылады, қоғамнан аластатылады.

Нарықтық экономикаға көшуге байланысты iрi шаруашылықтардың ұсақталып, кiшi фермерлiк шаруашылықтардың пайда болуы, арнайы агрономдардың, бiлiмi бар мамандардың жетiспеуi, керектi техникаға қол жеткiзе алмау, тұқым шаруашылығы саласындағы жұмыстардың сапасын күрт төмендетiп жiбердi. Шаруашылықтардың дамуына керi әсерiн тигiзiп отырған негiзгi фактордың бiрi де бiрегейi, ол жер мәселесi, яғни, жердi бөлудегi, есепсiздiк, жауапсыздық. Жердi алған қожайындар мен мемлекет арасындағы сәйкессiздiк. Мысалы, көп жылдан берi жердi тиiмдi пайдаланбаған қожалықтардың жерiн мемлекет есебiне қайтарып алудағы, заңды актiлердiң, оларды қайтару жолдарының күрделiлiгi, яғни, процестi қиындатып қойылғандығында. Заңдастыру жолдарының дұрыс шешiлмеуiнiң басты себебi, осы саладағы мамандардың сауатсыздығында, тәжiрибесiнiң жетiспеулiгiнде. Бiрiнiң теориясы бар болса, тәжiрибесi жетiспейдi. Ал, екiншiсiнiң тәжiрибесi жеткiлiктi болса, оның теориялық бiлiмi сәйкес келмейдi. Оның үстiне кейiнгi жылдары, зейнеткерлердi қызметтен аластатып, орнына алған жастардың практикалық тәжiрибесi

жетпестен, көптеген мекемелерде отырған жас кадрлардың, iстi дұрыс түсiнiп, дұрыс шешiмiн жасауға қауқарсыздығы үлкен зиян тигiзуде. Өте маңызды факторлардың бiрi, ол тұқымдық дақылдың арамшөп ұрықтарынан таза болуы, бұл шараны да мұқият атқармаса, тұқым сапасы күрт төмендейдi. Жоғары кондициялы тұқымды себерде, топырақты дұрыс өңдеу, ылғалды сақтау, түрлi арамшөп тұқымдарының өнгiштiк қасиетiн жоятын техникаларды пайдалануда өте маңызды. Топырақты қопсыту, өңдеу басты шара. Қазiргi кезде жердi өңдегенде шығынды үнемдеу мақсатында, оның тереңдiгiн азайтып, нольдiк системаны қолдану дәстүрге айналды. Бұлда дұрыс шығар, нарықтық экономика талабына сәйкес болар, дегенменде, бұл жерде де технологияны дұрыс пайдаланып, тұқым сапасына оңды пайда келтiрер тұстарын әсте естен шығаруға болмайды.

Тұқым шаруашылығын дамытудың негiзгi көзi – ол осы шаруашылықтарды мемлекеттiк қаржылай қолдау. Мұндай қолдау республикада 2007 жылдан бастап бiршама қолға алынды. Малазығындық егiстiң көлемiн көбейтiп оның өнiмiн арттыру және шаруашылықтардың айналымдағы қорын молайту, жанар-жағар май, минералды тыңайтқыш, гербицидтер және де басқа керектi материалдық-техникалық ресурстарын толтыру, алу үшiн осы жылдан бастап мемлекеттiк қаржылар бөлiне бастады.

Субсидия есебiнде бюджеттен берiлетiн қаражаттың көлемi де жылдан жылға артуда. Мәселен, 2000 жылы жем-шөп өндiрiсiнде, мал азығындық өсiмдiктердiң iшiнде тек қана күнбағыс өсiмдiгiнiң 60 тонна элиталық тұқымын арзандатуға мемлекеттен 601,3 мың теңге ғана бөлiнсе, ал 2010 жылы субсидия есебiнде шаруашылықтарға, оригиналдық және элита тұқымдарын өсiрiп, сатқандары үшiн мемлекеттiк бюджеттен – 265,1 млн. теңге бөлiнген. 2011 жылы республикалық бюджеттен оригинаторлардың 1648 тонна оригиналдық тұқым өндiрулерi үшiн, тағыда 8766 тонна элиталық тұқым өндiрулерi үшiн, олардың шығынын жабуға 500,0 млн. теңге бөлiндi. Осы жерде айта кететiн бiр жаңалық, ол «Тұқым шаруашылығы» туралы заңға, жаңа түсiнiк «тұқым сатушы» және «тұқым сатушыларды» аттестациялау нормаларын енгiзген. Сондықтанда, бүгiнде тұқымды партиясымен сатумен, оны өндiрмей-ақ шұғылдануға болады делiнген. Ал, Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң қаулысымен 2012 жылғы, 01 желтоқсан 2011 жылғы № 1428 Қаулысына өзгерiстер енгiзгенде, 13 Қосымшада, облыстарға бөлiп, барлығы 2 451 448 мың теңге тұқым шаруашылықтарын қолдау үшiн бөлiнген.

Н. АЙТУҒАНОВ,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының кандидаты,
Қазақ мал және жемшөп өндiру
ғылыми-зерттеу институтының,
аға ғылыми қызметкерi

ФРАНЦУЗ ТІЛІНДЕГІ СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ БЕЙНЕЛІ ТҮРДЕ БЕРІЛУІ

Тілдің ең басты сипаттамаларының бірі, оның қатынастық көрсеткіші. Қатынас әрекетінде, адамның танымдық түсінігімен тілден тыс әрекеттілік үзіндісін көрсететін лексикалық бірлікке салынған ақпараттармен алмасу жүреді. «Тілдің әлеммен және не туралы айтылып тұрғандығымен байланысы, шындықтың әр түрлі құраушыларымен маңызды тілдік құраушы ара-қатынасы ретінде көрсетілген» [1, 354]. Адамның әлем туралы білімінің пайда болуы – жеке адамның және бір уақыттағы барлық халықтың өнімділік қызметі арқылы тілдің көмегімен іске асады және бұл білімдердің тілдік қалыпта бекітілген жиынтығы «әлемнің тілдік суретін» көрсетеді. Гумбольдтың пікірі бойынша, тіл «өзінің барлық түбірімен және оның жұқа талшықтарымен бірге ұлттық ерекшелікпен өрілген» [2, 277]. Сондықтанда, белгілі бір ұлттың әлемге деген толық көзқарасында көрсетілген ұлттық тілдік сурет туралы айтуға болады. Әр ұлт қоршаған ортаны, шындықтың әр түрлі тұжырымдамасы көрсетілген, өзінің ұлттық тілінің бірлігі арқылы қабылдайды, яғни, әр тілдегі әлемнің суреті ұлттық мәдениет пен дәстүрлік ерекшеліктерден пайда болған біршама ұлттық құндылықтарға ие. Осылайша, әлемнің ұлттық тілдік суреттемесі таным нәтижесі тіркелген адамның өзі және ортасы туралы ақпаратты өңдеу нәтижесімен пайда болады. Сондықтанда, Маслованың бір жағынан ерекше, екінші жағынан әлемнің ұлттық тілдік суреттемесі көрсетілген жан-жақтылық туралы сөзі шындыққа сай «Екінші қайтара әсер алу, сезіну механизмінің призмасы арқылы теңеу, салыстыру, бейнелеумен көрсетілген әлем – бұл кез келген нақты әлемнің тілдік көрінісінің жан-жақтылығы мен ерекшелігін анықтайтын негізгі көрсеткіш. Себебі, денемен сезінуді бағалау генетикалық механизмі жан-жақты, онда адамның әрекетімен бір уақытта және жан-жақты, ұлттық-ерекшелік түрде өмірде отырып, ол нәтижесінде жалпы типологиялық және жекелеген ерекшеліктерімен тілдік әсерлесуді құруға алып келеді» [3, 38].

Бұндай қатынастық құбылыстарда сөз бен түсінік тілінде бар және тілдің құрылыс материалы болып келетін қайта ойлау әрекеті ерекше рөлді атқарады. Ш.Баллидің айтуынша, адамдық ақыл аяқталмаған, сондықтан, адам өзін қоршаған ортаны өзінің жеке қасиеттерін қоса отырып жандандырғысы келеді, «ол табиғатты жансыз және өлі деп елестете алмайды; оның түйсігі жансыз заттарды әрқашан өмірмен үлестіріп отырады» [4, 188]. Сөзді өзінің мағынасында қолданбау – сөз арқылы үйлестіру – екі түрлі түсінік «екі сурет көрінісін біріктіріп» бейнелілікті қалыптастырады. Бейнелілік «тұнық қалыптан» «тұнық емес» қалыпқа ауы-

стырады, себебі, ол жолдаушының назарын «бірінші бізге әлемді көрсетудің орнына өзіне қарай» бағыттайды. Бейнелілік – сөздің ауыспалы мағынасы – салыстыру және теңеу сияқты тілді байытатын стилистикалық әдістерден тұрады. Ж.Дюбуа атап айтқандай, теңеу, «сөздің мағынасын қарапайым түрде ауыстырудан тұрмайды, ол қысқарту немесе қосу сияқты негізгі екі әрекеттің әсерінің нәтижесінде сөздің мағыналық мазмұнын өзгерту. Теңеу екі түрлі мағынаның қиылысуы нәтижесіндегі шынайы ұқсастық негізінде пайда болады және бұл екі мағынаның толығымен сәйкес келуіне негізделген» [5, 102]. Теңеу – бұл салыстырудан басқа түрдегі құбылыс, «ақыл үрдістің әсерімен дерексіз ұғымдарды жақындастырады және нақты бір зат оларды бір сөзге сыйдырады». Нәтижесінде ойдағы салыстыру пайда болатын, тілді операцияның негізі бола отырып, құраушыларының бірі әлеуетте қалатын, теңеу, адами әрекеттердің барлығынан өте отырып, талқылау ойын ұйымдастыратын негізгі когнитивті агентті көрсетеді [6, 14].

Жоғарыда атап өткендей, әр елдің өзінің даму тарихы жолында шынайы болмысты қабылдаудың және оны тілдік кеңістікте көрсетудің өзіндік қалпы қалыптасқан. Бір тілдік қоғам өкілдерінің сипаттамасы мен қасиетін көрсететін, тұрақтылық пен жалпылама сипатқа ие тілдік қалып «стереотип» ретінде анықталған [7, 126], сонымен қатар, стереотип «сөзге шартты түрде тіркелген ой ретінде» түсініледі. Басқаша айтқанда, стереотип ұғымын, қатынас немесе мағына негізінде жатқан және барлығымен ортақтасатын қарапайымдатылған болмысты қайта көрсету арқылы түсінуге болады [8, 13]. Басқаша стереотипті, қоғамның миындағы сөздің мағынасына энциклопедиялық білім және әлеуметтік-мәдени элементті кіргізуге мүмкіндік беретін қарапайым сипаттамаға ие референт ретінде де қарастыруға болады. Тіл бізге лексемалар мен тұрақты түсініктерді құру әрекеті арқылы лексикалық орнықтылыққа ие болған стереотиптердің кең орны арқылы көрінеді.

Стереотип ретінде бейнелік сөздер және тұрақты фразеологиялық түсініктердің әр түрі бола алады. Соның ішінде оған гендерлік айырмашылықтар да кіреді (еркек/әйел). Әйел үшін гендік мағыналы сөздер ол: қыз, келін, келіншек, ана, жар, жұбайлық, аналық, келбет, сөзге құмарлық, әлсіздік, көмек қажет етушілік. Ал, еркектер үшін ондай сөздер – қожайын, қорғаушы, мықты, қатты, сезімтал емес, өзіне сенімді. Гендерлік тілдік әдістер теңеу мен салыстыру арқылы көрсетілген [9, 189]. Теңеу бейнесі мен бейнелі салыстырулар – гендерлік айырмашылықты көрсететін, француз халқының мәдениеті мен тарихын көрсете отырып, өмірдің әр саласына кіретін

фразеологизмдер. Көптеген бейне жануарлар әлемінен алынған, екіншісі – күнделікті өмірден, үшіншісі – тарих, мифология мен фольклордан алынған. Rigidité et force sont représentées par les expressions métaphoriques et comparatives qui suivent: Tenir d'une main rude (la destinée de sa famille), forge par un demi-siècle d'épreuves. **Қиындық келесі фразеологиялық ұғымда көрсетіледі:** un jour de grand vent, une vraie glu, trembler comme une feuille, avoir la foire, coeur de poule. **Керісінше сапа - батыр - сына түсінікпен сипатталады:** brave a tous crins, foudre de guerre, hardi comme un coq sur son fumier. **Ер адам - үй қожайыны келесі ұғымда көрсетілген:** maître a bord après Dieu, solide autorité de bon père de famille.

Ер адамның белгілі бір моральді қасиеті келесі түсініктерде көрсетілген (ақымақтық ретінде): infirme des meninges, avoir la foire, couillon comme la lune, vieille noix; (ашушаңдық) mauvais comme la gale, médiant comme la grêle; (қызғаниақтық) jaloux comme un tigre; (қарапайымдылық) Grand Jacquot, être comme la lune; (алғызсыздық) ingrat comme les chats. **Француз фразеологиясында ер адамның түр келбеті де бай түрде бейнеленген:** (әдемілік) joli comme le jour, beau garçon, beau comme Apollon, comme Adonis.

Тілдің көрсеткіштік әдісі әйел адамдарды сипаттау үшін де қолданылады. *Әйелдік сипаттар мыналар болып табылады:* (әңгіме құмарлық) Marie Bon-bec, jaser (babier) comme une pie, commère du quartier, bavarde comme une pie, caquet bon bée; (ашушаңдық) façon d'épine, méchante gaie, la femme a Job; (ақымақтық) femme au bain-marie, quelle dinde i, cervelle de Hère; (ақ көңілділік) bonne femme, fille da Fair; (нәзіктік) douce comme une colombe; (алаңсыздық) oiseau sur la branche; (еркелік) faire du charme.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардан мынандай қорытынды шығаруға болады: француздық фразеологиялық ұғымдарда гендерлік айырмашылық (еркек/әйел) тұнык, зооморфты және антропоморфты теңеу мен салыстыру бейнелі түрде көрсетілген. Бейнелі фразеологиялық түсініктер «бізге сезінуге берілген», бұл түсініктердің семантикалық қабатталу құрылымдарымен анықталған заттың түрін қабылдауды бекітеді.

Толқын КАЛБИРОВА,
Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық
техникалық университетінің
магистранты

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Фреге Г. Маңыз және денотат // Семиотика және информатика. Opera selecta: Ғыл. мақалалар жин. - М., 1997. — № 35. — б. 352-379.
- Гумбольдт В. Тіл білімі туралы таңдамалы еңбектер. Москва: Прогресс, 1984. 400 б.
- Маслова В.А. Лингвокультурология: -М.: Академия, 2001. - 208 б.
- Балли Ш. Жалпы лингвистика және француз тілінің сұрақтары. Фр. тілінен ауд. — М.: ИИЛ, 1955. — 416 б.
- Жак Дюбуа. Әдебиет институты: Социологияға кіріспе. Брюссель: Лабор, 1990.
- Лакофф Д. Бізбен өмір сүретін метафоралар, М. 2004.
- Кунин А.В. Қазіргі ағылшын тілдің фразеологиясының курсы. 2 Баспа. М.: Жоғары мектеп., 1996.
- Амossi Р. Тәртіп қиылысындағы дәстүр: риторика, прагматика, социология// Бүгінгі поэтика. 2001. Том 22. № 1. Р. 1–23.
- Гак В.Г. Француз орфографиясы. Топтама «В.Г. Гактың лингвистикалық мұрасынан». Баспа 2, стереотип. 2006. 240б.

FIGURATIVE REPRESENTATION OF THE FRENCH LANGUAGE STEREOTYPES

This article deals with the interaction concepts and determines the characteristics of national culture reflection in the French language stereotype. As a stereotype figurative words and idioms can be very important for the national concepts.

Kew words: language, culture, stereotype, comparison, phraseological concept.

ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ БЕЙНЕЖАЗБАНЫ ҚОЛДАНУ

Шет тілін меңгеру әр білімді адамның, оған қойылған қоғам талаптарына сәйкес, қажеттілігіне айналды. Шет тілі адамдардың мәдени деңгейіне айтарлықтай әсер етеді, қарым-қатынас жасауының дамуына ықпал жасайды. Қарым-қатынас жасау құзыреттілігін қалыптастыру шет тілін оқытудың негізгі мақсаты болып табылады. Бүгінгі күні бұл – өзекті мәселе. Шет тілінде қарым-қатынас жасау үшін грамматикалық ережелерді білу шарт, лексикалық қорын ұдайы толықтырып отыру, тілдің фонетикалық ерекшеліктері туралы білу, оқытылатын елдің мәдениеті мен әдебиетін білу, әрине, сөйлеу дағдыларын дамыту керек. Табысты қарым-қатынас жасау үшін, оқушы, мынадай, жағдайларда диалог жасауды үйренуі тиіс: ресми және ресми емес қарым-қатынас жасау, өзі туралы әңгімелеу, тілдік этикетті сақтай отырып, оқыған немесе тыңдаған мәтініндегі тақырыптарды талдауға қатысу, қоршаған ортасы туралы, отбасы, елі туралы әңгімелеу. Бұл мақсатқа оқыту барысында қазіргі жаңа технологиялардың көмегімен жету мүмкін емес. Мұғалімнің басты міндеті – бар амал, тәсілдерді қолдана отырып (рөлдік ойындар, дөңгелек үстел, дебат, жоба т.б.), шет тілі сабағында қарым-қатынасты дамыту үшін әр түрлі жағдаяттарды ұйымдастыру, ойлап шығару. Сол жаңа технологиялардың бірі – сабақта бейнежазба (video) қолдану. Бейнежазба сабақ барысында оқушылардың белсенділігін арттырады, көрген материалы бойынша өз ойын, пікірін айтуға көмектеседі. Сондықтан, оқушыларда шет тілінде сөйлеу дағдысы қалыптасады. Ол үшін, оқушылардың білім деңгейіне сәйкес бейнематериал тандауы тиіс. Сабақта бейнежазба қолдану – оқушылардың әр түрлі психологиялық белсенділіктерін, әсіресе, ынтасын арттыруға және есте сақтау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Бейнежазбаның мазмұнын түсіну үшін, оқушыларға көп еңбектену керек. Сонымен бірге, бейнежазба тілдік қызметтің төрт бірдей түріне – оқуға, сөйлеуге, тыңдауға, жазуға үйретеді, тілдік қабілеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Бейнежазбалардың түрлеріне: түп нұскалық жазбалар, көркемфильмдер, мультфильмдер, деректі фильмдер, жаңалықтар, т.б. жатады.

Мен француз тілі сабағында бастапқы деңгей үшін «Auréliе» бейнежазбасымен жұмыс жүргізсемін. Осы фильм бойынша грамматиканы (француз тілінің шақтары, шылаулар, есімдіктер, сын есім), тыңдап түсінуді (ерекше ақпараттарды, аты-жөнін, күнін, санын айту), сөйлеуді (талдау, өз атын айту, сахнадау, рөлдік ойындар ұйымдастыру, сөздікпен жұмыс істеу),

жазуды (мазмұндама, репортаж) үйренуге болады. Сонымен бірге, бейнефильм көре отырып, оқушылар оқытылатын тіл елінің салт-дәстүрлері, мәдениеті туралы көп мағлұмат ала алады.

Фильммен жұмыс істеу үш кезеңнен тұрады:

фильмді көруге дейінгі жаттығулар;
фильм көру кезіндегі жаттығулар;
фильм көріп болғаннан кейінгі жаттығулар;

Фильмді көруге дейін оқушыларды тапсырманы мұлтіксіз орындауға дайындау керек. Фильм тақырыбы сабақ тақырыбына сәйкес келеді. Алдын-ала, мәліметтерді оқыту және осы тақырыптағы мәселелерді көтеру керек. **Екінші кезеңнің мақсаты: оқушылардың фильм мазмұнын түсінуі. Бұл кезеңде мынадай жаттығулар жасауға болады:**

фильмді тоқтатып, сұрақ қою;

фильмнің бір бөлігін дыбыссыз көру, өз ойын айту;

фильмді көре отырып, берілген қағаздағы мәтіннің бос орындарын лексикамен толықтыру, сұрақтарға жауап беру, сөйлемді толықтыру, егістікті қажетті шаққа қою, т.б. **Үшінші кезеңде фильмнің мазмұнын негізге ала отырып, рөлдік ойындар, жоба дайындауға болады.** Сонымен бірге шет тілін оқытуда қолданылатын амалдардың бірі – өлеңмен, бейнеклиппен жұмыс істеу. Өлеңді, бейнеклиппті қолдану да шет тілін оқытуға көп көмегін тигізеді. Соңғы жылдар түпнұскалық әндермен жұмыс істеуге бағыт алу дамып келеді. Өлеңді пайдалана отырып, оқушының фонетикалық, лексикалық, грамматикалық дағдыларын қалыптастыруға болады. Өлең оқушылардың эстетикалық тәрбиесінің міндеттерін іске асыруға, олардың шығармашылық қабілеттерін ашуға көмектеседі. Шет тілі сабағында музыканы қолданғанда топқа жағымды психологиялық климат орын алады, тілдік ойлану қабілеттері, оқушылардың белсенділігі артады. Монолог, диалог түрінде сөйлеу дамиды, шет тіліне деген қызығушылығы артады.

Әдіскер Г.А. Китайгородская өзінің сабағында үзіліс кезінде не сабақ алдында оқытылатын тіл елінің танымал әндерін қолданған. Қорытындысында оқушылар әннің мәтінін жатқа біліп, айтатын болған. 80 жылдардан бері педагогикалық тірек ретінде өлең француз тілі сабақтарында қолданылуда. Луи-Жан Кальведен бастап, Мишель Буранға дейін, ол көптеген зерттеулердің нысанына айналды. Өлең бірнеше компоненттермен анықталады:

алдымен, тілдік (сөзі, ұзақтығы, қайырмасы, дискурсивтік құрылымдары, портрет не, әңгіме ме, диалог па? «Мен» деген кім?);

музыкалық элементтері (*әуен, ритм, аспап түрлері*);

вокальдық орындалуы (*табиғи немесе боямалы*);

сахналануы (*қимылы, хореографиясы, киімі, жарық т.б.*). Бұл Роберт Жиру атағандай, өлеңнің ішкі элементтері. Сыртқы элементтері – қоғамдық, экономикалық, саяси маңыздылығы (*өлеңнің авторы, қашан жазылғандығы, тарихы*).

Не үшін өлеңмен жұмыс істеу керек?

оқытуды жеңілдетеді алады;

өлең – бір кезеңнің, мәдениеттің айрықша бейнесі (*тілдік, мәдени, музыкалық жағынан*);

өлең – аудиторияға тіл мен қоғамды алып келуге ықпал етеді;

оқытудың барлық деңгейінде ауызша және жазбаша жаттығулардың тірегі;

Қандай өлеңді таңдау керек? Оқушыларға ұнаған өлеңді таңдау керек пе, әлде олардың мәдени ой-өрісін кеңейтетін өлеңді таңдау керек пе? Бұл сұраққа нақты жауап беру қиын, бұл мұғалімге, оқушыларға, топтың міндетіне байланысты. **Мишель Буарон өз мақаласында (FDLM, 2001) өлең таңдаудың бірнеше жолдарын ұсынады:**

оқушылардың таңдауымен;

радиодан берілетін, танымал, табысқа ие өлеңдер;

мұғалімге ұнайтын;

оқушылардың тыңдау дағдыларына лайық;

сабақ тақырыбына сәйкес;

айтуға оңай, билеуге ыңғайлы қойылымға пайдалануға болатын өлеңдер.

Өлеңмен жұмыс істеу де үш кезеңнен тұрады:

1. өлеңді тыңдауға дейінгі жұмыс;

2. өлеңді тыңдау кезіндегі жұмыс;

3. өлеңді тыңдаудан кейінгі жұмыс.

Бірінші кезеңде интернеттен (<http://www.lepointdufle.net/p/chansons.htm>, <http://www.linternaute.com/musique/>) әнші туралы, танымал өлеңдері, жанры, өлеңдерінің негізгі тақырыбы туралы мағлұмат іздеуге болады. **Екінші** кезеңде, өлеңді тыңдай отырып, мәтіннің бос орындарын сөздермен толықтыру жаттығуын жасауға болады. **Үшінші** кезеңде, мазмұны туралы, негізгі тақырыбы, кейіпкері, оның әрекеті, уақыты, орны туралы сұрақтар қойып, өлеңнің тақырыбы бойынша диалог құруға болады.

Мысалы, мен сабақта Марк Лавуанның «*C'est ça la France*» бейнеклиппімен жұмыс жүргіздім. Негізгі мақсаты – бейнеклиппен, өлеңнің сөзімен жұмыс істеу, студенттерді әсерлендіру, француз қоғамының саяси өмірімен, мәдени және әдеби байлығымен таныстыру.

Сабақ барысы 4 кезеңнен тұрады:

1. тақырып туралы ой қозғау;

2. бейнеклиппен жұмыс істеу;

3. мәтінмен жұмыс істеу;

4. талқылау.

1.а) Тақырыбын тақтаға жазу, *ça* деген сілтеу есімдігін түсіндіру. Ой қозғау: оқушылардан бейнеклиппің тақырыбы туралы ойларын, пікірлерін білу, әнші туралы ақпарат іздеу;

ә) Оқушыларға Франция туралы, француз

елінің тарихы, мәдениеті, әдебиеті жайлы сұрақтар қоюға болады.

Екінші кезеңде, дыбыссыз, оқушыларға бейнеклипптегі байқаған заттарын, көрікті жерлерді (*La 2 C.V., le concorde, le TGV, le Moulin rouge*), **тарихи оқиғаларды** (*La libération, les manifestations ouvrières mai 68*), **танымал саясаткерлерді** (*De Gaulle, Mitterrand*), **өнер адамдарын** (*Trenet, Prévert, Truffaut, Jeanne Moreau, Brassens, Gabin, Aznavour, Coluche, Josephine Baker, Claudia Cardinale, Coco Chanel, Gainsbourg, etc.*), **спорт шеберлерін** (*Noah, Killy, Platini*) **жазу үшін арнайы таблицаны толтыру ұсынылады. Үшінші кезеңде оқушыларға бейнеклипптің мәтіні таратылады, сол мәтіннің ішіндегі таза француз элементтерін, мысалы, (*Les trois mots qui terminent en Té* : référence à la devise de la République française « liberté, égalité, fraternité »; *L'huile d'olive, le camembert* : spécialités gastronomiques françaises, etc.), басқа мәдениетке жататын элементтерді (*Du chili* : plat d'origine étrangère populaire en France; *Du couscous poulet* : le couscous est un plat d'Afrique du Nord qui est entré dans les habitudes alimentaires des Français, etc.) және Францияның тарихымен байланысты элементтерді (*Ça frise à la bastille* : fait référence à la prise de la Bastille pendant la révolution française; *Ça avale son Vichy* : jeu de mot entre la boisson et la ville où siège le gouvernement collaborationniste du Maréchal Pétain pendant la seconde guerre mondiale, etc.) табуға тапсырма беріледі.**

Соңғы кезеңде, тарихи оқиғаларды, саясаткерлердің, өнер адамдарының, спорт саңлақтарының елеулі еңбектері мен жетістіктері туралы айтып, талқылауға болады. Қорыта келгенде, шет тіліндегі өлең оқушының тілді терең меңгеруіне үлкен мүмкіндік туғызады, өлеңнің сөзі сөздік қорын кеңейтуге, грамматикалық құрылымдарды есте сақтауға тиімді тәсіл. Өлеңмен жұмыс істеуде оқушылардың ой-өрісі кеңейеді, автордың шығармашылығымен танысып, сабақтың қызықты да, тартымды өтуіне ықпал етеді.

Нүргүл БЕСИРОВА,
Абылай хан атындағы Қазақтың
Халықаралық қатынастар және
Әлем тілдері университетінің
аға оқытушысы

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Барменкова О.И. Видеозанятия в системе обучения иностранной речи // Иностранные языки в школе № 3. – 2010. – 20с.

2. Le français dans le monde, n°318, « Musiques actuelles, quatrième génération », 2001 www.cavilam.com www.leplaisirdapprendre.com

Resume. The present article describes using of video films, video clips and songs in the French lessons.

Keywords: informative-communicative technology, video films, video clips, song, communicative competence.

70-90 жылдардағы әдеби үрдіс және Т.Тоқбергеновтің «Тоғыз тарау толғау сөз» мақаласындағы (әдеби шолу) сыншылдық таным

Т.Тоқбергенов 70-90-жылдарда дарынды шоғырдың бел ортасындағы – әдеби-сыншылдық ой-пікірлерінің байыпты да терең нақтылығымен, биік интеллектуалды білімімен дараланған сыншылардың бірі. Аз уақыт өмірінде сыншы Т.Тоқбергенов сапалы да, қомақты сыни еңбектерін қалдырды. Атап айтар болсақ, «Жалын» баспасынан жарық көрген «Тоғыз тарау» (1974), «Үш тоғыс» (1977), «Қос қағыс» (1981), «Жалын» баспасынан жарық көрген «Аймүйіз» (1990) және «Рауан» баспасынан «Сенің сүйікті жазушың» сериясымен жарық көрген «Тәкен Әлімқұлов» (1992) атты кітаптары. Сыншының аталған жинақтарында белгілі қазақ ақын-жазушылары мен олардың қаламгерлігі жайлы әдеби шолулары, шығармашылық портреттері мен толғау эсселері көптеп кездеседі. Соның ішінде Т.Тоқбергеновтің үлкен бір шабытпен, ынтызарлықпен қалам тартқан жазушылары: Ә.Нұрпейісов, Ш.Айтматов, М.Әуезов, Т.Ахтанов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Д.Исабеков, Т.Әлімқұлов, Х.Есенжанов, т.б.

Т.Кәкішевтің сараптауы бойынша Т.Тоқбергенов бар қуат дарынын, ақыл ойын, эстетикалық талап-талғам мен білігін сарқа жұмсаған бірінші творчестволық арнаның өкілі болды. Ж.Әбдірашевтің тілімен айтқанда «**ауыстырып мінер аты жоқ нағыз қара табан профессионал сыншы**» [1,11] болды. Сыншы Ә.Бөпежанова: «**Қазақ әдеби сынындағы эссе, портрет жанрларының өрісін кеңейткен сыншы кітаптарын қайтара оқысаңыз, қазақ әдебиетінің 70-90 жылдар аралығындағы бағыт-бағдарын тұтас көре алғандайсыз**» [2,13], – дейді.

Т.Тоқбергеновтің «Тоғыз тарау толғау сөзі» сынның әдеби шолу жанры үлгісінде жазылған. Әдеби шолу жалпы тоғыз тараудан тұрады. Әр тарау өзіндік өзектілігі бар тақырыптарды көтерген. Бірінші тарауда сыншы тип, типтік образ, типтік образды жасауда суреткер шеберлігінің, тіл көркемдігінің рөлі турасында сөз қозғайды. Сөздерін дәйектеп отыру үшін әр кезеңдегі қаламгерлердің туындыларындағы типтік образ болып табылатын бейнелердің тұлғаланған болмыстарын сынға ала отырып, мысалдар келтіріп отырған. Алдымен сыншының «тип» дегеніміз не деген сауал төңірегіндегі ой-қорытындыларына тоқталсақ: «**Тип – белгілі бір дәуірде жасаған адамдардың тұтас қамтылып, жинақталған, суреткердің ішкі интуициясы танып, толықтырған бейнесі. Онда қоғамның этикасы, белгілі бір таптың эстетикасы, жазушының өз эрудициясы қабат келіп, түгел сезіліп жатады. Әр қоғамда жасалған типтің бөлек-бөлек болатыны да содан. ...Тип – халықтық бейне. Онда**

бүкіл ұлттың ой-арманы, пайым-парасаты, мұң-зары, мінез-қасиеті жинақталады» [5, 145-146, 149]. Осылайша сыншы тип, типтік образ турасындағы ойын топшылайды. «Тип» жайлы жоғарыда келтірілген анықтамадан біз әр қоғамның өзіне ғана тән типтік образы болатынын түсіндік. Әр қоғам өзіне лайықтысын жасайды. Сыншының айтуынша қазақ ауыз әдебиетіндегі Қарынбайлар мен Қарабайлар – сол заманның талабынан туған типтік образдар.

Т.Тоқбергенов бір сөзінде: «**...типтік тұлғаның тіріліп, түлей түсуі суреткердің өмір білуіне, өмір тануына байланысты**» [5, 146], – дейді. Әсіресе, сыншы пікірінше жазушы бір кейіпкердің бойында өзі өмір сүріп жатқан кезеңдегі белгілі бір типтегі тұлғалардың типтік бейнесін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар көпшіліктің ортасынан ерекшелене, дараландыра алуы да – үлкен шеберлік. Мәселен, осы тұста сыншы «Абай жолы» эпопеясындағы Абай, Құнанбай, Зерер, Ұлжан, Тоғжан, Салтанат образдарын мысалға келтіреді. Тип, типтік образ жайлы сыншының атап өткен тұстарының тағы бірі – типтік орта, типтік жағдай. «Типтің толысып, тұлғалануы, даралануы характердің ашылуына байланысты. Ол үшін типтік ортаны, типтік жағдайды суреттеу қажет» [5, 151], – дейді сыншы. Бұл тарау соңында сыншы тип, типтік образ туралы жазу барысында ең бірінші көздеген мақсатын былайша түсіндіріп өтеді: «**Біз, тек қазіргі қазақ жазушылары тип жөніндегі толғамнан табылып жүр ме, типтендірудің қыры мен сырына танық па, характер бояуы қанық па – соған соғу үшін тип жөніндегі түсінігімізді түйіп қана өттік...**

Біз, асылы, тип турасындағы түпкі ойды ұлттық орта, ұлттық мінез, ұлттық мәдениетке сайғанды жөн дейміз. Әр ұлттың өзіне тән ерекше қасиеттерді іздестіру, соны ең басты нысанға айналдыру керек» [5, 155-156], – деп топшылайды.

Әдеби шолудың екінші тарауында Т.Тоқбергенов сын, сыншы турасында сөз қозғайды. Т.Тоқбергенов сол тұста да, қазіргі кезде де негізгі проблемалардың бірі болып табылатын мәселені, яғни, ештеңеден де тайсалмай, тартынбай сын айтатын сыншылардың жоқтың қасы екендігін баса айтады. Бұндай проблемалар төңірегіндегі дау-дамайлардың көтеріліп, әсересе, белен алған тұстары партияның XXIV съезінен басталып, «Вопросы литературы», «Дружба народов» журналдарында қайта-қайта көтеріліп, кейін келе КПСС Орталық Комитетінің «Әдеби-көркем сын туралы» қаулысының жарыққа шығып, біршама бұл мәселенің саябырлап қалғанымен де, әлі күнге

дейін толық қанды шешім таппағанына сыншы өкінішпен қарайды. Нағыз, кемел сыншы дәрежесіне көтерілу үшін, Т.Токбергенов сыншы бойынан мына қасиеттердің болуын талап етеді:

1. тіл байлығы, тіл көркемдігі;
2. көркем туындыны жан-жақты, кең арнада, психологиялық тұрғыда талдай алуы;
3. кейіпкердің жан дүниесіне, ішкі әлеміне үңіле алуы.

Үшінші тарауда сыншы ХХ ғасырдың 70-80 жылдары Ұла Отан соғысы тақырыбы аясында жазылған кітаптарды тілге тиек еткен. Бұл жылдар аралығында Ұлы Отан соғысы тақырыбында жазылған туындылардың авторларын сыншы соғыс кезеңінде ес біліп, етек-жеңін жинап қалған, соғыстан біршама хабары бар жазушылар ретінде санайды. Олардың шығармаларының сауатты жазылғанын, соғыс кезіндегі нақты картинаны, реалистік бейнесін документтік шындыққа жақындатқанын сыншы жоғары бағалайды. Бірақ та, сол тұстағы соғыс тақырыбы аясында жазылған шығармалардың бәріне ортақ кемшіліктердің де жоқ еместігін айтады. Сыншы тарапынан анықталған кемшіліктер:

1. Бұл кезеңге арналған шығармалардың бәріне дерлік ауыл өмірі қамтылған, қала тұрмысы қаққас қала берген. Қала мен даланы бірдей қамтитын, масштабы кең, мазмұны терең шығармалар бірең-сараң ғана дейді.

2. Тақырып, тағдыр, hareketтер ұқсас мұндай шығармалар бірі әңгіме, бірі повесть, енді біреулері роман түрінде болғанымен, сыншы пікірінше бұлардың бәрі дерлік бірқалыптан соққандай. Осындай ауқымды-ауқымды кемшіліктерді көрсете отырып, сыншы ХХ ғасырдың 70-80 жылдарындағы соғыс тақырыбына жазылған шығармалардың арасынан Шерхан Мұртазаевтың «Қырық бірінші жылғы келіншегі», Саин Мұратбековтың «Жабайы алмасын», Кәкімжан Қазыбаевтың «Ызғарын», Тұтқабай Иманбековтың «Үш айдың үш күнін», Оразбек Сәрсенбаевтың «Таңбалы тасын» бөліп айтады.

Екінші тараудағы адам психологиясы, оның шығармада көрініс таба алуы, философиялық тұрғыда туындының айшықталуы турасында көтерген проблеманы сыншы төртінші тарауда да тілге тиек етеді. Мәселен сыншы: «Кей шығармаларда психологиялық-философиялық талдау жетпей жатады. Кейіпкердің ішкі сыры, ішкі құпиясы жұмбақ күйінде қалып қояды. Жан толқыны, жүйке тамырының солқылы білінбей, белгісіз күйде қала береді. Кейіпкерлердің психологиясы оның сөйлеген сөзінен-ақ көрінеді деушілер де жоқ емес. Бұл әрине, бір жақты пікір. Сөйлеген сөз қимыл-әрекетке бастайтын тұста адамның характері ашылатыны рас. Бірақ адам сезімнің құлы бола бермейді. ...Демек, сезімнің түйсінгенін қабылдауға бола ма, болмай ма – мұны ақыл-парасат шешеді. Бірақ, адамның шын сұлулығы да сол тұста

көрінесе керек. Сезім сергелдеңге салған жердегі ақыл-оймен шарпысып, тартысып-таласқан сәт адамның күдірет-көркі сол, Аристотель айтқан таң қалудың басы сол. Міне, суреткер осы тұсты, көз ашып-жұмғандай осы бір сәтті көркемдікпен жеткізуі шарт» [5, 169], – деп ойын түйеді.

Ал, бесінші және алтыншы тарау алпысыншы жылдардағы әдебиет өнері турасында. Сыншы шеберліктің әр тұста, әр кезеңде көрініс тапқанын тілге тиек ете отырып, әр тұстағы белгілі акын-жазушы, сыншыларды мысалға келтіріп өтеді. Мысалға, отызыншы жылдарда Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов әңгімелері, Сәбит Мұқанов романдары, Жансүгіров поэзиясы, Қаратаев, Смайлов мақалалары; қыркыншы жылдарда Әуезов эпопеясы, Саттар Елубаев, Ғабиден Мұстафин шығармалары; елуінші жылдарда Мұқан Иманжанов, Сафуан Шаймерденов прозасы; «Оянған өлке» романын атайды. Әйтсе де, сыншы: «... адамның жан дүниесін түсінуге, ой-сезіміне бойы ұрып, тебіреніс тереңіне құлаш ұруға шындап талпыну алпысыншы жылдардан бастап өзгеше сипат алды. Көркем әдебиеттің ең басты компоненттерінің бірі тіл болса, тағы бірі – стиль болса, бұл жөнінде көп өзгеріс, осу, есею, толысу бар. Замана үніне құлақ асу, дәуір талабына үн қосу жағынан да ірілік, асқақтық байқалады. Қоғамдық, әлеуметтік, саяси ойдың жауапкершілігі де өнер туындыларынан айрықша сезілетін болды. Алпысыншы жылдарда публицистиканың, философиялық тереңдіктің, психологиялық нәзіктіктің жымдасып, қабаттаса үйлесіп келуінде осындай сыр бар» [5, 172], – деп түйеді. Сыншы алпысыншы жылдардағы жанрдың әр қырынан көрінген бір топ талантты жастардың қатарына Әнуар Әлімжановты, Әбіш Кекілбаевты, Асқар Сүлейменовті, М.Сүндетовті, Дүкенбай Досжановты, Сәкен Жүнісовті, Сайын Мұратбековты, Қалихан Ысқақовты, Жайсаңбек Молдағалиевты, Рамазан Токтаровты, Дулат Исабековты, Оралхан Бөкеевті, Оразбек Сарсенбаевты қосады. Жоғарыда аталған жас талантты қаламгерлердің арасынан сыншы Ә.Кекілбаев пен А.Сүлейменов қаламгерлігіне тоқталады. Сыншы Ә.Кекілбаевтың, Асқар Сүлейменовтың суреткерлік шеберліктерін, тіл байлығын, ой образдылығын, баяндаудың лирикалық нәзіктігін, қиял дүниелерінің кеңдігін, танымталғандары мен философиялық тереңдіктерін, көңіл-күйдің, ішкі тартыстың, жанкешті талас суретінің мейлінше әсерлігін, көркем, мейлінше қоюлығын баса айтады.

Жетінші тарауда сыншы көркем шығармада көркем шындықтың, шеберліктің және психологиялық шеберліктің терең ашылуын сөз етеді. Сыншы көркем шығарма жазылу барысында қаламгерлердің осы 3 объектінің байланысын үзбеу керектігін алға тартады. Көркем шығармадағы көркем шындықтың, шеберліктің, психологиялық тереңдіктің, философиялық мазмұндылықтың рөлін қаламгерлер туындыларын талдап, мысалдар келтіре отырып тілге тиек

етеді. Бұл тарауда Т.Токбергенов С.Жүнісовтің «Ақан сері», «Жапандағы жалғыз үй», М.Мағауиннің «Көк мұнар», О.Бөкейдің «Ай-пара - ана», «Үркер», «Кербұғы», «Жұлдыз жауған түндер-ай», Д.Исабековтің «Үндемес», «Бекет», «Гауһартас», «Кемпірлер», М.Сүндетовтің «Есексіз кайық», «Күтем сені, Дидар», «От ішіндегі адам», «Құмдағы ауыл», «Жиен», «Шайтан базары» және О.Сәрсенбаевтің «Таңбалы тас», «Бақыт құсы» туындыларының артық-кем тұстарына талдау жасап, сыни тұрғыда бағалап өтеді.

Сыншы Т.Токбергенов сегізінші толғауында – XX ғасырдың 70-80 жылдарындағы жастар творчествосындағы әңгіме жан-рын, нақтылай айтқанда С.Мұратбековтың әңгіме жанры жайлы сөз қозғайды. Сыншы С.Мұратбековтың «Алғашқы қар», «Таңғы шық», «Басында Үшқараның», «Күсен-Күсекесін», «Жеңеше», «Махаббат» әңгімелері турасында сыр шерте отырып, жазушы әңгімелерінің шынайы өмірден алынғандығын, тілінің қарапайымдылығын, қарапайымдылығымен қатар философиялық ой тереңдігін қоса арқалауын, әңгіме идеясының, шешімінің автор тарапынан алдын-ала кесіп-пішілмейтіндігін баса айтады. Сыншы С.Мұратбековты шағын жанрдың сыры мен қырын терең тағынан жазушы ретінде есептейді.

Сыншы жазушы қаламгерлеріне қатысты кемшіліктерін басып айтпасада, арагидік оның кемшіліктерін жанап өтетін тұстары жоқ емес. Мәселен, сыншының мына сөздері бұған дәлел: «Оның әңгімелерінен гөрі повестері әлсіздеу боп көрінетінін, кей әңгімелерінде шалағай сөйлемдер, шалт ұғымдар кездесіп қалатыны да егжей-тегжейлі таратып айтпақшы емеспіз» [5, 218], – дейді.

Әңгіме жанрында сол тұста көрініп жатқан ортақ кемшіліктерге байланысты сыншы әңгіме жанрына қатысты бір сарындылықтан, ылғи бір жақты баяндаудан, кейіпкерлердің басынан кешкендерін оның өзіне тәптіштей баяндатқызудан сақтану керектігін және де жан-жануарлардың «ой-қарекетін», «ішкі дүниесін» бейнелеуге құмарлығын доғару керектігін сол кездегі жас қаламгерлерге құлақ қағыс етеді.

Соңғы қорытынды «Тоғыз тарау – толғау сөзінің» тоғызыншы тарауында Т.Токбергенов замандастарымыз жайлы әлі күнге дейін мандырап жаза алмай жүргенімізді, жазған күннің өзінде де іш пыстырарлық, мезі қыларлық дүниелердің көптеп жарық көруін, өз тәжірибелерін толықтыру үшін адам психологиясын өз шығармаларында терең де толымды аша білген Прус, Кафка, Ремарк, Хемингуэйлердің еңбектерімен, тіпті бір-бірінің шығармаларын оқымайтын жазушылардың барын тілге тиек етеді. Осы тұста сыншы философиядан да сыр шертіп, «Адам дегеніміз жауыз хайуан» (А.Шопенгауэр) және «Адам деген ардақты ат» (М.Горький)

деп адамтануға байланысты қалыптасқан үлкен екі топты бөліп қарастырып, өзі осы бағыттың алғашқысын қоштап, сол аталмыш бағытты көркем әдебиетте де кең қолға алу керектігін алға тартады. Сыншы жазу стилінің екі қолтаңбасы барын, бірі – образ, екіншісі – сурет арқылы бейнелеу, олардың әрқайсысының әдебиетте өзіндік орнын көрсетеді. Жалпы сыншы пікірінше көркем туынды жазу барысында кейбір жазушылардың терең психологияны, кейбірінің сезім тереңімен, сезім нәзіктігімен билеп, ой тебіреніп жүрсе, бірі – әдеп-ибалықты артқа тастап, жөнсіздікке қалам тартуда дейді.

Мақаламызды сыншы Т.Токбергеновтың «Тоғыз тарау толғау сөзінен» келтірілген мына сөздер арқылы түйінді-толғам жасап, тұжырымдасак: «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіп, тоғыз тарау ойды түптей келгенде қазақ әдебиетінде екі түрлі мінді байқаймыз. Оның әуелгісі – бірсыпыра жазушыларымыз тақырып аулап, жалаң мақсат құалап жүр де, екіншілері – тұрмыс михнатын қамтып, сезім хикметін ғана аңдып жүр. Әуелгілері көркем әдебиет үшін ең керегі – шеберлік, өнер шеберлігі екенін ескермесе, екіншілері әлеуметтік тереңдікті, мақсат туралығын, мұрат ұлылығын ұмытады.

Бәрінен де ой тереңі, сезім нәзіктігі басым боп, оқиғаның қою, қимыл-қарекеттің динамикалы, қат-қабат көрінуі байсалды, байыпты, парасатты прозаға сол лайық. Ендігі жерде өнер туындыларынан біз осындай жан-жақты шеберлікті тілеуге толық хақымыз бар» [5, 221-222].

Ш. ӘДІЛОВА,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент
Асел ЖУМАКУЛОВА,
Шымкент Аймақтық әлеуметтік-
инновациялық университетінің
магистранты

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Уақыт және қаламгер. – Алматы: Жазушы, 1975. – 316б
Бөпежанова Ә. Өнер мұраты өнеге. // Қазақ әдебиеті. – 1995. – 26 желтоқсан
Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. – Алматы: Жазушы, 1985. – 248б.
Серікқалиев З. Тағдыр және біз. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 320б.
Токбергенов Т. Тоғыз тарау. – Алматы: Жазушы, 1974.-224б.

This article is considered literary tendency in 70-90 years and criticism on work of T.Tokbergenov's cognition

Қаламды шахмат тасына айырбастаған күн

Журналистердің төл мерекесі қарсаңында Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің спорт кешенінде бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет істейтін әріптестер арасында Ұлттық қоғамдық-саяси «Ақиқат» журналының жүлдесі үшін турнир өткізілді. **Журналистер арасында тұңғыш рет өткізіліп отырған бұл турнирге – Алматы қаласында шығатын басылымдар мен республикалық телеарналардың тілшілері, ардагер журналистер, баспа өкілдері қатысып, бағын сынады.**

Турнирдің ашылу салтанатында «Қазақ газеттері» ЖШС-нің Бас директоры – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек Кенжалин, аталған шараны ұйымдастыруға атсалысып, демеушілік көрсеткен Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры Жексенбек Әділов, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президент қоры Білім беру қорының директоры Еркін Исраилов, Алматы Пана-LTD» құрылыс компаниясының директоры Асқар Ноғайбаев, техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Бақдәулет Құмар сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға жеңіс пен сәттіліктер тіледі. Журналдың бас редакторы, ақын Аманхан Әлімұлы өз сөзінде: «Біз, журналистер тек қана қалам ұстап қана қоймай, сонымен қатар футбол да, волейбол да, шахмат та ойнай білетін халықпыз. Бұл турнир журналистер арасында тұңғыш рет өткізіліп отыр. Олай болса, барлық қатысушыларға қызықты ойын, тартысты бәсеке тілеймін», – деді.

Салтанатты ашылу рәсімінен соң шахмат сайысы басталды. Алғаш рет журналистер арасында өткізіліп отырған турнир олимпиада жүйесі бойынша өткізіліп, оған 26 ойыншы қатысты. Сайысқа республикалық дәрежедегі төреші, шахматтан спорт шеберлігіне үміткер Дүйсен Мурзаев төрелік етті. Осы орайда айта кетерлігі, турнирге құрметті қонақ ретінде шақырылған шахматтан жасөспірімдер арасындағы әлемнің төрт дүркін чемпионы, қазақтың қаршадай қызы Жансая Әбдімәлік қатысуы жарыстың сәнін келтіргендей болды. Чемпион қызымыз «Ақиқат» журналының бас редакторы Аманхан Әлімұлының шақыруын қабыл алып, бір партия ойнады. «Шын

мықтыға тұсау жоқ» дегендей қаршадай қыз Бас редактордың ойластырған тактикалық жүрістеріне ұтымды жауаптар қайтара отырып, тізгінді өз қолына алды. Нәтижесінде Аманхан Әлімұлы Жансаяның қолын қысып, қойған матын мойындады.

Екі сағатқа созылған шахмат сайысының қорытындысы бойынша 1-орынға «Ана тілі» газетінің бөлім редакторы Нұрлан Құмар қол жеткізді. Ол сонымен бірге Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қорының Білім қоры тағайындаған «Смартфон» байланыс құралына ие болды. Жүлделі 2-орынға «Дала мен қала» газетінің жауапты хатшысы Асқар Беков ие болды. Аға журналист-тиканың өкілі Жұмат Әнесұлы жүлделі 3 орынға риза болды.

Жеңімпаздарды марапаттау сәтінде жүлделі орын иегерлеріне турнирдің демеушілері «Алматы Пана Ltd» құрылыс компаниясы, Тұңғыш Президент қорының білім беру қоры және «Extrapress» компаниясы дайындаған бағалы сыйлықтар табыс етілді. Атап айтқанда ынталандыру сыйлығы Ағыбай Мұқатай мен Ғазизбек Тәшімбайға бұйырса, жартылай финалға дейін өткен Ибраим Баратовқа арнайы сыйлық табысталды. Тағы бір арнайы сыйлық – «Жеңіске деген жігері үшін» Вадим Махинге табысталды. Турнир барысындағы «аға буын ойыншысы» аталымы бойынша Аян Нысаналинге арнайы сыйсияпат жасалып, иығына шапан жабылса, Бауыржан Мұқанов «ең жас ойыншы» аталымы бойынша марапатқа ие болды.

Осылайша, республикалық «Ақиқат» журналының жүлдесі үшін журналистер арасында тұңғыш рет өткізілген шахмат турнирі де өз мәресіне жетті. Қалам мен сөзді қару еткен журналистер қауымы, шахматтан да осал емес екендіктерін байқатты. Биыл ұта алмағандары келесі жылғы жарыста міндетті түрде жеңіске жетеміз деп жігерленіп қайтты. Қалай десек те, спорт – мереке. Ал, осы мерекенің бел ортасында жүрген ойыншылар, яғни, журналистер қауымы интеллектуалдар ойынының жарқын үлгісін танытты.

Қ. ИСАЛЫҰЛЫ

PS: Мақалаға қатысты суреттерді мұқабаның 3-бетінен көресіздер

Ана тілі туралы ойлар

«Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі».

Жүсіпбек Аймауытов

Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңбайды...

Сәкен Сейфуллин

«Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, кәдірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деу де болады, себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса, рухани-ой тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады. Тегінде, қай мамандық саласында жүрген адам болса да, шын интеллигент дәрежесіне жету үшін әдебиетті білу жалпылығы ортақ шарт. Ана тілінен бірнеше жағдайлар себеп болып ажыраған ел «азған» ел атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кеткенін тарихтан кездестіруге болады. Ондай сормандай ел бұрынғы кезде аз болмағандығына тарихта дәлелдер аз емес».

Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

Қазақша жазу – қазақ сөздерінің кезкелгенін құрастыра беру емес.

... Көген көз қазағыма қаратып, мінбе құрып, сол мінбеге шығарып: «Ақырғы діліңізді айтыңызшы, Мұхтар!» – десе, тілімнің ұшында жүрген сөз төмендегіше: тас үгітіліп құмға айналады, темір тозады, ұрпақ озады, дүниеде өлмейтін сөз ғана, халқымызбен бірге жасасып келе жатқан мұра сөзімізді арзандатып алмайық.

Мұхтар Әуезов

Әркімнің туған тілі – туған шеше,
Оған бала міндетті сан мың есе.
Сөз – халықтың қымбаттан қымбат кені.

Сәбит Мұқанов

Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті...
Біздің қазақ жастарымыз ана тіліне жетік,
білімді, мәдениетті болсын.

Ахмет Жұбанов

ТАМЫЗ

Дс.	5	12	19	26
Сс.	6	13	20	27
Ср.	7	14	21	28
Бс.	1	8	15	22
Жм.	2	9	16	23
Сн.	3	10	17	24
Жс.	4	11	18	25

МЕРЕЙТОЙЛАР

03 – Химия ғылымының докторы, профессор, Қазақстан ҒА-ның академигі Зейнолла Молдахметов 80 жаста.

08 – Қазақтың әйгілі үш биінің бірі Төле бидің туғанына 350 жыл (1663-1756).

09 – Геология-минерология ғылымының докторы, профессор Қазақстан ҰҒА-ның академигі Муфтах Дияровтың туғанына 80 жыл.

– Жазушы Ақын Тыныбайтегі 70 жаста.

10 – Алаш қозғалысының белгілі қайраткері Есім Байғасқиннің туғанына 120 жыл (1893-1937).

13 – Медицина ғылымының докторы, профессор Төлеген Жұмабеков 75 жаста.

15 – Қазақстан ҒА-ның корреспондент мүшесі, геолог Жарқын Айталиевтың туғанына 110 жыл (1903-1970).

– Биология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан ҒА-ның корреспондент мүшесі Аймақ Жанғалиевтың туғанына 100 жыл.

– Ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғафу Қайырбековтың туғанына 85 жыл (1928-1994).

– Қазақстанның Халық әртісі Торғын Тасыбекова 75 жаста.

– Ақын Өтежан Нұрғалиевтың туғанына 75 жыл (1938-2012).

17 – Қазақтың алғашқы дәрігерлерінің бірі Мәжит Шомбаловтың туғанына 140 жыл (1873-1940).

18 – Ақын Аманқос Ершуов 70 жаста.

– Техника ғылымының докторы, профессор Бакытжан Жұмағұлов 60 жаста.

20 – Жазушы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Оразбек Сәрсенбай 75 жаста.

– Жазушы, драматург Ахметжан Аширов 75 жаста.

25 – Физика-математика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан ҒА-ның корреспондент мүшесі Төлеубай Амановтың туғанына 90 жыл (1923-1978).

29 – Жазушы Нұрахмет Төлеухановтың туғанына 75 жыл (1938-1999).

МЕРЕКЕЛЕР

1-7 – Халықаралық емшекпен емізуді насихаттау апталығы. 1992 жылдан бастап ЮНИСЕФ балалар қорының бастамасымен барлық елдерде өткізіледі.

04 – Көлік және байланыс қызметкерлерінің күні. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2003 жылғы 15 қарашадағы Жарлығына сәйкес жыл сайын тамыздың бірінші жексенбісінде атап өтіледі.

05 – Теміржолшы күні.

06 – Хиросима күні. Ядролық қаруға тыйым салу үшін күрестің дүниежүзілік күні. 1945 жылы тамыздың 6-да АҚШ ұшқышы Томас Ферби басқарған «Энола Гей» атты Б-29 әскери ұшағы Жапонияның Хиросима қаласына әлемдегі ең бірінші атом бомбасын тастады.

– Халықаралық «Дәрігерлер бейбітшілік үшін» күні. Хиросимаға бомба тасталған күннен бастап «Әлем дәрігерлері ядролық соғысқа қарсы» халықаралық қозғалысы атқару комитетінің шешімі бойынша атап өтіледі.

09 – Жаһанның жергілікті халықтарының дүниежүзілік күні. БҰҰ Бас Ассамблеясы шешімімен жарияланған.

– Нагасаки күні. 1945 жылы дәл осы күні американ авиациясы Жапонияның 253

мың тұрғыны бар Нагасаки қаласына атом бомбасын тастады. Жоспар бойынша бұл атом бомбасы Кокуру қаласына тасталу керек еді. Бірақ ауа-райының қолайсыздығы мен ұшақ ақауына байланысты ұшқышқа ұшу бағытын өзгертуге тура келген. Сөйтіп Нагасакиде 80 мыңға жуық адам қайтыс болды.

11 – Физкультурашы күні

– Құрылысшы күні. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2003 жылғы 15 қарашадағы Жарлығына сәйкес жыл сайын тамыздың екінші жексенбісінде атап өтіледі.

12 – Халықаралық жастар күні. БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарына сәйкес 1999 жылдан бері атап өтіледі.

13 – Солақайлардың халықаралық күні. 1984 жылдан бері Халықаралық солақайлар конференциясының бастамасымен атап өтіледі.

15 – Археолог күні.

18 – Шекара әскерінің құрылған күні. 1992 жылғы 18 тамызында ҚР Президенті Жарлығына сәйкес Шығыс шекара округі негізінде ҚР Шекара әскері құрылды.

19 – Бүкіләлемдік гуманитарлық көмек күні. БҰҰ Бас Ассамблеясы 2008 жылғы

11 желтоқсандағы арнайы қарарымен жариялаған.

– Спорт күні. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2003 жылғы 15 қарашадағы Жарлығына сәйкес жыл сайын тамыздың үшінші жексенбісінде атап өтіледі.

23 – Халықаралық жұмыс күшін сату құрбандарын аске алу күні. ЮНЕСКО-ның бастамасы бойынша адамзат тарихындағы осы жайсыз жағдайлардан сақтандыру және құлдарды өз бостандығы үшін күреске шақыру мақсатында атап өтіледі.

25 – Шахтер күні. КСРО Жоғарғы кеңесі төралқасының 1947 жылғы 10 қыркүйектегі жарлығымен бекітілген.

27 – Кино күні.

29 – Ядролық қарудан бас тартудың халықаралық күні. Қазанның 30-да БҰҰ Бас Ассамблеясының бірінші комитетіне Қазақстан 29 тамызды «Бүкіләлемдік ядролық қарудан бас тарту күні» деп жариялауды ұсынды. Бұған әлемнің 26 елі қолдау көрсетті.

30 – Конституция күні. 1995 ж. республикалық референдумда елдің жаңа Конституциясы қабылданды.

ОҚИҒАЛАР

02 – Бұдан 80 жыл бұрын саяси қуғын-сүргін құрбандарының күшімен Ақ теңіз бен Онега көлін жалғайтын Беломор каналының құрылысы салынып бітті. Құрылыста еңбек еткендердің арасында Міржақып Дулатов пен Мағжан Жұмабайұлы сынды зиялылар болды.

05 – Бұдан 20 жыл бұрын (1993 ж.) Қазақстанның, Қырғызстанның, Ресейдің, Тәжікстанның және Өзбекстанның басшылары Шекаралардың ұлықтығы туралы декларацияға қол қойды.

07 – Бұдан 15 жыл бұрын (1998 ж.) Түркияның Анкара қаласында Абай атындағы саябақ ашылды.

08 – Осыдан 15 жыл бұрын (1998 ж.) Көкшетау қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы мемлекеттік университеттің бас алаңында Шоқанның мүсіні салтанатты түрде ашылды.

11 – Бұдан 20 жыл бұрын (1993

ж.) 103 отбасынан тұратын иран қазақтарының алғашқы легі тарихи Отаны – Қазақстанға оралды.

12 – Бұдан 265 жыл бұрын (1748 ж.) Барақ сұлтан Әбілқайыр ханды өлтірді.

– Бұдан 65 жыл бұрын (1948 ж.) қазақтың әлемге әйгілі балуаны Қажымұқан Мұңайтпасов қайтыс болды.

18 – Бұдан 20 жыл бұрын (1993 ж.) Қазақстан Республикасы мен Чили республикасы арасында дипломатиялық қатынас орнату туралы бірлескен мазмұндамаға қол қойды.

– Осыдан 20 жыл бұрын (1993 ж.) Швейцарияның Локарно қаласында өткен киноформда Ермек Шынарбаевтың «Сұрғылт үш бұрышты орын» фильмі «Алтын қабылан» жүлдесіне ие болды.

20 – Осыдан 10 жыл бұрын (2003 ж.) Елбасы Н. Назарбаевтың қолдауымен «Ақ жауын»

мемлекеттік камералық оркестрі құрылды.

22 – Бұдан 180 жыл бұрын (1833 ж.) Рессия үкіметінің Сарыарқада Батыс Сібір генерал-губернаторлығы құрамында ұйымдастырған алғашқы әкімшілік аймақтардың бірі – Баянауыл сыртқы округі құрылды.

– Бұдан 20 жыл бұрын (1993 ж.) қазақтың біртуар перзенттерінің бірі, мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қайтыс болды.

23 – Осыдан 15 жыл бұрын (1998 ж.) ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Жарлығымен сазгер Нұрғиса Тілендиевке «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

27 – Бұдан 85 жыл бұрын (1928 ж.) Қазақ ССР Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі ірі байларды кәмпескелеу туралы қаулы қабылдады.

СОДЕРЖАНИЕ

Мұхтар Аuezov. Нынешнее положение казаха.
Марат Тажин. Бережное отношение к истории является единственным способом сохранения нации.
Жакан Молдабеков. Значимость человеческих ценностей
Акбота Исламбек. Кто пишет историю, как и почему?
Набижан Мухамедханулы. Этой проблеме необходимо уделять внимание на государственном уровне.
Камбар Атабаев. Национальная идеология и история нации.
Сейлбек Мусатаев. Маргинализованная группа людей может формировать только маргинализованную нацию и маргинализованное государство.
Аширбек Амангельды. Параллель: грузинский характер и казахский либо являемся ли мы народом, потерявшим чувство достоинства?
Фазылбек Абсаттарулы. Национальный патриотизм или счастье быть казахом.
Еркебулан Алимханулы. Идеологические несоответствия в Казахстане: течения и группы.
Жарас Сеитнурулы. Дороги, которые приведут в Казахстан.
Абдизхалел Бакир. Когда казахский язык приобретет достойное положение и как этого достичь?
Жарылкасын Боранбаев. Кожан Ахмет Яссауи.
Тынсыбек Конаратбай. Кровавый тридцать седьмой год.
Герольд Бельгер. Чем больше живешь, тем больше познаешь мир. Чем больше видишь, тем больше прогибаешься под него.
Айман Кулпатшаева. Нужно ли оставлять смертную казнь или все-таки настало время отказаться от такой меры наказания.
Булгын Койтай. Облик нынешнего аула.
Темирхан Тебегенов. Пьеса «Ночь при свечах» поэта и драматурга Нурлана Оразалина.
Нурдаулет Акыш. Актуальная проблема.
Габит Зулкарров. Записки ссыльного.
Толкын Ауелгазина. Особенности развития политической культуры в обществе.
Умбетхан Сарсембин. Учения Алашовских мыслителей.
Мейиркуль Жетписбаева. Мировоззренческие и социально-политические цели интеллигенции.
Н. Айтганов. Проблемы развития семеноводства кормовых культур.
Толкын Калбинова. Образная презентация стереотипов во французском языке.
Нургуль Бесирова. Использование видеозаписи как метода формирования коммуникативной компетентности при обучении иностранному языку.
Асель Жумакулова. Литературная тенденция в 70-90 годах и критический обзор в статье «Тоғыз тарау толғау сөз» Т.Токбергенова.
К. Исальгулы. Шахматные фигуры вместо пишущего пера
Год – двенадцать месяцев. Август.
Содержание журнала на русском и английском языках.

CONTENT

Mukhtar Auezov. Kazakh's current situation.
Marat Tazhin. Solicitous attitude to history is the only way to save the nation.
Zhakan Moldabekov. Importance of human values
Akbota Islambek. Who writes the story? How and why?
N Mukhamedkhanuly. "Solution of the current issue involves the Government."
Kambar Atabayev. National ideology and history of the nation.
Seilbek Musatayev. Marginalized people can form only a marginalized nation and a marginalized state.
Ashirbek Amangeldi. Parallel: Georgian and Kazakh character or are we the nation who has lost its sense of dignity?
Phazylbek Absattaruly. National patriotism or I am lucky to be a Kazakh.
Yerkebulan Alimkhanuly. Ideological inconsistencies in Kazakhstan: movements and groups.
Zharas Seitnuruly. The roads that lead to the national state.
Abdizhalel Bakir. When will the Kazakh language turn into the desirable language to speak and how to reach this goal?
Zharylkasyn Boranbay. Khoja Ahmet Yassawi
Tynysbek Konyratbay. The bloody thirty-seventh year.
Herold Belger. The more you live, the more you see. The more you see, the more you cave in.
Aiman Kulpatshayeva. Do we need to keep the death penalty or is it time to abolish this form of punishment?
Bulgyn Koitay. Village images.
Temirkhan Tebegenov. The play "The Night by candlelight," by outstanding poet and playwright Nurlan Orazalina.
Nurdaulet Akyshe. The problem of current concern.
Gabit Zulkarov. Notes of the exiled man.
Tolkyn Auelgazina. Peculiarities of political culture development in the society.
Umbethan Sarsembin. Alash thinkers' teachings.
Meyirkul Zhetpisbaeyeva. Philosophical, social and political objectives of the Kazakh intelligentsia.
N. Aituganov. Forage seeds development problems.
Tolkyn Kalbirova. Graphic presentation of the stereotypes in the French language.
Nurgul Besirova. Using videos as a method of communicative competence formation in foreign language teaching.
Assel Zhumakulova. Literary trend in the 70-90 years and a critical review of the article "Togyz tarau tolgaу soz" by T.Tokbergenov.
K. Isalyuly. A day when a pen was replaced by chess
Year – twelve months. August.
Table of content of the magazine in Russian and English languages.

Редакцияның мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, 6-қабат.

Байланыс телефоны: 394-42-63. **Факс:** 8 (7272) 394-37-62. **электронды адрес:** akikat1921@mail.ru
www.akikatkaz.kz

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда № 7347-Ж куәлігі берілген. Журнал айына 1 рет шығады.

Басуға 25. 06. 2013 ж. қол қойылды. Көлемі 70х108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Есептік б. т. – 10.15. Таралымы Тапсырыс ?

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93 а. Тел: 394-39-27, 394-39-24.

КОМПЬЮТЕРЛІК ОРТАЛЫҚ: *Техникалық редактор* – Гүлжан ОРАЗБАҚҚЫЗЫ, *Корректор* – Айгүл МАҚАТАЕВА, *Компьютер операторы* – Эльмира ЕРҒАЗИНА.

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР – Қыдыралы ҚОЙТАЙ.

Мұқабаның бірінші бетінде: Бердалы Оспан. «Менің Джокондам»

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.

Журнал материалдары басқа басылымдарда көшіріліп басылса, «Ақиқатқа» сілтеме жасау міндетті.